

512.12  
M86 09  
K



Алаш тұрасы

ҚАЙЫМ

Мұхамеджанов



6



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ

# ҚАЙЫМ --- МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫГАРМАЛАР  
ЖИНАФЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ “ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ”  
ФЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

821.512.122.09



M86

K

Алаш тұрасы

# КАЙЫМ

---

# МҰХАМЕДХАНОВ

6

Мақалалар  
Зерттеулер  
Пікір хаттар



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2008

**ББК 83.3 (5 Қаз)  
М 86**

*Казакстан Республикасы  
Мәдениет жөне ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөне мұрағат комитеті  
“Әлеуметтік маңызды әдебиет тұрларының шығару” бағдарламасы*

Шығармалар жинағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттых университетінің жаңындағы “Оғырар кітапханасы” ғылыми орталығында дайындалды.

**Жауапты редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрын Құдакелдіұлы Жұртбай.**

**Пікір жазғандар:**

С С Қирабаев – ҚР ҮҒА-ның академигі, ф. ғ. д. профессор.

Р Ф. Нұргали – ҚР ҮҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор

А С Еспенбетов – ф.ғ.д., профессор.

Көлжазбалар мен фотосуреттер Қайым Мұхамедхановтың балалары – Мұслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанағаттың, Динаның, Дегдардың, Қарлығаштың жөне Қазыбектің отбасы архивтеринен алтынды.

**Жинақты құрастырып, баспаға дайындан, түсініктемелерін жазған – Ербол Іслемұлы Іргебаев.**

Мұхамедханов К.


**М 86 Қоپ томдық шығармалар жинағы.** Алматы. “Ет-шежіре”, 2008.  
– 320 бет.

**ISBN 978-601-7011-69-7**

Ғалым, әдебиет салынысы Қайым Мұхамедхановтың көп томдық шығармаларының алтынши томына оның әр жылдарда жазған макалалары мен қазақ әдебиетінің тарихына катысты зерттеулери, сондағақ пікірхаттары сингізгілді Ал екінші бөлімде шетел жазушыларының творчестволық өмірбаянына ариналған макалалары іріктеліп берілді.

0503020905  
М —————— 2008  
00(05)-08

**ББК 63.3 (5 Қаз )**



## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **Мақалалар мен зерттеулер**

#### **ШӘКӘРІМНІҢ ШЕЖІРЕСІ**

Шәкәрімнің табиғи ақындық қуатын, өнер-білімге құштарлық қасиетін жөне зор қабілетін ерте танып, ерекше бағалаған Абай. оған ең алдымен қазақ шежіресін жазуды тапсырып, мәслихат етеді.

“Абай қазақ шежіресін жаз деп, он тоғыз жасымнан қазақ шежіресін жинай бастадым. Абайдың ұқтыруымын және сол кісінің ел-елге кісі жіберіп, хат жазып жинақтаған мағлұматтары да шежіре де бар”, – дейді Шәкәрім.

Абайдың Шәкәрімге қазақ шежіресін жазуды тапсыру мөселеіндегі негізгі мұрат-мақсатын оның “Біраз сөз қазактың тубі қайдан шыққаны туралы” деп атаптатын, ғылыми дәлелді, тарихи деректі, шағын ғана зерттеу еңбегіне көз жіберіп, көңіл болсек, теренірек түсінеміз. Абай быттай деген: “Біздің қазактың ықыласы атасын ғарабтан (арабтан – Қ.М.) шықты дегенді, яки бони Исарайдан шықты дегенді ұнаткандаі. Онысы, әрине, тауарихтан (тарихтан – Қ.М.) хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы атабабаларды ұмыттырып, ліндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз, қарангырықта қалғандықтан болған іс...”, – деп қазақ хатқынын тарихына жат, жалған пікірдің сырын айқындал ашып, түсіндірген. “Қазактың тубі қайдан шыққанын” тарихи деректер негізінде зерттеп, ғылыми тұрғыдан қарап, қысқаша баяндап жазған.

Қазақтың тубі қайдан шыққанын ғылыми дәлелді, тарихи деректі етіп, қазақ шежіресін жазу жолын Шәкәрімге Абай өзі бастап көрсетіп берген. Шәкәрім Абайдың мәслихаты бойынша, тарихшы ғалымдардын, оқымысты жазушылардың

сол кезде қолы жеткен кітаптарын ізерлеп оқып, терең зерттеп, ұзак жылдар бойы сибек егіп, мол мағлұмат жинап, тұнғыш қазақ шежіресін жазуға кірісken. Шежіре кітабының кіріспесіндегі Шәкөрім былай дейді: “Қазактың түпкі атасының жайын білмек болып, коп уақыттан бері сол туралы естіген-білгенімді жазып алып және әртүрлі жүрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарының мұсылманшасы: Табари “Тарих ғумуми”, “Тарих ғұсмані”, “Тарих антишар ал-слам”, Нәжип Фасымбектің “Түрік тарихы”, Абұлғазы Баһадүр ханының жазған “Шежіре түрік” және әртүрлі кітаптардан алғынған создер”.

Осы оқыған кітаптарының бөрін бірдей атап, түсінік беріп жатпасақта, ең бірінші аталған тарихшы Табари туралы ғана бір-екі ауыз айта кетейік. Ат-Табари – арабтың тарихшы ғалымы. Оның туған жылы белгісіз, бұдан 1066 жыл бұрын, яғни 923 жылы өлген адам. Шәкөрім Табаридың “Тарих ғумуми” (“Всеобщая история”) деген кітабын оқыған. Табаридың бұл тарихи сибесі туралы орыс совет ғалымдарының пікірі мыналай: “Многотомное произведение ат-Табари – служило основным источником для европейских историков-арабистов XIX в. Своего исключительно важного значения оно не утратило и в наше время” (Е.А.Беляев). Шәкөрім әрине, Табари кітабын түпнұсқасынан араб тілінде оқыған.

Шәкөрім көп оқып, көп білген оқымысты. “Орысша кітаптан, – дейді Шәкөрім, – оқығаным: Радловтың үйғыр туралы (“К вопросу об уйгурах” – деген, 1893 жылы Петербургта басылып шыққан кітабын айтады – К.М.), Аристовтың түрік нәсілі туралы; дүниедегі әртүрлі жүрттың шежірелерінен орысшаға конірілген создері. Оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары, “Құтадғұ білік” (Жүсіп Баласагұнның дастаны, XI ғасыр. – К.М.), Қош-Цайдам деңен кітаптың созі (Орхон жазбалары, VI – VIII ғасыр – К.М.) және қытайлың Юань-Чао-Ши деген жазушысының созі. Және ғараб, парсы, Рум, Европа жазушыларының созі” – дейді.

Араб тарихшы-ғалымдарынан, Табаридан баска, Ибн-аль-Асирдің (1160-1233), Ибн Халдунның (1332-1406) еңбектерімен де таныс болған.

Бұлардан басқа орыс тарихшы ғалымдары: Березин, Левшин, Спасский, Маевскийлерді шежіреде атап айтып, олардың еңбектеріне сілтеме жасап отыралы.

Сөйтін, Шәкөрім он тоғыз жасынан бастап, казак шежіресін жазу жұмысына кірісіп, Абайдың козі тірісінде негізінен аяқтап, Абай қайтыс болған соң баспаға өзірлен, “Түрік, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі” деген атпен 1911

жылы Орынборда, оз каражатымен бір мың дана кітап етіп бастырып шығарған.

“Шежіре” – Шәкәрімнің тұңғыш жарық көрген еңбекі. Басқа сәбектері сияқты, Шәкәрімнің бұл қазак шежіресі де олі зерттелген жоқ. Жазуны, оқымысты тарихшының шежіре кітабын зерттеп, әділ іікір айту, ен алдымен біздін гарихшығалымдарымыздың борышы болуы керек.

Шәкәрім шежіресі қазак тарихы үшін ешқашан манызын жоймайтын еңбек. Өйткені Шәкәрім шежіресі Абайдың патриоттық идеясынан туған. “Біраз сөз қазактың тұбі қайдан шыққаны туралы” атты макала-очеркінде, ен алдымен, саяси-әлеуметтік манызы зор, тарихтың күрделі мәсслеге ерекше назар аударып, “Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсетуге” тырысканын, қазакты аластыру орекетінен туғанын ошкерелейді. “Қазактың тұбі қайдан шыққанын” аныктап, дәле ішеп-танығу және қазактың туған халқына деген сүйіспешілік, патриоттық сана-сезімін рухгандыру максатымен өзінің арнаулы зерттеу енбегін жазашы.

“Шежіре” деген сөзге Қазак Совет Энциклопедиясында берілген анықтама-түсінікте: “Шежіре (араб, шаджарат – бұтқақ, тармак) халықтың шығу тегін, таралуын бағылайтын тарих ғылыминың бір тармағы. Ру, тайналардың орбуйн үрпактан-үрпакқа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре мәдениетті елдердің бөрінде де кездеседі” – деген. Одан әрі шежіре туралы айта келіп: “Шежіре топтаудағы дерегі мол сәбектер: Ш.Құдайбердіұлының “Қазак шежіресі” (Орынбор, 1911)”, – деп, ен алдымен Шәкәрім шежіресін атаған. (ҚӘС, 12-том, 1978ж., 232-бет.)

Шәкәрім орыс ғалымдарының, Шығыстың оқымысты тарихшыларының сәбектерін зерттеп оқып, оларға тарихи шолу жасайды. Ел аудында ежелден сактатып келе жатқан гарихи аныз онгімелерге де қоңіл болған, онда айғылатын уақығаларды тарих кітаптарындағы мағлұматтармен салыстырып барып, өз енбегінде пайдаланып отырады.

Шәкәрімнің шежіре кітабында жалпы тарих, әдебиет, тіл, этнография жайында, тарихи тұлғалар жөнінде, тағы басқа әлеуметтік мәселелерге баилапты мағлұмат-деректер мол екенін көреміз. Шежіредегі мұндан мағлұмат-деректер, қазак халқы тарихшының, олебиетінің кейір жеке мәселелерін айқындаپ, анығырақ түсінуге бағдарлайды.

Абай жинақтаған мағлұматтардың да шежіреде пайдаланғаны туралы Шәкәрімнің созін жоғарыда айткан едік. Енді мағлұматтарды шежіреде кай түрле. қалай пайдаланғанын корсетіп, салыстыру ретінде, бірер мысал келтірсөйк. Ол Абайдың жазғандарын сол қалпында коніре салмайды.

Шәкөрім казактын тарихи аңыз әңгімесін пайдаланып және Әбілғазы Баһадүр мен Аристов кітаптарындағы мағлұматтарға сүйеніп, казақ шежіресінде бір мөселе туралыбылай деп жазады: “Біздің қазактың үш жүзге болінгенін қазактар былайша айтады: Әз Жәнібек қазакты Қашғардағы Шағатай нәсіліне қарасты соң кешікпей, сол кезде қазактың оның кошпелі басқа елдерді Жұніс ханиң Ахмед леген баласы билең, оның ағасы Жәніке, шын аты Махмұд леген Ташкенде үлкен хан болыпты”, – дей келіп, Ахмед ханиң қазактан әскер жасақтап, қалмақты шапқанын баяндайды.

“...Қалмақты шаба берген соң, – дейді шежіреде, – қалмақтар Ахмед ханды “алаши” койыпты, мағынасы жан алғыны легені. Оны естіген Ахмед хан, қалмақ бұл атты қорықкан соң койды, енді қалмақты шапқанда “алашылан” шабындар леген соң, қазактар “алаши” деп шауып, сол қазакқа үран болыпты.

“Алаш – алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмақка не қымак”, – деп қазақ мактанағұғыны сол”, – дейді. Одан орі Жошы нәсіліне шыққан Шайбақ ханиң Әмір Темір нәсіліне карсы соғысын баяндай келіп: “Шайбақ Ташкенде алмак болғанда, қазакты билеген – Ахмед-Алаша мен ағасы Жәніке Махмұд Үратобеде Шайбақпен соғысқанда, қазактар: “Шыңғыс тірі құпінде бізді Жошы ұлысына беріп еді. Шағатай біздің ханымыз смес, тәжік-сарт біздің туысқанмыз да емес, “Өзбек – өз ағам, сарт – салагам”, – деп, Шайбақ ханға қосылды. Сол соғыста Шайбақ женип, Махмұд-Жәніке мен Ахмед-Алашты олтірген соң, ондағы Шағатай нәсіліне қарап жүрген қазакпен жақын елдер жоне казакқа қосылды. Бұл создің анықтығы Әбілғазы Баһадүр, Аристов екеуінің кітабында да бар. Сол себептеген қазактын ауыз екі сөзі де рас шықты.

Ол уақытта Әз Жәнібектің баласы Қасым хан еді. Кол астындағы халқы бір миллиондай болды. (“Қазақ шежіресі”, 32-33 бет).

Осы тарихты Абай былайша баяндаған жазған:

“...Әмір Темір нәсілінен Құмаршанұ баласы, белгілі Бабыр патшаның шеңесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазакты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юнус ханиң балалары болған. Сол қазакты билегенінің аты Ахмет екен... Сол өз уақытында аттанысқа жааралық қазактан үш жүз әскер шығарып, үш жүзбасыға билегінгі. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір гүйсінде есеп болыпты. Қазактың “Үш жүздің баласы” дейтүгінін соң.

Ахмет хан қалмақты коп шауылты, коп қырыпты. Қалмақ

рахымсыздығына қарай: “Мынау бір алашы болды ғой” дейді, жан алушы дегеннің орнына. Сондыктан ол кісі Алаша хан атанипты. “Бабыр намода” солай жазылған. Сонан соң хан, бұл атты қалмак корыкканынан койды ғой, енді сіздер шапқан уақытта “алашы – алашы” деп ұран-сүрен салыңызлар деп бүйірың, бұлар айғай салғанда, көп жанның айғайымен “алаш-алаш” деп кетіпті. Сондыктан: “алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмакқа не қылмап едік” деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен”. – дейді. Одан орі Шайбақ ханның соғысын Абай былай баяндайды: “Бұлар Шагатай нәсліне қарап жүргенде, Жошы нәсілі озбек халқын билең жүрген екен. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір Темір тұқымынан һират (Фират -- К.М.) Бұхар, Самаркан шаһартарын тартып алтып жүргенде, акырында мұның алдынан Алаша хан, Ташкенттегі Жәніке хан деген ағасымен қосылып қалып әскермен шығып, Ұратобеде жеңіліп, ағайынды екеуін де, бала-шағаларына дейін, Шайбақ өлтірінде, біздін қазақ: біз әуелден озбек жұртымен аталаң едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырған еді, “Сарт – садағам, озбек – оз ағам” деп, Шайбаққа қарап кетті. Сол соз осы күнге шейін мақал болып қалған. Сонан кесін бізді қайтып Шайбақ тұқымы билеген емес. Онан соң біздің ханымыз, төреміз – борі де Жошы нәслінен бола келген” (Абай Құнанбаев, шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1977. “Біраз сөз казактың түбі қайдан шыққаны туралы”. 233 - 234 - бет).

Бұл арада, Абай мен Шәкәрімнің Юнус (Жұніс) ханның балалары: Ахмед-Алаша мен оның ағасы Жәніке (Махмұд) хан туралы ғарихи дұрыс дәлелдеп, толық баяндаған жазғанына коціл боліп отырмыз.

Абай мен Шәкәрім баяндаған жазған осындай ғарихи мағлұматтарды бес томдық “Қазақ ССР тарихы” кітаптарынан да, Қазақ Совет Энциклопедиясынан да қанағаттанған оқи атмаймыз. Тарих кітабында Юнус ханның баласы Ахмед-Алаша хан атағанымен, оның Алаша хан деп аталуы туралы айтылмайды және ол жайында Абай, Шәкәрім жазған мағлұматтар кездеспейді (История Казахской ССР, том. 2, Алма-Ата, 1979, стр. 263).

Қазақ Совет Энциклопедиясындағы мақалада да Алаша хан тарихы жок, ол туралы Абай мен Шәкәрім беретін мағлұматтар атамайды. ҚСЭ-сында: “Сұлтан Ахмед (Алашо) хан (1465–1503) Моголстан ханы. Жұніс ханның баласы... Ол 1470–1503 ж. (1470 жылы Ахмет 4-5 жасар бала ғой – К. М.) біртұтас мемлекет күру үшін қазақ хандарымен Қашгар

мен Жаркентті багындару ниетімен Дулат әмірі Мырза Эбу Бокірмен соғысын, женіске жете алмады. 1503 ж. Мұхаммед Шайбаниден женіліп, Ақсуда кайтыс болды” – (ҚСЭ-сы, 10 том, 461-бет), деген ғана үстірт мағлұмат беріледі.

Ал, Абай мен Шөкірінің берген мағлұматтарын академик В.В.Бартольдың сабактерінен кореміз. Жүністі, оның үлкен баласы Махмұдты (Жонікені), одан кейінгі баласы Ахмедті айта келіп, Бартольд былай дең жазады: “Ахмед, родившийся в 870 (1465-66 г.), нисколько не походил на своего брата. По описанию его племянника Бабура, это был настоящий сын степи: человек крепкого телосложения, суровый и храбрый воин... Ахмед в двух битвах разбил калмыцкого предводителя Тайчжи-Эсена, его подвиги навели на калмыков такой страх, что они дали ему прозвище Алача или Алачи, т.е. “Убийца!..

...Призванный своим братом на помощь, Ахмел... отправился в Ташкент. Шайбани в 1503 г. При Ахсикете напал врасплох на монгольское войско и взял в плен обоих братьев...”, – дейді. (Академик В.Бартольд. Сочинения, том II, часть I. Москва, 1963, стр 90). Сойтіп, Ахмед-Алаша хан тарихын Бартольд та, Абай да Бабурдың жазғаны бойынша баяндаганын кореміз.

Осы айтқандарымыздың өзі де Шөкірім шежіресі Абайдың мөслихаты бойынша жазылған деуімізге тағы бір дәлел.

Шөкірім шежіресі казіргі шала-шарпы, үстірт жазылыш жүрген кейбір тарихи мағлұматтарымызды дұрыс түсініп бітуімізге кен комек көрсетеді. Дәлел ретінде бірер ғана мысал келтірейік.

ҚСЭ-сынын 4-том, 278-бетіндегі бір мақаланы оқып корейік: “Жаныш сұлтан (т.о.ж. белгісіз) – 15 ғ. соңы мен 16 ғ. басында әмір сүрген әскербасы. Ата-тегі туралы накты дерек жок. Ж.С.Қасым ханының тұсында қазактармен Шайбани әулетінің арасындағы құресс тарихында еске алынады”. (Мақаланың авторы жөне әдебиеті корсетілмеген – К.М.). Энциклопедияда “ата-тегі туралы накты дерек жок”, – деген. Жаныштың кім екенін Шөкірім шежіресі аныктап береді. Шежіреде арғы аталарынан бастап, Әбусағидқа келеді де: “Әбусағид хан. Әз Жонібек аталаған осы Әбусағид еді... Мұнын тоғыз баласы: Ераншы, Махмұд, Қасымхан, Айтск, Жаныс, Қамбар. Тыныш, Өсік, Жәлік. Осы айттылған Қасымхан, біздін қазактың “Қасымханның касқа жолы” деген білім жолын шыгарған хан еді”, – леп жазады. (Шежіре, 82-83 бет). Олай болса, энциклопедиядағы “Жаныш дегені – Жаныс, Қасымханмен бір туысқан, Әз Жонібектің баласы болады. Қазак ССР тарихының екінші томында (орыс тіліндегі) Жонібектің баласы Қасымханмен бірге. Жонібектің

баска балалары да аталаып, Жапыс – Джаныш (267, 268, 329 бет) деп, Тыныш – Таныш (268,329-бет) деп жазылған. Тарихта белгілі “Ақтабан шұбырынды, алқакол сұлама” деп аталаатын аса ауыр халды Шәкәрім шежірессінде былай баяндайды:

“...1723 жылы қазақ-қалмақ болып жиылтып соғысканда, қалмақтың бастығы Цэван-Рабтан қазақтың кобіп қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазактар аш-жалаңаш жаяу шұбап, бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір аксақал кісі айттыпты: “Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай үмітпаса, жаманышлық коргенін де сондай үмітпау керек. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты: “Ақтабан шұбырынды, алқакол сұлама болсын”, депті. Мағынасы: табанымыз аңарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн дегені. Және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңі мынай:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Кошкең сайын бір тайлак бос келеді,  
Карындастан айырылған қын скен,  
Кара козден молдіреп жас келеді...

Ауып кошкенде, Карапатаудан кош асқанда, енесін артып алған бір тайлак көшті жанап боздайды, қарындастын – жақынын қатмақтар өлтірген жылаулар оны жоктап, ол да зарлайды. Көштін алғын-артын шолып жүрген батырлар қарауылда отырып, соны коріп айтқан олеңдері еді”, – дейлі (Шежіре, 36-37 беттер).

Осы уақыға ресми тарих кітабында: 1723 жылдың көктемінде жонғарлардың сансыз колы Қаратау тауларынан асып, Талас озенінің аңғарын басып кірген. Қазактар бұл кезде шабуыл болатынын күтпеген еді де, қыстауларынан жазғы жайылымға коннуге дайындалып жатқан еді. Мұндағы қазақ халқының бәрі түгелінен дерлік қырылып кетті, ал гірі қалғандары мал мұлтқін тастан, қашуға мәжбүр болды” (Қазак ССР тарихы, I том, 1957,249 бс1), – деп жалан да жадағай баяндалған.

Шәкәрім шежірессінде елдін бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, басқа тіллерден кірген создерге, конерген создерге ғүсінік беріп отыруды қажет деп білген. Мысалы, “Қаратаудың басынан кош келеді” олеңіндегі: “Мына заман кай заман – бағы заман” деген өлең жолындағы “бағы” деген сөзге: “Бағы” деген “озін-озі билеп, низамга қарсы келгендер” деп түсінік береді. Яғни “Ақтабан шұбырындыға” ұшыраған елдің береке-бірлігі кетіп, бет-бетімен босып, бүліншілік

заманға, “бағы заманға” душар болуы, “Бағы” араб созі. “Арабша – орысша сөздікте” “1) несправедливость, притеснение” – деп түсінлірледі. (“Арабско-русский словарь”, Москва, 1970 стр.97).

Осы бір сөзге ерекше коніл аударып отырганымыздың себебі: осы күні “бағы” деген соз “баяғы заман, коне заман” үгімінде колданылып жүр. Оған мысал оте коп. Бәрін тізіп жатпай-ақ, тілші-ғалымдарымыздың, олебиетшілеріміздің жазғандарынан бірер мысал келтіреік.

“Қазақ әдебиетінің тарихында” (I том. бірінші кітап) былай деп жазады: “...тарихи туындыларда баяндалатын колбасы, батырлар, бұрынғы бағы заман батырларынша суреттегіледі” (1960 ж, 487 бет). “Бағы заман батырлары сияқты Олжабай оз руынын, Мейрам Сүйіндік руының жоғын жоктан Абылайға қарсы аттаналы” (598-бет). Республикамыздың баспасоз беттерінен мұндай мысалдарды жүздел-мындалап келтіруге болады.

Ерте заманда бір мағынала колданылған кейбір создердің кейінгі замандаarda екінші мағынаға ауысып кететіндері болатынын білеміз. Бірақ ерекше тарихи уакиғаға байланысты басқа тілден атынын, колданылып, берік қалыптасқан “бағы” сөзі бұрналауға келе қоймас. Сол сияқты “бағзы” деген соз де осы күні көп жерде, “баяғы, ерте заман” мағынасында орынсыз колданылып жүр.

Шәкәрім шежіреде “бағы” сияқты басқа да біртаңай сөздін түп торкінің анықтауға коніл боліп, озінің пікірін жазып отырады. Бірер гана мысал келтіреік. Мысалы: “Нәсілі бір болмас да екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға қосып боліп ішелі де, қаны қосылған қарынлас боллық деседі. Оны “анды” дейді. Біздің қазақтың құданда дегендегі “аңдасы” осы соз” – дейді (Шежіре, 18-бет). һұндар (ғұндар – К. М.) ханының қагынын “нен-ші” деуші еді. Біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын “женеше” дегені сол соз болады” (Шежіре, 13-бет), – деген жорамал айтады.

Түрік әгнонимдерін этимологиялық талдау жасау мәселеесінде де шежіреде көп коніл болінеді. Шәкәрім бұл мәселеде озінен бұрынғы тарихиң ғатымдардың пікірлерін ескере отырып, озінің ой пікірлерін, болжауларын дөлеллеп келтіріп отырады.

Шәкәрімнің “Қалқаман–Мамыр”, “Еңлік–Кебек”, “Нартайлак–Айсулу” поэмалары уақығасының тарихтық негізі шежіреде бар. Ақынның бұл коркем шығармаларын – тарихи дас гандар деуімізге әбден болады. Шежіреде баяндалатын

уакиғалар оның поэмаларында коркем суреттеп, косіле жырланады.

Шежіреде ықшамдаپ берілген кейбір тарихтық мағлұмат—деректер дастандарында кеңейтіліп, айқындалып сипатталады. Шежіресі мен поэмалары терең тамырласып жатады. Мысалы, жаңағы “Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” уакиғасы баяндапта: “...бір колдің басына келіп, колді айнала сұлап жатылты. Сонда бір аксақат айтыпты” – десе, “бір көлі” – қай кол, “бір аксақалы” кім, осының бөрін “Еңлік–Кебек” поэмасында айқындаپ, ашып береді:

...Сырдан қалмақ құған соң біздің елді,  
Құні–тұні шұбырып Шуга келді.  
Табан тиіл жүре алмай, халі құрып,  
Сұлап жатты айнала Сауматқолді.

Сонда Шақшақ Жәнібек соз сойлепті,  
Балаңдар, осы сөзді ұмытпа денті,  
“Актабан шұбырынды” мұның аты,  
Құдай косса алармыз біз де кекті..,

– деп, одан әрі “Актабан шұбырынды...” кейін казактың қай елі, қай жерлерге қоныстанған тарихын баяндап береді де, “Еңлік–Кебек” дастанын бастайды. “Ту тіккен тобықтының қол басының Жуантаяқ, Токтамыс деген кісі” – деген өлсін жолындағы “Жуантаяқ” деген созге “Тобықтының бір топ елінің аты”, – деп түсінік береді. Ал енді “Жуантаяқ” – деген сөздің анықтамасын, түп төркінін шежірден білеміз. Шәкірім: “...Тобықтының екі баласы: Ырысбетек, Дәүлетек. Бұл Дәүлетек бір аста жуан таяқ ұстап, ошақ басын корғағаннан “Жуантаяқ” атапып, носілі де сол атпен атанды” – дейді. Және “абыз” сөзінің төркінін: “Дәүлектің үш баласы: Байгара, Байшора, Жиенишора. Бұл Жиенишора оқымысты кісі болған соң, “хафіз” дейміз деп, гілі келмей “абыз” атандырыпты” – деп түсіндіріп береді. (Шежіре, 64 бет).

Шәкірімнің коркем шығармаларын, тарихи әнгімелерін толық, терең түсініп оку үшін оның шежіресін жақсы белуіміз керек. Мысалы: “Актабан шұбырынды...” уакиғасын баяндай келіп: “Біздің Әнет бабан деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы. Бабаңмен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы оққа байладын деп, Әнет бабана окпелеп, Бұхара төнірегіне кеткені де осы жолының азғана алды елі” (Шежіре, 34 бет), немесе:

“...Әйтектің бәйбішесінен Олжай, тоқалдан Байбері, Қалқаман Мәмбетейлердин бір Мамыр деген қызын (Мамыр-

дың әкесінің аты – Байғазы. – К. М.) алып кашып, сол үшін садакпен атуға бұйырылып, садақ кара санына тиіп, олмей қалып. Әнет бабана окпелеп, Бұхар манындағы елге барынты. Тұқымы бар дең есстіміз. Мұнымен ғыскан Байборі “Бокең” атанип, оның исесілі мұнда жұз үйдегі бар” (Шежіре, 68 бет). – деген үзінділерді атайық. Шежіреде баяндалған осы тарихи уақыға бойынша Шөкөрім “Қалқаман–Мамыр” дастаның жазған.

Откен іс ойға күнгірт, көзге танық,  
Кормесе де білгенге борі қанық.  
Мын жеті жұз жиырма екінші жыл,  
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет бабаң – аргынның ел ағасы,  
Әрі бай, әрі молла ғұламасы.  
Орта жұзге үлгі айтқан ғаділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген - бабанның өз атасы,  
Мәмбетей - ол Кішіктің бір ағасы.  
Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір –  
Қатаған Тұрсын ханының ханышасы.

Момбет сопы мен Кішік бір шешеден туған екен, олардың шешесі “Қатаған Тұрсын ханының ханышасы”, яғни қызы екен Сонда “Қатаған, Тұрсын хан дегені кім? Оның ханышасы (қызы) кім?” деген сұраптар тудады. Бұл сұраптарға “Қалқаман–Мамыр” поэмасынан жауап таба алмаймыз. Ондай мәселені ақын поэмасында жоюлшыл айтып жатлады. “Еңлік–Кебек” дастанындағы “Әңгіме алдынла аз соз” деген олеңінде Шөкөрімнің “Керек болса оқындар шежіремнен, жазылған соңда анықтап түгел созі”, – дегені бар. Сондықтан “Қалқаман–Мамырда”, айтылған: “Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір, – Қатаған Тұрсын ханының ханышасы” деген сөзінің сырын анықтап білгіміз келсе, ол мәселені шежіреден қарасақ, айқындан анып береді. Шежіреде былай баяндалған: “...Есім хан 1628 жылы Тұрсын Мұхаммед ханды өлтіріп, Қатаған елін шапты. Бұл создің анығы мынау: “Шежіре түрікті жазған Абұназы Баһадар хан ғыскандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі озбектер бұзылып, үш болініп кеткенде, осы Есім ханының қолына келіп түрдым, – дейді.

Сонда Есім хан Тұрсын ханды олтіріп, Қатағанды шапты, – дейді. Жөрдем коремін деп келген хандардың жайы бұлай болған соң, Есім ханнан рұқсат алып қайттым, – дейді.

Бұлай болғанда біздің төгізының атамыз Сарының қатыны Тұрсын ханның қызы – Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болды. Оны қазақтар былай айтушы еді: Атамыз Сарымен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсының олтіріп, Ташкенді қайта алышты деп хабар келіпті. Мұны естіген соң, олі сарттың жемге байлаған екі атын мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, әкесінің өлгенинен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсын ханның қыздарына жолыбып, оларға сырын айтпай, елге келіп, сіден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсын ханның қыздарын, қанша нөкөр қызы һәм жасау, жолдастарыменен алыш келіген соң, Әліге коріп-бастан барған жүлдесіне Қоңырбикені барша киім, шатыр-сайманыменен берген соң, жасау, киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің сегізінші атамыз – Кішік нен Мәмбет соны гүйнди. (Шежіре, 34-35 бет).

“...Мұсабай бидің бір баласы – Сүйірбас, Сүйірбастың үш баласы: Әлі, Сары, Қожаберген... Сарының бәйбішесінен екі баласы: Мәмбетей, Үмбетей және Тұрсын ханның қызы Қоңырбикеден туган екі баласы: Мәмбетсопы, Кішік... (Шежіре, 66 бет).

“Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір – Қатаған Тұрсын ханның ханышасы” деген сөздің қысқаша тарихы осы.

Шежіреде тарихи дұрыс баяндалған осы уақыға, Сәбит Мұқановтың “Жарқын жұлдыздар” кітабында: “... 1629 (?) жылы Есім ханға еріп барып Түркістан қаласын жаулайтын (дұрысы Ташкент қаласы. – К.М.) арғынның бір багыры – Әлі (?). Сол олтірілген Түркістан ханы (дұрысы Ташкент ханы – К. М.) – Тұрсының қызы – Қоңырбикені Әлі еліне алып кеп інісі (дұрысы ағасы. – К. М.) Сарыға қосқан...” (“Жарқын жұлдыздар”, 1964 жыл, 163 бет) – дең тарихи шындықтан пығылғырап, бүрмаланып баяндалған.

Әлі алыш келегін Тұрсын ханның үш қызы: Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген елік. Қоңырбикенің тарихын айттық. Енді Айбике мен Нұрбикенің тарихына қысқаша тоқтайтык.

Айбикені де. Нұрбикені де Шаншар деген кісі алған, Шаншардың аргы ататарыны Шәкірім былай таратады: “Аргын атандың әсейлінен Қодан, Қоданнан Даңырқожа (Ақжол). Даңырқожаның бәйбішесінен – Қарақожа, Қарақожаның бәйбішесінен: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік. Шегендей. Кіші ойеліней Болат (Болатқожа), лакап аты – Қаракесек. Болатқожаның нағыз екі баласы: Майқы, Башан, асыранды екі баласы: Жалықпас, Қамбар. Осы тортеуінің иесілі

Қарекесек атанады. Бошанның бес баласының бірі – Таз, оның баласы – Бұлбұл. Бұлбұлының бес баласының бірі – Шашар. Тұрсын ханның Айбике, Нұрбике дейтін қыздарын алатын Шанишар осы.

Шашар мен Айбикеден туған торт баласының бірі – Келдібек. Келдібектің алты баласының бірі – Қазыбек (Қаздауысты Қазыбек).

Қазыбектің баласы Бекболат, одан Тіленші, одан Алшынбай. Атшынбайдын Жүсіп деген баласының кызы Ділдо – Абайдың бойбішсі болады.

Шашар мен Нұрбикеден туған үш баласының бірі – Бертіс, оның үш баласының бірі – Бектемір. Бектемірдің баласы – Мешеке. Мешекенің балалары: Қазанқап, Битен, Шітен. Қазанқаптың баласы – атакты қүйші, домбырашы – Тәттімбет (1815-1862). Битеңнің балалары: Тонтай, Қонтай. Тонтайдан – Тұрпан. Тұрпанның кызы Ұлжан – Құнанбайдың әйелі, Абайдың шешесі болады.

Революциядан бұрын Қарқараты уезінің екі болыс елі Айбике–Шашар, Нұрбике–Шашар деп ататыны тарихта белгілі.

Қазақ совет энциклопедиясында “Айбике” деген макалада: “Айбике – Орта жұз Арғын ішіндегі Қарекесек руының бір атасы (?). Революциядан бұрын “екі мың үй Айбике” аталған (санына қарай). Атакты Қазыбек би осы Айбикеден шықкан. Бұлардың енді бір атасы – Нұрбике. Кейде екеуін қосып, Айбике–Нұрбике – деп те атайды. Атакты қүйші Тәттімбет Қазанғапұлы, оның әкесі Мүшке (лұрысы – Мешеке. – Қ.М.) қүйші осы Нұрбикеден шықкан... Ойын-сауыққа, мысықыл мазакқа құмар ел болған. Сондыктан олар “шашар”, “шанишардың құлары” аталған, – деп түсіндіреді. (КСЭ-сы, 1-том 161-бет).

Макала жалпы үстіргеу жазылған және “Шашар” деген атаудың түп төркінін түсінбей, Шашар деген кісінің есімі содан тараған рудың аты скенін антармай, ой-жота баяндалған.

Энциклопедияның 12-томындағы макалада: “Шашар – 18 жәнс 19-ғасырда оз бойындағы табиғи қызығылықты іс-әрекестерімен, откір сыйқақ-келемеждерімен және шанышпа әжуа-қалжындарымен ҳалық арасына кең танылған – Қарекесек руынан шыққан құлдіргі онершилер әuletі...”, – дедінген. Бұл макалада да “Шашар” деген тарихи адам есімі, сол есімнен туған ру аты деп білмейді, “шанышпа”, “әжуа-қалжынан туындаған соз деп, яғни “құлдіргі”, “юморист” үғымында түсіндіреді.

Мұхтар Әуезов: “Абайдың өз шешесі Қарекесек ішіндс

Бертіс бидін тұқымы болады. Ұлжанның әкесімен біріс туысқан ағалары Қонтай, Тонтай, Орга жүзіс қалжынымен тегіс аты жайылған, белгілі мысылшыл, тапқыш, құлдіргі болған. Бұл әдет Бертіс. Шашшар руына түгел жайылған мінез”, – деп Шашшар – кісінін есімі, ру аты екенін анық, ашық жазған гой (Абай. Толық жинақ, 1933. 343 бет).

Жазушы, одебиетші, тарихшы ғалымдар Шәкірім шежіресіне әр кезде коніл боліп, озлөрінің зерттеу еңбектерінде найдаланып отырған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин “Қазак әдебиесті” (Бірінші кітап. “Билер дәуірінің әдебиеті”, 1932 ж.) кітабында Ахмет—Алаша хан туралы айта келіп, Шәкірім шежіресіне сілтеме жасайды. Және “Қобыланды батыр” жырына талдау жасай отырып, Сәкен былай дейді: “Белгілі қазак шежірешісі, ақын Шәкірімнің шежіресіндегі Қобыланды батыр болған адам. Мұны Шәкірім шежіресі толық айтады. Оның айтуына қарағанда, Қобыланды батыр, қазақ атаулы елдің ногайлы атымен жүрген заманының адамы. Шәкірім шежіресі бойынша, Қобыланды батыр Арғын Даирқожа биді олтіргенде, Даирқожаның әкесі Қыдан деген ақын жылап баласына мына бір жырды айтқан екен дейді:

...Қара Қыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді құлныым!  
Сексен асып, таяғанда токсанға,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлныым.  
Аласқаның жолға салдын  
Бұл ногайлы елінің,  
Акқан бұлтак, жаңған шырақ,  
Жалғыз күнде күрылдың!  
Қара Қыпшак Қобыландыда  
Нең бар еді, құлныым!

Міне, мұнда қазақ атаулы рулардың ол кездे ногайлы болып жүрінін айқын айтады.

Бұл уакиға Шәкірім шежіресінің 31-бетінде айтылады. Шәкірім одан кейін былай дейді:

“...Қыдан тайшы деген өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың арғын атасы Қотан ақын дейтіні осы. Және бұл созге бір дәлел арғын Жанақ ақынның Уак Жарқын біге айтқан өлеңі. Жарқын би: “Атанда ақындық бар ма еді?” легенде, Жанақ айтыпты:

Алашта Арғын ата болған зерек,  
Озгеден о.і кісінің жөні болск.

Аргынның тұп атасы ақын Қотан  
Олсңе бізден ұста болса керек...”

(Шежіре, 31-32 бет).

Шежіредегі осы мағлұмatty Әлкей Марғұлан өзінің “О носиғіліх древней поэтической культуры казахского народа”, – атты макаласында келтіреді. Бірақ Әлкей Марғұлан Шәкорім шежірессіне сілтеме жасамаған жөнے Жарқын биді қазіргі Абай ауданының адамы деген. Дұрысы Жарқын қазіргі Жаңасемей ауданының адамы. Олсңдегі: “Алашта Арғын ата болған зерек” деген жоллагы екі сөзді озгертіп: “Ертеде Арғын ата болған зерек”, – деп берін.

Сөбіт Мұқанов та, шежіреін атамай жөнө: ешбір сілтеме жасамай, быттай деп жазады: “Қазақ арасында “Арғын атасы Қотан ақын” дейтін мотел бар, сол “Қотан” дегені осы Қодан, Қоданың ақын болғандыны туралы XIX ғасырдың ортасында жасаған, Арғын руынан шықкан Жанак ақынның бір ауыз өлеңі бар. Уак руынан Жарқын деген би Жанак ақынға “Атанда ақын болған кім бар?” деп сүрау койғанда, Жапақ;

Алашта Арғын ата (?) тұған зерек,  
Озгеден сол кісінің жөні бөліск.

Аргынның тұп атасы ақын Қотан  
Олсңгे бізден ұста болса керек...”

(“Жарқын жұлдыздар”, 1964 ж. 161-162 беттер).

Жоғарыда айтылған С.Сейфуллиннің Шәкорім шежірессінен келтірген, Дайырқожа, Қобыланды батыр жайындағы мағлұматын жөнے Ә.Марғұлан мен С.Мұқановтың шежіреден алған деректерін Мұхтар Мағаунин “Қобыз сарыны” (1968) монографиясында, Шәкорімге сілтеме жасай отырып, дұрыс берген (“Қобыз сарыны”, 12-13 бет). Тек олсңдегі: “Арғын аға” деген сөзді “Арғын ата” депті.

Сөбіт Мұқанов “Жарқын жұлдыздар” (1964) атты монографиясында Абайға ариалған болімінде Шәкорім шежірессіндегі тарихи маңлұматтарды мол нақдаланған. Бірақ ешбір жерде Шәкорім шежіресі ататмайды, шежірете сілтеме: жасалмайды. Бірнеше ғана мысал келтірейік. “Абайдын ата тегі” деген тарауында С.Мұқанов быттай деп жазады: “Арғын деген атын қайдан шыққаны туралы ғылымда мынандай жорамалдар бар: ескі қытай тарихында, монголлардың батысында (?) кошіп жүргетін, іүрік іүкімдас “Бай–Егу” дейтін ел бар. Қытайлар “р” дыбысын айтпайды жөне сөздің аяққы дыбысын тастап сөйтейді. Егер “Бай–Егудін” ортасына “Р” орпін қойса, аяғына “и” қосса “Бай–Ергүн” бол шығады.

Бай – қытайда, “зор”, “ұлы” (түрікше “улуг” деген сөз) деген мағынада. Олай болса “Бай – Ергун” – “Ұлы – Ергун”, яғни “Ұлуг – Ергун” болады...” (“Жарқын жұлдыздар”, 159 бет).

Шәкөрім бытайдай дейді:

“Арғын” деген не себептен аталғаны туралы, орыс жазушылары әр түрлі сөз айтады. Соның ішінде і қисындысы түрік Орхонский надписытағы “Ұлуг Ергин” деген сөз сықылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы “Ұлуг ергин” деген тап монгол жұртының күншығысында жүрген. Оны қытайлар “Бойе-гу” дейді. Себебі қытайда “р” харфі жок және сөздің аяғындағы харіфті тастанап айтатуғын әлдеттері бар. “Байе-ту”-дің ортасына “ра” косып, ақырына “нсн” харфін косса, “Бай-ергун” болады. “Бай – ергун” һом “Ұлуг аргу” – екеуі де “Ұлуг аргун” дегенге келеді... (Шекіре, 61-бет). Және Сабит Мұқанов бытайдай дейді: “Тарихта Аргын-ага деген кісі болған. 1262 жылды Шыңғыс ханын кенже баласы Толы Харасан деген елге Ойрат атанған елден Аргын-ага деген кісіні хан сайлаған”... (“Жарқын жұлдыздар”, 159 бет). Бұл да Шәкөрім шежіресінен алынған дерек.

Шәкөрім бытайдай дейді: “Менін өз ойымша, біздің осы орта жүздегі арғынның атасы, Әбілғазы ханның шежіресінде айпылатуғын Ойрат Арын-ага деген кісінін нәсіл болса керек. Оның монісі мынау: Шыңғыс ханның кенже баласы Толо ұлken хакан болған кезде, Ойрат атанған елден Аргын-ага деген кісіні Харасан деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша 440 жылды орысша 1262 жылды еді... (Шекіре, 64 бет).

Сабит Мұқанов тағыда бытайдай деп жазады:

“1822 жылы жоғарыда аталған “Сібір қазактарын басқарудың уақытиша ережелерін” шығарады. Бұл ережеге наразы болғандар. Россияға бағынбаған жакқа көшуге қобалжып, кейбір елдер кошіп жатқанда. Балқаш коліне құятын Токырауын өзенінің бойында отырған Тобықтының Дадан дейтін руының биі Қарамеңде Шыңғыс тауында отырған Мұсабай руының биі Кенгірбайға өлсімсін бытайдай солем айтады:

Басында Сырдан шығып Орга келдік,  
Табан тиіш жүре алмай зорға келдік.  
“Қол (?) алдынан құрулы талқы” деген.  
Бұз жакқа бакқа келмей, сорға келдік.

Солем де Кенгірбайға кел кеселік,  
Мықты сабаз атанды терлетелік.  
Мұсылманың жұрттына мандаі қойып,  
Аты жаксы дариядан өрі отелік.

Кенгірбай бастаған Шыңғыс тауындағы Тобықты Қараменденін ол сәлеміне қызбайды”. (Жарқын жұлдыздар, 166-167 беттер).

Сөбит (Мұқанов) бұл мағұмдаты Шәкәрім шежіресінен алса та, анахронизмге ұрынып қалған. XVIII ғасырда болған уақиғаны XIX ғасырданы мәселе мен шатастырып алған.

Шәкәрім былай дейді:

“1723 жылы қалмақтан женіліп, “Ақтабан шұбырынды” коріп, Орта жүз Ешім, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың Қарағашына барған. Онаи да өрі барған Кіші жүз казагы орысқа қарамақ болыпты деген сон, сонан қорқып Тобықты көшіп, Ырғызы, Торғай озендеріне келген. Сонда біздің тортінші атамыз Ырғызбай менен інісі Торғай туып, аттарын сол өзен атымен қойыпты. Онаи жөне бері қарай кошіп, Мамай батыр бастап, осы Қекен Орда, Дағалан тауларының ортасына келіпті. Сол кезде Орта жүз де орысқа қарамақ болды дегенде, Дадан Тобықты Қараменде бидің біздің Кенгірбай биге сәлем айтқан олені мынау:

Басында Сырдан шығып, Орга келдік,  
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.  
“Құл алдынан күрүлі талқы” деген,  
Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік.

Сәлем де Кенгірбаңға кел кеге лік.  
Мықты сабаз атаңды торлете лік,  
Мұсылманның жұртына мандай қойып.  
Аты жаксы дариядан өрі отелик”.

(Шежіре, 44-бет).

Мұхтар Әуезов те. Абаиға арнаған әдеби және ғылыми зерттеу жұмыстарында Шәкәрім шежіресін жөне оның басқа еңбектерін де орынды пайдалып оғырған. Шәкәрім мен Мұхтардың жалпы қарым-қатынасы, творчестволық байланысы өз алдына бір оны іме.

Шәкәрімнің “Құр шежіре деменіз мұның озін, ойланызы гибрат алып өрбір созін” – дегенін оңеңелі өсист деп білін. Шәкәрім шежіресін ғылым тұргысынан қарап, терең зерттеп оқып, гибраг алуымыз керек.

*Казак әдебиеті 14.07. 1989 жыл.*

## “ӨҮДЕМЖЕР” ӘНІ КІМДІКІ? немесе Көкбай ақынның әншілік өнері жайында

Кокбай Жанатаев (1861-1925) – Абайдың ең талантты, орі ақын, әр әнші шөкірттерінің бірі. Ол – Абаймен 1880 жылдардан бастап, жиырма бес жыл бойы айрылmas жолдас, аинымас адал дос болған адам.

Кокбай он жасынан бастап он бес жасына шейін ауыл молдасы Толетай деген кісіден сабак оқып, сауатын ашиады. Он бес жасында оқуды тастап, ойын-сауық, той-думан қуып кетеді. Ән-күйге, олең-жырга құштар, талапты, талантты жас Кокбай домбыра тартып, ән салып, олең айтып өседі.

“Жасында мұсылманиның окуту едоғар өндіріп оқыған сон, Кокбай әншілік, ақындыққа көп ауысады... Ел ортасындағы бір сайлаудың үстінде, Семейдің сол қүнделегі оязы Көкбай берген бір арыз қағаз бойынша, оны жазаламак болады. Сонда онерлі, окуы бар жігітті аяп. Абай кепілдікке алацы. Осыдан сон Көкбай өмір бойы, Абай өлгөнше, оның іні-досы, шөкірті бол кетеді”. – дейді Мұхтар Әуезов.

Абаймен достасып кету тарихын, өзінің естелік әңгімесінде, Кокбай былай баяндайды: “Ел ішінің ақы алысын, ақы берісіп жатқан съезі еді. Мұны өткізуғе Семейден Лосевский деген ояз келіп еді. Сол бір ісімді жактырмай, мені ел кіслерінің ортасында тұрғанымда, стражниктерін (атарман) жіберіп жазаламақшы болды. Әлгілер ерікке қоймай, әкегін бара жатқан сон, қасымца ерін жүретін өлеңші жігіттерім бар еді, солардың біреуінен Абайға бір ауыз олеңмен солем айтып жібердім. Ол кезде ән салып, өлең айғагүйм, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын.

Оязта әкеліен сон, Абай келді де: “Жазығы не?” дегі істің жонін сұрады. Содан кейін Лосевский: “Бұған біреу басшылық еніп, торбиессіне алмаса, мына елдің оргасында арызқой, пәлеқор болып, бұзылғаты жүрген адам. Сен ғөрбиеге алып, міндетті болып, үзегемін дессен берем. Әпнене, жазаға үшіншіліктың ісі бар”, – деді.

Абай маған кепіл болып, алтын шықты. Осыдан кейин Абайдың жолдасы болдым. Жолдастығым 25 жылға созылды. Жанағы оқиға 1880 (Қазақ совет энциклопедиясының 6-томында (8-бет) Көкбайдың туған, өлген уақыты: 1863-1927 жж. деп қате көрсеткен. Қ. М.) жылдардың шамасында болып еді. Содан кейін, қыс болсын, жаз болсын – Абай ел араласа, қасында жүріп, ауына келсе, үйінде біріе жатын, айрылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай

жарым жүріп келіп бір өредік толас болғанда гана, оз үйіме бір жұма, коп болса он құнғе рұқсат алып келін, артынан қайта барамын...” (Абай. Толық жинағы. 1933 жыл 387-бет).

Біз бұға жолы Көкбайдың толық өмірбаянын, ақындық онерін емес, оның әншілік онері жайында соз қозғамакпыз.

Көкбай жас кезінде әнші-акын болған. Мұхтар да си алдымен Көкбайдың әншілігін атап айтады. Көкбай Абаймен жақын жолдас болған кезде 20 жаста еді. Онерпаз, әнші жігіттерді қасына жинап алып, серлік құрып жүрген шағы болатын.

Лосевский ояз Көкбайды жазаламақ болғанда: “...арызкой, інекор болып, бұзылғалы жүрген адам” – десе, орыс тілін жақсы білетін жөне орысша жазуға да тоселген Көкбайдың қолымен жазылған шатағы мол арыздар аз түснеген болуы керек.

1880 жылы Көкбай Семейдегі үш жылдық уездік орыс мектебін бітіріп шыққан болатын.

Және Мұхтар: “Онерлі, окуы бар жігітті (Көкбайды. Қ. М.) Абай аяп, кепілдікке алды” – дейді. Соңда “онерлі, окуы бар” жігітті Абай 1880 жылдан бұрын да, яғни Семейде орыс мектебінде оқып жүрген оқушы-шәкірт, әнші Көкбайды білген.

1876-78 жылдары Семейдің уездік мектебінде Тобықты елінін жастары: Әнияр Молдабаев, Ыскак Солтабасев, Айтқазы Жексенаев, Көкбай Жанатаев, Найман-Сыбан елінің Әріп Тәнірбергенов, Шәкет Омарбеков сиякты жастары оқитын (олардың кейбіреуін окуға Абай түсірген).

Абай Семейге келген кездеріндегі оқушы-шәкірт жастардың басын қосып, мәжіліс қуратын болған. Сол шәкірт кезінде Әріппен айтысқан бір өлсінінде Көкбай:

Семейге Абай келсе.  
                          бізде думан,  
    Ән салып, босамаймыз  
                          айғай-шудан.  
    Бас қосу, бақастасу,  
                          мәжіліс құру,  
    Секілді бір ғылымның  
                          жолын құған.  
    Тарихтан неше түрлі Абай  
                          сойлеп,  
    Озілер отырады аузын  
                          буған  
    Бір барсан мәжілісінен  
                          кеткің келмес,

Хакімлей Аплатон аңырап  
түрған.  
Келбеті біліміне ылайыкты,  
Япым-ай, мұндай адам.  
қалай тұған! —

дейді. Осы создің озінен-ақ онні, шокірт Кокбайды Абайдың 1880 жылдан бұрын да біненін көрсіміз.

Кокбайдың жас кезінде шыгарған олеңдері, әндері сақталмаған. Ол жөнінде Мұхтар Әуезов: “Жас кезінде, Абай уақытында айтып, жазып жүрген олеңдерін озі коп ұқыпташ жинамаған. Бірақ сол кезде Абай айналасындағы бар ақынның ішінде, суырыпса ма, импровизацияга ен жүйрік ақын Кокбай болғаны даусыз. Сол таланттың бағалап, Абай бұны өзі жазып жүрген алғашқы олеңдеріне ие қып шыгараты. Коп олеңдерін өзі жазып, Қекбай атынан таратады”, — дейді.

\* \* \*

Енді “Әудемжер” оні туралы мөселеге келейік. Қекбайдың агалас, жақын туысы, Қекеннен оку оқып, сабак алған шокірті, ақынның бірталай шығармасын қағаз бетіне түсіріп, сактап бізге жеткізген — мұғалім Есентай Бердин еді (1894-1967). Ертеректе Есентаймен Кокбай туралы әнгімелескен кезімізде, ол кісі Қекбайдың ақындығымен бірге өншілік онерін де соз етіп, олердең бірер жыл бұрын шыгарған әні болатын дең, сол әнді домбыраға қосылып, озінін баяуғана коңыр даусымен айтатын. Эннің “Әудемжер жүре алмаймын аяғымнан” деп басталғын оленін ғана Есентайдан жазып алған едік. Біз ол кезде Кокбайды ақын деп танып, оның олең, поэмаларына, айтыс өлсіздеріне көп көніл бөліп, әнші де болған деген пікірді жай ғана жадағай соз етіп жүрлік. Музика маманы болмағандықтан, ол кезде Қекбайдың әншілік онеріне мән бере алмадық. Жоңе “Әудемжер” оні нотаға түспеген соң, музика мамандары ол әнді зерттең, пікір айтпаған соң, “Ән Кокбайдікі, Есентайдан естіп елім” деп жазуды қолайсызыдау көрдік. Семей театрында “Айман-Шолпан” пьесасы алған қойылғанда (1934) “Әудемжер” оні Арыстанның ариясы болып айтылып жүрді. Ол кезде Арыстан болып ойнайтын, қазіргі Қазақстанның халық артисі Шахан Мусин еді. (Жоңе концерттерде “Әудемжер” онін үнемі айтып жүретін, Семей театрының артисі, талантты жас өнші Мәжит Шалқаров болатын. Мәжит 1943 жылы Ұлы Отан соғысында каза тапты (1911-1943).

“Бірінші рет біз Мәжитті 1936 жылдың аяғында Семейде тындағы. Ол 1937 жылы Алматының Абай атындағы опера жөне балет театрына кірді. Концерттерде, радиода он айтып жүрді. Мәжит “Қорлан”, “Үш дос”, “Екі жирен”, “Жамбас сипар”, “Гауһар қызы” әндерін әсіресе жақсы айтатын. Осы әндердің бір кісідей-ак орындағыны шебер Жүсінбек Мәжігітін өншілігі алдында бас иетін, оның “Жамбас сипарының”, “Екі жиренің” галасуға болмайтынын айтатын”, – дейді Ахмет Жұбанов (“Замана бұлбұлдары”, Алматы, 1963 ж., 412-бет).

Халыққа кен жайытып, ел смірене тындағытын, әйгілі әндерлің бірі болып кеткен “Әудемжердің” шығарушы авторы кім екені, әннін гуу тарихы кейінгі жылдарға шейін ешбір соғ болмай, зерттелмей келді.

Тек 1964 жылы академик, композигор Ахмет Жұбанов тұнғыш рет “Әудемжер” әнін зерттеп, оның авторы Кокбай екенін атап айттып, “Қазақ әдебиетінің тарихы” кітабының бірінші томында жазды. Енді А. Жұбановтың созін толық келтіреік:

“Музыка дүниесінде елеусіз болып отіп бара жатқан адамның бірі – Қекбай. Ол Абайдың айтуынша: “Олен жиған тырбанып, он үйрениген ыргалып”. Абай бұл жолдарды еріккенен жазбаған. Оның үстінен Қекбай “Әудемжердің” авторы деген соғ раска шығып келеді. Қекбай Ленинге ариап ән шығарған адам... Ол осы “Әудемжермен” тынын, басқа он шығармағаның озінде де әңгіме етерге тұрарлық өніш. Ойткені “Әудемжер” – оның еркесі. Әсіресе, оны марқұм Мәжит Шалқаров орындағанда өнінші шоқтығы шығып, барлық кескіні көз алдына келетін. “Әудемжер” – лирикаға толы, үлкен азаматтық әуені бар, қазақтың классикалық он корында ауыз толтырып атауға құратын шығарма. Біз оны музыкалы пьесага енгіздік. Бірақ, ол “Әудемжердің” озгерген, “арықтаған” варианты болды. Аса зер салып караған кісіңс “Әудемжерде” үлкен драматық кезеңдер де кездеседі.

Қекбайдың ақындығы копке мәлім де, ал оның өншілігі, он творчествосы қага берісте келе жатыр” (“Қазақ әдебиетінің тарихы”, бірінші том, скінші кітап. Қазақ ССР Фылым академиясының баспасы. Алматы, 1964 жыл, 188-189-беттер).

Сөйтіп, музыка ітін терен түсінегін, серіек сезімді, үшкыр киялды, кен ойлы, зерттеуін ғалым – Ахмет Жұбанов, Қекбайдың “Әудемжер” әнінің мон-мағынасын, сыр-сипатын, коркемдік, эстетикалық қасиетін айқындалп, анып берген.

Мен Ахмет Жұбанов марқұммен 1947 жылдан бері жақсы таныс елім, Алматыда болған кезлерімде үнемі жүзлесіп, әңгімелесіп жүргінібіз. “Замана бұлбұлдары” кітабын баспаға озірлеп жүрген кезінде озім жақсы білетін Естай туралы жөне

Мәди жайында біраз деректі мағлұматтар да бергенім бар. (“Замана бұлбұлдары” 429-430-беттер).

1964 жылы шыққан “Қазақ одебиеттің тарихы” кітабында басылған “Фольклор және музыка” деген үлкен макаласында Кокбай жөне “Әудемжер” әні туралы жазғанын оқыған сон, бірер жыл кейін (1965 не 1966 жылдар болса керек) Алматыда болғап кезімде, әдейі Ақана барып, солем беріп, Кокбайға ерекше көңіл болғанын куанышымды білдіріп. алтыс айттым. Әңгіме арасында: “Ақа, сіз макаланыңда Кокбай “Әудемжердің” авторы деген сөз расқа шығып келеді және Көкбай Ленинге арнап ән шығарған адам дейсіз... “Әудемжер” сол кісінің әні дегенді Көкбайдың ен жақын адамынан естігенім бар еді. Ал Ленин туралы ән шығарды дегенді естігенім жок. Бірак, Кокеннің Ленинге арнаған өлеңі менде бар”, – дедім. Ақаң “Қайым, сен оған күдіктенбе, ол – даусыз, анықталған моселе. Әдебиет тарихына арнаған макалага кітап шығып бара жаткан сон, Кокбайды әдейі кіргіздім. Кокбайдың әншілігі, “Әудемжер”, Ленинге арнап шығарған әндері жайлы жеке жазамын. Ол туралы деректер жеткілікті. Ленинге арнаған өлеңінің бары жақсы болды...”, – деді. Қайда, қандай деректер бар деп сұрауды қолайсыз кордім. Кокбай туралы әңгімемен әңгіме туындаш көті. Бұл менін Ақаңмен ақырынғы жүздесуім болды. 1968 жылы Ақаң дүниеден кошті. Көкбай туралы жазды ма, жаза алмай кетті ме, білс алмадым.

“Кокбайдың “Әудемжер”, Ленинге арнап шығарған әндері туралы деректер жеткілікті”, – деген сөзі мен үшін жұмбак сиякты болып қала берлі. Сұрамағаным оқіндім. Өзім музыка маманы болмаған сон, бұл мөселеге қайтып оралғаным жок.

\* \* \*

Ахмет Жұбанов қайтыс болғап соң, он жылдан кейін, 1978 жылы Ирина Левицкаяның “Живые драгоценности (документальная повесть об Александре Викторовиче Затаевиче, композиторе, этнографе, открывшем миру неведомую долину прекрасного)”, – деп аталағын кітабы қолыма түсті. Қызыға, құныға оқыдым. Затаевичтің 1925 жылты шыққан “Қазақ халқының 1000 әні” жөне 1931 жылты шыққан “Қазақ халқының 500 әні жөне қүйі” деген екі кітабымен жақсы таныс болатынмын. Енді И. Левицкаяның кітабынан Затаевичтің колажба қуйінде қалған казак әндерінің үшінші жинағы бар екенін білдім.

И. Левицкая кітап жазып жүргендс Москвауда тұратын Затаевичтің қызы Ольга Александровнамен танысып, коп

маглұмат алғанын, әкесінен қалған архивымен таныстырығанын айта келіп: “От нее я узнала, что третий том “Казахских записей” хранится в библиотеке Казахской Академии наук. Что передан он туда по просьбе ее президента Каныша Имантаевича Сатпаева, сохранившего о Затаевиче самую светлую память и огромное уважение”, – дейді. Жөне 1968 жылы Алматыға келіп, Затаевичтің өз қолымен жазылған қазак әндерінің үшінші жинағымен танысканын, ол жинақтың ҚазАССР Фылым академиясына 1961 жылы октябрь айында тапсырылғанын айтады. Кімдерден қандай әндер жазылғанын біраз атап келіп, Левицкая кітабының 222-бетіндегі әйгілі әнні Қали Байжановтан Затаевичтің жазып алған әндерін ерекше қоңыл аударып: “Бесценные записи, сделанные у Кали Байжанова. Его “Кокпай” превосходен! – утверждает собиратель” – дейді. Дәл осы созлерді оқығанда, ойым онға бөлініп, тебірениң кеттім. Ахмет Жұбановтың бейнесі қоз алдыма қайта келгендей болды. “Ақаң марқұм баяғыда айткан, Кокбайдың “Әудемжері” туралы дерек жеткілікті дегені осы болар-ау”. – дедім де, қобалжи бастаным. Себебі: “Қали әнні ағалады, оның айтын берген әні, “Кокпай” – превосходен!” – дейді. Ал бірақ, “Әудемжер” деген соз мұлде жок кой... Енді Алматыға барып, Затаевичтің қолжазбасын өз көзіммен кормей, қоңілім кониімейтін болды. Оның да сөті тусти. 1982 жылы июль айында Алматыда болған кезімде, Академияның ғылыми кітапханасының “Сирек кездесетін кітаптар жөне қолжазбалар” деп аталатын боліміне бардым. Затаевичтің қолжазбасы қолыма тиіді. Қолжазбаның сыртқы бетінде “Затаевич Казахские записи. Материалы для III-тома казахской музыки” – деп жазылған. Ән айтып берген адамдардың аты-жөні, әндердің аты, нотасы жазылышты. Олардың ішінде Әміре Қашаубаев, Манаrbек Ержанов, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейілов, Қосымжан Бабаков, Елубай Өмірзаков, Жұсіпбек Елебеков, тағы басқалары бар екен. Менің іздегенім “Қекнай”, “Қали Байжанов” деген есімдер. Әндердің аты орыс жөне латын әріптерімен жазылған екен. Бір кезде “Кокпай. Кокрай”, “Қали Байжанов” деген балырайтып жазылған создерге кездестім. Ол сөздердің астында оннің нотасы ғана жазылған, созі жазылмапты. “Әудемжер” деген соз мұлдем жок. Мен нота танымаймын. Қандай ән екенін біле алмай мысым құрыды. Енкімге еш нәрсе айтқам жок. Нота жазуының фотокөшірмесін түсіртіп алдым да, Семейге қайттым. Ўіге келе сала нота билетін Қарлығаш деген балама пианиноға ойнатып коріп едім, әйгілі “Әудемжер” әні болып шыға келді.

Енді Кокбай бұл онді кай кезде, қандай жағдайда шығарған

деген мөселеңе көлөйік. Кокбай 1923 жылы наукастана бастаган соң алдын ала қаралып, сімдеу үшін Ленинград, Москва қалаларына барады. Москва дөрігерлеріне қаралып, онда жатып емделіп, ауруынан айыға бастаңандай болған соң, көнілі есін, сергіп қалады. Астананы аралап коріп, ондағы қазак азаматтарымен әңгімелесіп, әсірессе, Ленин жайында жақсы мағлұмат алыш қайтады.

Бірақ наукасынан мұлдем айығып кете алмайды. 1924 жылы наукасы қайталап, ленсаулығы томендей бастаған соң, дергік дәрмен іздең, тағы да үлкен қалаларға барып қаралады.

сол үшін жауапқа тартылса керек” (?) деп жаңсақ пікір айтып адасады. Осы ойжота болжамын Мұхтар жазған Абай омірбаянымен байланыстырмак болып орынсыз дуреленеді.

Бейсенбаев одан әрі: 1875-1878 жылдардың арасында, Абайдың Қоңыр-Кокше еліне болыстық қызметке сайланған “жылшардағы кездесетін архив деректері де қофам қайраткері, демократ Абайды әр қырынан теренірек таныта түсіп отырады” (!?) дей келіп, Абайдың болыс тық қызметін соз етеді. Бұл архив материалдарын кім тауып, кім зерттеп жариялагандығын жоғарыда айттық.

Бейсенбаев енді Абай мен Михаэлистің танысу тарихына тоқтайды. Бұл да бұрыннан белгілі нөрсө. Ол туралы кейінрек айтамыз.

“Казакстанның мемлекеттік архивінде – 1876-1877 жылдардағы Абай үстінен берілген Борібаев дегениң арызы бар (Каз. ССР ф-64, 021, д-1430) деп алып, Абайды тергеу ісінін тарихын баяндамақшы болады. Бұл да Бейсенбаев ашқан жаңа тық емес.

Бұл архив былай деп аталауды: “Дело по жалобам киргиз, о противозаконных действиях волостного управителя Ибрагима Кунанбаева...” (ф-64. 01, д-1430, связка 90). Бұл материалдарды мен Абай музейінде директор болып қызмет істеп жүргенде 1945-1951 жылларда Алматы архивінен кошіріп алғын музейге әкелгенмін (колемі 55 бет машинопись). Қазір Абай музейінде сактаулы. Және Алматы архивінің директоры Ф.Н.Киреев 1947 жылты “Казахстан” журналында жарияланған (“Казахстан”, № 7). Бұл материалмен Мұхтар да танысып, Абай омірбаянына кіргізіп жазған (1951): “...Абайға қарсы отірік шағым, жалған жала жапқан Үзімбай Борібаевтың арыздары Абайды көн тергеуге ұшырагады” дейді. (Абай Құнанбаев. Макалалар мен зерттеулер. 1967ж., 53-бет). Кейін бұл мәселелер тулары Л.М.Әүезова көнірек етіп жазған. (Исторические основы эпопеи “Путь Абая”, 1969, стр. 209-212).

Бейсенбаев Абайдың тергеу жұмысын айта отырып: “орыстүрік соғысы жүріп жатқан кез болатын. Абай бастаған бір топ адамдардың орыс оскеріне ат, колік, киім, каражат беру туралы жазған шақыру, үндеу хаттары да бар сді. Бұл оқиға сонымен сойкес келеді” деп үндеу хатты келтірелі. Бұл да Бейсенбаевтың жаңалығы емес. Ол хатты баяғыдан бері білеміз. кошірмесі Абай музейінде сактаулы. Бұл мәселені Мұхтар Әүезов та зерттеген. Әүезов Алматы, Семей архивтерін жағалай карастырып Абайдың Қоңыр-Кокинеге болыс болған жылдарын нактылы архив деректерімен аныктайды. Абайдың ірі тергеуте ұрынған арыздарын және 1877-78 жылды орыс-

түрік соғысына байланысты Семей уезі болыстарының архивтен табылған үндеу хатына, орі онда Абай Қоңыр – Кокше болысы атынан кол қойған деректерге сүйенелі” дейді М.Мырзахметов (“Мұхтар Әуезов және абаитану проблемалары”. 1982, 53-бет).

“Сексенінші жылдардағы Абай” деги аталағын тарауда Бейсенбаев: “...абырой-атағы аскан Абайды 80-90 жылдардың архив материалдарын жинап-зерттеу кезінде тағы да биіктен тани түсеміз”(?) дейді.

Сонда Абайды қандай “биіктен тани түсеміз скен”? Келтіретін долелі: Семей статистика комитетінің секретары болған Миколин дегенде география қоғамының Батыс-Сібір болімі қазақ ертегілерін жинау жойынде тапсырма берген екен... Миколин 1882 жылы жазған, жауап хатында қазақ тілін білмегендіктен ондай тапсырманы орындай алмайтындығын айта келіп: “Полагаю, что в этом отношении для отдела мог бы быть полезен Ибрагим Кунанбаевич Усекенбаев – (управитель Мукурской волости Семипалатинского уезда); весьма развитый киргиз, умеющий притом писать по-русски достаточно связанно” – дейді. Осыдан барып Бейсенбаев: “Бұл деректен сексенінші жылдардағы Абайдың білімі, орысша сауаты, географиялық қоғам адамдарына танымал болғандығына, Мұқыр болысына управитель екендігіне нақтылы анықтамалар алып отырмыз” дейді колжазбасында. Сойтіп, Абайды үшіннің рет болыс болған деп отыр.

“Абайды тағы да биіктен тани түсеміз” дегендегі Бейсенбаевтың келтіретін бір долелінің түрі осындай. Және “Абайдың... Мұқыр болысына управитель скендігіне нақтылы анықтамалар алып отырмыз” дегені жеке адамың (Миколиннің) хаты болса, ол ресми документ емес. Абай Мұқыр болысына енқашан управитель болған емес. Абайдың канша, қашан болыс болғанын Мұздыбай Бейсенбаевтан горі Мұхтар Әуезов жақсы білсе керек деп ойлаймыз. Мұхтар былай дейді: “Абай омірінде екі рет назначениемен болыс болған. Бірақ бұл екі жолында оз еліне болыс болмай, Шынғыстың қорші болысы. Қоңыр-Кокшеге болған. Қоңыр-Кокше кейінгі заманда Қызылатыр. Мұқыр деген екі болыска бөлінеді”.

Осы “Сексенінші жылғы Абай” дейтін тарауында Бейсенбаевтың өзі тапқан болып отырған архив материалдарының бөрі де Бейсенбаевтан бүрын табылған, зерттелген Абайға байланысты деги табылған тарихи мөн-манзызы барлары жарияланған.

Бейсенбаев: “Қарамола съезінде Абай тобе би болып саілланып, заң ережесін жасау тапсырылған болатын. Бұл

казактар үшін жасалған заң ереже 1886 жылы Қазан қаласында басылып шығады”, – деп бұл материалдарды өзі тақпан болып: “Қазан. Лобачевский кітапханасы, Т-68 – арабша”, – деп сілтемес жасайды. Қарамола съезінде Абайдың төбе би болғаны, ереже жазылғаны, осының бөрін Мұхтар Абай омірбаяныңда да, “Абай жолы” романында да суреттеген.

“Ереже” 1885 жылы “Дала уәлятты” газетінде де жариялған, Қазанды да басылып шыкты.

1961 жылы шықкан Абай шығармаларының бір томдық толық жинағында заң ереже туралы жазылған жөне “Бұл заң ережені Қазан қаласынаң тауып әкелген Академияның қызметкері Қарта Қантарбаев” делінген (32-34 бет).

Бұл моселе жоғарыда аталған Л. М. Әуезованның кітабында да (1969, стр. 213-214) айтылған. Сойтіп бұл да Бейсенбаев ашқан жаңалық емес.

Тобықты, Бұғылы болысының бай казағы Ұбырай Ибаков дегеннің катынын тағы бір жуан Ұбырай Құнтуов деген тартып әкеғеді. Билер катынды байына қайтарып беру туралы билік айтады. Құнтуов ол билікті орындамайды. Ибаков Омбы генерал-губернаторына арыз береді. Арыздың ішінде: “Шыңғыс болысының қазағы Ұбырай Құнанбаевтің үтіткеуімен эйслімді бермей отыр” деген сөз бар. Бұл жоғарыда біз корсеткен архивтағы (Алматы архив фонды) коп арыздың бірі. Абайға катысы жоқ сырттан айтылған көп өсек, отіріктердің бірі. Осыдан Бейсенбаев маңызды пікір айтпақ болып: “Бұл істі баяндағанда ойсл тенсіздігі, бас бостандығы сияқты көфамдық үлкен мәні бар жұмыстарға Абайдың катысы байқалады”, – дейді.

Бұдан кейін Бейсенбаев Абайдың козқарасының дүрүс қылышасуын көрсөтпек болады. О.І үшін: “Саяси қылмыскер” деп есептеліп, патша оқіметінен құғын коріп, Семей қаласына келген әр түрлі ұлттардың өкілдерімен жақындасуын анығырақ айқындай түсуге тиестіміз. Олар: С.С.Гросе, А.А.Леонтьев, Н.И.Долгонолов, П.Д.Лобановский, А.Блек, Н.Я.Коншин”, – еді лейді де, солардың омірбаяндарын, Абаймен қарым-қатынасын баяндауға кіріседі. Осының бәрін өзі бастан зерттеген адам болғысы келеді. Алматы архивінен, кобірек Абай музейін архивінен сілтемес жасап отырады. Бұл мөселені өзінен бүрын зерттеген адам бар деп айтпайды. Абайдың орыс достары туралы ең бірінші мағлұмат беріп жазған (1909) Кәкітай Ысқаковты, Мұхтар Әуезовті аузына да атмайды.

Абайдың орыс достары туралы архив материалдарын зерттеп енбек жазған Абай музейінің жоғарыда айтылған бүрынғы қызметкері нағыз ғалым адам (1916 жылы Петербург

университетін үздік оқып бітірген) Борис Александрович Акерман еді.

Ол кісінің “Абай и его русские друзья” деп аталатын еңбегі соғысқа байланысты, одан кейінгі басқа жағдайлармен басылмай қалды. Қолжазбасы Абай музейінде сакталатын. Оның еңбегін басқа бір адамдар да пайдаланды.

Екінші зерттеуіні Ә. Жиренишинің “Абай и его друзья” атты кітабының IV тарауы: “Русские политические ссылочные друзья Абая” (268-312), деп аталып былай басталады:

“Важную роль в духовном росте, формировании мировоззрения сыграли дружеские связи с сыльным студентом Петербургского университета Е. П. Михаэлисом, народовольцами Н. Н. Долгополовым, С. Гроссом, А. Блеком, П. Лобановским, А. Леонтьевым, Н. Коншиным. Все они отбывали ссылку в Семипалатинске”.

Бұл жонінде жолдас Бейсенбаев зерттеуі ешбір сын көтермесе керек. Соңыктан оның жазғандарына талдау жасап жатуды керексіз деп білдік.

Біреудің зерттеп жазған еңбегін иемдену жөне оны орекшел бүрмалау жақсы емес. Мысалы, Абайға орыс постары “қандай ықпал, әсер етті дегенге келсек”, – дейді де, мынадай дөлел келтіреді:

“1883-1884 (?) жылдардан басгап Абайды және оның балалары Ақылбай мен Мағауияны Семей қаласында өздері үйимдастырыған (?) “Елге бастауыш білім беру қоғамына мұшс етіп қабыллады”, – дейді. Мұндай дерек қайда алғынған? Семей педагогический институт шығарып тұрған “Ученые записки” екінші кітабында (1957) доцент Л. М. Перелыгинің “Об истоках стихотворения Абая “Обучаются в интернате” атты макаласы жарияланған. Сол макалада былай дедінген: “...известно, что позднее поэт вносил средства в общество попечения о начальном образовании. Общество это было основано в 1887 году, Абай вступил в него 1893-94 г. Были действительными членами Ақылбай и Магавья. И они внесли втройем семь рублей. (“Отчет совета общества попечения о начальном образовании в Семипалатинске”, изд. 1895).

Осы мағлұматты бүрматағаны былай тұрысын, бұға қоғамның қандай қоғам екенін де Бейсенбаев жолдас түсіне қоймаған сияқты.

Автор еңбегінің ендігі тарауы “Токсанының жыллардағы Абай” деп аталады. Ол да архив деректерінде ұшырасатын Абай есімі ататып жазылған қағазлар бірде жалакорлық арыздар түрінде, бірле окіминілік орындарлық документтері түрінде, бірде болыс сайлаулары кезінде толтырылған қағаздар

ретінде кездесіп отырады” – дейіді. Соңан соң жоғарыда озіміз айтқан Алматы архивіндегі (ф-64) бір арызды айтады.

Ол 1890 жылты Батыс-Сібір генерал-губернаторы атына Абайды жамандап жазған Қазанған Қынашевтың арызы, Бейсенбаев сол арыздың мазмұнын кошіріп жазды да, тыңды. Бұл арызды Мұхтардан бастап зерттеушілердің бәрі біледі. Абайдың үстінен берілген, бірақ аяқсыз қалған жалған жаға арыздар архивге көп. Абайды зерттеушілер ондай арыздар тұраты жазғанды қажет деп таппаған. Тек тергеу жүргізіліп, Абайды әуреге салған арыздарға ғана коні ғөліп, оларды зерттеп жазған (Мисалы Үздікбай Борібаев сияқтылардың арызы).

Егер Бейсенбаевты Қазанғантың арызы қызықтырған болса, онда ол арызданың нәтижесі не болды? Абайға зардабы тиіді ме? Арыз жазған Қазанған кім? Қандай адам? Арыз жазған себебі не? Осы моселелерді зерттеп жазуы керек еді. Амал не, ол, арызды сол қалпында, көшіріп берумен тынған. Қазанғап Қынашевтың біз тарихтан жаксы білеміз. Ол Уақ руының басты адамдарының бірі, оның баласы Иманбазар Қазанғапов та оқыған адам, ақын, “Әнибат”, “Аттын сакина” атты поэмалары Қазанда басылып шыққан. Қазанғап туралы Әріп ақынның:

Әркім мақтап айтады Қазанғапты,  
Қазанғап хак жолында қаза тапғы,  
Әкең Қаныш бір кездік пынақ еді,  
Кездіктен қанжар туды алтын сапты,

– деген өлсіңі де бар.

Қазанғаптың арызының болған соң, Бейсенбаев былай депті: 1890 жылдардағы Абайға байланысты архив дерегі (?!). Батыс-Сібір генерал-губернаторы Барон Таубенің казак даласына арналған санарында, оз көңіліне ұнаан ел адамдарына приказ арқылы сыйлықтар беруі деп, “Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям” № 46, 16. XI – 1890 г.” деп сілтеме жасайды. Бұл газеттің дүрыс аталуы быттай: “Киргизская степная газета” Особое прибавление к Акмолинским, Семипалатинским, Семиреченским областным Ведомостям”. “Дала уолаятының” газеті осытай аталацын, екі тілде Омбыда шығып түрган косымшина газет.

Таубенің бүйіріғы архивте жатқан норссе емес, осы газетте екі тілде де жарияланған. Награлталғандардың ішінде: Оспан, Ыскак, Абай Құнанбаев гар бар. Бұл маңылұматтарды Мұхтардан бастап Абайды зерттеуінілердің бәрі де біледі. Бұл да Бейсенбаевтың танкан “тын дерегі” емес. Барон Таубенің Семейге келтегі, шен-шекпен тапсырғаны жайында Абай

туралы мақалаларда талай рет жазылған. Мысалы, 1961 жылы шықкан Абай шығармаларының бір томдық толық жинағының 38-бетінде: “1890 жылы Омбының генерал-губернаторы Барон Таубе келіп патша үкіметінс атқарған қызметі үшін болыстық управительдерге медаль тағып, зерлі шапандар жапқаны” айтылған.

Енді Мұзлыбай Бейсенбаевтың: “Қазақстаниң мемлекеттік архивінде ерекше тансырманың чиновнигі, титулярный советник Бернер легениң 1892-1893 жылдардағы хабарламасы бар” деп сілтемес жасаған архив материалын (Каз. ССР, ф-15, О-1, д-1834) Л. М. Әуезованның кітабында (“Исторические основы эпопеи “Путь Абая”, 1969) көлтіріліп, “ЦГА Каз. ССР, ф-15, О-1, д-1838” деп сілтеме жасаған архив материалымен салыстырып көрсілік. Ләйтла Мұхтаркызы материалында түпнұсса бойынша, яғни орыс тілінде көлтірген. Мұздыбай Бейсенбаев казак тіліне аударып берген. Салыстыру үшін бірғана үзінді көлтірейік. Л. Әуезова кітабынан: “влиятельный Ибрагим Кунанбаев обратился к Семипалатинскому военному губернатору с прошением в котором он ходатайствует о разрешении ему и другим кибитковладельцам чингизской волости образовать оседлое поселение по Баканасу и его пригоркам Джаныбек и Байкошкар. Но при этом он просит о разрешении своим доверителям в течение 5 лет продолжать кочевые хозяйства с перечисленным их Мукурскую волость и переводе по р. Баканас двух сельскохозяйственных школ Семипалатинской области (стр. 172).

М.Бейсенбаев колжазбасынан: “...ықпазды қырғыз Ибрагим Құнанбаев Семейдің оскери губернаторына өтініш етіп сойлесіп арызданыпты (?!). Өзіне және Шыңғыс болысының 45 шанырак үйінә осы Баканас, Байкошкар, Жәнібек бойын сұрап, оларды отырықши ел еткісі келеді және обден отырықшыланып болғанға дейін 5 жыл көшнелі шаруашылық қалпында жүре түруға рұқсат сұрайды (?). Олардың Мұқыр болысы есебінде түруын тілейді (?). Сонымен біре Семей облысының екі ауылнаруашылық мектебін осы Баканас бойына көшіріп орналастырса деп тілек білдірілгі (33-бет).

Лударма дәмді емес. Жоғарыда айтқанымыздай бұл мақалада кітаптың стилі мен тілінс талдау жасауды мұрат етпегендіктен аударма кемшіліктерін корсетіп жатпадык.

Сөйтін, сөз болып отырған бұл архив материалы да Бейсенбаев тапқан “тың дерек” емес. Бұл материалдармен Мұхтардың таныс болғанын және романында пайдаланғанын Л. М. Әуезова оз кітабында жазған (226). Жоңе осы архив материалы 1956 ж. “Советский Казахстан” журналының 9-шы номірінде жарияланған.

Бейсенбаев тағы да былай деп жазыпты: “Абайдың егіншілік кәсіпке елді жұмылдыру, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлап оқыту идеясын өз баласы Мағауияны ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын мектепке беріп оқытуынан тағы айқын коріп отырымсыз”.

Бұл Бейсенбаевтың өз жаңынан шыққан тағы бір жаңалығы, ашығырақ айтсақ, отіріғі.

Мағауия ауылшаруашылығы мектебіне түсін оқыған емес.

Мұздыбай озінің отіріғін шындық ретінде долелдемек болып, “архив документін” көлтіреді (Каз.ССР, ф-408, 0-1, д-1. Начато 1884 г. на 85 листах). Осы фондының ішінде: “Список воспитанников Семипалатинской школы” деп аталатын мәлімет бар. Мағауияның оқығаны осы мектеп: “Семипалатинская мужская киргизская школа” деп аталған. Бұл мектептің ауылшаруашылығына ешбір қатысы жок. Бейсенбаев мұны ауылшаруашылық мектебімен қалай шатыстырганын кім білсін?

Мектепте барлығы 32 казақ баласы оқыған. Тізімде Мағауия 18 болып жазылған. “Отметка по успехам” деген графада Мағауияға “отлично” деген баға қойылған (32 шәкірттің ішінде жалғыз Мағауия “отлично” деген баға алынты). “Когда может окончить курс” деген графада “В городское 5-й классное училище” деп жазылған (кейін бұл училищеде М.Әүесов оқыған (1907-1912).

Менің Мағауия жайында жарияланған макалаларымда осы көрсетілген архив материалдары айтылған. Мағауия туралы макала соңғы кезде “Жұлдыз” журналында жарияланған (“Жұлдыз” 1985, № 4).

Одан кейін Бейсенбаев тағы да өлдекашан зерттелген архивтағы (15), Абай үстінен берілген арыздарға оралады. Мұздыбай ол арызларды зерттеп пікір айтады. “Сол арызлың бірнешеуінін мазмұнын көлтіреік” – деп, арыздардың мазмұнын коширіп жаза береді де, аяғында: Міне, Абай өмірінің соңғы жылдары ел ішіндегі бітепейтін, бітіспейтін, онтік, болыс сайлауы, жер боліс, рулық жік, өкімшілік жолмен ел билеу тосылдерінін бәрі дс Абайнға сокиай өтіп жаткан жок. Абайды жазықсыз жаралайды, жазалайды” деген сиякты бұлдыр создермен корыпады.

Бұдан кейін Бейсенбаев “1898 жылы отетіп Мұқыр болысының сайлауы деген елге ән әкелген үақытага толы сайлау болды”, – деп Семей губернаторының Омбы генерал – губернаторына: “Произведенные два раза выбора не состоялись и сопровождались дракой, грабежом, неповиновением и спрашиваво разрешение применить Мукурской волости примечание 63 статьи Степного

положения” – деп берген телеграммасын оған Омбы генерал-губернаторының: “Согласно ходатайству разрешаю применить Мукурской волости примечание 63 статьи Степного положения”, – деп рұқсат берген телеграммасын көлтіреді де Бейсенбаев ақылағы сыймайтын корытынды жасап бытайды: “Абай “сабалады” дейтін Мұқыр сайлауы оқиғасын осы документтер бекітеді” (?) – дейді. Бұл телеграммалардың Абайдың сабалғанын дәле: дейтін, Бейсенбаевшісі айтқанда “бекітетін” документ бола алмайтыны корініп түр емес пе?! “Бірақ, – дейді тағыда Бейсенбаев, – сол сайлаудың алдын ала дайындығы, оту барысы жаңжал шығарушылар кімдер? Кімдер кінәлі дегенге жауап жок, қағаз берінсі гүснеген”, – деп түйікқа тіреледі. Мұның тұсінбейтін де, киналатын да ештенесі жок.

Мұқыр сайлауы, Абайдың сабалуы – ақын омірінің ең бір ауыр кезеңі. Бұл оқиғаны Мұхтар Әуезов бағында зерттеп толық жазған, романында суретtelіп, баяндады.

“...Абайдың үнемі арманда болып откізген өмірінің ең мағынасыз корытындысы сияқты болып, бір үлкен уақыға туады. Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған”, – деп бастап осы оқиғаның тарихын, Абайлың сабалу мөселеін, себебін, Абайға қол көтергендер кім екенін голық сипаттаған жазған. (М.О. Әуезов Абай Құнанбаев. Макалалар мен зерттеулер. А., “Фылым” баспасы, 1967, 73-78 беттер).

Мұқыр сайлауының тарихы, Абайға қастандық жасау уақиғасы Л.М. Әуезованың кітабында да (236-237 беттер), Абай шығармаларының I томдық жинағында да (1963 жыл) жазылған (47-52 беттер).

Бейсенбаев жоғарыда айттығандай: “жаңжал шығарушылар кімдер? Кім кінәлі? дегенге қағаз бестінде тұскендер байқалмайды” деуіне ешқандай негіз жок, “кормес түйені де көрмес” деген осы да.

Әлдекашан зерттеліп, әлденепе жарияланған Шаймардан Қосшыұлов деген молданың Абайға хат жазғанын, Абай аулына тінту жүргізілгенінде Бейсенбаев озі тапқан “тың дерек” ретінде баяндан жазған болады. Оны ұксатып сарағай алса жақсы гой. Бірақ Бейсенбаев архив материалдарын керекті-керексіз жерінде гізе бергенімен оларды өзі дұрыс тұсініп, байыбына бара алмайды. Архив документтерін жүйелі түрде зерттеп, галдан, анализ жасауға дәрменсіз болғандықтан уезд бастығының Абай ауылына тінту кезеңінде жасаған протоколын шалағай көшіріп жазумен тынтан.

Абай ауылын тінтуге себеп болған мөселені зерттеп жазған Л. М. Әуезова былай дейді: “В ряде крупных городов Казахстана при некоторых мечетях усилиями панисламистов

создавались конспиративные типографии, в которых печатались призывы к созданию муфгията и другая пропагандистская литература панисламистского толка..." (ЦГА Каз. ССР, Ф-15, 0-2, д-399, лц 8,9).

"Автором и распространителем подобных посланий был, Кокчетавский мулла Шаймардан Косшыгулов, одним из убежденных панисламистов Акмолинской области. При его аресте был произведен обыск, обнаружены почтовые расписки об отправлении корреспонденции нескольким лицам, причем в их числе был Абай Кунанбаев. В связи с этим Семипалатинский генерал-губернатор в апреле 1903 года предписывает Семипалатинскому уездному начальнику: "В виду производившегося ныне дознания по поводу распространения среди киргизского населения противоразительственных прокламаций и необходимости обнаружения содержания как упомянутого письма, так и вообще корреспонденций Ибрагима Кунанбаева предлагаю Вашему Высокоблагородию... отправиться по месту жительства названного Кунанбаева, произвести у него тщательный обыск и всю взятую у Кунанбаева корреспонденцию предоставить мне...".

Л.М. Эузова осы мәсслеге байланысты Алматы архивынға (фонд 15) емес, Москва архивындағы (ЦГАОР СССР, ф-102) документтерді де зерттеп, талдап, толық жазып қорытынды жасаған (Л.М. Эузова, "Исторические основы эпопеи "Путь Абая", стр. 214-220).

Бейсенбаев жоғарыда айтылғандай уезд начальникінің Абай ауылын тінту жайында жазғанын көшіріп, "...Күнанбаевтан алынған бұл хатты конвертімен косып сізге жіберіп отырмын. Уезд начальникі Новроцкий" деп аяктайды. Бұдан соң Бейсенбаев: "Сонымен Абай патша оқіметіне саяси сенімсіз адам көрініп, оған тінту жасаілди. жауаптар атынды. Сонында Абайға қолемді мінездеме қағаз жазылғып толықтырылып, генерал-губернаторға жіберілді... жазылған мінездеме мазмұнын толық көлтірейік" деп тағы көніреді.

Бейсенбаевтің "қолемді мінездемес" деп отырғаны Омбы генерал-губернаторы Сухотинның: "собрать и доставить возможные обстоятельства сведения о личности Кунанбаева" деген талабы бойынша Семей генерал-губернаторының Абай туралы мәліметі. Осы документті Абайға берілген ен зор, нағыз дұрыс баға деп үстірт ойлап, жаңсақ түсінген Бейсенбаев: "Абай омірінің ен сонғы жылдарында жазылған бұл мінездеме қағаз, Абай жүріп откен омір жолдарының айқын күәсіндегі осер береді. Біріншіден, Абайдың саяси қозқарасы облен калыптаскан, сенімді, мемлекет мүддесін

терең түсінетін, Россияның өз еліне прогрессивті ықпалын оріден ұтынатын адам. Саяси кайраткер...” деп, одан орі патша генералының созіне сүйеніп, мақұлдап, дәріптей түседі.

Ал, Бейсенбаев айтып отырган, Абайға берілген “көлемді мінездеме” туралы Л.М.Әуезова быттай деп жазады: “...Семипалатинский генерал-губернатор сообщает, что в политическим отношением он считает А. Кунанбаева, “человека умного и не фанатика... “ В суждениях своих – пишет он далее, – во время бесед Кунанбаев обнаруживает полное понимание государственных интересов и правильные взгляды на цивилизаторскую миссию России в азиатских владениях...” (ЦГА Каз. ССР ф-15). Этот документ дает возможность убедится твердой и ясной позиции Абая по отношению к панисламистам и их стремлению обособить казахский народ от русского с помощью крайнего религиозного фанатизма.

Чиновнику царского колониального аппарата, толкующему взгляды Абая как признание цивилизаторской миссии России в ее восточных колониях, естественно не дано было понять всей глубины философских, политических взглядов Абая – просветителя и демократа, видевшего две России и ориентировавшегося на Россию демократическую, а не на Россию царского самодержавия – палача народов, против которой боролись все лучшие демократические силы его времени” (“Исторические основы эпопеи “Путь Абая”, стр 218-219) деп жазады ғалым тарихшы, Л.М.Әуезова дұрыс корытынды жасаган.

Патша чиновникінің Абай туралы оз түсінігі бойынша берген, колемі бір беттік реєстри мөліметін Бейсенбаев ең құнды документ деп біліп, тағы да быттай дейді: “Абай өміріндегі жеке бастық, семьялық, коғамдық іс-қылыштар не дегенмен де осы документте анықырақ, толығырақ корініс тапқан”.

Шаймардан Қосшығұловтың Абайға хат жазуы. Абай ауылдының тінтілуі бұл мәссолелер жөніндегі архив документтері Бейсенбаевтың тапқан “тың деректер” емес екенін ол материалдармен Мұхтардың таныс болғанын да Л.М.Әуезованың кітабынан кореміз.

“Знакомства автора эпопеи с этими подлинными историческими свидетельствами, а также глубокое изучение социально-политических взглядов Абая позволило ему сделать ряд художественных обобщений творчески домыслить реакцию Абая на усиление панисламистской пропаганды в Казахстане в начале XX века” (стр. 219). Жоңе Қосшығұловтың жазған хатының мазмұнын сонау 1950 жылы жарияланғаны туралы тағы Л.М.Әуезова быттай дейді: “Содержание упомянутого

письма Косшыгулова было опубликованый Ф. Киреевым (“Казахстан” 1950 №21).

Сойтіп, Бейсенбаевтың: “соңғы 18 жылда архивтер мен кітапханаларда сарылып отырып Абайға тікелей де жанай да қатысы бар материалдарды жинактап, тауып, сұрыптаپ, зерттеп, ұлы ақынның Семейдегі республикалық Абай әдеби – мемориалдық музейіне оқеліп, музей корына откерлік” деп, архивтерде сакталған Абай атына байланысты материалдардың борін озі тауып, озі зерттеген болып, озін-озі дөріттеп. Абайды ғылыми, тарихи түрғыдан қарап тұнғыш зерттеуіш екенін әйгілеп жазып, үнамсыз мінез корсетеді. Бейсенбаев былай дейді: “Абай жөне оның өсқен ортасы” жайында кей зерттеушілер пікірінің дөлел тұжырымдары да жетпей жаңпылама аныз, лақап, ел ішінің аузында әнгімсі түрінде корініс беретіндері кездесетін деп қорытынды жасайды да: “Бұндай олқылықтың орындарын архив деректерімен толықтырып анықтай түсі мақсаты алға қойылады” дейді.

Абайтану мәселеінде “олқылықтың орындарын толықтырып”, “анықтай түсі мақсатын алғыга қойып” Бейсенбаевтың істеген ісінің нотижесін бізде зерттеп, талдап, оның зерттеу енбегінің шынысын ашып, дөлелдеп корсеттік.

“Токсаныншы жылдардағы Абай” деп аталағын тарауда “Абайға тікелей қатысы бар” материалдарды зерттеп болып, Бейсенбаев былай деп қорытады: “1903-1904 жылдары ел созінде, оленді де қойып әбден қажып бітеді. Бұдан орі архив деректерінде Абай емес, оның балалары Ақылбай, Тұрағұл, немере інілдері Рыздықбай, Көкітай т. б. аттары аталағып, ел басқару, жер дауы, мал дауы сияқты істері е араласып қорініс береді” дейді.

Сонымен Бейсенбаев өзінің неізі жұмысын аяқтаған деп білеміз. Бірақ ол онымен тынбай, тағы да бір үлкен құрделі мәсслені зерттемек болын. “Абайдың сенатка хаты” деген тарауды қосылты.

Абайдың Сенагка жазған хаты 1981 жылға дейін ешкімге белгісіз нөрсе болатын. Ол документті Ленинград архивінен ойда жокта тауып. 1981 жылы “Қазақ әдебиеті” газегінде (24 апрель) жариялаған Бәзілжан Асылжанов жолас болатын еді. Филология ғылымының кандидаты Асылжанов Абай туралы тарихи, бағалы, тың деректі баспасоз бетінде туцьыш рет жарияланған, бұрыннан белгілі материалдардың кейбіреуімен салыстыру жонінде аздап зерттеу жасай отырып, Абай хатын мазмұндама ретінде берген. Абай хагы толық түрдес жарияланбағандықтан оның мазмұн-мағынасы газет оқуның жүрішшілікка түсініксіз болған. Сондыктан F. Мұсіренов: “Автор (Асылжанов) Абайдың арызынан алыстап коре береді”.

Абайдың не жазғанын логикалық сүрлеумен жағастыра отырып, түсіну киын-ақ деген. (Қ. Ә. 1981 11сентябрь)

Дұрысында ең алдымен Абайдың атынан жазылған хатты басқа нәрсемен араластырмай толық қалпында жариялау керек елі. Кезінде Абайдың хаты толық жарияланса, F. Мұсірепов сияқты үлкен мәдениеттік кайраткерлері Абайды зерттеушилерге қажетті, пайдаты пікір айтқан болар еді. Соңан соң Абайдың хатын асықпай, ғылыми түрғыдан қарап, байыпты түрде зерттеп талдау жасау керек еді.

Бұл жөнінде зерттеу жұмысының алғашқы қадамы жасалды. Абайдың Сенатқа хатының мазмұны “Простор” журналында жарияланды. Қазақстан архив басқармасының бастығы С. Байжанов Абай хатын толық қалпында қазақ тіліне аударып, кейбір түсінкітемелер беріп, “Білім жөне Енбек” журналында жариялады. Сойтіп, Абайға тікелей қатысы бар, тарихи мазмұны үлкен архив документін зерттеу үшін мүмкіндік жасалды. Бірақ Абай оміріне байланысты мұндай күрделі мәсслені жерінс жеткізе зерттеу үшін Абайдың хатының мазмұнынға білу жеткіліксіз. 1888 жылғы Мұқыр болысының сайлауы кезіндегі Абайға қол қөтеріп, қастандық жасау оқиғасының үзак тарихы бар, ол жонінде М. Әуезов голық жазған. Сол оқиғаны баяндай отырып, Абайдың сабалу уақиғасына келгенде: “Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқыр сайлаушы уезд келер кезде барлық Семей уезінің шенбері кезінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жарысы Оразбай жағында жартысы оған қарсы жағында жүрді. Оразбайдың бұл кездегі байлығы асып, қимысты қатағ болып, копті қоркытып, дәүірі ғобықты ішінде басымдал келе жатқан”.

“Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың орекет шығады” деп Мұхтар Абайдың сабалу жайында себен болған жайларды түгелдей баяндаған айта келіп, сабалу оқиғасына токтайды. Мұхтар Абайдың сабалу тарихын жақсы білген. Ол оқиғаға қатысы бар адамдардың кейбірін көрген, (Кокбай, Тұрағұт т. б.) жақсы таныс болған, сойлескен.

Мұхтар Әуезов тес Абайдың сенатқа жазғанын білмеген. Соңықтан Абайдың сенатқа жазған хатын зерттеуші адам Мұхтардың жазғандарымен гызыз байланыстыра зерттеуі кесрек. Абайға байланысты қандай мөселе болмасын, Әуезовті аттап өтуге болмайды. Абай арызын зерттеуші адам бүкіл тобықты рулярның бір-бірімен жетік білетін тарихшы, әдебиетші болуы кесрек. Жәнс Абайдың орыс тіліндегі жазылған саяси олеуметтік мон мағынасы терен, маңызы күрделі арызын толық түсіну үшін орыс тілін жетік білу кесрек. Ғылыми зерттеу ісіне ысылған тәжірибелі білімді адам болуы керек. Бейсенбаев

жоластың гылыми зерттеу ісіне бейімі азлығын, дарменсіздің ін жоғарыда айттык. Қолжазбасының “Абайдың сенатқа хаты” деген тарауын оқып шыктык. “Сенатқа жазған хатының дама жасайды. Жоғарыда атаңған белгілі (Ф.15, Ф.64) архивтағы 1880 жылдардағы бұл мөселеге қатысы жоқ, жалған арыздарының мазмұнын айтады да, 1916 жылғы дау-шарды соз етеді.

Қысқасы Бейсенбаевтың Абай хатымен таныстырмак болып жазғандары сын котермейтін болғандықтан, бұл мөселеге токтатын жатуды қажетсіз дең білдім және Абайдың сенатқа хаты олдекашап жарияланған.

“Абайдың мінез – машиқтары” деген тарауды да таңдан жатудың қажеті жоқ. Бұл тараулағы материалда ла Бейсенбаев тапқан “тың деректер” емес.

Ерте уақыттарда жазылған және облыстық газеттерде, республика газет, журналдарда олденеше рег жарияланған: Абайдың баласы Тұрагұлдың, келіні Камалияның (Әубөкірдің әйелі), Мағауиғының кызы Уәсіләнның, Қоктаійдың баласы Әрхамның және халық ақыны Толеу Кобліковтың Абай туралы естеліктері, Тұрағұл естелігі Абайдың 1933-1940 жылдарындағы жинағында да басылған. Толеу естелігі ақынның озінің өлеңдер жинағында жарияланған. Және бұл естеліктерді Абай музейінің бүрүнгі қызметкерлері жеке жинақ жонінде баснаға әзірлесген.

Бейсенбаев сол естеліктердің өрбіреуінің өр жерінен жүтімалап үзінді егіп жазған. Сойтіп, Абайдың сұң жақсы білетін естеліктері озінің тұтастық қалпынан айырылып, толық мазмұн-мағанасын жойған. Абаі туралы бұл естеліктер жеке жинақ кітап болып басылатын тарихи құнды деректер. Анық айтқанда, естелік жазған адамдарға (бөрі де олған) Бейсенбаев киянат жасаған.

“Шоқан мен Абай кездескен?” деген тарауында да Бейсенбаев тапқан жалалық жоқ. Шоқан мен Абай кездескен бе? Деген мөселе жонінде және А. Врангельдің “Воспоминания о Ф. М. Достоевском в Сибири 1854-56 г.г”, деген кітабы жайында мен арнаулы мақала жазып, 1971 жариялаганимын.

Бейсенбаев Құнанбайдың қылымысты ісі Омбы архивінде сактаулы екенин, Шыңғыс пен Құнанбайдың таныстыры, Шыңғыстың Құнанбайды кеңілге алғанын соз егіп: “Қазір де Омбының мемлекеттік архивінде Құнанбайға қарсы 1000 беттік іс сактаулы. Бұл істін мазмұны мынау” дең осы мағлұматтың боріп озі тауып, озі зерттеген адам болғысы келеді. Бұл архив материалдарын тапқан да зерттеген де Бейсенбаев емес.

Л. М. Эуезованың кітабына коз жіберіп корелік. Онда былай делінген: “Большой интерес представляет... впервые исследуемое и публикуемые нами объемистое следственное дело отца Абая – Кунанбая Усkenбаева, обнаруженное в Омском областном архиве академиком АН Казахской ССР А. Х. Маргуланом” (“Исторические основы эпопеи “Путь Абая” 1969 стр. 99).

Осы кітаптың өн бойында Омбы архивінде материалы келтіріліп отырады. Мысалы, Эуезова кітабының 72 – бетінде: “3 ноябрь 1854 г. Пограничное управление донесло, что оно передало Усkenбаева для отправления в Каркалинский приказ советнику от киргиз Валиханову, который изъявил на то согласие и поручился, что Усkenбаев, отправившись из Омска, прибудет прямо в Каркалинской, приказ” (ГАОО, ф.3,0-1, л. 3649. л. .380).

Бейсенбаев қолжазбасының бұл тарауы жайты бұдан әрі соз етудің қажеті жоқ шығар.

“Халиолла Оскенбаев” деген тарау жайында Халиолланың кайда оқығаны жайында түнгыш мөлімет берген Коктай Ысқақов болатын. 1909 жылы Абай олендері жинағы кітабында Күнанбай туралы айта келіп, Коктай былай дейді: “Озге жұрт орыстан баласын жасырып жүргендес, балаларын орысша оқытып, Халиолла деген баласын Омский кадетский корпустан оқытып, онан соң Москвадағы... кавалерийский николлап оқытып, сабакты жақсы бітіріп, корнет болып қызметте жүргендес ауырып дүниеден кайтып еді”. (1904). Сойтіп, Халиолла жайында қосымша мағлұмат қажет болса, қайдан табу жолын корсетіп берген Кәкітайды атап оту зерттеушінің ғылымға адалдық жолын корсетпесе керек.

Кәкітайдан кейін Халиолланың окуы, қызметі жайында мағлұмат берген, оған жазылған хаттарды тауып жариялаган, Э. Марғұлан екені мәлім. Ол жөнінде ештеңе айтнайды. Марғұлан Халиолланың оуелі ауылда Ғабитхан молдадан оқынанын айта келіп: “Он жасқа келгенде оқсессі оны Омбының кадет корпусына апарып түсіреді... Халиолла дайындық болімінен бастап, 8 жыл ішінде 1886 жылы бітіріп, офицер (корнет) болып шығады. Бұдан кейін Москвадегі оскери мектепте скі жыл оқиды...”, – дейді. (Э. Марғұлан “Ақын тұған орта”, “Жұлдыз”, 4, 1982).

Бейсенбаев “Халиолла (1860-61) оку жылында корнустың даярлық кластарында оқыған... 1866-1867 оку жылы екі негізгі класта оқыды... 1867-1868 оку жылында Москвадағы III Александр атындағы училищеде оқып, оны 1868 жылы бітіріп, қызметке кайта оралған (Омбыға – Қ. М. ) Халиолла 1870 жылы 2 июль күні қайтыс болған”, – дейді. Сойтіп,

Бейсенбаевтың архив материалларынан көшіріп жазғаны болмаса, Халиолланың оқуы туралы Марғұлан айтып берген дүрыс мағлұматқа қосқан жаңалығы жоқ.

Одан кейін Бейсенбаев былай дейді: “Осы деректер бұрыннаң бері айтылып, кітап бетінде жазылып жүрген”. Халиолла Семейде оқыды, 1876-1878 жылғы орыс, түрік соғысына катысты, орыстың генералынан алғыс алды деген пікірлердің дәлелсіз, жаңсақ екенін көрсетеді”. – дейді. Бұл жаңсақ пікірлерді айтЫП, кітап бетінде жазып жүргендер кімдер екенін Бейсенбаев атап айтпаған.

Бейсенбаев Г. Н. Потаниннің “В юрте последнего кирилловского царевича”, (Из поездки в Кокчетавский уезд), – деп аталған очеркінде Халиолла туралы айтқанын келтіріп, “Русское богатство” (1896, 8) журналына сілтеме жасайды. Бұлардағы Бейсенбаев ашқан жаңалық емес. Бұл мағлұматты Ә. Марғұлан т.б. әдебиетші, тарихшылар әлдеқашан жариялады. 1951 жылы мен де кандидаттық диссертацияда да, авторефератымда да (“Литературная школа Абая”, А. 1961, стр.4) жазып, түсіндірме бергенмін. 1954 жылы шықкан “Чокан Валиханов в воспоминаниях” кітабында да Потаниннің бұл очеркі жарияланып, түсінік берілген (стр. 155 – 168, 217) т. т.

Тінібайдың Айғаным деген қызын алып қашу жайын баяндаі келіп. Бейсенбаев: “М. Әуезовтің “Қаракоз” пьесасындағы Қаракоздің протатипі –Айғаным”, – деп шындыққа жатпайтын, акынға қонбайтын ойжота қорытынды жасап, кесіп айтЫПты. Халиолла мен Айғаным уақыфасы Эрхам Ыскаков, Ахат Құдайбердиев естеліктерінде толық жазылған. Солардың мағлұматтарына сүйеніп, 1951 жылы мен де жазғанмын.

Бейсенбаев “Задачи киргизской интелигенции” атты 1896 жылы “Киргизская степная” газетінде жарияланған мақаланы көшіріп жазыпты. Екі тілде (“Дала уалятының газеті”) басылған бұл мақала баяғыда зерттеліп жазылған. Жәнс “Өдеби мұра” (“Жазушы” (А, 1970) атты кітапта басылған (154 бет), толық түсіндірме берген (217 бет). Соғілін Бейсенбаев жолдастың бұл мақаланы да озі тауып, озі зерттегісі келген адам болып көрінгісі келген.

Бейсенбаевтың озіміштілдік орекшел мінезін “Әбдірахман Ибраимов – Оскенбаев” деп аталған тараудан тағы көреміз. Әбдірахман туралы архив деректерін іздеп, тапқан Б. Бейсенбаев смес. Л. М. Әуезованың кітабынан бірер үзінді келтірейік: “Одним из выразителей прогрессивных тенденций в романе является сын Абая Абдырахман... в воссоздании его образа паряду с воспоминаниями современников и потомков

Абая М. О. Ауезов использовал подличные документы, связанные с пребыванием Абдырахмана в Михайловском артиллерийском училище в Петербурге. Личное дело юнкера указанного училища Абдырахмана Ускенбасова, обнаруженное академиком А. Маргуланом в архиве Центрального Артиллерийского музея в Ленинграде, было передано ученым в 1948 г. Мухтару Омархановичу и сохранилось в его личном архиве.

Эти ранее неопубликованные материалы содержат точные данные биографии Абдрахмана, дают возможность составить общее представление о его характере, отношении к учебе, круге знакомых. Абдырахман родился в декабре 1869 года. Начальное образование получил в Семипалатинском городском, а затем Александровском Тюменском реальном училищах". Одан әрі 1889 жылы Петербургтегі Михайловское артиллерийское училище оқығаны айғылады. Одан кейін: При одной из аттестаций юнкера Ускенбаева училище отмечалось, что он характера доброго, открытого, настойчивого, очень любим товарищами" (ЦГВИА, Ф-310, д. 945, 35 об.). Әбдірахман туралы тағы бір мағлұмад: "Характера довольно гостеприимного, добродушного и самостоятельного. Развитие и умственные способности хорошие. К службе относился в высшей степени добросовестно... Будет исправным офицерам" (ЦГВИА ф 310. д. 947, л. 29 об) Әбдірахманның науқасы, 1889 жылы қыс бойы лазеретте жатканын айта келіп: "После безрезульятного лечения кумысом ... был отправлен в Одесский военный госпиталь, а оттуда в 1-отд. III – стоп, сд хр. 664, лл 3,4" "Однако несмотря на тяжелое заболевание А. Ускенбаева успешию заканчивает в 1892 г. училище получает звание подпоручика назначение на службу в Ташкентскую крепостную артиллерию..." ("Исторические основы эпопеи "Путь Абая", стр. 250-252). Сойтіп Әбдірахман туралы архив материалдарын тауып, 1948 жылы Мұхтар Әүзовек тапсырынан Ә.Марғұлан, зерттегі, жариялаган Л.М.Әуезова.

"Күнанбай Оскенбас" тарауы туралы қай тараптап айтуын қажеті жок. Күнанбай туралы архив материалдары зерттелген, ол туралы жазылған. Кім тауып, кім зерттегені жайында "Шоқан мен Абай кездескен бе?" деп аталағын тарауға ғоқтағанда айтқанбыз. Қажет болса, Л.М.Әусзованың кітабының 19 жөнде 45 беттерін оку керек.

"Тінібай мен Күнанбайдың карым-қатынасы" деген тарауға да тоқталудың қажеті жоқ, деп білем. Тінібай мен Күнанбайдың карым-қатынасын көрсетегін бұл тарауда бірде бір архив документі жоқ. Бейсенбаев "Абай жолы" романынан үзінді

келтірген, оны елдің бөрі біледі. Тінібайдың копес екенін, мешіт, медресе салдырығаны ежелден белгілі нөрсө. Шоқанды Тінібаймен байланыстырам деп, босқа дуре болған. Шоқан 1885 жылы Қашқарға барған деп қателескен. 1855 жылғы қүнделік дәптер Шоқандікі емес (том Ч.Валиханова. Собр. Сочин. 1961, т. 3 стр.581 – 590)

“Тәттімбет және оның туыстарының Абай ортасымен байланысы” деген тарау орынсыз зорлықиен кіргізілген. Абайдың 13-14 жасқа аяқ басқан шагында (1859) олған. Тәттімбетті, оның әкесі Қазанғапты т.б. Абаймен байланыста болды деу ақылға сыймайды. Тәттімбетті домбыраны – күйін ретінде А.Жұбанов зерттеген ол туралы Шоқан, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов т.б. зерттеп жазған. Бейсенбаев айтып отырған архив деректері бұрын зерттелген. Қыскасы Тәттімбеттін, оның тұқымдарын Абайға катынасы жок.

“Алшынбай Тілешин” деген ең соңғы тараудың да қажеті жок. Алшынбайдың белгілі би болғанын Шоқан жазған. “В Каракассекской ссоре Средней Орды в конце XVII века был известный бий Қазбек: потомство его с тех пор носит звание бисев Қазбек – Бекбулат, Тиленшин – Алчинбай (Собр. Сочин т. 1, 1961 стр.505).

Алшынбай баласы Жұсіптің қызы Ділдо – Абайдың эйелі болғаны белгілі. Алшынбай туралы Мұхтардың монографиясында (Абай туралы) жазылған. “Абай жолы” романында суретtelіп баяндалған. Бейсенбаев бұрыншан белгілі архив документтерін көшіріп жазған. Олар Алшынбай бидің болыс болғаны, медаль алғаны туралы т.б. реңми мөліметтер, Абайға ешбір катысы жок.

Корытынды: Мұздыбай Бейсенбаевтың “Абай және оның заманы” дең аталатын колжазбасынан Абайды да оның заманын да коре алмаймыз. Қазақ халқының ұлты классигі, даныштан ақыны Абайдың омірі мен сәбесін, ақынды тудырған тарихи дөүрлі, когамдық ортапы гылым жолымен терсөн зерттеп танытқан Мұхтар Әуезовтен кейін Бейсенбаев сияқты адаминың “Абай және оның заманы” атты кітапты басып шығарам деуі Абайдың оз сөзімен айтсақ “қолдан келмес іске үмтүлу” дейміз. М.Бейсенбаевтың колжазбасына зер салып, зерттеп шықкан сон. ешбір қалтқысыз концімен, асықпай, жасырмай айтқан корытынды пікіріміз осы.

“Семей таны” 18 шілде, 1 тамыз 1992 жыл.

## ТОЛЕУ АҚЫН (туғанына 100 жыл толуына)

Елге аты ертедеп молім болған, орен жүйрік, әйгілі халық ақыны – Төлеу Көбдіковтің туғанына биыл 100 жыл толды.

1943 жылы Семейге келген сапарында Мұхтар Әуезов Төлеу ақынды коріп. оның айғысын тыңдаған сді. Сол жылды жазған бір хатында быттай дейді: "...Жолсапарымыздың соңғы күндерін біз Семейде откіздік. Онда ақындар айтысы болды. Облыста, бұрын неге корінбегенің кім білсін, Толеу деген ірі ақын бар екен. Оның тума шешесі оте қызық. Ата-бабасынан – сонау алтынны атасына бері карай түкым қуалаган белгілі ақындар. Ал шешесі – конкес әйгілі Куандық. Куандық – Абаймен айтыска түскен әрі оның нақ сүйері болған кісі. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттеген-ді. Сонымен несін айтасын, Толеу ақсақалды коргенде, мен Куандықпен кездессін, жүздескендей күйге келдім. Толеудін басқа қарт ақындардан озғенне бір қасиеті – олеңді жазып та, ауызша да шығаратындығы және олеңіне көлдененен бір жол енгіздірмейтіндігі. Ол жазған, ол шығарған пәрсеге хатын ақынның қол жүгіртуінің қажеті жоқ көрінеді."

Нұрлыбек ақынмен 1943 жылғы бір айтысында, жоғарыда Мұхтар Әуезов айтқан жайды, яғни озінің түкым қуалған ақын екенін, Толеу озі де айтады:

Мен неге сойлер созден токталайын,  
Қазынаның аузын ашын актарайын.  
Шарықтап орттей шалқып, орге жүзіп.  
Азырақ соз алдында мактанайын.

Ақындық айт деңенде токталмаса,  
Шыға ма соз қазынасты актармаса,  
Ақынның аузына сөз түснейді.  
Азырақ топ алдында мактанбаса.

Тұысым атам Керей, Толеу атым,  
Сөзге бай, сойлеңенде тілім батым.  
Ескінше Қарқаралы луанымыз.  
Жондағы Жобалай дең шықкан даңым.

Ауданы осы күнгі Шұбартаудың.  
Малға бай, қысы жылы, жазы салқын.  
Нағашым Найман асқан Ақтайлақ би.  
Кеңжесі Сабырбайдан шықкан затым.

Керейде ер Жөнібек ел бастаган,  
Ел үшін енбек еткен ата салтым.  
Мен дағы социализм заманында  
Қадірлі халқым үшін болдым ақын.  
Кай күнде барған мақтан жарасады,  
Болсам да өзім кәрі, сөзім алтын.

Төлеудің тұған нағашы агасы – Ақтайлақ шешеннің кенжесі тарихқа мәлім, атақты ақын Сабыrbай. Сабыrbайдың қызы Куандық ақын – Төлеудің шешесі.

Төлеудің нағашы атасы Сабыrbай мен шешесі Куандықтың Абаймен терен ұғысқан достық карым-катынасы “Абай жолы” романында шынышылдықпен коркем бейнеленген. Жазушы Сабыrbайдың есімін сол ғана өзгертип, Қадыrbай деп агады.

Сойтіп, Төлеудің нағашы жұрты ақындық онердің ордасы болған. Байғарадан сұрысылып шыққан 17 саңлақ ақынның аты ежелден елге ойгілі. Толеу 12 жасында ақындық онер жолына түсілті.

Жұргем жок біреуді айдан, біреуді арбан.  
Өлеңді үнем коріп жүрек жалғап.  
Тілді қылыш, жырымды оқ қып атып,  
Максатым еңбекші елге олжа салмақ.

Халықтың конілін котер, комек бер леп,  
Шығарған елім қалап әдейі арнап.  
Басшымыз айқын тудай атып Жамбыл,  
Олеңмен көп ақын жүр Отан қорғап.

Создері қардай бораң майданда жур,  
Бермеген топтан торай ылғи санлақ.  
Оғындар ақ беренниң айткан сөзім.  
Дүшпанды ататұғын козден кармап.

Нар кескен ақ алмластай откір тілім,  
Оқиеден отетүүн қанды кармақ!  
Шығыпты нағанынан он жеті ақын.  
Солардың аруағы жүріен қолдан.

Өзіме он скімде аян беріен.  
Жүрген соз содан бері жүрекке орнап.  
Ертістің толқынындаи төгіледі,  
Қолға алсам домбырамды бір аз толғап.  
Менімен срмей қалатұғын босқа сорлан!

— деп дарынды ақын айтыс үстінде асқақтата соз носерін ғөгіп, шабыттана, шалқи жырлайды.

Толеу бұрынғы Қарқаралы уезі, Дағанды облысы, Нұаудыңда, Мұзбел деген жерде, (казірігі Семей облысы, Шұбартау ауданы) 1872 жылы дүниеге келіпті. Әкесінің аты Копжер екен. Кейін паспорт алғанда қате жазылып “Көбдік” болып кетілді. Копжер мен Куандықтан 5 үл, 5 қызы туылты. Үлкені – Есенғара, екіншісі – Толеу, үшіншісі – Мұкаш. қыздары Мәкінні.

Төлеудің шешесі Қуандық ақын 1928 жылы 15 майда 84 жасында қайтыс болыпты.

Төлеудің шешесі Қуандық Абай дүниеден қайтқанша достық қарым-қатынасын ұзбей, сыйласып откен. Төлеудің өзі де Абай үйінде төрт рет болып, ұлы ақынның әңгімесін естіген.

Толеу ақынның ертеде ауызша шығарып айткан өлеңдері әлі түгел жиналатып, зерттелген жок. Ақынның түңғыш баспа-жүзін көрген шығармасы 1916 жылдың уақығасына арналған жыл жыры. Ол олени 1916 жылдан бері ауызша жатталып, сакталып келіп, 1936 жылдан бері баснасөзге шықты. 1916 жылғы патша ұқіметінің Июнь жарлығына байланысты ел басына туған ауыртпалық, күйзслүшілікті ақын терең толғанып, тебірене жыр етеді, халық қайғысына қабырғасы қайысып толғайды.

Июньде жиырма бесінші шықты жарлық,  
Жарлыкты есіткен соң естен тандық.  
Жар қылды ұш-ақ күнде жиылсын деп,  
Болады бұдан артық қандай тарлық?

...Кісіден құтыламыз жиып берсек,  
Тіл де жоқ пәлен дерге айуанға есеп,  
Военный положение оқылады,  
Бір арыз ауызша айтып пәлен десек.

Әркіммен гендес туған ағалықпаз,  
Арғыдан келе жаткан катар-акпаз,  
Қаршыға, тұрымтай да жем қылуға,  
Біз қалай осылтарға жапалакпаз.

Жақсылар озі білер нұскаласа,  
Тоқтау жоқ отірікке қыскаласа  
Бұл жерде талай арман айтылмады.  
Заман тар ілді қыска ұстамаса.

Шықпаған момын казак үйірінен,  
Қамалың жол таба алмай нірілген,  
Баласын бауырындағы тұтас алып,  
Тенеселді оқ тигендей бүйірінен,

— дей келіп, кір жуып, кіндік кескен жерімен қоштасқан  
азаматтардың сезім-сырын, ел басына тұған ауыр құлді ақын  
былай суреттейді:

Сары Арка қаламысын оскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Бұрынғы қан төгісін атам қонған,  
Жеті жұрт бізден бұрын кошкен жерім!

Айырылып Сары Арканың сатасынан,  
Болар ма қазақ аты өшкен жерін.  
Сары Арка ойың толған булақ еді,  
Сені өксіп талай халық жылан еді.

Сылдырының ақ зәмзәмдай тастан ақкан,  
Кірі жоқ аккан сүнің сынап еді...  
Ақтабан шұбырынды аштық көрген,  
Тозған ел басын жаңа құрап еді.

Қалуың қарындастан қынын болды.  
Аумак бол ел жайлаудан құлап еді.  
Қайран ел, қайран жердең кетеміз бе?  
Мұратқа бұдан артық жетеміз бе?  
Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар.  
Жоғтауын аман-есен өтеміз бе?

Қазакқа патша қысым салған жері,  
Мал түгіл басты тізіп алған жері.  
Қызықты жас бойдактын бөрі кетін,  
Түрленген бойиненектің салған жері.

Аман бол бір туысқан бауырларым,  
Қарындас қазақ ағы қауымдарым  
Жел шайқап, озен толқып суга кетті.  
Миуалы нісін тұрған қауындарым.

Ақсауыт, оқ отпейтін қаруларамы,  
Белгісіз қандай жерге баруларын.  
Тірідей жесір болып қала берді.  
Алған жар-Ақжүністей аруларың.

Шырылдан тірі жетім балаң қалды,  
Атан мен жер таянып анан қалды.  
...Түскендей шабындыға ауыл қалды,  
Үйде оліп, арман қызып ауырганды,  
Жақыншан тірі айырылмақ киын екен,  
Елжіреп ет-жүректер, бауыр қалды.

Әрт елі қазақ коңлі қалап тұрган,  
Жаңбыр бол патша көрі басып салды,  
Алдында үміт етін отырамыз,  
Үзатып ұлы жолға барды,

— дес, ақын ер басына гұған күнді, азаматтардың күйінішін, елдін қайғы-қасірстін коркем тілмен егіле жыр ете отырып, келешектен күдер үзіп, мұллем сары уайымға салынып кетпейді: “Алдынан үміт етіп отырамыз” леді.

Ақынның, еңбекші қазақ халқының алдан құткен үміті акталды. Енді бір откенде, 1917 жылы Ұлы Октябрь революциясының жеңісі салтанат құрды.

Толеу ақынның Ұлы Октябрь революциясының жеңісінен соңғы, ешкін сән ойгілі олесі 1922 жылы туды. Сол жылы Қазакстан Автономиялық Советтік республикасының құрылғанына 2 жыл толу құрметінсіз арналған, Қарқаралыда үлкен мерекелі той откізілген еді. Осы тойға қатынасқан Толеу ақын, қазақ халқын еркін омірге жеткізіп, ерікті ел стксен коммунистік партияны шалқыған шабытпен жыр етті.

Коммунист, айналайып ақ жүрегім,  
Бұлактай тастап шыққан молдіредін.  
Біз үшін білегіне жаңынды орап,  
Халықтың атып бердің бар тілегін.

Коммунист, Советский власымыз,  
Айттайды ақын жағын, расымыз  
Аш тойың, кем жетілген заман болып,  
Жайылын шартарапқа құлашымыз.

... Қазақ боп дүнияға жаралғаны,  
Осы -ақ қой корген тенденция замандағы.  
Кешегі Николайдың заманында  
Тапталған халық елік табандағы.

Мал шашқан партияға “карый” едік,  
Тенденция кашан мұндаі жарып едік.

Кешегі Николайдың заманында  
Атанған бұратана халық едік.

Сенаттың думандагы кеңесінде,  
Іретке сан қосылмай қалып едік.  
Николай, Керенский Колчак отті,  
Олардан қашан тілек алып едік.

Жеткізді көнілге алған мақсатына,  
Советке шын жүректен нанын едік.  
Жүзінсі дүниенін жаңа шықтық ,  
Күн кормей су іүбінде балық едік,

— деп ақын ағытыла соилеп, қазақ ҳалқының басынан кешкен ауыр хал, аңы шындықты қастара айтып, өткен оқінішті омірдің шерін шертіп отті. Сойті де халық басына тонген қара түнекті серпіл тастап, революция жауын жермен жексен етіп, еңбек еліне теңдік әперіп, бақыт күнін тудырган коммунистік партияны шабыттана жырлап кетті.

Коммунист корғанбайды жаудан сасып,  
Табаны тайған емес, көнілі жасып  
Дүштаны коммунистің қарсы келмес,  
Екпіні келе жатыр судай гасып.

...Мұғалім, ауылбасы мектеп беріп,  
Халықтың жатыр совет көзін ашып.  
Жадырап түні кошіп, күн шыққандай,  
Жарыққа бек түзедік қалам басып.  
Ұрыдай колға түскен отыруны ек,  
Іс қылдық орыс, қазақ араласып,

— деп. ақын совет үкіметін нағыз халықтық өкімет екенін, совет өкіметін нағыз халықтық үкімет екенін. Совет елі халықтар достығының Ұлы Отаны екенін мейірлене, сүйсіне, шақырылады:

Советке разы болам жатамдағы,  
Ләzzатты шпей тойып татамдағы  
...Әкімнің әділ жүрек қарауынан,  
Халықтың жаксы болып атаңбағы.

Әкім түзу болған соң халық азама,  
Ретті ел болын қагардағы.

Советке бәрі озінің баласындай:  
Орыс, казак, өзбек, қыргыз, татардағы.

Советтей шын жүректен қарай қоймас,  
Тапкан шеше, таптырған атаңдагы!

Патша заманында шындықты шерте алмай, іштей тынып,  
шерменде болып келен, Керенский, Колчак кезінде аузын  
бағып қалған акын, халықтың үкімет орнаған шакта сырын  
шешіле жырлап тұр.

...Николай байды сүйген маңы бар деп,  
Коммунист еш адамды болмейді екен.  
Бірің озып, біреуін кейін қал деп,  
Осындаи әлілетін коргеннен соң,  
Оғымыз коммунистің жолында ал деп!

Ленин партиясының әділ саясатына түсініп, совет үкіметін  
оз үкіметіміз деп шексіз сенген, акын еңбекші қазақ халқының  
сезім сырын, шын жүргегін жырлады. Толеу акынның Ұлы  
Октябрь революциясының женісінен соңғы дәуірдегі акындық  
өмір сапары басталған еді.

Сурыпсалма – импровизаторлық дәстүрге Сабырбай,  
Куандықты ұлғі етсе, жазба әдебиет өнегесінде Абайды үстаз  
тұтқан. Толеу жас кезінде импровизаторлыққа молырак бой  
ұрса, кейінірек, көбінесе абай дәстүріне ауысып, домбырадан  
горі қalamға кобірек сүйенеді.

Жоғарыда келірілгеніміздей Мұқанның: “Облыста бұрын  
неге корінбегенің кім білсін” деуінің себебі – Толеу 1929  
жылдары тұрмыс жағдайымен Багыс Сибирь жакқа кетіп,  
туған еліне тек Ұлы отан соғысының алдында ғана, 1940  
жылды оралған еді.

Шат слім шарықтаған өріе жүзіп,  
Мереке күнде сауық, күнде қызық.  
Жасырын, көңіл тасып, әніс басып,  
Аскактап карт акындар луга басып.

Өзгеден онері артық үстем елім,  
Отаным атын күшті аскар белім.  
Тарихты таңырқатып табысына  
Жарыска социалистік түскен слім.

Шынына Коммунизм күлаш сермен,  
Күн санап карыштаймыз биікке орлеп,

Шат тұрмыс, шадыман омір саясында.  
Қарт Толеу бақыт жырын жырлай бермек.

— деп қайта туғандай болған қарт ақын, асқақ жырға басты. Коммунистік партияның сара баспыштығымен бақытты омір, бай тұрмысқа ие болып, күннен күнгө карыштан, алып алыммен алға басқан, Коммунизм шынына құлан үрган совет халқының табысы мен женісі карт ақынға рух беріп, жасартып жіберді. Бірде ақын:

Бақыт шамы жарқырап, мандалайымнан,  
Бал тамын, алтын ағын таңдайымнан,  
Айтайдын жасым жүзден ассадағы  
Озімнің картаймайтын жағдайымнан,

— десе, енді бірде:

Күн санап өрге шауып, тәскे өрлейімін,  
Ойға алып жетпіс басты ескермейімін  
Ажатдың, ауру мен жоні басқа  
Көрлік, тіпті саған дес бермейімін,

— деп шалқы жырлап, оршелене, үдей түсті.

Ұлы косем Ленин, партия, Советтік Отан-Ана, халықтар достығы, колхоз, совхоз омірі, совет халқының ерлік еңбегі

— Төлеу ақының творчествосының бай арнасы, басты тақырыбы болады. Қандай тақырыпты жыр етпесін, оның өлеңінен өрсөн жүйрік, халық ақынының, патриот ақынның биік тұлғасын кореміз.

Ленин салған жолменен орлеп елім,  
Бастап елді Партия кеменгерім...

ден басталатын “Ленин жолымен” атты олеңінде:

Жайнадым канаг жайын, құлаш созып,  
Құлпырды жаңа омірім, ескі тозып,  
Айдайма коздеғенім коммунизм.  
Бар елден еңсем биік тұрмын озық.

— деп ұлы Отанымызды зор мактандынпен жыр етеді.

Фашистік басқыншылар елімізге тұқынылдан таң беріп, қасиетті Отан Адамыздың басына қатерлі хауіп тонген шакта, Төлеу ақын жауға деген халық қаһарын жырлады. “Майданға аттанады ақындар да” деп жар салды. Совет халық

акындарының жауға қарсы атқан әрбір күрыш созін бомбаға балап:

Сен қайтыш бола аласың бізден биік,  
Жұлдыздай самолет жүр кокке шүйіп,  
Сен коян, біздің қыран-акықтар,  
Тобеңнен түсіреді бір –ак түйіп...  
200 миллион сан коп елменен,  
Ор тасқын орге жүзін өнерменен  
Майданға атғанацы акындар да  
Әр сөзі бір-бір бомба өлеңмснен!

Согыс жылдары акын “Малғұнға”, “Женіс серті”, “Толегенге”, “Ұлдарым” тағы басқа да коптеген патриоттық терең сезімді, жігерлі жырлар тұбызады.

Толеу акын майдандағы жауынгерлердің, енбек майданындағы адамдармызының ерліктерін, Семей облысы енбекшілерінің женіс күнін жеделдешу жолында істеп жатқан патриоттық онегелі істерін терең сезіммен, коркем гілемен жыр етті.

Ақынның олец-жыры, айтыстары республикалық, облыстық газет, журналдарда үнемі үздіксіз басылып, халыққа мол таратылып отырды. Толеу 1943 жылы I республикалық халық акындары айтысина қатысты.

Ұлы Отан соғысы совет халқының женісімен аяқталған соң, карт акын куаныш құшағында шатық жырын носерледі.

Ерікті еркін дәуір кендік бізде,  
Кемдік жоқ бәрі жолдас, теңдік бізде.  
Тарихта олмес, ошпес мөңгі қалған,  
Жеңімпаз олемге аяш ерлік бізде.

Бақытты байтак елдің адамымыз,  
Күн санап коккс өрлеін табабымыз.  
Қаһарман қажырлы күш, мол табысмен,  
Гүлдейді бұдан да артық заманымыз!

— деп ұлы совет халқының келенинегіне сеніп кеткен ардакты акынның, оның туган елі ешқашан да есінен шыгармайды.

Толеу Кобліков 1948 жылдан СССР жазушылар Одағының мүшесі болды, 1954 жылы оған “Қазақ ССР-ның халық акыны” деген құрметті атақ берілді. 1948, 1953 және 1955 жылдары акынның өлеңдер жинағы — үш кітaby басылып шыкты.

“Казақстанның халық акыны Толеу Кобліков 1954 жылы, 81 жасқа аяқ басқанда дүниеден қайтты”.

“Семей таңы”, 15 март 1974 жыл.

## “ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРҚЫН БҰЗБАЙЫҚ” АТТЫ МАҚАЛА ХАҚЫНДА (Иманбазар Қазанғапов)

“Семей таны” газетінің 207 санында (28 октябрь 1989 жыл, сенбілік номір) Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері М. Бейсенбаевтың “Иманбазар Қазанғапов” атты мақаласы жарияланды. М. Бейсенбасев: “Иманбазар ақынның революцияға дейінгі омірі мен қоғамдық қызметі, ақындық таланты жайлы архив беғтерінде әредік кездесіп қалатын жазбаларды термелеп, жинап жазып алып жүргенімізге недоуір жылдар болды” – деп, Иманбазар ақын туралы зерттесу жұмысын жүргізіп келе жатқанын хабарлай отырып, былай дейді: “Омбының мемлекеттік архівіндегі сақталған” “Особос прибавление к Акмолинским ведомостям” газетінің 1888 жылғы 8 апельдегі №15 санында: “Стихотворение” деген мақаланы оқыдық. Орысша жазылған бұл түсілік мақала: “Семей уезінің Қызылмода облысының (?) казағы Иманбазар Қазанғаповтан редакцияға олең келіп түсті”.

Бұл қырғыздың (қазак) газеттің өздігімізден білім көтеруімізге итермелейтін құрал болды, – деген ииетіне оргектаса отырып, автордың өздігінен білім көтеруді жоғары бастықтар халыққа зорлап енгізу керек, газет бетінде әрдайым халық ортасындағы нағандық-дөрекшілікі әшкөрлей отыру керек, – деген пікірімен келісе алмаймыз. Сол себепті газетке олеңнің бірінші жарысын ғана басып отырмыз, – дейді де, екі шумак олеңді береді:

Жаңа газет оқыдым,  
Жазылған қазак ілімен,  
Коніліме үфып тоқыдым.  
Бұл газеттен коп пайдада...  
Біз сықылды нағандыга,  
Таппас едік білімді,  
Аңдамас едік ғылымды,  
Осы газет болмаса...

– (Бұл “олен”, орине, М. Бейсенбаевтың оз “творчествосы” – Қ.М.), “Сабал қорығы” деп кай жерден жіберілгендейін корсеткен. Олең араб алфавиттімен басылған. Бұл олең “Дала үолояты” газетінің шығуына арналып жазылса керек – деп. “Стихотворение” деген мақаланы оқыдық деген тақырыбын осымен аяқтады.

М.Бейсенбаев газетте басылған мағлұматты (материалды) шала-шарпы, үстірт түсініп, үзін-жұлып жазған. Жөне газеттің озін де “Особое прибавление к Акмолинским ведомостям” деп, дұрыс атамаған. Дұрысында ол кезде Сібір генерал-губернаторына (орталығы Омбы қаласы) қарайтын қазактың үш облысында (Ақмола, Семей, Жетісу) орыс тілінде газет шығарылып тұрган. Ол газеттер: “Акмолинские областные ведомости”, “Семипалатинские областные ведомости” және “Семиреченские областные ведомости” деп аталған. Осы газеттерге қосымша регінде, 1888 жылдан бастап, орыс және казак тілінде, Омбыда газет шығарылатын болған. Ол газет былай аталған: “Дала уәлаятының газегі”, “Қосымша газет болып шығады Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарының шығып тұрган газеттеріне”.

Орыс тілінде: “Киргизская степная газета”. “Особое прибавление к Акмолинским, Семипалатинским и Семиреченским областным ведомостям”. Бұл газет 1888 жылдан 1902 жылға дейін шығып тұрган. М.Бейсенбаевтың: “Стихотворение” деген мақаланы оқыдық деп отырған осы “Киргизская степная газета” (“Дала уәлаяты” газеті) 1888 жылғы 8 априль күні 15-санында жарияланған.

Енді мәселенің накты шындығына көзімізді жеткізу үшін, газетте басылған мағлұматты (материалды) толық қалпына келтірейік:

#### Стихотворение.

Мы получили от киргиза Кызылмулинской волости, Семипалатинского уезда, Иманбазара Казангапова стихотворение, в котором выражается мысль, о том, что “Киргизская газета” может дать толчок к самообразованию. Мы вполне разделяем эту мысль, но не можем разделять взгляда автора на то, что самообразование киргизов может быть достигнуто только принуждением начальства и обнаружением в газете только дурных сторон народного характера. А потому мы помещаем здесь только первую половину стихотворения.

\* \* \*

По прочтении газеты на киргизском языке, становится понятным, что начальство желает дать толчок к развитию образования киргизов.

\* \* \*

Сознавая действительную пользу сказанной газеты, мы

думаем, однако, что за отсутствием в киргизах способности, без понуждения власти, к движению вперед, такая благодатная мера едва ли пробудит их от застоя.

\* \* \*

В положении киргиз, находящихся во взаимном угнетении и вражде и не имеющих поэтому чистоты нрава, трудно допустить возможность скорого проявления в них сознания и потребности самообразования.

\* \* \*

Издание газеты выяснит слабые стороны в киргизском народе и заставит степное население задуматься о своем образовании.

\* \* \*

Но дума эта сводится лишь к упнованию на Государя и поставленное им начальство, которое, если обратит внимание на обездоленный народ и пополнит недостатки образования, окажет тем народу истинное благодеяние.

26-го февраля 1888г. Уроч. Сабал.

Сөйтіш, Иманбазар олеңінің мазмұнын қара сөзбен орыс тілінде аударып береді де, олеңің енді екі шумағын ғана ақынның өзі жазған нұсқасы бойынша, араб әриймен казак тілінде басып, орыс тіліне де аударып береді. Газетте былай жарияланған:

Газет білсек жақсырак,  
Жазылған мүнда соз құрап.  
Мұратқа бұмен жетесіз.  
Ботаниен, хатық, нетесіз  
Хабар үшін соз сұрап.  
Кои жігіттер, халайық,  
Мына созға үнайық:  
Бейнегенге кісінің,  
Жаңа талаң ісінің  
Тілегінде болайық.

Шыгаруны Семей оязында, Кызылмола елінің, Шаһары

Семей 5 класты медресесінде ғылым бітірген Иманбазар Қазанғапұұлы.

Осы олеңді озімізге жақсы ат үшін басып тұрганымыз жок. Оку білестін жас қазақ жігітінің көңілінің раҳметтілігін білдіріп тұрмыз. Газетшілер.

\* \* \*

Орыс тіліндегі аудармасы:

“Она обогащает нас знаниями,  
Крайне необходимыми для преуспевания в жизни.  
Для чего же Вам обращаться к чужим  
За ничтожными сведениями?  
Нет, господа! Обратим на это внимание,  
И постараемся всеми силами оправдать  
Труды и старания редакции  
По этому полезному делу.

Кызылмолинской волости, Семипалатинского уезда, окончивший курс в Семипалатинском 5-классном городском училище, Иманбазар Казанғапов”.

Помещаем это стихотворение не ради лестного о себе отзыва, а как искреннее выражение благородного чувства со стороны молодого грамотного киргиза. Ред.

“Дала үәляты газеті” жарияланған Иманбазар Қазанғаповтың өлеңі және өзі туралы маңлұматтың негізгі толық нұсқасы осы. Газет оқушы қауым М.Бейсенбаевтың макаласымен салыстырып көрер де, біздін: “М.Бейсенбаев газетте басылған мәғлұматты (материалды) шала-шарпы, үстірт түсінін, үзін-жұлып жазған”, – деген сөзімізді орынсыз айтылған демес деп сенеміз.

М.Бейсенбаев макаласында және былай дейді: “Иманбазардың баспа бетін корген кітаптары Москва, Омбы, Қазан кітапханаларында сакталып келеді”. Бірақ, кандай кітаптары сакталып келе жатқанын атап айтпайды.

Тек қана, “Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапханада 1909 жылғы, “Кісса Әнибал” кітабы бар екен”, – дейді де қояды. Иманбазардың “Әнибал” және “Алтын сакина” атты поэмалары барын ертерекten білетінбіз. “Әнибал” поэмасының фото-кошірмесін 1966 жылы Иманбазардың жиені Абай Ахметжанов (математика ғылыминың кандидаты, Семей пединститутының доценті) маған экеліп берген еді. Осылдан он екі жыл бұрын, 1977 жылдан Абай музейіне

тапсырган болатынмын жөне Абаштың шешесі (Иманбазардың кызы) “Әнибалды” жатқа айтушы еді.

Ол кісіден жазылып алған нұсқасы да бар. Қазан баспасынан 1909 жылы баспадан шыққан “Әнибал” кітабында Иманбазардың аты корсетілген. Поэманың соны:

Еркөкше ақын мұны айтқан қазақ үшін,  
Озге жүрг ғылым тауыш гүзесті ішін.  
Әттен дүние – ай, қарамай ой қозімен,  
Сықаққой айтты дейді-ау мұның несін,

– деген олеңмен аяқталады.

Сөйтіп, Иманбазар өзінің поэмасын Еркөкше ақынның атынан жарияланған. Еркөкше Иманбазардың ағайыны. Қызылмоладағы уақ руынан Байкөкше, Еркөкше деген ағалы-інілті екі ақын болған. Еркөкше екі көзі соқыр, сұрыпсалма-импровизатор, ақпа ақын екен, 1924-1925 жылдар жасы алпыстан асып дүниеден қайтыпты.

Біз, орине, Иманбазар ақынның поэмасы, жалпы шығармалары туралы талдап жазбадын деп, М.Бейсенбаевка айта алмаймыз және айтпаймыз да. Бірақ М.Бейсенбаевтың мақаласындағы мына бір шындықты бүрмалау адамды қынжылтады. Ол Иманбазар туралы быттай деп жазады: “Өзінің мекен жері “Сабалтис нағашысы Ақылбектің(?) атын қосып, озіне бүркеншік есім етіп алып, Сабал Ақылбек деген фамилиясымен “Сәтбек батыр” деген кітабын (?)” Қазан баспаларынан шығарды. Не себепten бүркенишік атпен бастырғаны жұмбак”, – дейді. Ақылға қонбайтын, адам нанбайтын кисынсызды қыстырып әксп, Ақылбек ақынды Иманбазарға нағашы етіп кояды. Сөйтіп, Ақылбектің есімін, оның әкесі – Сабалдың есімін қоса, жиендік ғұрынымен, Иманбазарға алып береді: “Сабал Ақылбек” деген фамилия мен “Сәтбек батыр” деген кітабын “Қазан” баспаларынан шығарды, –дейді.

Ақылбектің аты-жонінен жүрдан қылып, Иманбазарға апарып танғанымен коймай. Ақылбек ақынның “Сәтбек батыр” атты поэмасын да Иманбазарға тартып әпереді де. М.Бейсенбаев: “Не себептен бүркіншік атпен бастырғаны жұмбак”, – деп өзін-өзі қайран қалады.

Шынында, “Сәтбек батыр” поэмасын жазған адам – Ақылбек ақын “Сәтбек батыр” поэмасы Қазан баспасынан екі рет (1911, 1915 жж.) басылып шығып, халыққа кең тараған. Жөне қолжазбалан қолжазбага конірліп, ауыздан-ауызға кошіп, ет құныға оқып, құмарланған тыңдаитын әигілі дастан болған. Ақылбек “Кисса” деген аидармен коп поэма, дастан жазып, жазғандары едел-жедел басылып, халық арасына тез

тарайтын болған. Ақылбек ақынның бір-ак жылда Қазан баспасынан 15 кітабы басылып шықкан, олардың кейбіреуі екі рет басылғанын білеміз. Мысалы: “Таир-Зұhra” / 1902, 1911/, және 1976 жылы “Ғашық намә” атты жинақты жарияланды, “Мағшук намә” /1910, 1911/, “Сөтбек батыр” / 1911, 1915/, “Бозжіңіг” /1910, 1911/ т.б. Ақылбектің басылып шықкан шығармалары кішігірім кітапшалар емес. Мысалы. “Қырық уәзір” дастан кітабының қолемі 352 бет. 2 мың 920 жол олең /82 хикая/.

Ақылбектің әкесінің аты – Сабал. Шығармаларына “Ақылбек бин Сабал” /Ақылбек Сабалұлы/ деп қол қояды.

Ақылбек ата-бабаларының шежіресін оріден бастап, олеңмен жазып таратқан. Біраз үзінді.

...Сойлейді соләматта тіл менен жақ,  
Білдірмек дұрыс депті аргы текті –  
Аргы атам сұрасанызы Сіргелі уақ,  
...Он гөртінші әкем Сабал Турабайдан  
Фылым оқып, тіледі бір құдайдан.  
...Сол оқу әкем айтқан ақыл еді,

Байқасам нағашым да ақын еді.  
Нағаллы атам әкесі Құнанбаймен  
Ексуі бір нечере жақын еді,

– деп келіп нағашыларының аруағын шакырып, сиынады:

...Нағашым Құнанбай мен Абай өтссен,  
Аруаққа жер алыс па маған жетсен,  
Рақым ет, немеремнің, жисені дең,  
Коп пе еді мен гаріпке жәрдем етсен.  
Қонар ма, іздей берсем өлең шірін,  
Өлленсіз келіспейді менің түрім.  
Сөйлесем токтамастан жамағатка,  
Анылар бір сағатта коніл кірім...

– дейді Абайдын “Мен жазбаймын өлеңди ермек үшін” деген қағидасын. Ақылбек өзінің ақындық өнер жолында, өнеге еткен оны Абай ізімен:

Киssаны мен жазбаймын ермек үшін,  
Кітаптан олең қылып термек үшін.  
Мирас қып кейінгіге соз қалдырдым,  
Үққан жанға гибрат бермек үшін,

– дейді ақын.

Ақылбек Сабалұлы 1919 жылы, ескіше 4 январь күні, 39

жасында, қазіргі Бескарагай ауданы, Бестерек деген жerde қайтыс болған. Бейіті Жалқайының бауырында, Сарыой деген жerde.

Ақылбек ақын туралы менің көлемді макалам, 1983 жылы, “Қазақ әдебиеті” газетінің 115-санында жарияланған, Иманбазар мен Ақылбектің, арғы аталары уақ болғаны болмаса, ешір жақын туыстық қарым-катастары жок. М. Бейсенбаев айтқандай, Ақылбек Иманбазарға нағашы емес, Иманбазар Ақылбектің жиені де емес.

М. Бейсенбас “Иманбазар Қазанғапов” атты макаласын: “Иманбазар ақынның омірбаяндық тарихы мен ақындық мұрасын зерттеушілерге септігін тигізтін жол-нұсқа болары созсіз”, – деп түжірымды түрде қорытыпты.

Менің ойымша, жол да, нұсқа да болмас. шындықты шатастыруши болар бұл.

Иманбазар Қазанғапов – Абайдан мол тағылым алған адам. Абайдың, талантты, модениетті, ақын шәкірттерінің бірі, Мағауия Абай ұтының досы болған. Мағауияның оған арнап жазған:

Досым ең бала жастан Иманбазар,  
Отызға келіп қалдық қайтпай ажар,

– деп басталатын олең болған. Әріп ақын Иманбазар туралы:

Әркім мактап айтады Қазанғапты,  
Қазанғап хақ жолында иман талты.  
Әкен Түйтіе бір кездік – пынақ еді,  
Кездіктен канжар тудын алтын салты,

– деген Иманбазармен өмір бойы айырылmas, дос бол откен, табиғи дарынды ақын Сапарғали Әлімбетов 1943 жылы Иманбазар дүниесден қайтқанда:

Қолынан өлген құні қалам гүсті,  
Картамен коз атдында жердін үсті.  
Торінде жинан жүкітей кітап қалып,  
Сол сұңқар тұғырынан биыл үшты,

– деген еді.

Сталиннің қанды қырған дәуірінде, Иманбазардың да өмірі боленедей бұғаумен, үнемі үрэйленумен, оксумен отті.

Иманбазар ақынның әдеби мұрасын именбей, ізрелей іздел тауып, жинап жарыққа шығаратын күн енді туып отыр.

“Семей таңы”, 12 желтоқсан 1989жыл.

## “ЧЕЛКАШТЫҢ” ТҮҢҒЫШ АУДАРМАСЫ (М.Горькийдің туғанына 100 жыл толуы карсаңында)

Максим Горькийдің бір топ өнгімелері буржуазия қоғамы сыртқа теуіп, өмірден сырып тастаған жандардың тағдырына ариалған. Бұл тақырыпқа от “Емельян Пилляй” (1893), “Архип атай мен Ленька” (1894), “Коновалов” (1897), “Ерлі-байлы Орловтар”, “Бұрынғы кісілер” (1897 жыл), тағы басқа әңгімелерін жазды.

Осындай шығармалар қатарындағы М.Горькийдің ойгілі әңгімесі – “Челкаш” (1895 жыл).

Әткен ғасырдың 90 жылдары орыс деревняларында жоқшылық күйізсушілік процесі онан сайын күшсінің жұмылаған шаруалардың косіп іздеп, қала-қалага ағылғаны мәлім. Олардың жұмыс таба алмай сандалып, қайыршылық күйге үшірап азғындауы сол тұстагы аса бір аянышты, қоңілсіз көрініс еді. Капиталистердің енбекші халықты шекіз қанаған зұлымдығының салдарынан Челкаш сиякты жалаңаяктар (босяктар) пайда болды. Ұлы гуманист, көреген, дана жазушы мұнданай халте қоңіл болмей отыра алмайтын еді. М. Горькийдің жоғарыда аталған әңгімелерінің жазылдыруына себеп болған жайлар, қыскаша айтқанда, осы болатын.

М. Горькийдің оидай шығармалары буржуазия сыншыларының жазушыны жалаң аяқтар (босячества) жаршысы деп даурығына желеу болды. Бірақ олар М. Горький әңгімелерінің саяси-әлеуметтік мән-мағынасын түсіне алмады.

М. Горький жалаң аяқтарға көніл аударып, олар туралы жазу себебі жайында былай дейді :

— Жалаң аяқтардың ішіндес танқатарлық кісілер болатын, олардың коп сыртарына мен түсінбейтін де елім. Бірақ мениң оларға ықыласымды түсірген нәрсе: олардың тұрмыс талқысына нальмайтыныңдығы еді. Ал олар “обывательдердің” жайбаракат жайлы тұрмысы жөнінде мысқылдан күлкі етс сойлейтін. Мұнысы штей күндеңендей сезімі емес. “Козін коргенде, ауыздың суы құриды” деңендік іе емес, шамасы тәкаппар оринілдіктерінен озлери жаман тұrsa да, “жаксы” тұрагындардан өздерін артықызы деп санайтындықтарынан еді.

М.Горький “Челкаш” өні імесін осындай адамдардың өмір жолын суреттеуге ариалған. “Челкаш” әңгімесі құрғак кияллан туған шығарма смес. Осы әңгіменің уақиғасына негіз болған жайды Алексей Maximovich былайша баяндайды:

— Менің “Челкаш” деген онгімемде суреттеген оқиғаны айтып беруші Одессаның жаланаяғының да зілсіз сықақкөйлігіне қайран қалдым. Мен ол кісімен бірге Николасва қаласының (Херсонның) ауруханасында жаттым. Оның одемі ақ тістерін ақсита күлгені, жұмысқа жалдап алған жігіттің киянат істегені туралы повесті айтып аяқтап болды: “Соитіп оған ақшамды беріп жібердім, кет, ақымақ, ботқанды жең жүре бер! дедім”, — деги құлғені олі есімнен кеппейді. Сойтіп мениң “жалаңақтарға” ынтағын ауу себебі — жарлылау, мешандық тиітеі жандарды суреттеу смес, “ерекше” адамдарды суреттегім келгенліктен еді.

“Челкаш” әңгімесі теніз портында қайнаған сінбек үсіндегі коріністі коркем суреттеп, өсерлі сипаттаудан басталады. Бар күш-куатын жұмсал, жаңын салып жұмыс істеп жатқандардың адал еңбегінің жемісі оздеріне бұйырмайтын. Жұмысшылар ауыр азап шегіп, бейнест көрсе, олардың еңбегінің рахатын, зейнетін коретін капиталистер.

Әңгімсінің кіріспесіндегі көріністердің, тамаша көркем суреттемелердің шығарманы терең түсіну үшін мөні ерекше зор.

Әңгімедегі Гавриланың бейнесінен жекеменшікіл шаруаның, дүниесіндең қандай насықтық іске, қандай киянатка болса да баратың, құлының құлы болған жаңын қызыр-сипаты айқын көрінеді.

Гавриламен салыстырылғанда Челкаш оның қасында өлде қайда жоғары тұрған адам; ол ақылды, кең пейілді, әрі өзет жан. Оның өмірге қозқарасы да Гавриладан өзгеше, ол акшаға, дүниес мүліккес табынбайды. Гаврила сияқты, қалғыраған саран емес. Челкаш дүниес жинауды ойламайды. Еркін өмір сүруге құштар. Ол үрлықлен ақша табады да, тапқанын қолма-қол шашып жібереді. Ақша оған ішу, коніл котеру үшін, біреуді сыйлау үшін ғана керек.

Челкаш еңбектен мүллем кол үзген алам...

М. Горький әңгімсінің кіріспесінде теніз жағасындағы кала омірін суреттей келіп. Гавриланың жеке менишікілдік психологиясын әшкере ете отырып, келешегі үмітсіз, өмірден сырлылып шыққан жалаңақтардың бейнесін суреттей отырып, капиталистік құрылыштың барлық сұмдық, зұлымдытын шынышылдықпен сипаттап корсетеді.

“Челкашты” тұңғыш казак тіліне аударған — Абаїдың баласы Тұрағұл (1876-1934). Тұрағұл аудармасы 1925 жылы Семейде шығып тұрған, “Тан” журналының 3-4 сандарында жарияланған.

Тұрағұлды аса жақсы білеңін Рахымжан Мамырқазов оз естелігінде: “Максим Горькийдің “Челкашын”, “Ақсак

Темірмен айтысатын аианың созі” дейтін әңгімелерін жөне бір орыс жазушысының “Мен өмірде жерікпін” дейтін әңгімесін Тұрагұл қазак тіліне аударған”, – дейді.

Тұрагұл аудармаларынан баспасөз бетінде шықкан әзірге молімі –“Челкаш” әңгімесі.

М. Горькийдің “Челкаш” әңгімесі түнғыш рет 1895 жылы “Русское богатство” журналында жарияланған. Ал “Русское богатство” журналын сол заманда Семей кітапханасы ақырып тұрган. Ал Абай “Челкаш” әңгімесі басылып шыққаннан кейін тоғыз жылдан соң дүниеден кайтты. Сондыктан “Русское богатство” журналында шықкан М.Горькийдің әңгімесін Абай оқыған деп жорамал жасауымызға әбден болады.

90-жылдары М. Горький бүкіл әлемге әйгілі болған жазушы. Россияда 1898 жылдан бастап, бес жыл ішінде М. Горький әңгімелер жинағының екі томы, ол кезде болып көрмеген үлкен тиражбын – бес жұз мың дана болып басылып шықты. Сол сияқты оның атақ данкы бүкіл дүние жүзіне де гез әйгілі болып, кітаптары шегелдерде бірнеше мәртебесе басылды. Мысалы, Германияда, 1902 жылы Горький шығармалары Берлинде, Лейпцигте бес томдық болып кітаптар басылып шықты. “На дне” атты пьесасы екі жылға токтамайтын уақыт ішінде Берлинде 200 рет койылды, сол сияқты Лондонда жөне басқа қалаларда корсетіліп жатты. 1900 жылдың басында шетелдің өзіндегі ғана Горькийге арналған 100 деген үлкен кітаптар шықты.

Ендеше, сол кезде оншама әйгілі бола қоймаған орыс жазушыларын оқыған, білген Абайдың атағы бүкіл жер жүзін жаңғырықтырган Максим Горькийді бітімей тіпті мүмкін емес.

Бұл – Абайтану ғылыми саласында еңбек етіп жүрген әдебиетшілердің зерітейтін мәселесі.

“Челкаш” әңгімесі қазак тілінде 1925 жылы басылғанымен, оның алғашқы аударылуы Абайдың көзі тірі кезінде болуы мүмкін.

Абай орыс әдебиетінен үлгі-онсеге алып, танысады ұзын Пушкиннен бастаса, оның июкірттерінің социалистік реализм әдебиетінің неізін салушы Максим Горькийді ең алдымен тануы – данышпан Абай бастап берген дәстүрдің онан әрі үнері дамып үздіксіз өркендеуінін тамаша айғағы.

“Семей таңы”, 23 наурыз 1968 жыл.

## УӘЙІС АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАФЫ ЖАЙЫНДА

Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі, сегіз кырлы өнерназ Уәйіс Шондыбасов (1873-1925) туралы “Семей таны” газетінде “Уәйіс ақын жоғе оның әдеби мұрасы жайында” (1983 ж., № 244) атты көлемді мақала жарияланған болатын. Ол мақалада ақын дүниеден кайтқанин (1925) бері, 58 жыл бойы белгісіз боп келген, Уәйістің оз қолымен жазылған оленилерінің 1983 жылы ғана табылу тарихы, жазылған уақыты, тақырыбы, идеялық мазмұны баяндалған.

Уәйістің жаңадан табылған қолжазбасында ақынның 1916 жылдан бастап 1921 жылға дейінгі жазған өлең-жырлары жинақталған. Ақынның бұл олең-жырлары түгеллей тарихи, саяси-әлеуметтік мәсслелерге арналған, революцияшыл рухта жазылған шынның шығармалар. Қазак еңбекшілері тек орыс пролетариатымен одектасып құреске шыққанда ғана женіске жетіп, импералистік езгіден, феодал-байлардың құлдығынан құтылатынына сенген интернационалист ақын Уәйіс “Бірлес, елім!” деген олеңін жазып (1916), ұттыққа жар салған. Қазак ақындарының ішінде В. И. Ленинді тұнғыш жырлаған – (1916) Уәйіс Шондыбаев.

Уәйістің ақындық өмір сапарының корыттындысы сиякты үткен шығармасы – “Тартыстың табысы” атты тарихи поэмасы. Ақын бұл шығармасында 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік импералистік соғыстан бастап, Ұлы Октябрь революциясының женісіне дейінгі тарихи уақынаны суреттейді. 1921 жылдың жазған бұл поэмасын ақын быттай аяқтайды:

Мұктаждық, қапалық жоқ енді бізге.  
Кең заман нұр тогілген келді, бізге.  
Жалмауыз, арсыз, залым борі құрып.  
Ориады ошпес қызық конілімізге.

Ленин бастап айтқаның елім қостап,  
Көрмеген тендікті аздық өмірімізде,  
Коп жаса, коп ракмет, Ленин сабаз  
Дөрежен үстем болсын жер жүзінде!

Уәйіс ақынның өзірге табылған шығармалары биыл, 1967 жылы, “Жазушы” баспасы арқылы жинақ болып тұнғыш рет жарық көрмек.

Уәйістің қолымында бар шығармаларын баспаға өзірлеу кезінде архивтерді де қарастырып, біраз жұмыс жүргізген едік. Ол жұмысымыз нотижесіз болған жоқ. Қазақ ССР Фылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының корында сактаулы қолжазбалар ішінен Уәйістің біздің қолымында жоқ шығармалары табылды. Ол табылған шығармалар: “Шыңғыстау”, “Бір қызға”, “Бір қызың оқиғасы” атты Уәйістің өлең-жырлары. Кітапхана корындағы тағы бір қолжазбала: “Ағыбай”, “Жошы ханың” әңгімелерін өлеңге аударған, ескіше Дағанды елі, Уәйіс ақындық, әншілік атағын алған... шамасы 1900 жылдардың бас кезінде (казір. Шұбартау ауданы, Алматы облысы). Уәйістен жазып алған, Алматы қаласында, Красин кошесі 48-үйде тұрушы Әміре Ыспанұлы. 28.VII.36”, – деп жазылған. Бұл жазбаның ішінде “Жошы-Алаша хан” деген ластан сакталған да, “Ағыбай” атты шығарма жоқ болып шықты.

Сойтіп, Уәйістің “Жазушы” баспасынан шығатын жинағына архивтен табылған: “Шыңғыстау” өлеңі, “Бір қызың оқиғасы”, “Жошы-Алаша хан” ластандары косылды. “Бір қызың оқиғасы” атты дастан белгілі “Қырық үәзір” хикаясынан алынған шагын үзінді. Біздің қолымында соңғы кезде габылған “Қырық үәзір” хикаясының оленмен жазылған, колемі 1500-жолдан астам конірме қолжазбасы бар. Бұл қолжазба Уәйіс қолжазбасынан көшірілді дөлінген.

“Жошы-Алаша хан” дастанының оқиғасы ойгілі “Ақсак құлан – Жошы хан” аныз әңгімессімен ұштасын жатады. Уәйіс бұл дастанында Абайдың “Біраз соз қазактың тубі қайдан шыққаны туралы” деген тарихи еңбегінде айтылатын Алаша хан (Ахмет) образын алып, өзінің аныз-дастанының кейіпкері ретінде суреттеген.

Уәйістің бұл шығармалары жайында жинакта толық түсіндірмे берілген.

Уәйіс ақынның тұңғыш жарық коргелі отырган шығармалар жинағының баспа орнына өзірленең берілген жайы осындей. Ақын кітабы коркем безендіріліп, шығармалары шетінемей, толық басылыши, сапалы болып шығуына баспа орны ерекші коніл болер деп сенеміз.

Абайдың ақындық дәстүрін оның талантты ақын шокіртіретінде, Абай бастаған жана бағытта оркендетіп, дамытушылардың бірі – Уәйіс шығармаларының абайтану тарихында алатын орны ерекші болмақ.

## “ТӘУКЕ - ЖІКІБАЙ” ПОЭМАСЫ

Біздің көлымызда бұл поэманың екі колжазба нұсқасы бар, Біреуі – Қаскен (Нұрқасым) ақынның (1901-1979) араб әрпімен жазған колжазбасы. Қаскен белгілі халық ақыны, Толеу Кобдіқұлының (1874-1954) баласы. Қаскеннің колжазбасында поэма бастан аяқ толық жазылған. Қаскен бұл колжазбасын, 1968 жылы наурыздан 20-сы күні маган әкеліп тапсырын болатын.

“Тәуке – Жікібай” поэмасын жазған адам – Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі, орі әйгілі әнші, композитор – Уәйіс Шондыбайұлы (1873-1925).

Поэмада суреттегіліп, баяндататын уакиғаның дөл шындық тарихын жақсы билетін Толеу ақын 1950 жылы маган толық айтып берген еді. Поэманың бас кейіпкерінің бірі – Жікібай батыр (1874-1931), Толеумен де, Уәйіспен де аталаған ағайын және екі ақынмен замандағас, құрдас адам болған. Толеу мен Жікібай Керей ішінде Қосай леген атадан. Қосайдан: Нұраты, Байсейіт, Майсемер, Қасқа және Сарыбай. Бұларды – бес Қосай деп атайды. Соның ішінде Жікібай – Қасқадан. Толеу – Сарыбайдан тарайды.

Қосайдың інісі – Бекназар. Бекназардан: Шакаптай, Қожагелді, Койлыбай, Малдыбай және Матак. Уәйіс – Бекназар, оның ішінде – Қожагелді. Сойтіп, Жікібай Уәйіспен де аталаған ағайын болады. Керсі мен Тобықты ежелден көрші, жапсарлас отыратын ел (казіргі Абай, Шұбартау аудандары). Ерте кезде бірде тату, бірде араз болып, барынталасын та жатады. Екі еллін арасында болған сондай бір барымта оқиғасы – “Тәуке мен Жікібай” поэмасында суреттеген. Поэмада баяндалған оқиға омірде болған шындық. Поэмада аттары аталағындардың борі де Тобықты мен Керейдің белгілі адамдары.

Арап Абралы баласы – Тобықты ішінде Сак Тоғайқ елінің ру басы адамы және белгілі Оразбай байдың (“Абай жолы” романындағы Оразбай) кызын алған күйеуі. Ұбырай – Араптың жақын туысканы, тілге шешен, пысық, атқаміңдер болын адам. Басқа елде артық-ауыс аласысы, дау таласы болса Арап Ұбырайды жұмсал отырған. Сондай бір аласысы Семіз найман Серікбай байдың ауылында және Керейде Қасқа ауылында болып, сол дауды кууға, Арап Ұбырайды аттандырады. Бұл оқиға 1909 жылы мамыр айында болады. Серікбай ауылындағы дауын реттеген соң, Ұбырай енді Керейдегі, Қасқа ауылындағы аласысын күші, ауылдың басты адамы Демесінге келеді. Ұбырай күшпелден дауын айтых,

аласымды алғып бер деп, Демесінге өктемдік мінез көрсете сөйлейді. Демесін оған: “Ел қазір жаппай жайлауға көшіп жатыр, кімнің қайда екенін біліп болмайды, бас қосып сойлесетін уақыт емес. Екі ел жайлауда бас қосамыз той, қазір қайтесің” – дейді. Ұбырай оған шамданып, Демесінге тіл тигізеді. Қатты ашууланған Демесін, Ұбырайды сабап, аяқ-қолын кісендеп, байлатып тастайды да, Ұбырайдың атын еріп келген жолдасына беріп, етіңе сөлем айт деп қайтарып жібереді.

Екі ел Баканас, Қексендір, Шоркашқан, Қаршығалы, Жауыртағы деп аталатын жайлауларына көшіп келіп, жайғасқан соң, Демесін, адамын алғып кетсін деп кісі салады. Тобықтыдан Арап бастаткан бес кісі келген соң, Демесін оларға: “Мен Ұбырайды кісендеп едім, енді колдарына табыс қылдым. Ал енді атсан да, шапсаң да бес болыс тобықты, ықтиярың” – дейді. Арап ол жерле дау котермей, Ұбырайды алғып қайтады.

Жазлай жайлауда корші отырған екі елдің арасында ешқандай дау-жашжал болмайды. Құзді күні екі ел оз қыстауларына қарай айырыла кошеді. Демесін мен Жікібай ауылдары Бабан озені деген күзектерінс барып қонады.

Сол жылты Ақмолада айдауда жүрген жерінен Тәүке қашып келіп, жасырынып жүреді. Бұл туралы Ақмола губернаторының Семей губернаторына 1909 жылы жолдаған хатында былай делінген:

*“Семипалатинскому Губернатору.*

*Административно высланный в Омский уезд, киргиз Семипалатинского уезда, Чаганской волости, Тауке Мустафин 12 сего февраля, похитив жену киргиза Жмамгельдина и лошадь с саними, неизвестно куда скрылся.*

*Сообщая об этом, прошу распоряжения Вашего Превосходительства о производстве розыска Мустафина.*

*Губернатор: подпись.*

*Советник: подпись.*

*Делопроизводитель: подпись”*

Арап Тәуkenі шакыртып алғып: “Керейдін ызасы өтті. Ұбырайды кісендеп әкеп қолымызға берді. Сен сиді Керейдің бір шауып бер. Елің үшін туыпсың, елің үшін күйесің. Кісі олтірсең де бес болыс тобықты котереміз, сені орынса үстап бермейміз” – деп қасына 70 жігіт қосып, Тәуkenі Керейге аттандырады.

Тәуkenің Керейлі қалай шапқаны, Жікібайдың Коқбесті атын атып олтіріп, оның озін окка ұшырғаны, Керейдің 300 жылқысын айдан әкеткені поэмада суретtelіп жазылған.

Осы оқиғаның аяғы немен тынғанын Толеу ақын быттайшта баяндайды:

— Керейден Семей губернаторына бес кісі жіберілді. Олар ел шағты, кісі аты дең арыз апарды. Қаладан доктор келіп, Жікібайдың денесіне дарыған мылтықтың бытырасын алғып, оны емдеп, ауылда бес күн болды. Акты жасап, Семейге қайтып барған сон. Семейден 25 солдат шығып. Арап, Тәуке бастаткан тобықтының 22 адамын тұтқынға алды. Келер жылы екі ел Сергиопольде бас қосып бітісті. Тобықты Керейден алған 300 жылқыны қайтарды жәнс Қекбесті аттың орнына 10 түйеңін күнни толеді. Сойтіп, тұтқындағы адамдарын шығарып алды. Ол уақытта екі ел өздері бітіссе, соң орны арызды қайтарып беретін” — деді Толеу Кобдіков.

“Тәуке – Жікібай” поэмасында Тәуке мен әйелдің диалогында аттары аталағын адамларлың бәрі омірде болған белгілі адамдар: Есентай, Ыспан қажы (Оразбайдың інісі), Медеу (Оразбайдың баласы) – Тобықтының байлары Шәкірім (Құдайбердіұлы), Қекбай ақын (Жанатайұлы), Тұрағұл (Абайдың баласы) – белгілі ақын, жазушылар. Қалқаман, Кебек – “Қалқаман–Мамыр”, “Еңтік–Кебек” поэмаларының бас кейіпкерлері. “Не маңғаз азаматың Сібір кеткен” дегендеге, Базаралы бастаткан Жігітек руының (тобықты) 17 адамын Құнанбайдың Сібірге айдатқанын айтқан. (“Абай жолы” романында жазылған). Арап, Ыбырай, Жікібай, Демесін туралы жоғарыла толық айттық. Тағы поэмада аталағын: Санмұрын. Таңатар – Тәукенің арғы аталарап. Саптақ – Тәукенің үлкен әкесі, Жобалай, Қосай – Жікібайдың арғы аталарап.

Енді Тәуке туралы қыскаша болса да, айта кету керек. Тәукен тобықты – Мәмбетей. Мәмбетей ішінде Қарамырза. Тәукенің әкесі – Мұстафа. Тәуке туралы архивте көп мағлұматтар сакталған. Тәукенің әкесі Мұстафа Сантаяқов 1892 жылы 10 жылға – Үркітке (Иркутск) айдалған. Айдауга кеткенде, баласы Тәукені өзімен бірге әкетеді. Мұстафа мен Тәуке айдаудан 1902 жылы қайтады. 1906 жылғы архив документінде Тәуке 28 жаста деген. Әкесімен бірге айдауга кеткен кезде Тәуке 14 жаста болған. Айдаудан қайтып келген жылды Тәуке 24 жаста. Олай болса, Тәуке 1878 жылы туған.

Архивте Тәукенің Ақмолаға жер аударылғаны да айтылады. Енді бір архив документінде: “Танибердин, будучи волостным управителем Чингизской волости в 1911 году, организовал, совместно с беглым киргизом Чаганской волости Тауке Мустафиюм, шайку скотокрадов которая безнаказано грабила мирное население уезда – дейді. Уәйістін поэмасында суреттелген оқиға дәл осы кезде болған. Тәукенің тағы бір

уакиғасы туралы архив документінде де былай деп жазылған: “...шайка эта в июле месяца 1912 года, совершила ряд вооруженных разбоев — обозов следовавших из Күнглийской ярмарки в Сергиополь, в том числе работников купца Капальского Маги-Ахмет Апсатарова и затем киргиза Каркаралинского уезда Хусаина Молдаханова... дело это в 1914 году было слушано Ташкентской Судебной Палатой в г. Сергиополь и некоторые из обвиняемых — в том числе Мустафии были осуждены в каторжные работы...” (ЦГА Каз.ССР. фонд 15, опись 1, дело 648).

Сойтіп, Тәуке 1912 жылы тұтқынға алынып, 1914 жылы сottaған.

Тәуке оқиғасы 1935 жылы шыққан Илияс Жансүгіровтің “Жолдастар” романында суреттегіліп жазылған. Және осы уакиғага байланысты жазылған поэмада көлтірлген.

“Тәуке—Жікібай” поэмасына байланысты Тәуке туралы қысқаша мағлұмат осы. Тәуке 1928 жылы туған жерінде кайтыс болған. (Саржал, Абай ауданы, Семей облысы).

Біздің қолымыздығы екінші қолжазба ертеректе араб әрпімен жазылған. Қолжазба Шұбартау ауданында ғұратын 83 жастагы Толеутаев Қалиасқар ақсакалдың қолында сакталып келген. Қолжазбаны 1983 жылы қазан айында Майдан Құрмашев бізге тапсырған. Қолжазба қатты тозып, жыртылған. Поэманың басынан бастап 112 жол олеңі ғана окуга болатын күйде сакталған. Бұл қолжазбаны Қаскен Төлеуұлының қолжазбасымен салыстырып қарғанда, сөзінде мазмұнында айырмашылық жок. Екі қолжазбаның да түпкі негізі бір скені анық байқалады.

“Тәуке—Жікібай” поэмасы Қаскеннің қолжазбасы бойынша берілді.

“Тәуке—Жікібай” поэмасы 1909-1910 жылдары жазылған. Сол жылдардан бастап ауыздан ауызға кошіп жатталып және қолжазбадан қолжазбага кошірліп елге кең тараған, КСРО Фылым академиясының қазақстандық филиалы 1942 жылы бастырып шыгарған “Айттыс” кітабында (“Айттыс олеңдер жинағы, 1 том) “Тәуке—Жікібай” поэмасы “Тәуке мен келіншек” деген атпен жарияланды. Кітапта шыгарманың авторы көрсетілмеген, ешкандай түсінік берілмеген. Жинакта жарияланған “Тәуке мен келіншектің” “Тәуке-Жікібай” поэмасынан сшір озгешелігі жок, мазмұны бірдей. Жинакта кейбір жеке сөздер, олең жолдары ғана дұрыс басылмаған. Мысалы поэмада:

Екі елдің егер болған таласында,  
Тобықты Керей менен арасында,

— деп дүрыс жазылған өлең жолдары, “Айтыс” кітабында:

Екі елдін егес болған арасында,  
Тобықты Керсей менен баласында (?)

— деп қағе басылған.

Поэмада:

Астында Құласерек түмарланған,  
Мені де көрген жігіт құмарланған.  
Мырзамыз таң алдында майдан келіп,  
Төсекген жана түрдым жұмарланған.

— деген өлеңнің соңғы екі жолы “Айтыс” кітабында:

Жас жігіт іаң сәріден қайдан жүрсін,  
Жүретін солай еді үры аңдыған,

— деп, бүрмаланып басылған.

Поэмада:

Мылтықты гүс-түс жақтан атқаннан сон  
Түзетті Шорқашқанға жылқы бетті,

— деген өлеңнің екінші жолы “Айтыс” кітабында:

Түзеліп сұры қашқан жылқы кетті, — деп мұлдем кате басылған. “Шорқашқан” деген жер аты екенін білмегендіктен, — “сұры қашқан жылқы” деп “түзетілген”. Осындай аздаған кеміллік кездескені болмаса. “Айтыс” жинағында поэмандың оқиға мазмұны бастанаяқ түгел сакталып, дүрыс басылған.

Казак ССР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебист және онер институты 1964 жылы шығарған “Айтыс” кітабының бірінші томында поэма тағы “Тәуке мен келіншек” деп аталаған басылған. “1942 жылғы басылымда “Тәуке мен келіншек” 192 жол өлең болса. 1964 жылғы кітапта мұлдем қыскартылып, 80-ақ жол өлең басылған яғни поэмада Тәуке мен келіншектің диалог-олсі ғана берілген. Соның озінде он екі кате кеткен. Берілген түсініктे Тәуке мен келіншектің “жакын аратас болған ақынының бірі Шашубай корінеді, бұл айтыс өлеңді Шашубай сиякты жолдас ақындарының шыгаруы ықтимал”, — деген. Осының борі – байыбына бармай, ешбір долелсіз, шегізсіз, ойжота айтылған құр жалаң соз. Түсініктегі: “Тәуке 1924 жылы 60-тан асып олғен деген Тәуке 1924 жылы олсе, онда 60-тан аспайды, 46 жасында өтген болады. Архив

күжатында Тәуkenін 1878 жылы туғаны көрсетілген. Оның 1928 жылы өлгөнін жоғарыда айттық.

Енді бір жылдан кейін, 1965 жылы КР ССР Фылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты “Айтыс” жинағының бірінші томын тағы басып шығарды. Бұл жинақта “Тәуке мен келіншектің” айтысын сөлғана озгертіп, “Тәуке батыр мен келіншек” деп атап, жариялады. Бұл басылымдағы “жаналық”, поэма былай басталады: “Тобықтының Абайын ұрыпсын деп, Керсі руынан барымта алмак болып, Тәуке аттанады” (503 бет).

Керейлерден таяқ жеп жүрген Абайы кім екенін өлеңнің терінші шумағына берілген түсініктен анық көреміз:

Тұбінде Жауыр таудын (?) бір табысбақ,  
Тобықты Керей менен жылқы атыспак  
Тал түсте(?) Ыбырайды байлағаны  
Сол енді(?) козғау болды ел шабыспак

“Ыбырай – Абай Құнанбаев” – деп түсінік берілген (504-бет). Бұндай шектен шықкан орекскелдікке не деуге болады?!  
Осы өлең өзгертілін, тағы кайталанып:

Апыр-ай, сол-ақ еді ойлағаным(?)  
Баспа ғып қарауықдан бойлағаным(?)  
Сол енді егес болды ел шабыспак,  
Демесін Ыбырайды байлағаны(?).

— деп басылған.

Бұл жинақта басылған нұсқасында коп олең жолдары кисынсыз озгертілген. Үйлес үйқастары бұзылған, қыскасы, өлеңдік сапасы нашар. Бірер мысал келтірейік:

Сайланып атқа міндік көрі мен шал,  
Керейді бір шабуға ойланып қал  
Аруғы тобықты атам жар болсын деп.  
Сол күні жетпісіне мен boldым жар (?)  
...Салдуар (?), Сорқашканға (?) салық, салып  
Санбуыр (?) Таңатардың туын байлап ...

“Сонғы жинаққа енгізіліп отырған “Тәуке батыр мен келіншек” айтысы алдыңғы атап-таптың нұсқалардан толық (?). Бұл нұсқаны 1963 жылы тапсырған Әндіжанов Қопбай. Қопбайдың аузынан жазып атып, оуенін потага түсірген Әдебиет және өнер институтының музика болімінің ғылыми

қызметкері Т. Бекхожина. Айтыс нұсқасы қолжазба және тексгоюиа бөлімінде сактаулығы” – делінген.

Шығарманың С. Мұқанов пен Е. Ісмайлов жинап бастырған (1942) дүрыс сакталған нұсқасы бола тұрып, 1965 жылғы сапасыз, нашар нұсқасының басылып шығуы түсініксіз.

\* \* \*

“Төуке-Жікібай” поэмасын айтыс жанрына жатқызып, “Айтыс” кітабына кіргізіп жариялаудың да себебі гүсініксіз. Поэманың оқиғасы кейіпкердің – Тәуkenің атынан баяндалып жырланғандыктан, кейір адам Тәуkenін өзін ақын деп және поэманың авторы да Төуке деп түсінуі мүмкін. Сол сиякты поэмадағы Төуке мен келіншектің диалогын екі ақынның шын айтысы деп түсінуі де мүмкін іорсे. Шыныда Төуке де, Жікібайдың келіншегі де (аты Бықия) ақын болмаған адамдар.

Поэманың авторы Уәйіс ақынның оқиға кейіпкерін – Тәуkenің атынан баяндан жырлауы ақындардың коркем шығармада қолданатын тәсілі (художественный прием) болады.

Тәуkenің 1912 жылы үсталип, Аягөз (Сергиополь) түрмесінде жатқан кезін суреттеуге арналып жазылған тағы бір поэма бар. Бұл дастанды да “Қазақ әдебиеті” газетінс ұсынып отырмыз. Ол дастанды жазған – Әріп ақын.

## ТӘУКЕ - ЖІКІБАЙ

Екі елдің егер болған таласында,  
Тобықты Керейменен арасында.  
Тал түстө “Абылайлап!” елге шаптық,  
Бабаңың ұзын ақкан саласында.

Аттандық, жетпіс кісі Тоғалақтан,  
Жел сөздің кормеснің бәрі мактан.  
Ел шауып, кісі олтірсең корықпа деп,  
Батаны берді Арап бергі жактан.

Аттандық, жиылдысып кәрі мен жас,  
Керейді бір шаппакқа ойланып қас.  
Аруағы Тобықтының жар болсын дес,  
Сол жерде жетпісіне мен болдым бас.

Жетпіс бір жолға түстік “а, құдайлап”,  
Келеміз әнге салып құліп, ойнап.  
Тосқауыл Шорқашқанға салық салып,  
Санмұрын, Танатардың туын байлап.

Түбінде Жауыртағы бір табыспак,  
Тобықты Керей менен жылқы алыспак.  
Демесін Ыбырайды байлағаны  
Қозғалып, себеп болды ел шабыспак.

Керей де малын бағып сақтаныпты,  
Сайманын кару-жарақ саңтаныпты.  
Келетін Тобықтының жолын тосып,  
Жер шалып кешуідеп аттаныпты.

Сол күні қайтқан екен жерін шатып,  
Бозбала дамыл алмай жүрген татып.  
Жатқанда ел жадағай араластық,  
Талай ер жаза соқты қапы қалып.

Бабаңың ел қоныпты сағасына,  
Қатын ел жылқы салын саласына.  
Өткелі мәлім емес ай каранғы  
Ауылдың бара алмадық карасына.

Сол жерде жағпақ болдық атты байлап,  
Жігіттен жиырма бірді алдым сайлап.

Таң ата сол арадан шаппақ болдық,  
Көтерсө жастың жолын құдай-айлас

Бозбала үйықтамаган бәрі сергек,  
Лұпілдеп қозғалады жүрек тербел.  
Шетінең бәрі балуан болушы еді,  
Корсетет мына керей кандай орнек.

Талтүсте елге шаппақ үлкен қауіп,  
Алмасаң өте киын ақыл тауып  
Бос болса өткел аузын байқайын деп  
Жүтіртіп өткеліне келдім шауып.

Откелге жетіп келдім шалайын деп,  
Бос болса өткел аузын алайын деп..  
Ауылдан бір қарайған жаяу шықты,  
Өзіне тура жүрдім барайын деп.

Қолына құман алған бір жас қатын,  
Таниды білген адам ердің затын.  
Озіне жөн сұрауға карсы жүрдім,  
Тұрмайды астымдағы мінген атым.

**Тәуке:**

Тан атып Күншығыстан қыландаған,  
Астымда Құласерек бұлаңдаған  
Жамылып кара шапан, құмған алып,  
Ел түрмай неткен жансың сыландаған?

**Бықия:**

Астында Құласерек тұмарланған,  
Мені де көрген жігіт құмарланған.  
Мырзамыз таң алдында маңдан келіп,  
Төсектен жана гүрдым жұмарланған.

**Тәуке:**

Кез болдын карсы алдымнан қызыл түлкі,  
Шашылмас ерегессе кімнің мүлкі.  
Келіп ем ауыл жонін сұрайын деп,  
Кімдікі осы алдымда жатқан жылқы?

**Бықия:**

Кім еді ойлаганын көнілге алған,  
Болады кімге она мына жалған.

Жікібай қүйеуімнің аты болар,  
Атамыз қажы дейді Мекс барған.

**Тәуке:**

Батырдың сол-ак, еді ойлағаны,  
Баспа ғып қарауылдан байлағаны.  
Есімнен тірі қүнде кетер емес,  
Демесін Ыбыраиды байлағаны.

**Бықия:**

Еліме жап-жай жатқан салма шатак,  
Тұр ма еken жаудан корқып малын матап.  
Анғалсақ батырсынғаш жаи екенсін,  
Кеткейсін, кім болсан да атынды атап

**Тәуке:**

Екі елдің егер болған ерегесі,  
Мұндауда ердің қозар дәлебесі.  
Сұрасаң батыр Тәуке менің атым,  
Ту алған Салтыаяқтың немересі.

**Бықия:**

Батыр-ау, күмар едім дабысына,  
Талғусе қалып елең шабасын ба.  
Жазықсыз Ақмолага жер аударған,  
Жұрмісің Тобықтының намысына?

**Тәуке:**

Тастаман ауылына тағалты тай,  
Жылқы алсам найза қағып көнілім жай.  
Жазықсыз Ақмолага жер аударса,  
Оз оғы Тобықтының өзіне май.

**Бықия:**

Атыңа үкі, тұмар тағып жүрсің,  
Көрінссе елде сұлу бағып жүрсің.  
Май болса Тобықтының атқан оғы,  
Жоламай орыс корсөң неғын жүрсің?

**Тәуке:**

Ызгарлы корінеді созің сұық,  
Жасымнан іүздे өсіппін, үйде туып  
Аргымак біздеи ерге қын ба еken,  
Сайдықпеп жүріп кеттім дүние қуын.

**Бықия:**

Мәз болма барымтанды күнде қуып  
Іздемес елің сені туганым деп.  
Келдін-ау Ақмоладан елді қимай,  
Кіндік кесіп, кірімді жуганым деп.

**Тәуке:**

Есентай, Ыспан қажы – екі арысым,  
Қазактың коріп еді сан жарысын  
Солардың қагарында мен де журмін,  
Алашка жібермес деп оз намысын.

**Бықия:**

Мәз болма барымтанды күнде қуып,  
Қалмасын бұл созіме соктаң суып.  
Іздер дең елің сені ойламаймын  
Тобықты болатұғын малға жуық.

**Тәуке:**

Онерді көрсстермін осы жолда,  
Қос ауыз винчестрмен жүрген қолда  
Шәкәрім, Медсу, Арап даңқы шықкан,  
Тұрағұл, себеп табар Кокбай молда

**Бықия:**

Батырым, адамыңды арқаланба,  
Созіме ашууланып шалқаланба.  
Еліннің ескі тегі жаман еді,  
Білесің не ғып еді Қалқаманға.

Жазылған сенің дөмің қиыр шеттен  
Не манғаз азаматын Сібір кеткен.  
Таттүсте атқа байлан олтіріл ед.  
Не жаза коріп еді ер Кебектен.

Айдатты Жігітекті оннан-бестен  
Жазықсыз талай жанға жаза кескен  
Тобықтың бір-біріне ракымсыз,  
Батырым, санаң болса, кетпес естен.

Ел жиын бір-біріне қонған таяу,  
Кермеде Қекбесті ат түр, мырзам ояу.  
Елің тап есің барла, батыр Тәуке,  
Жазым бол бір жеріне гүсер қаяу.

## Тәуке:

Бұл қатын не қылса да сөзбен женбек,  
Бар мінін Тобықтының айтады ондеп.  
Жылқыға сырт айналып жүріп кеттім,  
Құлағи, шын айтасын созің жон деп.

Астында Құласерек тісін егеп,  
Қолтықтан котере көр аруақ, жебел.  
Жігіттер, “Абылайлап!” жылқыға ти,  
Тұрайын тоқсауылда жалғыз бөгеп.

Тұрады тоқсауылда жалғыз өзі,  
Мұнартып түк кормей түр екі козі.  
Тұтігіп киіміне аз сыймай түр,  
Қатынның сүйекке отіп айтқан созі.

Үйіне қатын барлы бір-бір басып,  
Аптықпай ұрғашыша асып-сасып.  
Жікібай қатты үйқыда жатыр екен,  
Оятты өдешінен бетін ашып.

“Әй, мырза, оянсаншы үйқындыдан,  
Корген жаң қорқушы еді сыйқындыдан.  
Күніреніп “Абылайлап!” араласты,  
Кісі коп осы күнде жылқындыдан,

Бар ма еді Тәуке деген тобықтыда  
Озімнен жөн сұрады жолыкты да.  
Бар мінін тобықтының айтып едім,  
Жылқыға гиіп берді обықты да.

Бастығы батыр Тәуке Сантаяктын,  
Шауып жүр осы кездे бас-аяқтың.  
Кермеге Көкбесті қойдым байлап,  
Қолында кетпесін деп женсаяқтың”.

Жікібай түрегелді сасқалактап,  
Ер салды Көкбес гіс сасқалактап.  
О-лағы, “Жобалайлап!” атка мінді,  
Корқатын ерін емес қашқалактан.

Откелден қалын жылқы келіп өтті,  
Күйинни аратасып бірге жетті.  
Мылтықты түс-гүс жақтан атқаннан соң,  
Түзетті Шорқашқанға жылқы бетті.

Жылқыны бесеу айдап, қаллық, он бес,  
Құғыншы беті қайтын сірө көнбес.  
Кез келсе іліп тастап алғызбайды,  
Жікібай жігіт екен өзім тендес.

Көкбесті ат қуғандарға шалдырмайды,  
Жылқыны айдаған жау қалдырмайды.  
Қолында қос шашақты найзасы бар,  
Кез келсе іліп тастап, алдырмайды.

Көкбесті ат тоқтамайды басын шайқап,  
Найзадан батырың да шықты тайқап.  
Кез келсе атын атып қалайын деп,  
Қолға алып винчестерді түрдым байқап.

Мылтықтың түсс қалдым оғын кезеп,  
“О-дағы тоқтай қалды басын тежеп.  
Тұсынан қос өкпесін басып салдым,  
Мырзаның “жолы болар” келді кезі

Ат лоқып тоқтай қалды оқ тиген сон,  
Суылдан өкпесінен қан сиғен сон.  
Атына жолдасының қарғып мінді,  
Шыдатпас мал ашуы жан қүйген сон.

Тағы да араласты “Жобалайлап!”,  
Найзаға ер Қосайдың туын байладап.  
Құтқарап еш адамды көрінбейді,  
Енді озін атайды деп түрдым ойладап.

Жікібай үран салып екпіндектен,  
Қайғнайды сірө тоқтаң келген беттен!  
Май құйрық кара саның шамасы деп,  
Тағы да басып салдым қалың етсөн.

Жығылды сол арада жерге атып,  
Қып-қызыл боксе жағы қанға батып.  
Босағар тірі жанды көрінбейді,  
Құтылдық азар-мәзер мылтық атып.

Сол жерде құғыншының қалған жері,  
Жылқыны жау менгеріп алған жері  
Батырлық қүшім асып алғаным жоқ,  
Керейдің оқка үшты-ау қайран ері.

Бөрі де еркек болды-ау – “Абылайлас!”,  
Ірікеп үш жұз жылқы алдық айдаң  
Мал түгіл бас та жазым болып елі,  
Атпасам Жікібайды окқа байлан.

“Қазак өдебиеті”, 18 желтоқсан 1992 жыл.

## ШОҚАННЫҢ ӨНЕРПАЗ ІНСІ

Біз мәдениет тарихымызда мактандың ететін кесек тұлғаларды атағанда ен алдымен казақ халқының үлгірі даму жолындағы кошін орыс халқының озық мәдениетіне бастап, сол ұлы халықпен достыққа шакырып жар салған демократ – ағартушыларымыз, тұнғыш ғалымдарымыз, ұлы ақын жазушыларымыз – Шоқан Шыңғысұлы Үәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнабаевтарды атайды. Олардың есімі мен данқы біздің совет заманында бүкіл слеге әйгілі болып отыр.

Осы ұлы адамдарымыздың оз заманында оз орталарына еткен ігі өсөрі жайында, олардан үлгі-өнеге алып өскен, үстаз деп біліп жолын қуған жас талантты жастар жайында аз айтылып, арнаулы зерттеу жұмысы қолға алынбай келеді.

“Шәкіртсіз ғалым тұл”, – лейді Абай. Шоқан, Ыбырай, Абайлар тұл ғалым болған жоқ. Олардың да жолын қуып онеге алған, өнер-білімге талпынған жастары болды. Олай болмағанда Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық еңбектері оз замандарында ешбір нәтиже бермеген деген жаған ұғым туар еді.

Біз бұл макаламызда, колда бар нақтылы деректерге сүйеніп, Макы жайында айтпактыз.

Макы (Әбілмақыжан) Шыңғысұлы Үәлиханов 1845 жылы туған. Шоқанның екінші інсі. Макының тұған жері бұрынны Кокшетау округі, Сырымбет тауындағы Үәлихановтардың мекен- жайы.

Шыңғыстың алты ұлы, алты қызы болған. Олардың ішінде оқығандары- атакты Шоқан, аңасы Шоқан оқитын Омбы қаласындағы калет корпусын бітірген – Махмұт (Мұхаттадия) және Макы Үәлихановтар.

Макы бес жасқа шыққанда сүзекпен ауырып, сол ауыр науқастың салдарынан гілден айрылып мылқау болып қалаты. 1858 жылы 11 майда 13 жасар мылқау батасы Макыны әкесі Петербург қаласына алып барып, мылқауларды оқытып тәрбиелейтін аринаулты мектепке (училище) түсірелі. Қала тұрмысына жағтыққанша Макының касында Петербургке Шыңғыспен бірге барған Жолтабардың Мұқаны деген адам

болады. Мақы он екі жыл бойы ел бетін кормей, 1864жылы 14 августа училищені бітіріп, колынан мөрі тамған шебер суретші (художник) жөне басқа түрлі де қолонерінің майталман маманы болып шығады.

Мылтаулар училищесінің оқыту, онерге үйрету жүйесіндегі ұстаган бағыты – 3-4 жылдан әрі мектепте ұстамай қолдарынан келетін іс істеуге орналастыру болған. Ал, Мақы озінің табиғи талантымен ерекше қабілеттілігінен училищеде дара көзге түседі. Сондықтан Мақының оқу оқып, онер үйренуіне мектеп оқытушылары зер сала көніл болған.

Өнерге барынша берілген Мақы училищеден алған білімін өз талантына сай санамай. ол оку орнын бітірген соң өзінің ерік-тілегімен барып, Петербургтің Сурет онері академиясында үш жылдай білім алды. Петербургде тоғызы жыл оқып, екі-үш жылдай сонда қызмет істеп, барлығы сол қалада он екі жыл тұрып, туған елінде оралғанда, Мақы сегіз қырлы өнерпаз, білімді, мәдениетті азамат болып кайтады.

Мақы оқу оқып жүрген жылдарында Петербургта болған өзінің ағасы Шоканнан ақыл алып тұрған. Шокан озінің сүйікі, талантты інісін орыстың белгілі өнер қайраткерлерімен таныстырып, онын онерге үйренуіне, орыс мәдениетімен терең танысуына көп коніл боліп қамкорлық жасап отырған.

Шыңғыс 1860 жылы 6 июлде Петербургтегі баласы Шоқанға жазған хатында:

“Сүйікті ұлым Мұхаммель-Ханафия (Шокан К.М) мен Әбіл-Мақыжанға (Мақы К.М) осы сәлем хатымызды жолдаймыз...

Есендік болса, Мақының портретін тезірек жібер, жалқаулық қылма. ... Мақы сізді сұрамай тани алды ма?” – дейді.

Шоқан 1860 жылы 9 августа Петербургтан өкесіне жазған жауап хатында:

“Мақыжан сау-солемат. Ол бұл күнде дачала тұралы”, – деп інісінің аман-ссендігін хабарлайды.

Сол жылы 19 сентябрьде жазған хатында Шыңғыс тағы да екі баласына сағынышты ҳатын жолдай отырып, Шоқанға “Мен үшін Мақыжанның аузынан, тамағынан сүйгейсің! ... Мақының портретін тез жасатын жіберуді өтінем. Сен барғанда Мақы сұрамай таныды ма, жоқ па? Маган хабарла.” – дейді. Шоқан өкесінің екінші хатына 1860 жылы 4 ноябрьде қайтарған жауабында озінің бір айдан кейін Петербургтен Париж қаласына (Францияға) атапағының айта келіп, Інісі Мақы туралы былай дейді:

“Мен әуел келгенде, келгенімді білдіріп, қызметкерден хабар жібердім. Бір жақтан үйге келсем Мақыжанды корлім, ол мені таныды.

– Жүзінді ұмыттым, – деді. Оның есендігі жақсы, дерті

жок, акша көп сүрайды “. Шоқан 1860 және 1864 жылдар Пәтербургтa бірнеше айлап болған кездерінде, інісі Мақы ағасының камкорлығын, толім-торбиесін көп корген.

Шоқанның өзі ор жакты білімді ғалым болумен бірге казақ мәдениеті тарихында тұнғыш суретші болғаны да мәлім. Ол Омбы кадет корпусында оқып жүрген жылдарында аулына демалысқа келген кездерінде өздерінің жайлау, қыстау көріністерін, туған жерінің табиғат бейнесін, аңшылық аспаптарын, концепті ауыл тұрмысын, хал-ахуалын корнекті баяндайтын сурет салып жүрген.

Бес жасқа аяқ басқанда тілден айрылып, мылқау болып қалған Мақыны жас күнінен қызықтырған, оның көзімен коріп, үғынып қоңыліне тоқығаны-ағасы Шоқанның осы суретшілік өнері еді.

Әрі зерек, орі талантты, талапты інісі Мақының қолын өнерге жеткізіп, халқына пайдалы азамат болуын ойлан, оны Пәтербургтегі мылқауларды төрбие лейтін мектепке түсіруге әкесінс кенес берген Шоқан еді.

Дана ғалым Шоқанның сенімін Мақы ақтап шықты .

“ Мақы окуын бітіріп еліне келген соң бірнеше жылдар бойы Батыс-Сибирь генерал-губернаторының соғыс губернаторы кенселерінде іс жүргізуши (1866-1868 жылдары), тілмаштық қызметін атқарады. Ол кісімен үғынысқанда ешбір үн шығармай саусақ арқылы каріппен, ал саусақ карін білмейтіндермен орысша не қазақша жазу арқылы сойлесетін болған.

Мақы орысша , қазақша мәнсерлең жазуға соншама шебер екен. Шоқан озінің енбектерін інісі Мақыға көшіртіп жаздырып отырған. Мақы кенсе қызметін атқарап жүрген ке здерінде де озінің негізгі мамандығы – суретшілік өнерінен кол үзбеген. Кейін кенсе қызметін үзілді кесілді тастап, училищеден және Пәтербург Сурет өнер ақадемиясында 2-3 жыл бойы белгілі орыс суретшілерінен үйренген өнер-білімін тотықтырмай омір бойы сол жолда еткей.

Мақы коптеген сурет салып қалдырыған художник. Ол – тұрлі құрылым жоспарын жасау, кесте сызу, ою оюга да шебер өнер иссі. Ағаш ісіне келгенде ағаштан түйін түйстін іскер, әшекейлі нөзік бүйымдар жасайтын, станоктардың тілін білетін, майталман зергер болған. Сағат жасау өнері де Мақының қолынан келген. Оның қолынан шыққан бір шеберлік жұмысы Омбы қаласында көрмеге қойылып, мақтау медаль алады. Баласы Үйдырыстың айтуы бойынша Мақының сурет салмайтын, не кол өнермен шұғылданбайтын бірде-бір күні болмаған. Ол кокек сағатты ағаштан ойып, жылан бейнесін де жасаған. Оның нақыштаи жасаған өрнекті сандықшасы қазір туысқандарының қолында сактаулы. Мақы өзінің

суретшілік оперін де Шоканың дәстүрін күгән адам. Өнер-өнер үшін емес, онеге үшін деп түсін сыншыл реализм бағытында болған суретті.

Мақының салған бірінші суретінің такырыбы ауытдың атқа мінер болыс, биін, старшиналар мен шабармандарды, патша әкімдерін мысықылауда арнаған. Суретінің бірінде болыс, билердің алдында жағымпаздық жасап, үры иттей жылмандаған шабармандардың ұқыны бейнеленсе, енді бірінде алдарында шабармандар бәйек болатын, болыс билердің, енді өздерінің патша генерал-губернаторының алдында көл кусырып, құлдық үрып жаткан үрейлі пішіндері бейнеленеді.

Мақының патша әкімдерінің хатыққа жат, жексүрін, зұлымдық бейнелерін ошкерелейтін, бұл суреттері Абайдың аңы ажua сатиралық олеңдеріндегі (“Болыс болым мінеки”, “Мәз болады болысын” г.б) аткамінер, ру басшыларын көз алдыңца оқелгендей. Абайдың замандас, құрдасы – Мақы ұлы ақынды сүйіл оқып, оның әдебиеттегі дәстүрін өз өнеріне онеге деп білген.

Мақының өнері мен адамгершілік қасиетін қазақ жәнс орыс қауымы сол кездің озінде-ак қалір тұтып, құрметтеген.

Шоқанның замандас досы, бірге оқыған жолдасы, белгілі ғалым Г.Н. Потанин 1895 жылы Шоқаның аулына барғанда, оның көзі тірі інілтеріне ішіндегі ең білімді, мәдениеттің осы Мақы деп бағалаған. Г.Н Потанин Ұәлихановтар аулына барған сапарын баян етіп жазғанда Мақымен кездескеннің айта кетіп:

“Ол (Мақы К.М.) қыстығұні Кокшетауға келген кезде-рінде орыс клубында оны ең сүйікті меймандай карсы алады. Оның адамға аса жұтыймы көпшіл мінезін, сыпайылық қасиетін қадірлайді оны жақын көреді”, – дейді. (Журнал “Русское богатство”, №8, август 1896 г., стр.76)

Мақының еңбектерін Москва этнография институтының, Ленинград, Омбы қалаларының архивтерінен коруге болады.

Мақы 1916 жылы 22 февральда 71 жасында өз туған жерінде дүниеден қайтты.

Мақының баласы Үйдірыс 40 жыл бойы оқытушы болған. Ол 1960 жылы 77 жасында Алматы қаласында қайтыс болды. Профессор Есмағанбет Үсманов, марқұм ақын Жұмағали Сайндар бастауыш білімді осы Үйдірыстан алған Үйдірыстың баласы Шота Үйдірысұлы Үәлихановтың (1932 жылы туған) қолында атасы Мақының монерлі жазулары, өз колымен салған суреттері, өрнектері сақтаулы.

Шота Үйдірысұлы Үәлиханов талантты жас соүлетші (архитектор) Шота, белгілі мұсінші Хакімжан Наурызбаевпен біргіп, Алматыда орнатылмақ Шоқан ескерткіштерінің

жобасын жасауға жарияланған жабық конкурске түсіп, төртінші комиссияның үйғаруымен жұлде алып шыкты. Шота – жас жазушы. Ол данкты атасы Шоканның жастық шағына арналған пьеса жазды.

Газетте тұнғыш жарияланып отырған сурет – өзірге қолда бар Макының бірден-бір бейнесі. Макы бұл суретін өз көзі тірісінде тұған қызы Бибиәсімә ескерткіш етіп берген (Бибиәсімә Семей облысы, Ақсат ауданында, 1943 жылы 75 жасында кайтыс болады).

Макының суреті кейін Бибиәсімәнің қызы – Мәймунәнің колында сақталған. Мәймунәнің жолласы – артист Райымхан Онербаев. Олар қазір де Ақсат ауданында тұрады.

Макының қалдырыған мәдени мұраларын жинап, зерттеп, социалистік мәденистіміздің корына қосу – казак өнер кайраткерлерінің борышы.

Макы Шыңғысұлы Уолиханов қазақ мәденист тарихынан орын алатын онерпаз.

“Ертіс” 11.06.1963 жыл.

## ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ ҰЛЫ ЖЫРШЫСЫ

Заманымыздың жалынды жыршисы, бұқіл олемге аты әйгілі, данкты халық ақыны Жамбылдың дүниеге келгеніне 125 жыл толатын мерекесін тойлауга коп ұлтты туысқан совет халқы әзірленіп жатыр.

Халық поэзиясының алaby атаптап атақты ақыны Жамбыл жырларының басты такырыптарының бірі, идеялық арқауы халықтардың лениндік мызғы мас берік достығы болды. Ақынның есімі мен олен-жырларының бұқіл совет халқының, дүние жүзі енбекшілерінің жүргегіне ерекше жақын, озгеше ардақты болтуынын басты себебі дс осынысында.

Жамбыл озінің бұқіл санаалы омірін, орен жүйрік ақындық өнерін халық иглігіне арнады. Енбек елінің, арман-тілегін, сезім-сырын, мақсат-мұратын терең түсініп, жырлаган халықтың камкор жырауының өмірі халық өмірімен, ақын тағдыры енбекші ет тағдырымен, халық тарихымен біte кайнасып кетті.

“Жамбыл – менің жай атым, Халық – менің шын атым”, – дейтін ақын. Фасырлар бойы бостандықты, бақытты өмірді коксеп, жауыздықка карсы алысып, келепектен күдер үзбей,

зор үмітпен қараған халықтың аңсаған ұлы арманына жететініне, халықтың мұқалмас жігеріне, қайтпас қайратына берік сенді:

Жердің шолін сел жуар,  
Ердің кегін ср жуар.  
Дауыл туса, бұлт қуар,  
Жердегі жауды жұрт қуар,

— деп жырлаған еді ақын.

Ұлы Октябрь революциясының жеңісі арқасында арманына жетіп, сарғая күткен бақыт құні туып, Ленин туының шұғыласына боленген халқының салтанат-қуанышы:

Ленин туын қолға алған,  
Қаңың қайрат қозғалған  
Жалпы кедей, досым-ай,  
Күнде туды сен үшін,  
Зан жасарды ел үшін,  
Серіле тұс серілс,  
Бұрынғыдай жасымай!

— деп шабыттана шалқы жырлады.

Патшалы Россия империясының езгісінде ауыр азап шегіп, рухани қанау қыспағының зарын тартқан қоп үлттың, соның ішінде қазақ сахарасының хал-ахуалын көз алдынан өткізіп, “Туыскан ел” атты жырында ақын:

Қакты қанат жаңадан,  
Кен даламда домбырам.  
Қайта естілді ауылдан,  
Жырлап Жамбыл салған ән.  
Домбыра күйін келтіріп.  
Ойға шомып толғанам.  
Ойға шомып толғансам,  
Коз алдынан өтеді  
Кешегі бір сүр заман.  
Сүр заманда түн еді,  
Ауылымның үстін торлаған,

— десе, енді совет заманында Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының жеңісі нәтижесінде бір-бірімен терезесі тең елге айналып, айнымас дос, айрылmas бауыр болып, іау-тәгті өмір сүріп салтанат құрған совет халқын:

Енді бүгін қарасам,  
Айналам бақыт кен жатыр.  
Бірімен бірі туысқан,  
Қол ұстасқан ел жатыр.  
Бақыттың әні асқақтап,  
Құлакқа дауыс кеп жатыр.

— деп жыр етіп, мерейі үстем, көнілі көктем халықтар достығының жалынды жыршысы Жамбыл, гүл бақшадагы бүлбүлдай сайрады.

Адамзаттың аңсаған бақыт бақшасындағы Ұлы Отан-анамыздың, ешбір жау төтеген берсе алмайтын, құдіретті күш-қуаты, мызғымас беріктігі, совет халқының бір кісінің баласындағы бауырлас, айырымас достығында екснін масаттанған жырлайды.

Бауырлас бір кісінің баласындаі,  
СССР - ел жасадық анасындаі,  
Ұлында огейі жоқ бәрі бірдей,  
Бірге өскен жемісті алма ағашындаі,  
Отаным піскен бақыла бақыт қонған,  
Кілемдей елім жерім гүлге толған.  
“Лап” десе, “Тап” берерлік жарагым сай,  
Жау баспас аумағым бар темір корған.

Жамбыл өзінің туған халқын қандай шексіз сүйсе, бүкіл советтік Отанымыздың орбір халқын, әрбір ұлттың сондай сүйді. Ол нағыз интернационалист, нағыз халық ақыны, ізі і конілді, адаптациялық гуманист. Оған совет халықтарының бәрі бірдей бауыр, туыс, адаптациялық гуманист.

...Қаны қандас елім дос,  
Украин, белорус  
Менің ұлым сенікі,  
Сенің, ұлың менікі,  
Ер туған ұл слідікі,  
Бақытты біздің жердікі,

— дейді Жәкен.

Жамбыл 1937 жылы Кавказға барған санарында шетелдің бір жазушысымен кездескенін еске алып: Шетелдің бір жазушысы маған қараңбылай деді: “Жамбыл мырза, Сіз жер бетінде құрластарыныздың аз қалғандығына бақыттысыз гой”,

Мен ол мырзана қарадым да, быттай деп жауап бердім:

Сіз қателесесіз мениң бақыттылығым қайта мениң

құрдастарымның көпшілігінде, 172 миллион совет азаматтары менің құрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл Отаным да өзіміздің нағызы омір сүре бастағанымыз Ұлы Октябрь революциясының бергі жағы дег білеміз.

Жамбылға Ұлы Отаның орбір азаматы ардакты, орбір елі құрметті дос, кең байтақ Отаның әрбір аймағы, өлкесі қадірлі, касиетті. Әрбір совет акынмен сезім-сыры, конціл-күйі бір, өлең-жыры үндес.

...Бақытты жыл, алтын күн нүр астында,  
Сайрандалап өн қосалы біздің халық.  
Олең, жыр акқу құстай тізбек тартса,  
Артынан ереді күй кокті жарып.  
...Ұлы Отан сансыз тілде үн қосады,  
Бірігіл орыс, түркмен, казак, тожік

— деп совет доуірінде халық одебиеті мен көркем онері халықтардың қаттқысыз, айнымас берік достығының негізінде ғүлденіп, шарықтап оскеін мактан етеді. Тұғаннан еңбек елімен біте қайнап, бірге өскен Жамбыл, ес білін, ел танып қолына домбыра алып алғашқы акындық сапарға шыққаннан бастап езілген сіnbекші халық мұддесін жырлады. Ежелден шынышыл акын халық поэзиясының алыбы Жамбыл творчествосы біздің заманымызда социалистік реализм әдебиетінің онегелі үлгісінің жарқын бір айғағы болып, айдай әлемге іанылды.

Жамбыл әрбір халықтың үлттық мактандыны болған адал үлдарын, дана акын-жазушыларын, халық бақыты үшін еңбек еткен ардагер кайраткерлерін қадір тұтып, оларға арнап достық жүрек-тен жыр токті.

...Жаксы сөздің иссін,  
Үйгаралман олімге,  
Олай болса Пушкинді –  
“Тірі” деп керек сенуге!?

— деп орыс халқының данышпан ұлы акынын жырласа:

Украина елінің  
Украин ұлының  
Мен естідім жырлаған  
Тарастаның бұлбұлын...

— деп тар заманда Тарас Шевченкоға күнірснес үн қосып, мұнчас болғанын жырлады. Екі ғасырдың күесі болған

Жамбыл “Тарас” атты олеңінде Тарас арман еткен өмірді өз көзімен көріп, оның өсистін сонғы үрпактары – көп ұлтты совет халқы бұлжытпай орындаپ отырғанын:

Жырың тарап оқылды,  
Барлық халық тілінде.  
Өлеңін ошпес жатталды  
Қазақтың да елінде,

— деп жыр етті.

Грузия халқының кеменгер ойшылы, дана ақыны Шота Руставелиге “Омір жыры” атты өлеңін арнады

Максим Горький “ХХ ғасырдың Гомері” деп баға берген, Дағыстанның бұлбұлы Сулейман Стальский дүниеден қайтқанда, Жамбыл заманда, сырлас досының қазасына қатты қайғыры, егіле, тебірене жыр төкті:

...Стальский ақынның  
Есіттім міне өлімін.  
Олай болса, төгіл жыр,  
Достым үшін жырламай  
Тыныш қоймак сені кім!

“Пушкинге”, “Шота Руставелиге”, “Максим Горькийте”, “Сүлейман Стальскийге”, “Балам Тычинаға”, “Абайдың сурстіне” дейтін тағы басқа халықтың ардақты ақын-жазушыларына арналған Жамбыл жырлары, әрбір елдің сондай дана ұлдарына деген терең сүйіспеншілік сезімін, ой-пікірін, жүрек сырын шертеді. Халықтардың лениндік достығының жалынды жаршысы болған Жамбыл бұкіл совет жүртшылығының күрметіне боленді. Армян жазушылары Жамбыла сәлем жолдан:

— “Жамбыл қазақ халқының данкы асқан ақыны, ол өзінің күшті, талантты өлеңдерімен армян халқының сүйікті жөне туысқан ақыны болды. Біздің үшкір қаршыға, біздің қымбатты Жамбыл, көп жаса! — десе, өзбек халқы:

“Сіз қазақ халқының адап ұлысыз жөне Сізге совет халқы ортақ, Сізді өзінің ең сүйікті, ең талантты ұлдарының бірі деп бұкіл совет халқы мактап етеді”, — деді.

— Сіз барлық халықтардың, ұлтардың ең сүйікті жыришысы болумен бірге, татар еңбекіні халқының да шын сүйен жыршысызыз оның өміріне, сибетіне, күрессіне Сіздің терең мәнді шығармаңыз үйлесе кетелі, — деп, татар халқы Жамбыла солечи жолдаған болатын.

Әрбір халықтың атынан, корнекті ақын жазушылардан,

ғылым жөне опер қаираткерлерінен, қызыл жауынгерлерден, оқытушы, оқушылардан, жас үрпак пионерлерден Жамбыл атына үздіксіз келіп жататын әлденеше мыңдаған сөлем хат, құттықтау, телеграммалар — халықтар достығы жыршысының жүргөл бүкіл совет халқының жүргімен бірге соғатындығының айғағы еді.

Сонымен қатар бостандық жолында күрес жүргізіп жатқан шетелдер еңбекшілеріне Жамбыл жырлары жігер, қайрат беріп, оларды рухтанғышып отырады,

Халықтар достығының береке-бірлік күшіне Жамбыл жантотімен сенетін еді. Егер де Отан — анамызға зұлым жау еса іандық жасап соқтық-са, совет халқының ежелгі ынтымак, құрылтай берік достық қуатының қаһарына ұшырап, тастақаны шығып, қүйрейгінің соуегей карт жырау құмән келтірген емес.

Ұлы Отан соғысынан бұрынғы олен-жырларында:

...Он бір Одақ слімнін,  
Халқы бірге туысқан.  
Он бір Одақ слімнін  
Еңбегі, коркі тоғысқан.

...Құланшты алға сермейміз,  
Күннен күнге орлейміз.  
Бұл байлықтың жалғыз да  
Түйірін жауға бермейміз.  
Жау тиіссे бір шеттен  
Тас-татқан ғып түйрейміз,

— деген болатын Жәксен.

1941 жылы Отанымызға неміс басқыншылары онасыздықтан шабуыл жасап, ел басына қатері қауіп төнген шакта, қаһарына мінген карт акын жай отындей құліретті жырымен зұлым жауға халық қаһарын ғоткі. Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарында тұлдырган патриоттық ерлік жырлары майдандағы жауынілерлерге, елдегі еңбек ерлеріне — бүкіл совет халқына рух беріп, жігерлендіретін елі.

Кас дүшиан Отанымызға соқтықканда, Совет слінін көп үлттарының оз арасында алтыбақан алауыздық туалы, үлт араздығы тұғанады деген есустық есепке сенген жау халықтардың лениндік достығының болаттай берік, мызғымас қамағына ған болды. Халық қаһарына ұшыран, мысы құрып қүйрелі.

Халықтардың лениндік достығының жалынды жаршысы, кезінде Қазак ССР Жогарғы Советінің депутаты, Мемлекеттік

сыйлықтың лауреаты болған, үш орденді Жамбыл Жабаев 1945 жылды 22 июнь күні 100 жасқа аяқ басқан шағында дүниелен кайтты,

Жамбылдың туғанына 125 жыл толатын мерекесін бұкіл совет халқы салтанатпен тойлағалы отыр.

Женісім женістердің аскарындей,  
Лениннің ітгері аяқ басқанындей,

— деп Жамбыл айтқандай, женілмес Ленин туы нық астында Коммунистік партияның басыныстығымен коммунизм шынына құлаш ұрып келе жаткан қоп ұлттың туысқан совет халқы өзінің сүйікті ақынын мәңгі бақи ұмытпайды. Жамбылдың ардакты есімі, ақындық мұрасы халықпен бірге жасайды.

“Семей таңы”, 30 сентябрь, 1971 жыл.

## ӘЙГІЛІ ӨНШІЛЕР ӨМІРІНЕН

Әлемге аты әйгілі онерпаздар – Майра мен Өміре жайында аз жазылған жоқ. Олар жайында қалам қайраткерлері – ақын, жазушылар олец, жыр, поэма, драмалық шығармалар жариялады. Онер қайраткерлері олардың өншілік, композиторлық, ақындық онері туралы зерттеу жұмыстарын жазып, жарыққа шығарды. Осының бәрі – халықтың қалың ортасынан қайрап шыққап табиғи дарынды ардагер ұлы мен қызының, ұлттық мактансышының қадір-қасиетін терең түсініп, олардың тарихи-модени еңбегін күрмет тұтып, бағалай білудін айнағы.

Өміренің де, Майраның да көздері тірі кезінде олардың нақтылы өміrbаяндары қағаз бетінс түсірілмеген. Алайда, Өміре мен Майраны корген, білген, істес болған онер, әлебиет қайрагтерлерінің, замандастарының олар туралы азды-қоңті естеліктері бар. Бірак осы мағлұматтар тарихи, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, жүйеге келірліп, олардың ғылыми өміrbаяндары осы күнге дейіп толық жазылған жоқ.

Ол үшін түрлі естеліктерді салыстыра зерттеп, әсіресе, архивтерде сакталған тарихи деректерді тауып, онердің әйгілі екі қайраткерінің нақтылы ғылыми өміrbаянын жазу кажет.

Тіпті Өміре мен Майраның туған, олғен жылдарын оркім әр кітапта әр түрлі жазып келеді. Мысалы, бір жерде Өмірені 1892 жылы туып, 1933 жылы кайтыс болған десе, енді бір

макалада 1896 жылы туып, 1934 жылы қайтыс болған дейді. Тағы бір сибекте 1888 жылы туған, енді бір кітапта 1886 жылы туған дөлінеді.

Майра туралы зерттеушілердің бірі оны 1896 жылы гүпп, 1927 жылы олді десе, біреуі 1926 жылы олді, енді біреуі 1929 жылы өлші дейді. Тағы бір макалада Майра 1884 жылы туған деп болжат жасайды. Бір кітапта: “Майра бойжеткеннен кейін Шорман тұқымдарының Өржан деген біреуінс тисді” – десе, екінші кітапта Майраның күйеуін Зәржан деп атайды.

Осы келтірілген аз ғана мысалдың өзі-ақ Майра мен Әміренің омір жолдарының үстірт, шалағай зерттеліп отырғанын көрсетеді.

Біз бұғынгі әңгімемізде Майра мен Әміренің нақтылы өміrbаяндарын баяндап берейік деп отырғамыз жоқ. Ол өнер тарихын зерттеуші мамандардың абыройлы борышы.

Біз Майра мен Әміренің Семей қаласындағы өмір кезеңдерін айқын көрсететіп архивте сакталған нақтылы тарихи деректер жайын қыскаша баяндамақтыз.

Ең алдымен Майраның алғашқы күйеуі жайында бір-екі ауыз айта кетейік.

Тарихта белгілі Шорман билін торт баласы болған. Олар: Мұса, Мұстафа, Иса. Әужан. Мұсаның балалары: Сөдуакас, Біләл, Жәмі, Қабыш, Біләлдің баласы – Жаржан, Жаржан Біләлов 1884 жылы туған адам. Павлодар уезд начальнигінің тілмашы болған, болыс та болған адам. Жаржан 1912 жылдар Майрага үйленіп, Майрамен бірге екі жыл өмір сүріп, 1914 жылы қайтыс болған.

Жаржан өлгендегі сон, Майраның Семейдегі өмір кезеңіне келейік. Ол туралы архив документін келтірер алдында. Әміренің ауытшасы, Семейдес үнсемі қасында болған шәкірті, Мұқатай Тоқжігітовтың естелігінен үзінді келтірейік. 1964 жылы “Ергіс” (“Семей таны”) газетінде жарияланған Әміре туралы естелігінде: “Екінші рет мен Әмірені Семейге оқуға келгенде кордім”, – деп келіп, жауырыны жерге тимсеген палуан, Белтібайлың Қажені, тағы басқа адамдармен Әміремен бірге бір мәжілісте болғанда Қаженнің тобелес шығартанына Әміренің окпелегенін айта келіп, екінші күні Қаженнің Әміреден кешірім сұрағанын көрсетеді.

“Жаңалықка жаңы құмар Әміренің сырны билетін Қажен:

– Эбітмәжін келіншек алыпты. естідің бе? – дейді, Әміреке.

– Қайдан алыпты, кімді алыпты?

– Өзім де соны толық білмеймін, түнде естідім, тегі Керску жағынікі болу керек, әйтсуір женгей керемет өнші деседі.

“Әниші” деген сөзді естігенде Әміреде тағат қалсын ба: “әйда жүр. Әбілмәжіндікіне барайық олай болса”, – деді.

Үшіуміз Әбілмәжіндікіне келдік. Үй иесі құшағын жая Әмірсіні бас салып:

– Сағындым-ау, сөулем, әкем Дүйсенбі, шешем Қалипа, жалызың қарындасты Сакыштан сені кем көрмеуші едім, – деп зуылдай жөнеледі.

– Өзеуремей тұра тұршы! Қайырлы болсынымызды айтайық та, өуелі, деді Қажен күліп.

– Иә, иә айтуыңа тұрады, женгей Әміре сияқты әнші озі, – деді Әбілмәжін масаттанып.

Қазак ғүрпүн сактағаны ма, әлде қызғанғаны ма, кім білсін, келінді он жактағы батсайы шымылдықтың ішіне отырғызып койған скен.

Әбілмәжін оны айтып, мұны айтып, әрі-бері жосыды да, төрде тұрган кішкене столдың үстіндегі ақ шілтермен жабулы қара гармонның бетін ашты.

– Әміре, мынау замандасынның гармоны, саусағынды сағындым гой, бір жорғалатшы. Майра-ау, Майра мен айтқан Әміре осы, жаксылап тында, үйреніп ал, – деді Әбілмәжін гармониды Әміреке беріп жатып...

– Пән шіркін, сакылдан-ақ тұр екен тіпті алып қашады, кол тигізер емес, заманлас та осындаи болса жарап еді, – деп Әміре Қаженге қөзін қысып қойды.

...Әннін әр түрлісінен екі-үш ауыз олеңнен айтты да, Әміре Әбілмәжінге гармонды ұстасып:

– Ио, гармонды иесіне бер. лебізін естіртсін... – деді...

Осы мезетте өзгеше бір үн естідік:

– Кызы едім мен Уолидін атым Майра,

Отыз тіс, көмекейден тілім сайра...

· Гармонимен Майраның даусы қалтқысыз бірдей шықты...

– Әнші, әнші-ақ екен, шіркін! Мен әйелдерден мұндай дауыс естіген емес едім, – деді Әміре, Қаженге сыйырлап”.

...Кәдімгі Керекулік атакты әнші Майраның Әміремен бұл алғашкы кездесуі еді...

Енді осы естеліктің шындығын, яғни Майраның Әбілмәжін Дүйсенбинің күйеуге шығып 1917 жылы Семейде болғанын дәлелдейтін, Семей архивінде сакталған тарихи деректі көлтіреік.

Бұл документтен Майраның басынан кешкен өмір кезеңдерінің тағы бір конілсіз коріністерін көреміз жөне осы документте Майраның өз қолымен жазған қолланбасы сакталған. Онда араб әрпімен: “Майра Дүйсенбина” деп кол қонылты. Документті сол кездегі жазылған калында көлтіреміз.

— 1917 года 19 июня я, помощник Комиссара Заречной Слободки (казіргі Жаңасемей қаласы — К. М.) постановил настоящий протокол в следующем: сего числа явилась в канцелярию жена киргиза Абралинской волости Каркаралинского уезда — Абдулмажина Дюйсенбина Майра Дюйсенбина и заявила, что киргиз Мараджинской волости Павлодарского уезда Абдулгалим Тулакбаев — Чегулов заходил к ним в дом вчера т. с. 18-го июня с двумя револьверами в боковых карманах спрашивал ее мужа Абдулмажина Дюйсенбина, осматривал кругом комнаты, немного постоял и ушел, Майра Дюйсенбин добавила, что Габдулгалим Тулакбаев — Чегулов известный хулиган в г. Павлодаре, ввиду его плохого поведения волостное управление не выдает паспорта, его знает по Павлодару, т.к. она рожденка г. Павлодара, она Майра Дюйсенбина объясняет, что он покушается на ее жизнь. В настоящее время он Габдулгалим Тулакбаев — Чегулов находится в гостинице Пастухова в 3 ч. г. Семипалатинска. Дюйсенбина просит задержать его и отправить к месту его жительства.

Подпись заявительницы. (Майра Дүйсембина" деп араб орпімен кол койған — К. М.).

Біз бұл арада озіміз жақсы белестін палуан, сері жігіт Эбілможін жайына жоне оның Майрага үйлену тарихына тоқталмаймыз. Ол озі бір тебе әңгімс.

Енді Эміренің 1917 жылы, Эбілможіннің Майраға үйленген кезінде Семейде болғанын көрсететін архив документін корейік. Ол мынау.

## “СПИСОК

Киргиз, принятых на работу по консервированию баарини, “Кувардак” для нужд Фронтовых учреждений Комитета Западного фронта Всероссийского Союза городов”.

Осы тізімде оныншы болып Эміренін аты тұр.

Сойтіп, 1917 жылы Майра Семейде болған кезде Эміренің де болғанын архив документі көрсетіп отыр.

Және 1917 жылы майданға қуырдақ даярлау жұмысына алынғанда Эміренің 25 жаста екені жазылған. Осы архив документіне сенетін болсак. Эміре 1892 жылы туған.

Ал 1934 жылы Эміре қайтыс болғанда жазған “Әнші Эміре” атты макаласын Жұмат Шанин: “Осыдан отыз атты жыл бұрын. Эміре 12 жасында, бұғанда Жаңасемей, ол кезде Заречная Слободка, кепегі байлың босағасында жүрген жалпы Эміре еді” — деп бастайды. Бұл мағлұматқа сенесек. Эміре 1886 жылы туған болады.

Жоғарыдағы келтірілген тізімге қол қойған агроном Сабатаев үлкен білімді мәденисті ашам болған. Ол 1914 жылы Москвада басылып шыққан “Восточный сборник в честь А. Н. Веселовского” атты кітапқа, Абайдың 4 өлсін (“Аул ночью”, “Лето,” “Пожалейте меня”, “Поэт”) орыс тіліне аударып жариялаған екен.

Ал, Майраның 1917 жылдан кейін Семейде екінші рет болуын, белгілі этнограф Александр Викторович Затасевичтің 1931 жылы жарияланған “Қазактың 500 оп-күйі...” жинағының сскерткіс болімінен оқып, Майраның толық тұлғасын коз алдымызға келтіреміз.

“....Омбыдан Семейге қарай, Ертісті жоғары өрлең келе жатқан “Ленинград” атты пассажир пароходы Павлодардың пристанынан шықпай жатып, төмендегі ушінші класс каютасының терезесінен әсем қоныр, жұмсақ тембрлі контрапальто, әйелдің ең жуан дауысы естіліш... гармонмен қосылып қазак ондерін айтты. Бір минут отпей-ак мен де төменге түстім. Айнала камалан тұрған хатықтың ортасында, жасы отыздан асыңқыраған, арықша келген, корікті, жагығана сәл сопактау... караторы әйел отыр. Құлағында ұзын сырға, омырауында бірнеше қатар тізілген алқа. Үстіндегі жібек көйлегі, иығына бос салған шәлі аса жарасып тұр. Осының бөрінде де ерсі корініп тұрған еш нәрсе жок. Бұдан кейін мен профессионал әнші екенін сезе койдым.

Мен оның ойн тыңдалым. Ән салғанда бірінші планда коятыны: өршіл өктемдік, кен құлаш, от мінез екен. Мен коріп жүрген қазактың бүйігі қыздарынан дол мынадай өршілдіктермен едім. Оның сопакшалау болып келген беті де жалпы қазак қыздарына ұқсамайтының корсетіп тұр.

Енді бұл жұмбакты шешу ғана қалды. Әнін аяктауын күтіп тұрдым да, аты жонін сұрадым. Ол еркін де салмақты сойлең – Майра дейді. Осы есімнің өзі-ак маған біраз нәрсесін түсіндірген дей болды. Мен сырттай білетінмін. Өзімнің кім екенімді айтқанымда, ол да мен туралы естігенін жәнс мені коргеніне аса қуанышты екенін айтты. (Өзі жап-жаксы орысша сойлейді екен), – дейді.

Сойтіп, 1926 жылы жаз айында Майрамен тұңғыш кездесуін Затасевич осылай бастап әңгімелдейді. Одан әрі:

– Семейге дейінгі екі тәуліктік жолда Майра менің 1 қласты салоныма бірнеше рет келді. Пианинода ойнан отырып, мен оның олеңдерін потага түсірдім. Семейге келген соң да мен Майрамен қымызханада кездесіл, әндерін тыңдалым.

Омбыға қайтып бара жатып мен Майраны тағы да Павлодар пристанында жолықтырдым. Коштасып тұрын, әншімен ақыргы рет корісіп тұрғанымды біттедім гой. Осыдан

торт айдан кейін Майра аурудан қайтыс болып, Москвада өтетін қазақ концертіне қатыса алмай кетті, — дейді.

Ол концерттің Москвада 1927 жылы апрель айында болғаны мәлім. Ендеше Майраның дүниеден қайткан уақыты 1927 жыл.

Москвадағы концертке Қали Байжанов, Жамбике Шанина, Әміре Қашаубаев, Дәлила Онғарбаева, Жұмат Шанин, Қалыбек Қуанышбаев, А. В. Затаевич, Фаббас Айтпаев, Серкс Қожамқұлов, Иса Байзаков, Елубай Өмірзаков, Құрманбек Жандарбековгер қатысқан болатын.

Әміре келер жылы (1928) тағы да үлкен концертке қатынасып ән салыны.

Бұл жонінде газетте мынандай хабар жарияланған:

### СТУДЕНЧЕСКИЙ КОНЦЕРТ

“Студенты Казахстана, обучающиеся в Москве, Ленинграде, и Ташкенте устраивают 6 января в межсоюзном клубе, концерт-бал. Сбор пойдет в пользу улучшения быта студентов. В концерте примут участие артисты Ольхов, Затаевич, Амрэ, а так же силы, выделенные из среди студенчества”.

Біз бұл жолы Майра мен Әмірс жайындағы нактылы деректердің біразын ғана көлтіріп отырмыз.

“Жұлдыз”, № 12, 1976 жыл.

### АРДАГЕР АЗАМАТ, ЖАЛЫНДЫ АҚЫН

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына сексен жыл толды. Сұлтанмахмұт хат танып, қолына қалам алып, ғұнғыш өлеңін жазып, ақындық оперді қуам деп өз-озіне серт бергенде он торт жаста скен. 1907 жылы жазған:

Секілді өмір қыска жарты тұтам,  
Наданлар деп ойлап жүр омірді ұтам,  
Аз өмірді ақындық жолға бердім, –

деп басталатын өлсін былайша қорытады:

Сондыктан бар мақсатым олсң жазу.  
Оқу менен бірге ізлеп, қоса қазу.  
Осы ойыма өткен түн серт берілді.  
Менде болмас бұл ойдан омірде азу.

Албырт жастық шагында алып үшкан бала көңілдің өуеніне еріп, осындай серт берстін адам әдетте көп болады да, бірақ сол сертінде тұрып, айтқанынан айнымайтын, алдына қойған максат мұраты жолында, қандай болмасын, ауыр азап, кишини шылдықтарға тозіп, тотеп беретін, оған кабілеті жететін адам тарихта сирек кездеседі. Сондай сирек кездесе тін адамдардың бірі, біздің казақ мәдениеті тарихындағы ірі тұлға – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сұлтанмахмұт жиырма жеті-ақ жыл омір сүрді. Оның шылдықтың жазушылық омірінде ол бір жұзден астам өлең, үш поэма, екі роман, очерк, публицистикалық және әдеби-сын макалалар жазып, казақ әдебиеті тарихында асыл қазына, бай мұра калдырды.

Абайдың “Жаз”, “Болыс болым мінеки” деген екі өлеңі “Дала үолаяты” газетінде 1888-1889 жылы басылған екен. Бұл Абайдың тұнғыш баспасөз бетіндес жарық көрген өлсендері. Ол кезде Абай 44 жаста. Егер, Абай омірі Сұлтанмахмұттың жасында аяқталған болса, онда біздің гарихымызда данышпан ақын Абай болмас та еді.

Сұлтанмахмұт әдебиеттегі Абай дәстүрін заман талабына сай озінше ілгері дамытушы, ұлы ақынның мұрагер шәкірті. Сұлтанмахмұт қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдан соңғы аса талантты, өр жакты ларынды үлкен ақын.

Сұлтанмахмұт балалық шағынан бастап түрмистың таршылық тақсіретін көп тартқан адам. Жас басынан ауыр деріке душар болып азаппен откен аз өмірінде рухани құшкуаты кайтпай, табиғи талант-жігері мұқалып жасымай кеткен - биік жанды, қызу канды. от жүректі, терең ойлы, жалынды ақын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазіргі Қекшетау облысы, Қызылту ауданы, бұрынғы Шагырай болысы, Қарауыл елінің Жадай ауылында, 1893 жылы жанаша 28 октябрь күні дүниеге келіпті. Әкесі Шоқпыт (Шын аты Әубекір) оз елі – Баянауылдан ертерекі кегіп, Қарауыл елінің байы – Әнания легеннің көп жыллар бойы жылқышы болады. Сол елде үйленіп, екі баланың әкесі болған соң өз еліне – Баянауылға көніп келеді. Ол кезде Сұлтанмахмұт торт-бес жаста, інісі Байконыр (Бәшен) екі-үш жаста екен.

Сұлтанмахмұттың жас кезінде шешесі Зағнұн қайтыс болады. Екі жас баланы әжелсері Монган, онан соң өгей аналары Бибіш жақсы төрбиелеп осіреді.

Шоқпыт ескішеле сауаты бар, көніл-козі ашық, жігерлі, кайратты, бір беткей адад адам болыпты. Әкесі Сұлтанмахмұтты 8-9 жасынан бастап ауыл молдаларына сабакқа беріп, 1911 жылға дейін торт молданың аттынан сабак алады.

1911 жылы Троицк қаласындағы медресені бітіріп келген Нұрғалидан бір жылдай оқып, сонын көмегімен әдебиет, тарих, жағрафия пәндерімен танысады. Татар тілінде шығатын газет-журналдарды қөп оқиды. Осы кезде Үбрай Абырай Алтынсариний. Абайдың кітаптарымен танысады.

1907-1911 жылдардың арасында Сұлтанмахмұт: “Жан кайда әділетті іздейтуғын”, “Байлық”, “Кедейлік”, “Сокыр соны”, “Жарқынбай дәулетімен қадірлі адам, болса да көрдей сокыр, нағыз надан” сияқты үзак олеңін жазды.

1912 жылы Сұлтанмахмұт ғылым іздеу сапарында Троицк қаласына аттаанды. Ауылдан алғашқы оқуга аттаған сапарын “Айқап” журналының 1912 жылғы 14-санында былай баяндайды “...Мен озім Семей облысына қараган Баянауыл маңындағы Ақбеттеу болысындағы бір факыр ашамның баласы едім. Ғылым іздеуге арманым болса да, дәрменім болмай жүрген жайым бар еді. Биыл өзіміздің болыстың бас адамдары... мені ескеріп, Троицкіге жонелтті...”.

Сол жылы оз-өзінс тағы да серт беріп, еліне хат жазып, суретін жібереді (газетте жарияланып отырған сурет). Сурет сыртына былай деп жазынты:

Шоқе<sup>1</sup>, менің осы құнгі ойым мынау ғой:  
Шығамын тірі болсам адам болып,  
Жүрмеймін бұғы жиһанда жаман болып.  
Жатқаным корде тыныш жақсы емес пе.  
Жүргенше омір сүріп надан болып.

Мен бауырын жарық құннен сәулө куған,  
Алуга құнді барып белді буган,  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып туган.

Бұл соғым асып айтқан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес.  
Тебем деп тірі болсам нағандықты,  
Серт етіп, өз-озіме еткен етес.

Осындағы көгерінкі концепциянан, келешекке зор сеніммен өнер білім іздеу жолына түсken, таудай талантты, жалыңты талантты жас Сұлтанмахмұт өз бетімен көп ізденіп, қөп оқиды. Абайды, Фабдолла Токайды терең зерттеп, оқып акындық өнерде оларды өзіне үстаз деп біледі. Елдеі бір досына жазған хатында:

<sup>1</sup> Шоқе легені - Сұлтанмахмұттың шоберелес туысы, лосы, әрі құрласы, орысша оқыған, модениетті адам - Шоібай Аманов (1893-1966).

...Достыққа хал-қалырша жәрдемін сал,  
“Дүниес бос, махаббатсыз мал сектің”, –  
Деген созін Абайдың есінізге ал, –

деп, махаббат, достық, аlamгершілік жоніндең ұлы гуманист-акынның осиетін үлгі-онеге етеді. Осы кезде Сұлтанмахмұт: “Дүние”, “Оқып жүрген жастарға”, “Талаптыларға”, “Окуда мақсат не?”, “Анау-мынау”, “Қандай?” тағы басқа көнгеген олеңдерін, “Екі тышқан”, “Кок оғіз” сияқты мысал олеңдерін жазады.

Бар ынта-жігерін салып, тынымсыз оқу, жазу, қүні-түні ойланыш-толғанып, іздену онын үстіне тұрмыс таршылығы, қаражат тапиылығы Сұлтанмахмұтты қатты жүдетеңі. Ақырында ол дәріке шалдығады. Бір қыс оқыған сон екі көзі бірдей ауырып, медреседен шығып қалады. Дол осы кезде өкіле ауруы да білінсө бастайды. “Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін” деп серт еткен Сұлтанмахмұт бұл қалыпта еліне қайтпай, бар қындыққа төзеді. Көзі сауыккан сон, жаздынуні Троицк манындағы қазақ ауылына кетіп, бала оқытады. Сабак беруден бос кездерінде білім толықтыру, өлсөн жазумен шұғылданады. “Зарландым”, “Ауырмай есімнен жаңылғаным” деген өнгіме, очерктерін де осы 1912 жылы жазады.

Күздікүні Сұлтанмахмұт Троицк қаласына келіп, “Айқап” журналының редакциясына хатшылық қызметіне орналасады. Журнал жұмысына Сұлтанмахмұт үлкен ынта-жігермен, зор шабытпен араласады. “Айқапта” акынның бірнеше олеңдерімен қатар оқу, агарту, олебиет мөселелеріне арналған мақалалары жарияланады. Озінің бслілі “Қамар сұлу” романын да осы кезде жазады. “Тентектің жинаған шокпары”, “Тамшы” атты шығармалар жинағын баспаға береді. Бұл соңғы екі кітабы баспа орындарында жоғалып кетеді.

Сұлтанмахмұт олеңдері, озінің көркемдігімен, жатны халыққа бірдей түсінікті қарапайымдылығымен, халық мұддесіне сан идея-мазмұндылығымен оқушысына он салып, толғанлыратын, үлгі-онеге беретін, десерлі сарында жазытады. Ол қандай тақырыпта олсөн жазса да алдына бір айқын мақсат коюып, ел көілін сол мақсатқа аударуды мұрат етеді. Мысалы, акынның “Бір балуанға қарап” деген 1913 жылы “Айқапта” жарияланған олеңі, сол жылы Троицкі циркінде күрескен Қажымұқанға арналған. Осы кішкенес өлснің өзіндес Сұлтанмахмұт терең мазмұнды саяси-олеуметтік мөселе көтереді:

Тұрмысы бұл дүниенін  
күреспен тен.

Төуекел күреске тұс.  
бардағы жен.  
Дүниеде барлығынды  
кім біледі.  
Үйінде ынжықтанып,  
отырсан сен?

— дейді ақын.

Сұлтанмахмұт 1914 жылы жазғытұрым “Айқаптан” кетеді. Ол журналдан кетуі жайында: “Мен өз шікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым... Сондықтан келісе алмадым” — дейді.

1914 жылы жаз айында Баянауылға келіп бала оқытады. Жастардың басын косып, мәдени-ағарту үйим құрып, халық арасында жұмыс жүргізбек болады. Бай туыскандары осындағы иштепті іске жәрдемдессер деп ойлан, ел аралан Шорман ауыттына барғанда обден конілі кайтып, үзілді-кесілді түңгіледі. Осы жол ақын өзінің “Бір адамға” деген әйгілі сатира олеңін жазады. “Тұрмыска”, “Айт”, “Кеш”, “Кошу”, “Туган еліме”, “Ендігі бет алыс”, “Өмірімнің уәдесі” тағы басқа ақынның белгілі олеңдері осы кездерде туалды. Сұлтанмахмұттың бүл олеңдері — халықты қанаушыларға қарсы ыза мен кекгін жыры, туган елін, жерін сүйген жүректен туган сезім сыры, езілген еліне еңбек стіш, азаматтық борышын актауды арман еткен орийл лирикалар болып келеді.

Сұлтанмахмұт өнер-білім қуши, әділет-шындық іздеу сапарына тағы аттанады. Орысша терең білім алуды арман етеді. Осы мақсатпен 1914 жылы Семейге келеді. Окуға түс атмай, Семейден де кетеді.

“Қотанкарагайға кеткенім — ызага шыдамадым, ен шының құн кору үшін кеттім. Колымдағы каражатым Семейде бірақ ай тұруна жететін болды” — дейді. Қотанкарагай одан Тарбағатай елінде 1916 жылға дейін ауыл мектептерінде Сұлтанмахмұт сабак береді. Озі де орысша білімін көтерумен қатты шұғылданады. Тарбағатай елінде жүргендеге очерк, өлеңдер жазумен бірге, өзінің ен ірі шығармасы — олеңмен жазылған “Кім жазықты?” атты романын аяктайды.

1916 жыдың уақығасы бастағанда Сұлтанмахмұт Семейге кайтып келеді. Семейде аз ғана уақыт болады.

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,  
Разымын не корсем де осы жолда.  
Шаршармын, аласармын, шалдығармын,  
Бірақ бір табармын дең конілім сонда,

— деп омір сапарын бастаған Сұлтанмахмұт, орта дөрежелі білім берсін оку орнының даярлық курсына түсі үшін Томск қаласына келеді. Томскідегі хал-ахуалын бір хатында былай деп жазады: "...Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам), күр шай мен нац. Кийім алғаным жоқ. Қүні-тұні айналдырғаным ала қағаздың беті... Халім осы. Соңда да қайғырмаймын. Бір тиынным қалғанша оқимын. Соңан соң, тұрмыс қандай жүк салса да көтерем. Бірақ көнілім оқуда болмақ".

"Сұлтанмахмұт, осіресе коркем әдебиетті коп оқыды, коп жаттады. Абайдың, Габдолланың, Салтыков-Шедриннің, Лермонтовтың шығармалары мен ауыз әдебиетін, халық өлеңдерін жас кезінің озінде бас алмай оқып, ылғи жаттап жүруші еді. Кейінректе Л. Толстойдың, Гончаровтың, Кольцовтың, Некрасовтың сәбектерін де көп оқыды. Соларға еліктеп олең де жазып жүрді... Мен Герценнің кітаптарын да оқып жүргенін көрдім", — дейді Шайбай Айманов, өзінің 1960 жылы жазған естелігінде.

Сол кезде 1917 жылы жазған "Шәкірт ойы" деген өлеңінде

Қаранғы қазак көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қаранғылықты қөгінс,  
Күн болмағанда кім болам?  
Мұздаған слідін жүргегін,  
Жылдытуға мен кіремін.  
...Тұрмыс, тағдыр бірі де.  
Бұл мақсаттан бұра алмас.  
Қаһарман Рустем, Әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың құлқісі,  
Алдандырmas бір ісі!

— дейді.

1917 жылы февраль революциясы жеңіп, пагша тақтан қулаганда, коптен күткен ұлы арман енді орындалды деп қуанған ақын:

Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпакқа бізді ойлаған,  
Қанымызға тойімаған,  
Қолымызды байлаған  
Өшті залым карасы!.

— деп жырлайды. Февраль революциясының байыбына бара алмайды. Осы қуанышпен Сұлтанмахмұт Семейге келеді. Бұл

кезде казактын буржуазияшыл-ұлтшылдары оздерін бүкіл қазактын камкорымыз, азаттық күні туды, өз алдымызыға ел боламыз, деп жалған ұран котеріп, алаш партиясын, Алашорда үкіметін құруға жанталасып жаткан еді. Семейде “Сарыарқа” газетін, “Абай” атты журнал шығарып, доуірлесіп, даурығып жаткан үстіне келген Сұлтанмахмұт олардың түн мақсатын түсінбей, соларға еріп кетті. Бұл Сұлтанмахмұттың адасқан кезеңі болды. Осы кезде ол ұлтшыл-байшылдардың “идеяларын” дөрітпеп бірнеше олең арнады.

Бірақ Сұлтанмахмұт озінің адасқанын сол 1917 жылы-ак түсіне бастады. Сентябрь айында жазған “Жас жүрек” леген олесінін:

Бұғінде адасудан көз ашпадым,  
Не норсені дұрыс деп тап баспадым.  
Дүниеден басқа ракат гілемеймін,  
Кеш арым, мен білместің адасқанын,

— деп корыталы. Сұлтанмахмұттың ерте басталған окпе ауруы күшнейін көтіп, бірсесс Томск қаласына барып сімдеін, бірсесс Абай еліне барып, бірнеше ай жатып қайтады. Ақыры алашордашылардың екіжүздігіне әбден көзі жетіп 1918 жылы туған еліне — Баянауылға кетеді. Елінде емделіп жатып, жазуын тоқтатпайды. “Адасқан өмір” атты лирикалық-философиялық поэмасын жазады. Бұл поэма озінің идеалық-мазмұны жағынан, коркемдік түр жағынан қазақ әдебиеті тарихындағы жаңаатық болды. Поэмада қоғамдық — құрылым, адам өміріндегі мақсат-мұрат мәсслесі, әділесттік, сінбек, өнер-білім, байлық пен кедейлік, теңсіздік, соғыс, дін, саяси-әлеуметтік мәселелер, тағы басқа өмір құбылыстары камтылады. Осындағы күрделі мәселелерге ақын еңбекші бұқара халықтың тілек-мұддесінің түрғысынан қарап, ой-пікір корытындыларын айтады. Ақын поэмада кімнің мұддесін корғап, кімнің жырын жырлайтынын анық аңтарады:

Бейшараны шын досқа санар едім.  
Ол үшін оқ астына баар едім.  
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,  
Қорықпай жалғыз жакта қалар едім,

— дейді. Адамды адам қанамайтын, адап еңбек пен бакытты өмір жасайтын заман бейнесін поэмада шабыттана жырлаған ақын, сондай өмірге жету жолын нұскап алмайды. Оған ол кезде Сұлтанмахмұттың өресі жеңе алған жок. 1919 жылы ақын “Кедей” поэмасын жазды. 1919 жылы декабрь айында

Павлодарда Совет өкімсті орнаған соң Сұлтанмахмұт Совет қызыметіне белсенді кірісіп, Шілдерті болыстық революциялық комитетінде қызмет істеп жүргенде, науқасы қүшейіп кетіп, тосек тартып жатып, 1920 жылы 21 май күні 27 жасында дүниелен кайтты. Сұлтанмахмұт қиянкеssé тарихи уақығаларға толы, ұлы революциялық күрес дәуірінде омір сүріп, озінің ұлы арман еткен заманының шет жағасын гана коріп кетті. Азаппен откен аз омірінде Сұлтанмахмұт әдебиетіміздің әр саласында үлгілі әдеби мұра қалдырыны кетті. Оның шығармалары біздің заманымызда әлденеше рет, мол гиражбен басылып шығып, орыс тіліне аударытып, ақынның аты бүкіл совет халқына әйгілі болды. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектері зерттесін, көнтесін монографиялар жазылды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – Қазак ССР тарихынан, қазак әдебиеті тарихынан құрметті орын алған тарихи ірі тұлға.

Ақынның туғанына 80 жыл толған күні бүкіл Қазақстан жүртішілігі, Сұлтанмахмұттай ардагер азаматын, оділеттің жарнисы болған ұлы ақынның ізгі конілмен, зор құрметпен еске алады.

## ӘБІЛХАЙЫР ДОСОВ

Қазақстанда Совет оқіметін құруға белсene қатынасқан, азамат соғысының от-жалынды жылдарында қан майданда революция жауларына қарсы құрескен, республикамызда партиялық – мемлекеттік істі үйымдастырып, басқаруда ұлken еңбек сінірген ірі қайраткерлердің бірі – Әбілхайыр Досов елі.

Осыдан 38 жыл бұрын Досовты Семей қаласында көріп жүрдік. Ісім түсіп, ол кісінің алдында екі рет болып, адам іершілігінс. әділдігінс қөніл голып, естен кеңестей жақсылығын көріп, қуанышқа боленін шыққаным да бар.

Әбілхайыр Досов, зор, сом денелі, палуан тұлғалы, батыр кескінді. кісі еді. Семей еңбекшілері оны ертеңен білестін. Ел Досовты қатты қадірлеп, аузынан тастамайтын.

Досов жайын әңгіме еткенде. Семейдің архив материалдарына, әсіресе ол туралы коп жазған “Қазак тілі”, (“Семей таны”), “Степная правда” (“Иртыш”) газеттеріне сүйенеміз.

Әрине, Досов сияқты ұлкен қайраткерлердің оміrbаянын, тарихи еңбесін бір әңгімеде түгел камтып айтуда мүмкін емес.

Біз оның Семейде қызмет еткен кездерінс көбірек көніл болеміз.

Әбілхайыр Досов, Қазақстан Советтерінің Бірінші (құрылтай) съезінде (1920 ж., 4-12 октябрь) Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі болып сайланады.

“Қазак тілі” газетінің 1921 жылғы 126 санында:

— Кир. ЦИК-тің (Қазақстан Орталық Атқару Комитетін ол кезде солай ағаған. К. М.). екі облысты алатын комиссиясы Омбыға келіп отыр. Комиссияна бастық болып келгендердің көбі Кир. ЦИК-ке мүше болып отырган казак азаматтары. Преседателі Кир. ЦИК-гің бастығы Менделев жолдас.

Осы комиссияның мүшесі Әбілхайыр (Досов К. М.) жолдас 27 мартаң күні Семейдегі Нығметті (Нұрмақовты К. М.) төте сымға шақырып, соз сойледі. Әбілхайыр созіне қарағанда: Сибревком комиссиясының келуін де, облыстарды беруді де мезгіллі деп тапқан корінеді, — деп жазған.

Екі облыс деп отырганы Семей, Ақмола. Ол жылдары бул екі облыс уақытыша Сибревкомға (Омбы қаласы) қарайтын. Сол екі облысты ҚазАССР-на қабылдан алу үшін құрылған комиссияның мүшесінің бірі Әбілхайыр Досов болған.

“Қазак тілі” газеті 1922 жылы 24 ноябрь күнгі санында мынандай хабар жазыпты:

— 7 ноябрь (октябрь төңкерісінің ұлы мейрамы) күні, паралған тарқаганнан кейін, 400 шаматы жұмысшылар Семей қаласындағы Луначарский атындағы театрға сағат бірден жиылып, сағат 4-те тарқады. Мұндағы сойлеушілер Досов, Егоров жолдастар, Совет окіметінің 5 жыл жасап келгендері тарихын, ішкі, сыртқы жауларын һәм осы күнгі саяси ағымын, жұмысшылардың қандай халде екенін, тоңкерістің оларға қандай пайда келтірғенін, енді жұмысшылардың үйымдастып, берекелесіп іс істсөн көрек екендігін, екесуі екі жарым сағат сойледі.

Досовтың жұмысшылар тұрмысына ерекше көніл бөліп, үнемі назар аударып отыратынын “Қазак тілі” газетінің 1923 жылғы 5 маін күнгі санындағы: “Бірінші Май мейрамын Затон жұмысшылары қалай өткізді” деген хабардан тағы да айқын анғарамыз. Хабарда былай делінген:

— Бірінші май мейрамы күні Затон жұмысшылары катарға тізіліп, жалпымен бірге Май мейрамын құрметпен откізді. Арапарына газеттер таратылды.

Кенинде Затоннан автомобилдермен әкелініп, қала бақшасында болған тамашаларға енгізілді. Ойын үйінің ілгергі катарынан орын алынып, “Бірінші Май мейрамының тарихы

һөм маңызы” туралы Досов жолдастын баяндамасын тындалды. Қазақ жұмысшыларының рухы көтеріліп, қуанышта болды.

Газет оқымаған, Май мейрамының тамашасына қатынаспаған қазақ жұмысшылары болмады.

Енді бір макалада:

“1923 жыл – “Қазақ тілі” газетінің өз өмірінде жаңа дәүірге кошкен кезі. Губерниялық партия комитеті газет жұмысына айрықша назар аудара бастады.

Газет басына озінін адамын койып, басқару жұмысын түгсіл колға алды. Досов Әбілхайыр сияқты жолдастар әдейі газет ісіне жегілді”, – деп жазған.

1922жылдан Семей губерниялық Атқару Комитетінің председателі Досов баспасоз жұмысына тікелей басшылық етіп отырғанын көреміз.

1924 жылды ноябрь айының 22 күнгі “Қазақ тілі” газетінде жарияланған “Жолдас Досовмен әңгіме” атты колемді хабарда: “Кеңестер Одағының Орталық Атқару Комитетінің мүшесі һәм Семей губерниполкомының төрағасы Досов жолдас жақында Мәскеуде болған Одактық Атқару комитетінің 2-толық жинальысының ісі тақырынты, басқарма уәкіліне... мағлұмат берді” – деген.

Бұл сөз болып отырған жиналыс Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясын қабылдайтын, ССРС Советтерінің съезі болатын. Әңгімесін “Үлттар кенесі – езілгендер теңдігі” деген мәселеден бастаған Досов “Кеңестер Одағының Атқару Комитетінің бұл жиынтысында іштегі іске негіз беретін, мемлекеттің сыртқы саясатын да орнықты қүйге түсірстін, корнекті жұмыстың аттынғысы – үлттар кенесі мен Одактық кеңестің алғашқы іске бірінші кіріскен қадамы болды.

Біздің Кеңестер Одағының мемлекет ошагын қатар басқаратын екі орыннан құрылғанын көпшілік түсінгендей. Мемлекетті басқарудың бұл сияқты түрі езілген үлттардың көсемі – көпшілдер – Коммунистер партиясының үлт саясатынан шыққан коп қорытынды, тиянакты жұмыстардың алғашқысы десек іс болады” – дей келіп, Конституцияның саяси, тарихи маңызды баяндайды:

“Мемлекет жұмысына езілген елдердің бәрін де қатар отыртып, үкіметтік құру тортібі – бұл жалғыз-ақ біздің Советтер одағындаған. Езілген үлттар мен сінбекші кара бұқаралың һөм жұмысшылардың бірлігінін негізін орнату біздің көншілдер басқарған Кеңестер Одағының ғана қолынан келеді. ...Әлеуметтік “занды” тістеткен байнылдар дүниесінде бұл сияқты түр түске де кірмейді.

– Міне бұл әңгіменің барлық байлауы осыған тірелмек”,

— дейді Досов. Әңгімесінің соңында “Бұл табысты сактау жалпының міндегі болса, бұл табысты Қазақстан тұрмысына дөлелдеп, коппен бірге комектесу — езгіде оскен казак жұмышшыларының, қазақ жастарының, әлеуметшілікті аңсаған жалпы қазақ азаматтарының һөм қазақ копшілдерінің борышы”, — деп корытады.

Осы 1924 жылы болған СССР Советтерінің II съезінде СССР Орталық Атқару Комитетінің Үлттар Советінің құрамына бес адам сайланады. Олар М.А. Атаниязов, А.Т. Жанкелдин, А.И. Досов, Н.Н.Нұрмаков және И.Ф. Кисилевтар еді.

Әбілхайыр Ысқақұлы Досов бұрынғы Қекшетау уезінің Қотырқол деп аталатын болысында 1899 жылы дүниеге келген, казактың кедей шаруасының баласы. Жасынан ауқатты ағайындарының қозысын бағып, жалшы бала болып оседі.

12-13 жасқа жеткен шағында, әкесі Әбілхайырды Қотырқол станицасының казак-орыс байларына жалшылыққа береді. Әуелде Мельников деген байдын жұмысын істей жүріп, кейін Хамула дегенинің жалшысы болады.

Бала жасынан сіңбек — байнет талқысын көріп өскен жігерлі, ширак әрі зерек Әбілхайыр орыс тілін тез үйреніп алады. Откір, әжет, зерделі-зейінді Әбілхайырды Хамула байдын баласы үнатып, жаксы коріп, бауырына тартады.

Николай Хамула білімді, мәдениетті мұғалім екен. Ол Әбілхайырга ерекше қоціл боліп, оған сабак беріп, хаттанытып, сурет салу онерін де үйретеді. Таңарты, ұғымтал Әбілхайыр сурет салуды да үйреніп, бастауын мектеп дәрежесінде білім алады. Николай Хамула Әбілхайырга барынша қамкорлық жасайды. Оны орыс мектебіне оқуға түсіреді.

1914 жылы Хамула қызмет жонімен Омбы қаласына ауысады. Озі тәрбиелен, қамкорлық жасаған және келсешегінен үміт күткен шоқірті — Әбілхайырды, озімен бірге Омбы қаласына ертін барып, орыс мектебіне оқуға түсіреді. Қөп кешікпей Николай Хамуланы патша әкімдері тұтқынға алады. Ол жонінде Әбілхайыр Досов:

Омбы семинариясын 1910 бітірген Николай Хамуланың өзі жасырын қызметте жүрген большевик екен, — дейді.

Хамуло тұтқынға алынғанда 16 жастагы Әбілхайыр қамкор адамынан айырылыш, жетімсіреп қалған еді.

Бұл жылдары Омбының мұғалімдер семинариясында Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмаков сияқты революционерлер, болашақ корпекті мемлекет қайраткерлері бастаған, қазақ интелигенциянің үлкен тобы оку оқитын. Әбілхайыр енді солармен танысып, араласып кетеді.

Ол кезде, – дейді Әбілхайыр Досов, – Омбыда оқитын қазақ жастарының “Бірлік” атты үйімі бар екен, басқаруушы Сөкен екен. үйім “Бірлік” есімді қолжазба журнал шығарады екен. Мен осы журналды суретпен әдемілеу ісіне, қолдан кобейту ісіне араластым да, Сөкен арқылы біргінде Омбыда жасырын қызмет атқаратын большевиктермен танысып, революциялық үгіт-насихат істермен шұғылданым.

Сойтіп, 16 жасар Әбілхайыр революциялық күрес жолына түседі. Омбыда оқып жүрген революцияшыл рухтағы, кейін белгілі қоғам кайраткері болатын Тауган Арыстанбеков, Жанайдар Садуақасов. Хамза Жұсіпбековтермен бірге, Әбілхайыр Досов, революцияшыл оқушылардың “Демократ советі” (“Демократический совет учащихся”) атты үйім ашаады.

1917 жылы февраль революциясынан соң Әбілхайыр Досов Омбы қаласында губерниялық Совдеп үйымдастыру жұмысына белсene қатынасады. Омбыда Совдеп құрылып, қалыптасып іске кірісек соң, губерниялық Совдеп Досовты Кокиетау уездік Совдепті қүшетуге жіберелі. Кокиетау Совдепінің преседателі белгілі казақ жазушысы, революциянер – большевик Сабыр Шарипов болатын. Тәжірибесі мол революциянер – большевик Сабыр Шариповтың ен сенімді серігі – Әбілхайыр Досов Көкшетауда жұмысқа қызу кіріспін, енбекші халық алдында абырайты болып, елге атағы жайылың, жұмыс істеп жүрген шакта революцияға, жас совет үкіметіне зор қауіп туады.

1918 жылдың май айында Америка, Англия империалистерінің тікелей басынышы – нұсқауымен ак чехословак оскері, ақғвардияшылармен қосылып, Совет үкіметіне карсы контрреволюциялық күрестек шықты.

Олар Сибирьдегі Совет үкіметін құлатып, 1918 жылы, 7 июняң Омбы, 23 июняң Қостанай, 5 июляң Уфа қалаларын басып атады.

Совет үкіметіне осындай қатер төнгенде, Әбілхайыр Досов, Позиснека бастаған Сибирьдегі белгілі қызыя партизан отрядына қосылып, қолына қару атып, жауға қарсы соғыс майданына шықты.

Колчак үкіметі жойылып, Сибирьдегі Совет үкіметі қайта орналады. Омбыда Ревком құрылған соң, Әбілхайыр Досов Кокиетауга қайтып келіп, жергілікті совет үкіметін қүшету ісіне кірісті.

Омбы Ревкомы Досовты Кокиетаудан шакыртып атып, партия – совет жұмысына қости. Досов – қаламы откір тұнғыш совет журналистерінің бірі, әрі ақын еді. Ол Омбыда

шығатын “Кедей сөзі” газетінің редакторы болды. Макалалары, өлеңдері де осы газетте алғаш жарияланған.

1919-1920 жылдары революция жауларына карсы құрес жүргізу үшін құрылған Тотение комиссияның Кокиетаудагы бюросының преседателі қызметін атқарды.

Одан соң Орталық Партия Комитетінің Сибирлік Бюросында мұсылмандар секциясының менгерушісі болып істейді.

1920-1922 жылдары Орынборда. Қазақ автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің жауапты секретары және Қазақстан Соғыс Комиссариатында Соғыс Советінің мүшесі болып, мемлекеттік және әскери жауапты қызмет атқарды.

Семей облыстық архивінде сақтаулы документтерде Досов туралы мынандай мағлұматтар бар. 1922 жылы 13 сентябрьде Семей губаткомы пленумының мәжілісі болған. Можіліске Досов, Егоров, Мазуревич, Рожков, Шанин, Мусин, Лекеров, Кремлев, Тұрғамбаев, Алдабергенов, Жанғалиев және Молдажановтар қатынасқан. Қаралған мөселе Губаткомның Президиумын сайлау. Губаткомның преседателі болып Досов сайланған. Президиум мүшелері Егоров, Мазуревич, Рожков, Подхватовский және Задорин, Кремлев кандидат болып сайланынғы.

1922 жылы 16 октябрьде Досов өз қолымен толтырған анкетада 1899 жылы туғанын және өмір кезеңдерін баяндайды. 1917 жылдың 15 мартан Омбы Облсоветінің инструкторы болып істегеннен басталған қызмет жолын айта келіп, 1919 жылдың РКП (б) мүшесі екенин жазған.

Сойтіп, Әбілхайыр Ыскакұлы Досов 1922 жылдан Семей губерниялық Атқару Комитетінің преседателі қызметін атқарды.

Бұл жылдары Қазақстанда аграрлық реформаларды жүргізу, халық шаруашылығын қалыптау, Қазақстанды социалистік жолмен индустріяландыру, ауылды онан әрі советтік дірудің жолындағы құрес жүргізіліп жатқан тарихи манзызы зор кезең еді. Экономика мен мәдениетті өржендешту жұмысының қызы жүріп жатқан жылдары болатын.

Міне, осы жылдары, яғни 1922-1924 жылдары, Әбілхайыр Ыскакұлы Досов, Семей губерниялық Атқару Комитетінің председателі қызметін атқарып, озінің қабілетті үйымдастыруны, жалынды насиҳатины, ысылған журналист, бай тәжірибелі ірі қоғам қайраткері, партияның адал ұлы екенин айқын танытты.

Сәксен Сейфулин Әбілхайыр Досовтың жалшылықта

откен жастық шағын суреттей келіп, енді Ұлы Октябрь революциясының арқасында, үлкен партия, совет қызметкери, корнекті қоғам қайраткері дөрежесіне жеткен кезін, 1923 жылы, Досовка арнаң жазған “Біздің ұлан” деген өлеңінде:

Ол ер жетті, күндер өтті,  
Бостандық та келіп жетті,  
Кызыл күн!  
Жарлы табы еркін алып,  
Жер күнірентіп ұран салып,  
Шықты үн!  
Қара бала құстай түлең,  
Жеткеппен соң мұндай тілек  
Шаттанды.  
Дәл озіндей каралармен,  
Жалшы “жұрын” балалармен,  
Аттанды.  
Ол күресті ұлшылмен,  
Ол күресті отаршылмен  
Тіресті.  
Ол күресті тақ құмармен,  
Аланес сүм бақ құмармен  
Күресті...  
Ылғи сүмға қарсы тұрған,  
Батты оларға бетке ұрган  
Ызғары,  
Күндіз-тұні тынбай істе,  
Қара онайқе бешпент үсте  
Былғары.  
Соз сөйлесіді сырдай тасып.  
Тосін керіп, алшаң басып.  
Солай өсіп біздің батыр,  
Аттап басып келе жатыр,  
Солайша!....

— деп, жалынды революционер, ержүрек, кайтпайғын қайсар большевик, ірі қоғам қайраткері – Әбілхайыр Досовтың тарихи накты тұлғасын ақын шыншылдықпен суреттеп берген.

Семей губаткомының преседателі болған жылдары Досовтың қызметін, оның іскерлігін сипаттайтын архив документтері, газет материалдары соншама мол.

Бірнеше мысал келтірейік. “Қазак тілі” газетінің 1924 жылғы санында: “Жоллас Досов. Ленин туралы” деген хабарда: – Губисполкомының төрағасы Досов жоғадас газет хабаршысына мынадай мағлұмат берді:

“Атакты косеміміз Ленинді Семей губерниясының енбекшілерінің есінен шығармастай қылышпактау үшін, Семей қаласында Лениннің ескерткіш рәсімін орнатпактыз.

Губиспалком Президиумының жақында болған жиылдысында осы мөселе қаралып, шешілді. Бұл жұмысқа тез кірісу үшін айрықша комиссия жасалды.

“Барлық енбекшілер, өлеуметшіл мекемелері, жұмысшылар, қара бұқара халықтар, әсіресе қазақ елінің езілгендері, жолдас Лениннің істеген қызметінің бағаларын ұмытпай, ол туралы істеліп отырған шараптарға айрықша көніл бөлулері тиіс деп білемін” – дейлі Досов.

“Қазақ тілі” газетінің 1924 жылғы 33-санында жарияланған: “Жолдас Досов Қарқаралыда” атты мақалада:

Семей губисполкомының бастығы жолдас Досов жақында Қарқаралыда болды. Исполкомнан бастап, бүтін болімдерді аралаң, бөлім басындағылардан есепті баяндамалар алды.

Бірінші март күні уездік партия жиылдысын анып, оны да 3 күнде бітірді.

Айтқан создері, істеген істері қышыған жерді айтпай-ак тапқандай болды.

Кошеде лірлектеп, қайыр сұрап жүрген, екеу-үшеу болып қол ұстасқан жетімдерді көріп, мынадай істер істеп кетті.

— 50 балалық балалар коммунасын анып, оларға үй даярлатып, жататын орындарын, киетін киімдерін. іштін тамактарын даярлатып, школ ашты. Қаланың барлық тігіншілерін уездік партия үйіне жинап, 3-4 жұз кез бұл алып, жоғарыда айтылған балаларға киімдер тіктіріп жатыр. Үй жылдыны, киімдер бітгі, тамак даяр болды. Жетімдердің козі ашылды.

...Енді олар адам болды.

— Досов жолдас 2 марттың кешінде Қарқаралының барлық оқыған азаматтарын (61 адам) жинап, сағат 8-ден 11-ге дейін өнгіме бастады. Бұл жиылдық оқығандардан басқа адамдар да Досов сөзін естүге құмарланып, медресеге сыймай кетті. Өнгіме соңға әсерлі болды.

...Көп сөздің қорытындысы: қалада, уезде казақ тілін іске асыру болды...

Сөйтін, мұндағы жұмыстарын бітіріп, 4 марта, танертең сағат 5 те Кереку журіп кетті.

Енбекшіл елдін басғаған азаматы үйықтамайтын, ерінбейтін, шаршамайтын Досовтай болса, езілген казак пеп мұжықтың көзі тез ашылатынына көміт сенесін. Азамаі болсан, қызмет қылсан, осындаі бол!

...Біздер жауапты қызметтің басында отырып, атакқа моз болмай, бір күні конакқа яки сауыққа барып, бір-екі сағат

кеш қайтып, шаршалық деп, ол күні қызметке түсте барып, яки бармай да қалып, үйіктан отырсақ, біздің атымыздың кім болары, ісіміздің не болары айтпай-ақ мағлұм ғой”, – деп корытады “Қазақ тілі” газеі.

Қарқаралыдан аттанып, Кереку (Павлодар) уезіне келгені, Екібастұз жұмысшыларының ортасында болғаны жайында, “Қазақ тілі” газеті: “Жоллас Әбілхайыр Досұлының Екібастұздағы қызметі” – деген мақала жарияланған. Онда былай дөлінген:

– Осы жылы үстіміздегі март айының бас кезінде болған, Павлодар уездік 5- партия тобын откізуге келген губатком тәрағасы, губком мүшесі, жолдас Досұлы партия тобы біткеннен кейін, топқа келген Екібастұз уәкілдерінің суралу бойынша және өзінің алдағы құрған шланын еске алып, 13 марта уәкілдермен заводтагы жұмысшы туысқандарға барды. Барысымен кенес жұмыстарын қарастырып, барған кешкісінде дайындалып, койылғалы тұрган сауық кеші жасалып, сауыкка жиналған жұмысшыларға жолдас Әбілхайыр үкіметтің ішкі, сыртқы халдері туралы баяндама жасады.

– Ертсінде Екібастың барлық жұмысшыларының, қызмет несі адамдарының толық жиылдысы болды. Жиылтыска 500 шамасында адамдар жиналды...

Жиылтыста екі түрлі мәселе қаралды.

I. Оргакшылдар партиясы қайдан шыкты, қашан басталған, кім жасаған, Ленин кім?

II. Жолдас Ленин өлгеннен кейін жұмысшылар, ортақнылдар қандай түрде қызмет істеп, кай жолмен жүрмек?...

Осы мәсселелер туралы жолдас Әбілхайыр толық баяндама жасап, жиналған халыққа толық түсіндіріп, екі тілде айттып өтті.

...Сонан соң партия рудкомының заседанияларын жасап, көп нұсқа көрсетті.

Бұдан кейінгі ілгергі орындағы азаматтар, жолдас Әбілхайыр сияқты, жұмысшы жолдастарын еске алып келіп, халдерін білудерін жон кореміз.

Келешек жұмысқа жән-жоба көрсетіш, жұмысшыларды аятып, сезім кіргізіп кеткен жолдас Әбілхайырга жұмысшылар атынан ырзалақ білдіреміз.

Осы жолғы сапарында Әбілхайыр Досов Павлодар қаласының жұмысшыларының алдында: “Ленин жөне ленинизм”, “Жұмысшылардың халі және міндеттері” деген тақырыптарда баяндама жасаған.

Әбілхайыр Досов Семей губаткомының преседателі қызметін аткарлып тұрган жылдары, оның оқу-ағарту, мәдениет, баспасоз, шаруашылық салаларында істеген жемісті

еңбегі, өнегелі істері газет бетінде толық сипатталаған, жазылып қалған. Өзі атқарып отырған қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарау, бір басталған итілікті ісін аяқсыз қалдырмау, жеріне жеткізіп тындыру, сергек сезімтәлдік, тиянақтылық, үқыптылық осының бәрі нағыз лениншіл Досовтың жарқын бейнесін айнаңтай танытады. Әсіресе жетім қалған балаларға әкелік қамкорлық жасап, оларға коммунистік тәлім-тәрбие беріп осіру – Ленин осиеттерін бұлжытпай орындаудағы ең басты міндеттінің бірі деп білген Досов. Қарқаралыдағы бастамасының толық жүзеге асуын жазбай бакылан, үлгілі, өнегелі, итілікті іске айналуын үнемі қалғандаған отырған. Осы бастамасының нақтылы нәтижесін “Ленин атына ашылған балалар коммунасы” деген газет мақаласы (“Қазақ тілі” 1.05. 1924) толық баяндап береді.

Досов қазақ кедей балаларының оку оқып, білім алушына ол жылдардағы қызындықтарға қарамастан, оку іздел елден келген балаларды түгелдей оку орындарына орналастыруға бар ынта-жігермен кіріскеен.

“Қазақ тілі” газетінің 1924 жылғы 22 августагы санындағы: “Губисполком маңында” деген хабарда:

Семейде оқу басталуына олі ертөрек болса да, елден жалаңаш жалпы оқу іздел келіп жатқан кедейдің балаларының саны күннен күні е артын келеді. Семейдегі тәрбие үйінде түрған жетім балалар да оқуға ынталы екснің сездіріп, жетімханадан оқу үйінсі кошірініздер деген сұрауларын ұсынып отыр. Осы ҳалдерді еске алып, губисполком торағасы Досов жолдас губерниялық оку болімінің бастығына:

“Семейге оқуға келген қазақ баласынан окуга кіре алмай, бір де бір бала еліне қайтпасын. Қанша келсе де, барлығы Семейдегі школдарға тегіс сыйғызылысын. Қазір келіп жүргендерге, бұдан былай келе бастағандарға потер тауып берілсін” – деген ұсынды.

Осы күні қазақ пәндиҳанумы үйіне пәтер берілді. Балаларға отын, су, ас пісіріп беретін адам қазынадан.

Школа ашылысымен школа кірмек. Жегім балалар үшін арнаулы бір школа ашылмақ. Губисполком арқызы Ташкентке ірі окута 2 жігіт, Орынбордағы өскери школа 2 жігіт, рабфакқа бір жігіт һәм басқа школдарға шоқірттер жіберілді. Бұларға губерниялық оку болімінен жол расход берілді. – дедінген.

Әбілхайыр Ысқақұлы Досовтың партия мен үкімет алдындағы адал қызметі, ұлатыққа сінірген еңбегі сол кезде жоғары бағатанып, бүрынғы Шыңғыс, Мұқыр, Қызыладыр болыстары бір болыс болып, қайта үйимластырылған соң, ол болысқа Әбілхайыр Досовтың ағы беріліп, “Досов” болысы

аталған. Бір поселкага жөнө Өскемен уезінің Ұлан болысында, 1925 жылы ашылған жетім бағдарлар мектебіне Досов есімі берілген. Зайсан уезінің бір болысы Досов атымен аталған.

Әбілхайыр Досов 1922 жылдан 1925 жылға дейін Семей губаткомының преседателі болып, одан соң Түркістан Ревкомына қызметкес жіберілді.

“Степная правда” (казіргі “Иртыш”) газеті, 1924 жылы 31 декабрь күнгі санының бірінші бетінде, Әбілхайыр Досовтың суретін басып, оны Семейдің қалай шыгарып салғанын жазған. Онда былай дөлініен:

### К ОТЪЕЗДУ ТОВ. ДОСОВА.

Тов. Выехал в Оренбург, откуда проедет в гор. Ташкент на должность председателя областного Ревкома по управлению Сыр-Даринской областью.

В Семипалатинской губ. Тов. Досов на должности Предгубисполкома работал два с лишним года. За это время он для киргизской бедноты и рабочих сделал очень много.

Имя тов. Досова пользуется заслуженной популярностью. Так в широких массах населения, напр. в честь его переименованы две киргизские волости и один поселок губернии.

С чувством глубокого сожаления провожали т. Досова его товарищи по работе.

Местная печать – “Степная правда”, “Казак тілі” – в его лице потеряли лучшего члена Общества “Друзей газеты”.

Наше лучшие пожелания шлем мы т. Досову – в его работе на новом месте”.

Досов – 1926 жылдан 1927 жылға дейін Қазак республикасының Москвадағы әкілі. 1927-1930 жылдары Бұқілодактық Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК-тін) Президиум мүшесі. 1930 жылдан 1933 жылға дейін Бұқілодактық Коммунист (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінде нұсқаушы болып іс гейді.

Арада тоғыз жыл откен соң, Досов Семейге қайта оралып, 1933 жылдан 1934 жылға дейін Семей облыстық партия комитетінің екінші секретары қызметтің аткарды.

1934 жылдан 1935 жылға дейін Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары. Ал 1935 жылдан 1937 жылға дейін Әбілхайыр Досов Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары қызметтің аткарды.

Әбілхайыр Ысқакұлы Досов 1920 жылдан бастап, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің үздіксіз мүшесі, бірнеше сайлауда Бұқілодактық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланған.

Әбілхайыр Ыскакұлы Досов 1937 жылы 38 жасында өкінішті қазаға душар болды.

Әбілхайыр Ыскакұлы Досовтың ардақты атын, оның тарихи адал енбекін туған ҳалқы сашкашанда ұмытпай есінде сактайды.

*Семей 16 октябрь 1972 жыл.*

## **ЖАЗУШЫ. ТАРИХШЫ. РЕВОЛЮЦИОНЕР** (Сабыржан Фаббасовтың туғанына 100 жыл)

Казакстанда Совет оқіметін орнату күресіне белсене қатысқан, азамат соғысы қаһармандарының бірі, ержүрек революционер — большевик, талантты жазушы, жалынды журналист, тарихшы — ғалым, комиссар Сабыржан Фаббасовтың дүниеге келгеніне 100 жыл толды.

Сабыржан Фарапшаұлы Фаббасов бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезіне қарағатын Сергиополь қаласында (казіргі Семей облысы, Аяқөз қаласы) 1889 жылы туған.

Сабыржан бір жасқа аяқ басқанда әкесі Фарапша қайтыс болып (1890), бір туған ағалары Мұхаметшаш, Ахметжан, Мұхаметжандардың (Момеке) төрбиесінде осіп, ер жетеді.

Сабыржанның алғашқы окуға түсіп, сауатын ашқан, тәлім-тәрбие алған окуның озінің әкесі ашқан Аяқөз медресесі болады. Бұл медреседе 1905 жылдарға шейін оқып, одан кейін Казан қаласына окуға аттанады.

Казанда оқып жүрген жылшары гатардың алдыңғы катарлы ақын-жазушылары, мәдениет қызыметкерлерімен танысып, олардың шығармаларын оқып, көп үлі-өнеге алады. Сабыржаниң мол тағылым алған адамдары татар әдебиеттің классиктері: Фабдоғла Токай, Фатих Амирхан, Фалиаскар Камал, Шариф Камал, Мәжит Faфури, Фалимжан Ибраһимовтар еді. “Орал” агты ғұнғыш большевиктік газет шығарып тұрган революционер Хұсайын Ямашев та Сабыржанның революциялық сана-сезімінің оянын, осуіне ерекше ігі осер еткен.

С. Фаббасовтың 1905-1907 жылдардағы революция кезінде Қазан сияқты қалада болуы оның революциялық ой-пікірінің қалынғасуына себеп болса, реакция жылдарындағы катаң, қанды террор Фаббасовтың патшалық құрылышқа деген өшиенділік қүштейтіп, патша үкіметіне карсы күрес жолына түсініп ықпал жасайды.

1911 жылдан бастап Троицк қаласында қазактың тұнғыш журналы “Айқап” шыға бастаған еді. “Айқап” журналының белсенді тілшісі С. Фаббасов болды. С. Фаббасовтың “Қапалға да ай туды” деп аталағын бірінші макаласы 1912 жылы “Айқаптың” үшінші санында басылды. Бұл макаласында С. Фаббасов былай дейді:

“Қапал шаһары Жетісу (Семиречинский) облысындағы бір уездный шаһар. Халқы: ногай, сарт, казак. Қапал манындағы елдер Садыр, Матай деген болады. Бірак, казактарда бір Мамановтар мектебінен басқа мектеп, медрессе жок. Мешіт, медресе былай тұрысын, оку оқыту үшін қайғыруша бір адам да жок.

Шаһар ішінде казактардан бірлі-жарымды оқығандар бар болса да, олардың қайғысымен жұмыстары жок. Күн-тұн ішүден босана алмайтығын еді.

Жақында шаһарымызға Қөлбай мырза Төлеңгітов келіп, мұндағы белгілі адамдарменен һәм қазактың оқығандарыменен танысты. Бұл кісінің көркем құлқы, терен ғылымы һәм тәтті создерінің әсеріменен, мұндағы тұн-күн бастары ішүден босана алмай жүріен казак оқығандары ішулерінен тиылып, өздері ішкендерге үтіт, насиҳат айтыса бастады. Осы күнде, Колбай мырзаның мәслихатыменен, шаһарымызда “Айқлық жымғиатын” (“Айықтыру қоғамы” Қ.М.) ашпакиы болып тұрамыз. Қөлбай мырза біздің қаранғыда қалған Қапал атырабындағы казактарға зор белгі қалдырмақ. Соның үшін “Қапалға да ай туды”, – деп жорыдым.

Сабыржан Ғарабашағұлы Фаббасов” (“Айқап”, 1912, № 13, 296-297 бет).

1913 жылы “Айқаптың” 6 санында қазак тілінде газет-журнал шығару мәселесін көтеріп, ол үшін халықтан қаржы жинау қажеттігін айтады. Сабыржан енді бір макаласында орыстар мен казактар бірігіп кедей балаларын оқыту мақсатымен үйим ашқанын “Айқаптың” 1914 жылғы 3-санында жазады. 1914-1915 жылғы макаласында халық ағарту, осірелесе кызы балаларды оқыту мәселесін көтерелі.

“Айқап” журналы мен “Қазак” газеті арасында саяси-әлеуметтік кейір мәселелер жайында пікірталастары болып тұрған. Сондай бір мәселеге байланысты “Қазак” газетінде (1914 жыл №51) Міржақып Дулатовтың “Айқап” журналы” атты макаласы жарияланады. Сол макала тұраты өзінің ой-пікірін білдіріп, Сабыржан Фаббасов “Айқап” журналында “Ашық хат” деген саяси-публицистикалық макаласын жариялады. Сол макаласынан үздік келтірейік: “Хұрметлу Міржақып Дулатов! Сіздей екі жакты бірдей оқыған мырзатарымыз өзөр козге түседі һәм Сізді алты миллион

казақ бауырларымыз білген сиякты корінеді. Ол екі миллион ноғай туғандарымыз да Сізді анық білетүғын шығар дең ойлаймын.

Сіздің қаламыңыздан бал тамыш, оқығандарға дем беріш тұрғанда, күрметті “Қазак” газетасының бір бетінде “Айқап” журналына жазған бір-екі сөздерді көріп қалдық. Озінізге мағлұм емес пе? Осы алалық осы қунға шейін, бізді елді ең артында қалдырып тұрған жоқ па? Біздің қолымызды жеткізбей жүрген де, осындай алалық емес пе?! Сіздердің біреуініз іліп, біреуініз қағып тұрғандарының жөн бе? Айналдырыған бір журнал, бір газет бір-бірінізді коре атмағандай көрінссіздер. “Айқап” айтар өкпеніз болса, халық майданына қоймай-ак, оз араларыңызда бітірсөніздер де болатұғын еді ғой...

Біз “мен, мен” дегең жауыз созді қалтырсақ, қолымыздан келгенше скіге бөлінбей, бірімізді атыш, бірімізді саттай, тұманды адасып жүрген сорлы халқымыңға қызмет қылсақ, соңда адамшылық табылмай ма?.. Мен де ноғай баласы болсам да, казақпенен бір ліндес, бір қандас һәм бір түрік баласы скенімді жақсы білгендігімнен һәм қазақ бауырларымың алға басуы менің ен бірінші тілегенім болған үшін, сіздің “Айқап” туғаныңызға осынша қатты жазғаныңызды оқып, араларыңызға жік түсіп кетпесін деп, корықканынан бұл сөздерді жаздым. Сөкпеніз, қадірлі бауырым!

Сабыржан Фаббасов” (Аякоз) (“Айқап”, 1914, № 7, 118-119 беттер).

Сабыржан Фаббасовтың омір тарихы, өсіресе, жазушылық енбегі өлі тольқ зерттеліп, жетер жерінс жеткен жоқ. Жазып болып, баспаға әзірлеген енбектері туралы, 1917 жылы “Ұқыт” газетінде жариялаған хабарында, Сабыржан былай дейді:

“Томенде аталаң шығармаларымды бастыруға берем: 1 – Мырза Фатали Ахундовтың шығармалары жинағының озербайжан тілінен аудармасы, 2 – “Қызғаныш уакиға” (роман), 3 – “Сауданың келешегі” (ауыл ғұрмысынан хикая), 4 – “Гүлсім қашан бакытты болады” (роман), 5 – “Үміт жүлдізы туды” (роман). 6 – “Мұнафик молда”, 7 – “Мен акылды қызыбын” (комедия), 8 – “Мен де жаздым” (олец жинағы), 9 – “Қырғыз-қазақ тарихы”, 10 –

“Түркістан ойелдерінің тұрмысы”. Бұларды бастыру турасында хабарласу үшін адрес: Казань, редакция журнала “Суюм-Бика”.

Күрметпен: Сабыржан – Аякөз”, – деген (“Ұқыт” 1917, 23 июль, № 2256).

Аз омірінде мол әдеби мұра қалдырыған Сабыржан Фаббасов – нағыз табиғи дарынды, тұма талантты алад болған.

С. Фаббасов казак халқының тарихын зерттеу мөселе сімен ерекше шұғылданған адам. 1915 жылы “Айқап” журналының бірнеше санында “Тарих казак жайында” атты үлкен тарихи очеркін жариялады. Осы снбесінің “Хан сайлау” деп аталатын тарауынан біраз үзінді келтірейік:

“Россия бір жағынан Қытай қол астындағы казактарды да озіне қарату үшін казактарға өз арасынан хан сайлау законын шығарды. Закон бойынша хан сайлау үшін казактарға Аяқөз дуанына жиылып, оз араларынан біреуді хан сайлауға бұйырылады. Қазак екен қолымыз хандыққа жетті деп, көп талас-тартыстан соң, патшаның жүзін корген еді деп, Сарт төре Жоши төре баласын хан көтереді. Бұл сайлаған адамға қазақша хан, орысша “Старший сұлтан” деп атақ берілді. Тәржімесі “аға сұлтан” деген сөз болса керек. Бұларға кісі олтірулең басқа биліктің бәрі де берілді. Ханиң бір қолбасшысы болып, оған кандидат деп ат койылды. Және де екі заседатель сайланып, оларға қазы деп лақап берілді. Жоғарыда жазылған елдің қебі найман. Барлығы бір дуаның бір ханиң қол астына қартастылды” (“Айқап”. 1915. № 4. 54-55 беттер).

Сарт тореден кейін өр кезде аға сұлтан болған адамдарды атап, оларға мінездемес бере келіп, Барак батырға тоқтаңқырайды. Одан соң Құнанбай, Абай, Шокірімдерді зор күрметпен атап өтеді:

“Барак батыр опат болған соң, сайлау кезегін кандидаты Әділхан Жамантай горе баласы гәмам қылды. Мұнан соң Барак батырдың бауыры Сейілхан Солтабай төре баласы хан болды. Бұл кісі үш сайлаудан соң түсіріліп, орнына қара казақтан уақ Қалдыбай леген кісі хан болды. Мұның сайлау кезегі толмай жаңа закон шығып, хандық, қазытық мансабы бітті.

Аяқөз дуанында хандық 1833 жылда басталып, 1868 жылда жоқ болды... Жаңа закон шығып уезный махнама ашылғаннан соң, приказ махнамасын қазақтан бос коймай, уезный начальникке помощник деп бір адам койылды. Бұл помощниктің те он жылға жетпей жоғаіды. Аяқөз дуанында помощниктің оуелі Оразбай Беккожа баласы, екіншісі Құнанбай мырза Оскенбай баласы, акыры 1890 жылдар (1872 ж. Қ.М.) ішінде Сүлеймен төре Бексұлтан баласы болып еді.

Маркұм Құнанбай мырза оте ақынды, сабырлы, аклық сүюші, ғылым, мағрифатқа күмар, Қаркараты атырабында бастап хаж етуші, бек дана бір зат еді. Баласы мархұм Абай Құнанбай мырзаның кім екенін жүртқа білдірді. Ибраһим мырза яғни Абайды білмеген жүрт жоқ. Абай мырза ете дана, оте ақын, философ бір адам. Жүрт қадірін тірі шағында

білмесе де, осы күні оркім оны сағынаады. Өлтегіне бірнеше жыл болған Құнанбай мырза мен Абай мархұмды жұрттың жадына қадірлі ақсақал Шәкөрім мырза Құдайберді баласы да түсіреді. Бұл адамның жазған кітаптарын колға алып қарай бастаганда, бұл кітап жазушы ақсақалдың үлкен әкесі мархұм қажы Құнанбай мырза қандай болғанда, ағасы Абай мырза қандай болған деп ойға алынады. Хакиқат бұл күнде хажы Құнанбай мархұм мен Абай мархұмның мын тарағандағы қылышарлық хакылары бар. Бұл күнде үлттына қаламменен қызмет қылыш жатқан фазыл әл-мұхтарам қадірлі ақсақал ол- хажы Шәкөрім хазіретлері күміс ертоқым, күміс белдік, жуан бос құрсаққа мас болып, қажы деген сөзге төбесі кокке жеткендей болып жүрген хажыларымызға үлкен-ак үлгі болардық зат. Алта тағала Шәкөрім хажы сиякты ақсақалдарымыздың ғұмырына берекет беріп, оқыған жастарымызға Шәкөрім хажыдай болуға нәсіп стсін, Сабыржан Фаббасов" ("Айқап" 1915, № 6, 94-95 беттер).

1914 жылы бірінші империалистік соғыс басталғанда Сабыржан солдатқа алынады. Солдаттар арасында революциялық үгіт жүргізгені сезіліп қалған сон, солдаттан қашады. Солдан бастап 1917 жылға дейінгі омірі құғында отеді. Ол бір жерден екінші жерге, бір қаладан екінші қалада үнемі орын ауыстырып жүріп, бұкара халық арасында үгіт-насихат жүргізеді.

1915 жылы сентябрьде "Айқап" журналының шығуы тоқталған сон, Орынборда шығатын "Уақыт" атты газетке "Ляқозы" деген лакап атпен (псевдоним) макала жазып тұрады. Сабыржанның қай жерлерде жүргенін, көбінесе, "Уақыт" газетінде жарияланған макалаларынан білеміз. 1915 жылы Пішпек (Фрунзе). Әулие-Ата (Жамбыл), Мерке қалаларында болады. ("Уақыт" №№ 1725, 1740, 1748). Сабыржанның Кавказда болғанын "Уақыт" газетіндегі макаласынан білеміз. Ол макаласында Тифлис (Тбилиси) қаласының үлкен бір ауруханасында жатканын хабарлайды. ("Уақыт" 1915. 11 ноябрь, № 1912).

1916 жылы август айында Сабыржан Алматыға келеді. Бұл жонінде революциялық құреспек катысқан белгілі педагог, журналист. Атматыда шыққан тұнғыш Совет қазак газеті "Мұхбирдің" редакторы (1918 ж.) Сабыржан Шәкіржановтың<sup>1</sup> (1880-1970) "Революционер Сабыржан Фаббасов туралы естелігім" деген жазбасында баяндалаты. Шәкіржанов былай дейді:

"Фаббасовты козбе-коз бірінші тапқыр коруім 1916 жылы,

<sup>1</sup> КСЭ.12 том. 168 бет

август айында Алматы шаһарында болды. Ол үакыт Фаббасов фаскери киімдес, міншің үнтер офицер чинінде, сол тараф жөніне тігілген қызыл крест белгісі бар еді.

Маған Фаббасовты таныстырушы Ахметкәрім ағай Зейнуллин деген кісі еді. Сол үакыт Фаббасов отпұск алған скен. Фаскари Фельдшерлік қызметіндес дең танытқан еді. Сабыржан Фаббасов созге ұста, қаламы откір, революцион рухты кісі еді. Бойы – оргадан жоғары, түс-бетке матор, толық денелі, ер сифатты адам еді. Сол үакытта Фаббасовтың Алматыға біраз үакыт тоқтағандағы мақсаты – Алматы қаласында бірінші такпыш қазақша концерт үйымдастырып қоюға әзірленгенін сөйлейді. қом бұл жөнінде жәрдем етулеріңізді отінемін деді. Әлбетте қолымыздан келгенине жөрдем көрсеттік. Бірінші такпыш қазақша концері көру Алматы халқы үшін қызық бір норсе еді.

Бірнеше күннен соң қазақ концерті туралы Фаббасовтың хабарлаудыруы шықты. Концерт приказчиктер собраниясында (казіргі “Алатай”) болмак болды. Хабарламада Сабыржан Фаббасов – Аягузи концерт басталар алдында соғ сойлейді, дегені көп халықтарды қызықтырған еді. Және Фаббасов жоллас концертке катын-қыздарды айрықша атап шакырған болатын. Концерт болатын күні кешке собранияға көп халықтар жиналған еді. Сабырсыздықпен переде котерілуі күтілші. Бірақ Фаббасовтың сезін естіміз деп үміттенін барған халықтарға, Фаббасовтың соғы түгіл озін де кору нөсіп болматы. Бағызы бір себептегмен концерт болмайтын болды дең хабар қылды. Сонымен халық бек ноумез болып, қайтырып тарады.

Ертенінде байқасақ Фаббасовты жандарм ұстамақ болған екен, ол бул істі бүріншырақ сезіп, қашқан екен десті. Бірақ кай жаққа қашқанын ешкім білмеді. Бірер айлар өткеннен соң ғана. Фаббасовтың қалай қашқандығы һом не үшін қашқандыны туралы анық мағлұм болды. Сол кезде Сабыржан Фаббасовты қашырушы Ғұсман Фабдыразаков деген кісі былай деді:

“Сабыржан Фаббасов концерт болатын күні жандарм ұстайтынын анық білгеннен кейін маған келіп, уакиғаны сойледі. Сонаң соң мен оны қараңғы түскенше жасырдым да, Фаббасовтың сақал-мұрттарын алдырып, шашын қырықтырып, үстіне озбекше шашан, басына шала қазақша ак қалпақ кигізіп койдым. Қысқасы Фаббасовты кісі танымастық бір халте келтіріп, тұнде Пішпек тарапқа жүретін сарт арбағармен бірге үзаттым. Міне, сонымен Фаббасов жоллас жандарм қолына түсуден құтысады”.

Сабыржан Пішпектен кетіп, Қазан қаласына барған

жерінде, жандарм көлінә түседі (Централий ғосархив. № 19 (14), 1927, г.Казань). 1917 жылы февраль революциясынан соң, тұтқыннан босап, Фаббасов Семейге келеді. Бұл кезде Семейде буржуазияның атқару комитетімен катар жұмысшы-солдат депутаттарының Советі құрылдып, қоңақмет ораған болатын.

Семейге келген Сабыржан уақытша үкіметті жақтайтын “Мұсылман комитетіне” қарсы құреседі. Жаңашыл мұсылман жастарының, оқытушы, оқушылардың басын қосып, “Семей мұсылман оқытушыларының бірлігін” құрады. Әдебиет үйірмесін, театр труппасын үйімдастырып, қала халқының арасында мәдени-ағарту жұмысын қызу жүргізеді. Ойынға жиналған халық алдында С.Фаббасов өрдайым жалынды соз сойлең, әділеттік большевиктер жағында екендігін, солардың басшылығымен ғана бостандықта, бақытты омірге кол жететінін насиҳаттайды.

От ауызды, орак тілді шешен, өрі акын, өрі журналист большевик Сабыржан Фаббасов халық айданда аса беделді болады. Семейдің байлары, Сабыржаннан қатты қауіптеніп, оның сонына жарық алғып түседі. Ол 1917 жылдың күз айларында Семей, Жетісу онірінің Кокпекті, Үржар, Маканшы, тағы басқа аудандарын аралайды. Алматыдағы большевиктер үйімімен байланыс жасайды. 1918 жылдың басында туған жері Сергиопольге (Аяқөз) келеді. Ол кезде Сергиопольде Уақытиша үкіметті жақтайтын ак офицерлер, орыс, казак, татар байларының комитеті үстемдік ететін. С. Фаббасов Сергиопольге келе сала жергілікті большевиктер Иван Волков, Василий Коржавинмен бірге Совет өкіметін құруға кіріспіп, халық арасында революциялық үгіт-насиҳат жұмысын жүргізеді. Ойын-сауықка келген сл алдында Сабыржан үнемі соз сойлең, еңбекші халықты Уақытиша үкіметке қарсы құреске шақырады. Майданнан қайткан орыс, татар солдаттарының, казак кедейлерінің басын қосып, С. Фаббасов Сергионольде “Орыс- мұсылман солдаттарының үйімін” құрады.

Жетісу облысы Советтің органы “Заря Свободы” газеті 1918 жылғы 12 – санында былай деп хабарлайды: “... 7-февраля с.г. в Сергиополье все солдаты организовались в русско-мусульманскую солдатскую организацию. Выбран председателем Сабиржан Габбасов, секретарем – Иван Шляпин... В Сергиопольской русско-мусульманской солдатской организации состоит 73 члена, кроме этих имеется резерв – 60 человек. Силы организации требуются для охраны своей станции и для защиты интересов раненых и пострадавших солдат”.

Фаббасов солдаттарды қаруландырып, урысқа өзірлейді. Империалистік соғыстың қан майданында болған большевик Асхат Жетекеев командир болып тағайындалады. 1918 жылты 12 марта С. Фаббасов бастаған Сергиополь большевиктері қарулы котеріліс жасап, Аякозде Совет оқіметін орнатады.

Сабыржан Фаббасов, Иван Волков, Василий Коржавин, Асхат Жетекеев, Шалтай Ыбраев, Ахметжан Хабибуллин Сергиополь Совдепінің мүшелері болады.

1918 жылы май айында С. Фаббасов Совдептердің облыстық съезіне делегат болып, Алматыға келеді. Дәл осы кезде ак қазактар бұлік шығарып, съезд болмай қалады. Сабыржан бұлікті басу күресіне белсене қатысады. Бұлік басылған соң. 1918 жылы 25-26 майда Верныйда (Алматыда) Жаркент, Лепсі, Қапал, Пржевальск және Піштек уездері Советтерінің оқілдерінің Верный уездік атқару комитеті мүшелерімен және облыстық басшы қызметкерлерімен бас косқан облыстың мәжілісі болады.

Бұлік басылғанмен контрреволюция әрекеті түптілікті жойыла койған жок еді. Революция жаулары жас совет үкіметіне қарсы қастандығын тоқтатып, отпір-өсек таратумен болды. Осындай жағдайда Сабыржан Фаббасов еңбекші халықты Совет үкіметін қолдауға шақырып, “Заря свободы”, “Вестник Семиречинского трудового народа”, “Мұхбир” газеттеріне мақалалар жарияладап, революция жауларын өшкөрелеп, большевиктер жағында болуға үндеп, жар салды.

С. Фаббасов терен білімді, мәденистің және қазақ, татар, орыс тілдеріне бірдей жүйрік тәжірибелі журналист, жалынды публицист еді. Ол туралы “Казакстан Коммунистік партиясы тарихының очеркінде” жазылған: “Партия үйымдары газеттердің редакцияларына өздерінің таңдаулы кадрларын жіберді... Журналистердің туғызы үлттық большевик кадрлары калынтаса бастады. Ақмоланың “Тірлік” газетіне коммунист С. Сейфуллин белсене ат салысты. “Жетісу” газет редакциясының құрамына талантты журналист, большевик С. Фаббасов кірді” (1968 ж., 123-бет).

Сабыржан Алматыда ұзак тұра алмайды, асығыс Аякөзге қайта аттанады. Өйткені 1918 жылы июнь айының басында Семей қаласын басып алған Колчак әскері Аякөзге шабуыл жасауға жанталасып даярлық жасап жатыр еді. Жаудың мақсаты Жетісу дағы Совет оқіметін жоюп, Ташкентті жаулап алу еді.

С. Фаббасов Сергиопольге келе сала жауға қарсы соғыска өзірлік ісіне шүғыл кірісіп, қызыл гвардия отрядына қоса, еңбекшілерді де қаруландырып, біртұғас жауынгер отряд даярлап, уақытша революциялық әскери комитет (реввоенком)

күрүп, оның комиссары Сабыржан Фаббасов болады. Комиссардың басшылығымен корғаның шептері құрылады, окоптар қазылып, бекініс орындары даярланады, қалапың әрбір көшесінде жауға оқ жаудыратын орындар (бойница) озіrlenеді.

Жаудың алдыңғы отрядымен алғашқы айкаста (1918 ж., 7 июль) Сабыржан сарбаздары жауды апатқа ұшыратып, тоғтарын тастайды. Келесі күні, 8-июльде полковник Ярушин бастаған Сібір Уакытша үкіметінің өскері, ақ чехословактар отряды, бұлардың сонынан капитан Виноградов пен есаул Меердің автомобиль отряды келіп, қаптаған қара күш Сергионольға шабуыл жасайды. Қызыл гвардияшылар жаудың жойқын күшіне қарсы тайсалмай табан тіресіп ұрыс салады. Дол осындағы қызыл қырғын соғыс жүріп жатқанда, Алматыдан комекке жіберілген отрядтың бастығы Иванов опасыздық жасап, отрядты тастан қашып кетеді (Иванов кейін Ташкентте ұсталып, ревтрибуналдың үкімі бойынша Алматыда атылды).

Комиссар Фаббасовтың басқаруымен құші басым жауға қарсы қызыл жауынгерлердің қаһармандық ұрысы ұзакқа созылады. Комиссар Фаббасовтың ұрыс басқаратын орны (командный пункт) Аяқоз озенінің жарқабак биігіне салынған тас шіркеу болады. Жау қалаға басып кірінде, Сабыржан шіркеу мұнарасынан жау басына пулеметтен оқ жаудырады. Жау өскері қалаға кірген шакта Фаббасов отряды көше соғысынан кошіп, қырқысады.

Сергионольді басын алған ақ бандылар қолдарына гүсекн қызыл гвардияшылдарды, олардың әйелдерін, туған-тыскандарын тоң-тобымен атып, асып, кескілеп өлтірді. Ол атылғандардың ішінде: Фаббасовтың ең жақын серіктері, қызыл командирлер Асхат Жетекеев, Иван Волков, қызыл жауынгерлер: Самат Фаббасов (Сабыржаниның інісі), Ахметжан Фабибулин (Сабыржанның жездесі), Нұрахмет Шарағатдинов, Мұқаш Мұратбеков, Шалтай Ыбыраев (өкесімен), Бауый Серахисев, Маклаков әйелімен, Шляпининің әйелі тагы басқалар бар еді. Айғызды адам айғысыз азантан өлтіргені слғс мәлім.

Ақ бандылар Аяқоздің 400- дең астам атамын азаптап өлтірген.

Соғыста аяғынан жараптанған Фаббасовты жауынгер жолдастары Сергионольден аман алып шынады. Сабыржан қасында он бір жолдасымен (ағайынды Антон мен Иван Шляпиндерден басқаларының аты-жоні белісісі) Аяқозден 60 шакырым ұзап барып, бір ауылға тоқтап, біраз тынығып, ағ ауыстырып мініп, аттанбақ болады.

Екі тоулік бойы толассыз қырғын соғыстан қалжырап

келіп жатқан Сабыржандардың қару-жараптарын ауылдың байлары сызырып алғып, өздерін тұтқындайды да, Сергиопольдегі ак бандытарға хабарлайды.

Хабар ата сала, атаман Николай Леберфарб бастаған Иван Тетерников, Федот Скурнягин, Иван Куликов, Петер Бедаров, Павел Чернов, Иван Самогасев, Василий Зимоньев және Александр Шебалин деген жендеттер де келіп жетеді. Олар Сабыржан Габбасовты он бір жолдасымен айдан экстіп, Сергиопольге 25 шақырым қалғанда Белтерек деген жerde бөрін атып, шауып өтіреді. Әсіресе, жау алдында жасымай, тілін тартпай қаскайып қарсылық корсеткен, кайсар большевик, комиссар Габбасовты, қанына қарайған жендеттер қылышпен кескілеп олтірелі (Семей облыстық архиві, ф.46.д.26.оп, 1).

Сабыржан ауылда колға түсіп жаткан кездे, Әлмұхамет Сәрсенбаев деген шаруа оған хат жазуға мүмкіндік жасайды. Сабыржаниның жазған хатын Әлмұхамет екі жыл бойы жасырын сактап, 1920 жылды Совет заң орнына тапсырады.

Габбасов әйелімен қоштасып жазған ақырғы хатында быттай дейді:

“Қадірлі жар- жолдасым. Маңжиһан! Мен колға түсіп қалдым. Өмірден үмітім үзілді. Сен, менен өткен қателіктер болса, ғафу ет, мен саған дәп ризамын. Ендігі ықтияр өзінде. Жас қалған жаңғызымды (Байсұнқар атты ұлы болған. – К.М.) жақсы төрбиеле. Өмірі болса, оқыт. Үкіметті большевиктер өз қолына алғанда, менің қанымды мына затымдардан сұрарсындар: Жаролла, Жақыпбек, Кенжеғұл және Мықтыбай. Қош, бакұл бол, жолдасым, жарым! Ұақыт жоқ. Әзірейіл күтіп отырган халдегі- Сабыржан Гарапшаұлы. Ескіше 11 июль (1918 ж.)” (Семей облыстық архиві).

Серіз қырлы мәдениет қайраткері, лениншіл-большевик Сабыржан Габбасовтын:

Шық майданға, ал тізгінді,  
Залымдардың қолынан,  
Жене алмайды ешкім бізді,  
Тайма Ленин жолынан!

— деген ұран-олеци ұмытылмайды.

28- ақ жыл өмір сүріп, бойындағы табиғат сыйланан бар жақсы қасиетін туған елінің еркіндік омірі үшін құреске арнаған Сабыржан сиякты ардаға ер азаматын, адат ұлын халық енишашан ұмытпай, есінде сактап арлактайды.

Аяқоз ауданының бір совхозы, бір орта мектебі Сабыржан атымен аталады. Семей, Аяқоз қалаларында бір-бір қошеге

Фаббасов есімі берілген. Фаббасовтың басына мәрмәрдан сәулетті ескерткіш орнатылған. Аяқөзде музей ашылып, ескерткіштер орнатылған.

1989 жыл.

## ЖАЛЫНДАП ОТКЕН ЖАҚСЫ ОМІР

Бұдан 40 жыл бұрын, 1930 жылы январь айының аяғында, Семейдің А.В. Луначарский атындағы театр үйінде (Қазіргі “Большевичка” фирмасының мәдениет үйі) үлкен салтанатты жинальыс болғаны әлі есімде. Москва, Харьков, Орехово-Зуево калаларының завод, фабрикаларынан Семей округінде социалистік құрылыш жұмысын қүшеттүге, округте жаппай колхоздастыру мәселесін түбекейлі жүзеге асыру ісіне комектесуге жұмысшы табанды 250 таңдаулы оқілі келіпті.

Соларды қарсы атуға жиналған кала енбекшілері мен ауыл, аудан оқілдері театрга лықа толған.

Мен ол кездес колхоз жастар мектебіндес (ШКМ) окушымын. Үлкендерге еріп, сол салтанатты жинальысқа келген едім. Жас шағымда болған осы жинальстың ұмытылмай, есімде қалатында ерекше себебі болатын.

Баяндама жасау үшін Семей Округтік Атқару Комитетінің председатeliне сөз берілді. Ол мінбеке шыға келгендеге дүр көтеріліп, қол соққан қалың жүрттың шапалак дауысы театр залын жаңғырықтырып, кулак тұндырып жіберді.

Біз, шәкірттер мінбеке шыққан адамның омырауында жарқырап, тізіліп түрған жауынгерлік орденлеріне қарап, аңтаң болдық та қалдық. Орден таққан адамды тұнғыш рет коргеніміз де сол болатын. Қуана, қызыға коз алмастан танырқап, тамашатай қараймыз.

Кайратты, кою қара шашыны кейін қайырган, жазық маңдайлар, бөкен кабак, бүркіт қөзді, ат жақты, ашан жұзді, қыр мұрынды, кең иықты, кеуделі, каршыға келбеттес келген, қара торы қазақ жігілінің бейнесі баға көніде берік сакталып қалыпты.

Байыбына бара алмасақ та, оның орыс тілінде емін-сркін косіліп сойлеп түрғанына іштей мәз болып, сүйсінеміз, қызығамыз.

Ол адам — Абдолла Ярмұхамедов, сол кездегі Семей Округтік Атқару Комитетінің председателі екен.

Содан үш жыл откен соң, 1933 жылы, Сөкен

Сейфуллиннің белгілі “Альбатрос” поэмасы кітап болып басылып шыкты. В.И. Ленин образын жырлауға арналған осы поэмасында акын Октябрь революциясы және азamat соғысы жылдарында қарастырылған революционер-большевик ерлерді, партияның адамдарын, өзінін жауынгер жолдастарын мактандыруға етіп:

Асылбеков, Элиев пен Жангелдин  
Тәтимов пен  
Ярмұхамедов пар келлі...  
Найзалы лек.  
Қызыл желең,  
Алдындар шеп.  
Басқаларды  
Тізуге өлең тар келді,

— дейтін олең жолдастарын оқығанда, одан үш жыл бұрын, озін коріп, созін естіген Абдолла Ярмұхамедов бейнесі коз алдымызға келіп, естен кетнестей болған.

1966-1967 жылдары архив қазынасын қарастырып жүрген шағымда, Абдолла Ярмұхамедовтың өмір сапарын баян стетін біртала мағлұмат кездесті. Олар Абдолланың өз қолымен жазған өміrbаяны жайындағы документтер, естелік-макалалары, жасаған баяндамалары, сойлеген сөздері, іс-қағаздары, фотосуреттері, тағы басқа ресми документтер.

Сол тарихи деректерге сүйеніп, колда бар мағлұматтар көлемінде, Абдолла Ярмұхамедовтың өмір сапарын қысқаша баян етпекпіз.

Абдолла Ярмұхамедов 1896 жылы 13 наурызде Ташкент қаласында дүниеге келіпті. Әкесі Шымкенттің кедей қазактарының бірі екен. Жоқшылық айдан Ташкент қаласына барып, кара жұмысшы болып істеп жүргенде. 1903 жылы қайтыс болады. Сөйтіл Абдолла жеті жасында жетім қалады. Жесір ейел, жетім балаға Ташкентте тұрып күн кору ауыр болған соң, “есің барда елің тап” дегендес, Шымкенттес кайта көпіл келеді.

Абдолла осы Шымкенттегі бастауыш мектеп табалдырығын түңгыш рет аттап, окуга бара бастайды. Бұлар Шымкентте де көп тұрақтай алмай, Караконыр станциясына көшіп барып, шешесі кірпіш заводына жұмысқа орналасады. Алайда ол жерде жайылы мекен болмайды. Тағдырдың тақаң гақсіретін гаргкан жесір ана, жетім бала ақыры Жизак уезінің бір ауылында тұратын гүйстарын габады.

Абдолла енді белді бекем байладап, окуга аттанады.

Самарканд қаласына келіп, бастауын орыс мектебіне түседі. Жас басынан тұрмыс талқысын көріп, ширан, шыныңып өскен. білімге сусап келген алғыр ойлы, зерделі бала Абдолла оқуды жақсы оқиды.

Сойтіп, Абдолла Ярмұхамедов 1914 жылы училищепен ойдағыдай бітіріп шығады. Сол жылы Көттәкорған уездік баскармасына қызметке орналасады. Өуелде кеңсе қағаздарын көшіруші болып жүріп, кейіннен тілмаш қызметін атқарады.

Бұл кезде жасы он сегіздегі азамат Абдолланың өмір тәжірибесі де мол болатын. Жасынан жетімдік, жоқшылық азабын шегіп, коп жерлерде болды. Қала жұмысшыларының, енбекші шаруаlardын қайнаған ортасында өскен Абдолла, екі жақты езгідегі енбекші елінің ашы өмір, азаптағы ауыр тұрмыс, хал-ахуалына әбден қанық еді.

Ол 1914 жылы басталған соғыстың ауыртпалығын енбекші халықпен бірге басынан кешірді. 1916 жылғы ұлт-азаттық котерілісін және халықтың революциялық котерілісін қантөгіс, қызыл қырғынға айналдырған патша үкіметінің шектен шықкан зұлымдығының қуосі болды.

Петроградға Октябрь революциясының женін шыққан дабысы Россияның шет аймақтарына жедел жетті. Октябрьдің 28 күні Ташкент енбекшілері де қарулы котеріліске шығып, буржуазия үкіметінің құлін кокке ұшырды. Бірінші ноябрьде үкімет билігі Ташкент жұмысшы-солдат депутаттар советінің қолына кошті. Ташкент советі Атқару Комитеті үкімет билігінің түгелдей совет қолына алынғанын хабарлап, Түркістан аймағының Советтеріне телеграмма соғып: “Үкімет билігін қолдарына алындар!” – деп жар салды.

Абдолла Ярмұхамедов жұмысшы-солдаттар депутаты Көттәкорған уездік советін құру ісіне белгісеннे кірісін, совет қызметіне араласып кетті. Аз уақыттың ішінде-ак А. Ярмұхамедов тәжірибелі, қабілетті қызметкер екенін, совет үкіметіне ишін берілген адат азамат екенін іс жүзінде корсетеді. Жұмысшы-солдаттар депутатының советі оны әкімшілік қызметке жібереді.

1919 жылы Абдолла Ярмұхамедов большевиктер партиясына мүшелікке қабылданады. Сол жылы уездік Атқару Комитетін мүше болып сайланады және Көттәкорған уездік Төтенше Комиссиясының (Чека) прелседательдігіне тағайындалады. Төтенше Комиссиясының апаратына сенімді, сұрыпталған, тандаулы адамдарды тарталы. Совет үкіметінің жасырын жауларын өшкереудегі қырағылығы, айлакер, мейірімсіз, зымиян дүшпанға қарсы құрестегі қайтпас қайсар ерлігі, революция занын бұлжыгипай іске асырудары әділдік, тұрашылдығы Абдолла Ярмұхамедовтың нағыз большевикке

тән адамгершілік қасиетін айқын танытады. Осындай аса жауапты, қауып-катель көп қын жұмысты аткару ісінде де А. Ярмұхамедов партияның сенімін абыроймен актап шыкты. 1920 жылы ол уездік Атқару Комитетінің председателі болады. 1921 жылы Самарқанд Облыстық Атқару комитетінің председательдігіне сайланады.

Абдолла Ярмұхамедовтың жауынгерлік, ерлік ісі, қызмет жолы 1917-1940 жылдары қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Қыргызстан және Қазақстанда откен тарихи оқигалармен тығыз байланысты.

1918 жылы 20 априль - 1 май күндері Түркістан Советтерінің өлкелік тотенше V съезі болды. Осы съезд РСФСР құрамына кіретін, Түркістан Автономиялық Советтік Социалистік республикасын жариялады. Ол кездегі Түркістан республикасына осы күngі Өзбек, Тәжік, Түркмен, Қыргыз одактас республикалары және ол кездегі Жетісу облысы атты уезімен (Пішпек, Алматы, Каракол, Жаркент, Қапал, Лепсі), Сырдария облысы жәті уезімен (Бетпақ дала, Ташкент, Түркістан, Әулиеата, Акмешіт, Қазалы, Шымкент) қарайтын.

Сөйтіп, 1918 жылдың көктеміне қарсы Орта Азия мен Қазақстанның онтүстік жерлерінде Совет үкіметі орнап, буржуазия — помешиктердің мемлекеттік аппаратын жойды.

Түркстанда Совет үкіметінің орнауы Бұхар әмірінің үкіметін жою жолындағы еңбекші халықтың құресін қүштейті. Бұхар коммунистерінің басшылығымен еңбекші халық қарулы көтеріліске шығып, 1919 жылы август айында, Чарджоуде Бұхар әмірінің үкіметін құлатты. Әмір — Саид Әлім ханның астанасы Бұхара қаласын алтып, оның үстемдігін мұлдем жою үшін, көтеріліске шыққан халықтың сұрауы бойынша, М. В. Фрунзе бастаған Түркістан майданының әскері көмекке келді. Торт күнге созылған қатты шайқастан соң, 1920 жылы 2 сентябрьде әмірдің әскері жеңіліп, Саид Әлім хан Ауғанстанға қашты. Бұхарда Халық Совет республикасы күрылды.

Октябрь революциясының Орта Азия мен Қазақстандағы жеңісі дүниe жүзі империалистерінің Совет үкіметіне деген ошпенделілігін онан сайын оршітс түсті.

1918 жылдың көктемінен бастап, Түркістан мен Қазақстанға қын-қыспак күн туды, үлкен қауіп-катель төнді. 1918 жылы априль айының басында біріккен революция жаулары Орал облысындағы Совет өкіметін құлатып, Самар губерниясына шабуылға шықты. Сол жылдың май — июль айларының ішінде Новосибирь, Челябі, Пенза, Сызрань, Омбы, Қызылжар, Самар, Семей, Костанай және Уфа қалаларын жау басып алды.

Революция жаулары Орта Азияда бас көтеріп, басманылар

отрядын үйымдастырды. Шетел басқыншылары Қыргызстанның жерін басып алып, Ферғана өлкесіне, Ташкентке шабуыл жасауды мақсат етті. Англия – Америка империалисттері өздерінің агенті Ерғаш сияқты канқұйлылар бастаған олденеше басмашылар отрядын құрып, шабуыл жасауға әзірленді.

Контрреволюция ытанды бүкіл Закаспий олкесіне жайылды. Ашхабадта эсер, меньшевиктер мен түркмен феодалдарының, ұлтшылдарының уақытша үкіметі құрылды. Бұхар мен Хиуда Совет үкіметіне қарсы күрес әрекеті күшесе түсті. Каракалпак, Хорезм жерлерінде басмашы бандалар қабындалап кетті.

Сейітіп, Советтік Түркістан революция жауларының катерлі қоршауында қалды. Англия басқыншылары мен акғвардияшылар Ашхабадты басып алған соң, Бұхар әмірінің әскерімен бірігіп Түркістан республикасының астанасына – Та什кентке шабуылға шықпак еді. Осылайша Ашхабад майданы жөне басмашыларға қарсы қүрес жүргізу үшін, республиканың шығысында Ферғана майданы пайда болды.

1919 жылы октябрь айында ВЦИК, РСФСР Халық Комиссары Советі мен РКП(б) Орталық Комитетті Түркістан істері жонінде Комиссия тағайындалды. РКП(б) Орталық Комитеттінін атынан Түркістанда жоғары партиялық бакылау жасау жөне басшылық ету жұмысы осы Комиссияға жүктеледі. Комиссияның бастығы Ш. З. Элиава, мүшелері М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, А. Э. Рудзутак т. б. Түркістанға жіберіледі. Осы жолы В. И. Ленин “Түркістандағы коммунист жолдастарға” деген белгілі хатын жолдайды. Ол хатта косем:

“Түркістанның халықтарымен дұрыс катынас орнатудың қазір Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы үшін, асырмай айтканда, аса зор, бүкіл дүние жүзілік-тариhi маңызы бар.

Советтік жұмысшы-шаруа республикасының осы күнге дейін езіліп келген алсіз халықтарға козкарасының бүкіл Азия үшін және дүние жүзінің барлық отарлары үшін, мындаған миллион адамдар үшін практикалық маңызы болады”, – деді (В. И. Ленин. Шығармалар, 30 т, 124-бет).

Ағылшын империалисттері Түркістан Совет Республикасын жойып, оның орнына біртұтас мұсылман мемлекетін құрып, оны озінің отарына айналдыруға арпатақа кірісті. Осындай мақсатын іске асыру үшін, Түркияның бұрынғы соғыс министрі, авантюрист Әнуар пашаны Шығыс Бұхарға аттандырды. Әнуар паша Бұхарға келіп барлық басмашыларды біріктіріп, бір тұтас әскер құрды. Бұл кезде Орта Азияда әрбір тұстан Совет үкіметіне қарсы қүреске шыққан басмашылар отряды коп болатын. Ферганада Ахметбеков

Мадаминбек бастаған басмашылардың ұлкен отряды, Хорезмде Жөнайдхан бастаған, Батыс Бұхарда молла Абдулкаххар мен молла Данияр бастаған, Шығыс Бұхарда Ибраһимбек пен Ешенсұлтан бастаған басмашылар отрядтары, тағы басқа ірі-ұсақты басмашы бандалар бүліншілігі етек алған еді.

Басмашыларға ағылшын империалистері қару-жаракты керуен-керуен етіп жіберіп жатады. Шетел басқыншыларының Лойд Джордж, Барту сияқты барлаушы – жансыздары басмашы бандалардың халыққа қарсы қанды жорыктарына тікелей басшылық етіп оғырды.

1921-1922 жылдары бүкіл Орта Азия мен Қазақстандағы Совет үкіметіне ұлкен қауіп тондірген Әнуар, Сәлім, Ибраһимбек сияқтылардың ірі қарулы қүштерін, толып жатқан басқа да басмашыларды жою – партия мен совет үкіметінің ең жауапты, ең зор міндеттерінің бірі болды.

Аса қауіпті жауға қарсы құресін үйымдастырып, басшылық ету үшін партияның Орталық Комитеті Г. К. Орджоникидзе мен Ш. Элиаваны Бұхарға жіберді.

Самарқанд Облыстың Атқару Комитетінің председателі Абдолла Ярмұхамедов. Төтенішс Комиссияның өкілі ретінде, Көттөкорған уезіндегі басмашыларға қарсы құрес майданына аттанды. 1922 жылдың май айынан бастап, бес ай бойы Көттөкорған уезінің терриориясындағы басмашыларды жою құресін үйымдастырып, жауға қарсы ұрыстарды басқарды. Сан шайқастарда қызыл өскерлерді майданға бастап, татай кының-қыстау кезеңдерден жедел жол тауып шығып, женіске жетеді. Амал-айласы мол, ашынған жауды талқандау жолындағы қантөгіс ұрыстарда Абдолла Ярмұхамедов жаужурук ерлікте, таймас табандылықтың өскер басқаруда соғыс өнерінің тамаша үлгі-өнгесін корсетті. Ол қалын бүкәра халықпен тіл тауып сойлесе білді. Совет өкіметінің халықтың мұрат-мақсатын ел құлағына құйып, коніл көзін ашып, сана-сезімін ояты. Жалынды насиҳатшы – Абдолла халықтың шын досы кім, арбаушы, алдаушы жауы кім екенін төрөн түсінліріп, еңбекші халықты басмаништарға қарсы белсенді құреске жұмылдырыды. Оның халық аттындағы беделі орасан зор болды. Ол ел болмас ежелгі жауға барынша қатал болды. Басмашылардың алдауына түсіп, оларға еріп кеткен шаруаттарға шын большевиктік камкорлық жасап, үгіт-насиҳат жұмысын жүргізді.

Абдолла Ярмұхамедовтың басшылығымен бес айдың ішінде (1922 жыл, май – октябрь) Көттөкорған уезіндегі басмашылар негізінен талқандалып, жойылды. Көттөкорған уезіндегі партия-совет органдарын жат азамдардан газартып, ығайту, халықтың бейбіт еңбегін жолға қою жонінде Абдолла

Ярмұхамедов қыруар жұмыс жүргізіп, озінің қабілетті қоғам қайраткері, жаһынды насиҳатшы, жауынгер командир екенін көрсетті.

Абдолланың үтіг-насиҳатының үнемі сөгті болып, халық жүргегіне жылы тиіп, еллі ертіп алып кетуінің бір себебі – ол Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген негізгі ұлттардың өз тілінде сойлей білуінде еді. Абдолла Ярмұхамедов озінің ана тілі – казақ тілінен басқа орыс, өзбек, тәжік, қырғыз тілдерін де жетік білген адам.

Сөйтіп, Әнуар пашаның Орта Азия мен Қазақстандағы Совет үкіметіне тоңдірген қаупін жою жопіндегі партия Орталық Комитетінің шешімін жүзеге асыру ісінде Абдолла Ярмұхамедов айтарлықтай ерлік енбек етті.

Совет үкіметіне зор қауіп тудырған Әнуар, ақыры, 1922 жылы 4 августа Балджуан қаласынан 12 шакырым жерде біздің өскермен үрystа өлді.

Самарқанд Облыстық Совет атқару комитетінің председателі Абдолла Ярмұхамедов, Кәттәқорған уезіндегі басмашыларды жою күресіндегі корсеткен ертігі үшін арнайы алтын сағатиен және “Еңбекші бұқара халықты басмашылар қалдығынаң құтқару жолындағы күрескерге” деген алтынмен жазылған жазуы бар “Маузер” мылтығымен наградталады.

1923 жылдың март айында Абдолла Ярмұхамедов Түркістан республикасы Ішкі Істер Халық Комиссарының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Әнуар паша олған сон, Орта Азияда Совет үкіметіне карсы күрес жүргізу ісін, интервенттер енді Солтім-пацага тапсырды. Ол Шығыс Бұхардағы басмашылардың қақындарын біріктіру өрекетіне кіріседі. Тау-тасқа сініп кеткен басмашыларға озінің агенттерін жіберіп, байланыс жасайды. Қыстактардағы сенімді адамдарына хат жазып, жап-жаққа шпиондар жіберелі. Діни үтіг таратады. Сөйтіп, 1923 жылы жазғытұрым басмашылар қайта бас котеріп шабуылға шығады.

Түркістан Орталық партия комитеті халық арасында үтіг-насиҳат жұмысын жүргізу және басмашыларға карсы еріктілер отрядын құру үшін жер-жерге таңдаулы партия қызметкерлерін жібереді.

Абдолла Ярмұхамедов Ферғана майданының Реввоенсоветінің қаруына жіберіліп. Реввоенсоветтің саяси секретариатында совет бөлімінің начальнигі болып тағайындалады.

Ол өзінің 1928 жылы орыс тілінде жазып, жарияланған: “Алай өскери экспедициясы” (Алтайская военная экспедиция”, “Советская степь” газеті. 23.11.1928) деген естелік-мақаласында Ферғана майданындағы басмашыларға карсы

күресті баян ете келіп: “1917 жылдың аяғында басталған Ферғана да басмашылар қозғалысы, 1924 жылға дейін тынбай келді; басмашылармен күрестегі тактикалызың негізгі кемшілігі – 1924 жылға дейін, келісілген бірыңғай жоспардың болмауы еді”, – дейді.

1923 жылды Түркістанға Советтер республикасының қарулы құштерінің бұрынғы бас қолбасшысы С. С. Каменев келіп, басмашылармен күрес мәселесін жан-жакты талқыладап, бірнеше мөслихат откізеді. Мөселені терең зерттеп, талқыладап, кенессу нәтижесіндегі басмашыларды жою күресінің келісілген бірыңғай жоспары жасалады.

Ферғана майданының штабы өуелде Қоқан қаласында болды да, кейін Андижан қаласына, яғни басмашылардың нағыз кайнап тұрган ортасына қошірледі. Андижан қаласының темір жол вокзалынан басқа аудандарында басмашылар ұstemдігі басым скен. Андижанға бас қолбасшы С. С. Каменев келгенде, оның вагонына басмашылар оқ жаудырады.

Ендігі біраз сөзді А. Ярмұхамедовке берейік:

“Белгіленген жоспар бойынша, май айынан бастап шабуылға шықтық. Аз уақыттың ішінде кала басмашылардан тазартылды. Июнь айының аяқ шенінде оз еркімен бізге берілген басмашылардың саны мың жеті жүзге жетті.

Бірнеше жыл бойы басмашылардың талан-таражына түсіп, үрейленіп қалған халық Қызыл армияға жанын салып комектесе бастады.

Бар ынтасымен ерікті милиция құрамына косылуышылардың кобейіндігі сонша, аз-ақ уақыттың ішінде еріктілерден құрылған атты жауынгерлердің саны бір мың болды.

Жау әрбір шайқаста женілістен-женіліске ұшырап, біртінделеп қашып, таулардың қынын-қыны қойнауларына кете берді. Ақыр аяғында өздеріне ежелден белгілі жайлты мексні – Алай алқабына (Қыргызстан жерінде) барып бекінді. Ол кездес Алайда біздің әскер бөліміміз тұтқыл, тіпті совет органы атымен жоқ болатын.

Алай алқабына бекінген басмашыларды түбегейлі жою үшін бізлің әскер екі жақтан бірдей шабуыл жасау қажет еді. Яғни Ферғана жағынан жәнс Қаратегін (қазіргі Төжікстанның Гарм ауданына қарайтын жер. К. М.) жағынан. Ол кезде Қаратегін жағында Фузанғы Максұм құрбашиның жендертері жортып жүрген. Егер тек қана Ферғана жағынан шабуыл жасалса, басмашылар Қаратегін жағына ойысын, қызыл жауынгерлердің соккысынан жалтарып кетер еді.

Осы жағдайда ескерे отырып, Түркістан Реввоенсоветі екі әскери экспедиция құру жөнінде бүйрық берлі. Бірі

Ферғана майданы оскеріпен құрылған экспедиция Алай алқабына, екіншісі құншығыс Бұхар тарапынан Қаратегінге аттанатын болды. Бұл екінші экспедицияға берілген тапсырмалар Фузаил Максұм бастаған басмашыларды жою жөне сонымен бірге Алай алқабына шабуыл жасалғанда, Алай экспедициясының соккысынан жау құтылыш көтпеу үшін, оның жолын кесіп, тоқсауыл жасау.

Алай алқабында Нұрмат, Максұм, Манас, Токтамат сиякты құrbанылар бастаған басмашылар бекініп жаткан болатын”.

Ферғана майданының Реввоенсоветі Абдолла Ярмұхамедовты Алай экспедициясының оскери комиссары етіп тағайындауды. Алай экспедициясы жауынгерлерінің құрамында оз еркімен милицияға кірген казак, қырғыз жігіттері жөне 6 атқыштар полкінің салт атты вズводы болады. Барлық қару-жаракпен жаксы жабдықталған, екі пулеметі бар 300 таңдаулы қызыл жауынгерді бастап, 1923 жылы 3 август күні Абдолла Ярмұхамедов Ош қатасынан жорықта аттанады. Жол бойы Токтамат, Нұрмат сиякты құrbашылардың бандыларымен олденеше дүркін үрыс салып, жауды жапырып, тек 14 августа басмашылардың Алайдағы мықты бір бекінісі-Дария Корғанды адалы.

Ярмұхамедов отрядындағы ержүрек жауынгерлердің ішінен, халыққа созі отімді, тамаша үтішілер де шығады. Аз уақыттың ішінде-ақ Алай алқабын мекендеген бұқара қырғыз халқы басмашылармен ат құйрығын кесісіп Совет оқіметі жағына ойысады.

1971 жыл.

## ЕЛУБАЙ ОМІРЗАКОВ 70 ЖАСТА

Қазактың сегіз қырлы өнерназы, табиғи дарынды актер, Қазақстаниның тұнғыш халық артисі Елубай Өмірзаков 70 жасқа келді.

“Қазақ ССР - ның халық артисі деген құрметті атакты тұнғыш рет 1931 жылы 13 январьда екі адам алған едік. Оның бірі режиссер Жұмат Шанин де бірі мен болатынмын. Содан бері халқым маған қандай жүк артса да, жүрдек көлігі болып келемін”, – дейді Елекен.

Қазактың тұнғыш профессионал театры, қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының шаңырағын алғашқы котеріскең өнер қайраткерінің бірі де Елубай Өмірзаков.

Театрдың ашылғанына (1926 ж. 13 январь) бес жыл толған (1931) мереке күні Қазақ ССР халық атағына алғашкы ие болған да Елубай Өмірзаков еді.

Елекен театр саҳнасына әүесқойлықпен, онерді сырттай қызықтап, құр дүрмекпен келген адам емес. Жаратылысынан дарынды, тұмысынан талантты, бала жасынан талапты, алтыр ойлы, аса қабілетті адам. Оның осындай қалір, касиетін бүкіл халықка танытып, өнерінің емін-еркін орксандел осуіне Ұлы Октябрь революциясы даңғыл жол ашып берді.

Жастық шағын еске алғанда, өмірдегі өз орнын дұрыс табуына себеп болған Бейімбет Майлінді Елекен айрықша атайды. Кішірек кезімде Бейімбет маған:

“Коргенінді жаза баспай қағып алып кайталайсың. Соның бәрі қай жерінен шыға береді”, – дес құлстін еді. Екесуміз бір ауылдың баласымыз, үнемі қосылып жүреміз. Мені ол жасың кіші демейді, Жетім болған соң аяйтын да болуы керек. ойнын-тойға бірге жетелейді, касына отырғызып, ломбыра тартқызады, он салғызады...

— Елең! Сен түбінде үлкен артист боласың. — дейді арқасынан қағып.

Кейіннірек Бейімбет мұғалім болғанда, менің сауат ашуыма жәрдемдесі. Қазан-ошақтың басында қалып коймаудың үшін үнемі қызметке тартып озі шағын пьесалар жазып беріп жүрлі. Мен оларды үнемі халыққа насихаттаумен болдым, – дейді.

1919 жылы Қостанайдың талапты жастарынан құралған драма үйірмесі Бейімбет Майліннің “Қаламқас” атын пьесасын қойғанда, пьесадағы басты роль – Шапай болып Елубай Өмірзаков ойнайды.

Елубай Өмірзаков біраз уақыт милиционер болып (1921) қызмет істейді. Ол кезде де Елекен өнерден қол үзен емес. Бар ынтасы оперге, білімге ауған Елубай Өмірзаков Бейімбеттің жәрдемімен Орынбор каласына окуға аттанады.

Орынборда студенттердің драма үйірмесін құрады. Драма үйірмесіне Иса Байзаков, қазіргі Қазақ ССР халық артисі Қапан Бадыров сияқты талантты жастар катысады. Сойтіп, 1926 жылы казактың тұнғыш профессионал театрының іргесі тасын қалауға Қызылорда каласына келген Елубай Өмірзаковтың өнеріне сай өмір тожірибесі де болатын.

Қырық жылдан астам уақыт театрда үздіксіз енбек етіп, үнемі іздену. өнер шынына шарықтап, құлаш ұрумен келе жатқан сахна санлағының коркемонеріміздің оркендей осуіне үлесі үшан-тәніз.

Елубай Өмірзаков ойнаган рольдерге қарасақ, біріне-бірі үксамайтын, біріне-бірі қарама-карсы, сан-алуан адам образдары лек-легімен коз алдыңға келеді. Жұмат Шаниннің

“Аркалық батыр” пьесасында Дуанадан, Мұхтар Әусзовтін, “Еңлік-Кебек” пьесасындағы Абыздан бастап Аманкелдің дейін қанша ғасыр, неше алуан дүние, дәуірлер жатыр. “Айман—Шолпандағы” — Жарас, “Жас түлектердегі” Мес, “Ревизордағы” Осип, “Аксүйектердегі” Костя—капитан образдарын еске алсақ өр қылым замандағы, ор түрлі үлттың, ор түрлі қоғамдық ортада омір сүрген адамдардың іс-орекетін, мінез-құлқын нағымды, десерлі етіп шынышылдықпен корсете білу Елубай сияқты сегіз қырты, өнер қайраткерінің ғана колынан келеді.

Театр сахнасындағы алғашқы құтты қадамында Елекен кішкентай рольдің өзінен жарқ стін көрінген. Бір сәт ғана сахнаға кіріп шынтын Дуананың өзімен-ақ көрермендер көзінс түсіп құдыретті таланттын таныпқан. Шекспир пьесасындағы Отелло образын ойнамызға түсірейік. Елекенің ерекші үздік таланты тағы да басқаша бір қырымен корінеді.

Елубай Өмірзаков ойнаған рольдерді тізіп шығудың озі мүмкін емес. Онын еңбегі жайында зерттеулер, арнаулы кітаптар жазылтмақ.

Қазақстан ғана емес бүкіл орта Азия артистерінің ішінде бұдан 29 жыл бұрын театранда В. И. Лениннің образын (“Мылтықты адам” пьесасындағы) жасаған бірінші актер — Елубай Өмірзаков. Сондай жауапты, сондай құрметті образ жасау Елекене оңай тиғен жоқ. Ол шарқ ұрлы ізденді. Ленинградка барды. Театр сахнасында, кинода В. И. Ленин образын жасаған СССР халық артисі Максим Штраухпен кездесті, мәслихаттасты, оның тәжрибесінен үлгі-онеге алды. Коп ізденулің, мол енбектің нәтижесінде ұлы косем образын сақиала корсете алды.

Кино оперінде де Амангелді батырдың образын жасап, тұңғыннан козге түсken казақ артисі де қадрлі Елекен болатын. Аманкелді жайы жас шағынан құлағына сіңін Елекен кейін (1938) сахнада батыр образын жасауға коп сіңбек сінірді. Ел арағады. Аманкелдінің көрінісінде Аманкелдінің көрінісінде Аманкелдінің кинодәнниң образын жасау үшін Елекен қыруар сіңбек етті. Онысы және ерлік, жанқиярлық енбек еді. Бір ғана мысал, Елекеннің өзіне сөз берейік:

— Киноның аяғы Аманкелдінің олімімен біtedі. Осы туралы Левин (режиссер) маған. “Ертең Аманкелді аттан құлайлы”, — деп ескерткенде, мен: “Оны неге бір жеті бұрын айтпадыңыз?” — деп наразы болдым. Шынында аттан сылқ етіп құтай салғанин горі жаңа бір шешім Бейімбет айтқандай: “Батырдың олімі де батырлық болсын”, — дегені конілімде. Мінс, құла қасқа қызығын мен сонда көрдім. Бірақ жануар

маған үйрениңен сонша – ол қауіптен құтқарды. Мен тожрибе үшін 42 рет аттан құладым, – Елекен.

Өнерді сую деген, сүйген онеріне жан-тоңімен шексіз берілу деген осы болады. Елубай Омірзаковтың сибесін Совет үкіметі жоғары бағалап, оған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын берді, Ленин орденімен, Енбек Қызыл Ту, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, Құрмет Белгісі ордендерімен, медальдармен наградтады.

1968 жылдың декабрь айында Казакстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі “Атамекен” кинофильміндегі бас рольді орындағаны үшін Елубай Омірзаковка Құлош Байсайтова атындағы Қазақ ССР-нің 1968 жылғы Мемлекеттік сыйлығын берді.

Жетпіс жасқа жеткен мерекеніз кайырлы, құтты болсын. Тойының тойға үлассын! Жаңы жас, қажымас, талмас қарттарлан, Елеке, онер шынына шарықтай берініз!

“Семей таңы”, 14 февраль, 1969 жыл.

## ҮЛКЕН СЕЗІМ ИЕСІ

Қазақ совет әдебиеті өкілдерінің алдыңғы легіндегі аға жазушылармыздың бірі – Фабиден Мұстафин алпыстың аскарына шықты. Оттың жылдан астам уақыт әдебиет майданында үлкен шабытпен мол жемісті, зор нәтижелі сибек етіп, қазақ совет әдебиетінің оркендей осуіне бай үлес қосып, аянбай атсалысқан гигантты қалам қайраткері Фабиден Мұстафиннің алпыс жасқа толған мерекесі – оның жазушылық өмірінің аскар білігі.

Өзінің еңбек омірін жұмысшы болып бастаған Фабиден Мұстафин – бүгін аты әлемге белгілі жазушы, Қазақстан жазушылар үйімінің бірінші секретары, Қазақ ССР Фылым Академиясының мүше корреспонденті, мемлекет қайраткері, СССР Жоғары Советінің депутаты.

Фабиден Мұстафиннің тырнакаңды онғімесі “Сөрсөн мен Мұқан”, “Жыл құсы” атты әдебиет альманағында басылады.

Фабиден Мұстафиннің тұнғыш әңгімелер жинағы 1929 жылы Қызылорда “Ерій оның жоне басқа әңгімелер” деген атшын басылып шығады. Алғашкы әңгімелерінің тақырыбы – ауылдағы тап-тартысын суреттеу. Октябрь революциясына шейін байлардың езгісінде болып келген қазақ кедей – жашыларының революциядан кейін таптық сана-сезімі тез

оянып, байларға қарсы ашық майданға, белсенді құрессеке шыққанын сипаттауға арналған.

Ғабиден Мұстафин 1930 жылы туған жеріне – Қарағандыға барып, ондірісте жұмыс істейді. Екі жылдан кейін газет қызметіне ауысады. 1933 жылдан 1938 жылға дейін Новосибирь қаласында шығатын “Қызыл ту” атты қазақ газетіндегі істеп, 1938 жылы Алматыға келіп, біржолата жазу жұмысына беріледі. Бұл кезде жазушының түрлі тәқырыпқа жазын әдінеше өнгіме, очерктері жарияланады.

Ғабиден Мұстафин 1941 жылы өзінін бірінші романы – “Омір мен өлімді” бастырып шығарады. Бұл қазақ әдебиетіндегі өндіріс тәқырыбына арналған тұнғыш ірі шығарманың бірі еді. F. Мұстафин “Қашірлі қонақ”, “Құлаған құз” т.б. өнгімелер жаза жүріп, үлкен роман жазуға даярлық жасап, драма жанрына да атсалысады. Согыс тәқырыбына “Диверсант”, “Алтынған кек” деген шагын қолемді пьесалар жазды.

Ұлы Отан соғысы басталар алдында Ғабиден Қазакстан жүртшылығына белгілі жазушы болып әйден танылды.

F. Мұстафиннің жазушылық қызметінде берік үстеган қағидасы – қай жанрда жазса да оз заманымыздың тәқырыбын камту, совет халқының концептін аударатын, ұлы омірімізде болып жаткан уақыттарға дер кезінде коркем шығарма беру.

F. Мұстафин Ұлы Отан соғысы жылдарында сінбек майданында ерекше көзге түсіп, дүние жүзінде болып көрмеген табысқа жеткен, тарыдан мол онім ондіруде әлемді таныркатқан рекорд жасаған Шығанак Берсиев туралы роман жазды. “Шығанак” романы 1945 жылы қазақ тілінде, 1947 жылы орыс тіліне аударылып басылды.

“Шығанак” романымен F. Мұстафиннің есімі бүкіл Совет Одағына молім болды.

Ұлы Отан соғысынан кейіні ғылдарда F. Мұстафин “Миллионер” повесін жазды. Жазушының бүті шығармасын “Правда” газеті жоғары бағалап “белсенді колхозшылардың батыл бастамалары мен қажымаң күрестерін жырлайтын жаңалық сезімін бойына сіңіре алған” шығарма деді (“Правда”, 17: IV -1949 ж. “Чувство нового о”).

“Миллионер” қазақ тілінде 1948 жылы басылды шығып, іле-шаға орыс тіліне аударылып, орыс тілі арқылы түсікан одактас республикалар халықтарының тіліне аударылды. F. Мұстафиннің “Миллионері” поляк, қытай, чех тілдерине және ағылшын, француз, неміс, испан, румын, болгар халықтарының тілдеріне аударылды.

F. Мұстафин “Миллионер” тәқырыбына пьеса жазып, ол

пьеса Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрының саҳнасында қойылды.

Әдебиетімізде өндіріс тақырыптарына арналған, республикамызда жұмысшы табының образын бейнелейтін проза жанрында елеулі үлкен шығарма, соңғы жылдарға дейін жоқтың касы еді. Фабиден өзінің тұнғыш романы “Омір мен олім” тақырыбына, қаламы әбден тоселіп, жазушылық кемелінс толық келген шағында, қайта бір оралип, 1952 жылы “Қарағанды” романын жарыққа шығарды.

“Қарағанды” романында Совет өкіметі кезінде Қарағанды комір кеңінің оркендер осуі, халықтар достығы ең негізгі тақырып ретінде баяндалады. Романның басты кейіпкерлері, екеуі де партия мүшесі – Мейрам мен Щербаковтың арасындағы шексіз берілген адат достық – ұлы орыс халқы мен казақ халқының достық бейнесіндей.

“Қарағанды” романы казақ әдебиетінде ондіріс тақырыбына, жұмысшы табына арналған жазушының зор табысының, әдебиетінде қосқан үлкен үлесінің бірі.

Фабиден Мұстафин – казақ совет әдебиеті тарихынан өзінің, сибіргіңс сай орын алған көрнекі романист – жазушыларымыздың бірі. Оның шығармаларына арналып жазылған конгрес макалалар, монографиялық сибектер бар. Біз аға жазушыларымыздың туғанына 60 жыл толған мерекесінің үстінде оның творчестволық өміріне қысқаша шолу жасап, құрметті жазушымыз, ардакты ағамыздың сау-сөлемет болып, ұзак өмір сүруінс, Ұлы Отанымыздың иілінен жемісті еңбек ете беруіне тілекtestіk биллреміз.

“Семей правдасы”, 28 ноябрь, 1962 жыл.

## АСҚАР АҚЫН АЛПЫСТА

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасын, дамып өркендеуіне аяибаи еңбек етіп, елеулі үлес косып, казақ совет әдебиеті тарихында аты әлеме әйгілі болып келе жатқан ақынның бірі – Асқар Токмагамбетов 60 жасқа шығып отыр. Қалам қайраткерінің омір тәжірибессінің молыныш, кемелінен келген шағы.

Бұл ін алпыстың аскарына шығып отырған ақыннымызбен бірге, оның откен жазушылық жемісті, иғі сапарын біз де сүйсіне шолын өтіп, шын достық жүректен, қуанышқа толы қоңытмен мерекелі күпін күттүктап, ұзак өмір тілейміз.

Аскар ақын олеңді бұдан 44 жыл бұрын жаза бастаған екен. Ақынның тұнғыш баснасоз жүзінші шықкан, ұлы космосға арналған – “Ленин суретіне” атты олеңі 1925 жылы “Еңбекші қазак” (қазіргі “Социалистік Қазақстан”) газетінде жарияланыпты. Содан бері 40 жыл бойы ұлы заманымызды, сүйікті Отанымызды, қаһарман совет халқын, Ленин партиясын зор табыспен тынбай жырладап келе жатқан ақын қаламынан тұған туындылар мол да әр алуан. Аскар Қазақстан Совет оқіметі орынап, салтанат курған алғашқы жылдардан бастап, Коммунистік партияның басшылығымен халық итілігі үшін істеліп, жүзеге асып жатқан ұлы озгерістерді, саяситарихи маңызды уақығаларды, социализм құру жолындағы совет халқының ерлік құресін омір талабына сай, мезгілінде жыр етуден тынбайды.

Халықка тез тарайтын, сана-сезіміне осерлі, үгітнасихаттық мөні зор саяси лирика Аскар Әлсендерінің жақсы қасиеті болды. Идеялық мазмұны терең, озіне тон коркемдік түрімен ұтымды, құнбес-құнгі омір талабына сай, откір лирика жазу – Д. Белий мен В. Маяковскийдің онегелі дәстүрі, советтік поэзиямыздың өзіне ғен ерекшелігі, неғізгі бір сипаты болды. Аскар Тоқмагамбетов осы достүрді озіне ұлғі-онеге етеді.

Аскар поэзиясы жаңрлық түр жағынан да сан атуан. Қазақтың халық поэзиясын жасынан қадір тұтып, жадына алып, жаттап оскен ақын ауыз әдебиетінің ұлғілерін оз шығармаларында творчестволық жолмен кеңінен пайдаланды. Ішешен тілмен шұбырта жонелетін, тайпалған тақ-так жыр төгілген толғау, ескі салт-сананы, әдет-тұрыпты жана омірге жат мінез-құлықты әшкерелей сынап, түйретін аңы әжүа, кейде сайқы сықақ етейін Әлсендер, саяси-әлсұметтік мөні зор откір сатира, ұлы заманымыздың келелі уақығаларына арналған поэмалары Аскар поэзиясының такырып байлығын, ақындық онердің әр саласында еңбек етуге бой үргандығын корсетеді.

Аскар Тоқмагамбетов жас шағынан олең-жырды сүйіп, ақындық онерлі қадір іұғып өседі. Ол өзінің өскен орта, үшінші үясы жайында оміrbаянында былай деп жазды: “Әкемнің аздап жазатыны бар еді. Оның үстінен сол кездегі шыққан кисса кітаптардың борін жинап, түптеп таспалап тастайтын-ды. Мен хат танығасын, соларды маған оқытып отыратын. Ол кезде Қызылорда облысында ақындар коп болды. Шорақытын Омары, Қаңты, Кете-Жүсінгер Дан-мұрын, тағы бақсалары еді. Оларлың көбірек жазатыны айтис болатын-ды. Мен солардың борін қалдырмай жазып алып, оқып шықтым. Ауылдағы әннің ақындардың қасында да еріп

жүретін едім". Осыларға еліктеп жас Аскар озі де олең шығарумен әуестенеді. Халық ақындарымен айтысқа түсіп байкайды. Бұл, өрине, болашақ ақынының алғашқы корген толім-тәрбиесі тұнғыш таныған үккәні, алған өнгесі. Аскардың нағыз ақындық сапары 1925 жылдардан басталады. Бастауыш совет мектебінде, кейінрек су шаруашылық техникумында, Таңкент, одан соң Москвадағы журналистер институтында оқып білімін көтереді. Қолына қалам алғаннан бастап ол газет, журналдар, кейінгі кездерде Қазақстан Жазушылар Одағында қызмет атқарады.

Сөкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Сабит Мұқанов бастаған қазак совет ақын жазушыларымен танысып, табысып, солармен бірге әдебиет майданында еңбек ету – Аскардың ой-өрісін көнектіп, оның көртекті ақын болып, танылуына үлкен себеп болады. Орыс және дүние жүзі классиктерінің, осіресе Демьян Бедный, Владимир Маяковский творчествосымен танысу Аскарға аса мағыналы иғі әсер етеді. Аскар Абай поэзиясын ерекше сүйіп, зерттей оқып ақындық онерде ұлы ақынды озіне ұстаз санайды.

Тұнғыш жарияланған "Ленин суретінс" деген өлеңін жас ақын:

Біз, жастар артында  
Жолыннан кайтпаймыз,

— деп. бүкіл қазақ жастары атынан ұлы көсемге ант етіп, корытса, сол антина таймай, қырық жыл бойы ленинизм идеясының жаршысы болып, Ленин партиясының, советтік Отанының, халықтар достығының жатынды жыршысы болып, қазақ совет ақындарының алдынғы сапында келе жатыр.

Аскар қолына қалам алғаннан бастап, еліміздің басынан кешкен ұлылы-кішілі уакиғаларының ақын каламынан қағыс қалғаны жоқ деуге болады. Қаптай такырыпты болмасын ақын совстгік патриотизм негізінде жырлайды, оны басты қағида етуге барынша ұмтылады

Оның алғашқы ақындық қадамындағы (1925-1930) өлеңдерінің басты такырыбы, қазақтың кедей жатыларының байларға карсы гаптық құрессі, ойел теңдіті мөселері болады. Бұл — сол дәуірдегі актуальді такырып еді. Осы кезде жазған Аскардың көн өлеңдері халықка моя тараң, "Фатиманың ағасына хаты", "Ағасының жауабы", "Біздің Сөүле", "Қызыюскер жыры" қалада да, ауыл далада да әнмен жатқа айтылатын. Ақынның колхоз, өндіріс такырыбына, халықаралық жағдайға арналған өлеңдері, комсомол, жастар туралы толып жатқан өлең-жырлары кезінде жүртшылықтың

сүйіп оқитын, тілге женіл шығармалар еді. 1930 жылы жазған “Тұрксіб туїсікенде” атты өлеңін екінін бірі әнмен айтып жүретін. Клуб, театр саҳнадарында ондете айттып, артистер билеп те кететін. (мысалы, Құрманбек Жандарбеков)

Бұлшық еттер бұл майданда,  
Бұл майданда ойнайды.  
Солқылдатып соккан балға,  
Тауды еркіне коймайды,

— деген бір шумақтың өзінде қандай динамика бар. Ескі дүниені жаңғыртып, жаңартып жатқан жұмысшы табының алып күшінің енбек үстіндегі жойқын кимылын осерлі образben берген. Социализм құрып жатқан совет халқының сарқылмас күш-куаты олемді таңдандырып, досын сүйсіндіре, дүшпанын күйіндіріп, үрейін алады.

СССР-дің бес жылдығы,  
Дүние жүзін көркейтер.  
Қаны кара капиталдың,  
Төбе шашын үрпейтер!

— дейді ақын. Аскар бұл тұста осы сарындағы талай-талай шабытты жырлар туғызды. (“Күшті болса көкте кім”, “Ең жоғары” т.б.).

Ұлы Отан соғысы жылдарында қоپтеген патриоттық жалынды өлендер жазған. Аскар Токмағамбетов өз дәуіріміздің тақырыбына да арнап бірнеше поэмалар жазды. Олар колхоз, совхоз өмірін совет адамдарының енбек, өнер-білім, соғыс майдандарындағы ерлік ісін жырлауға арналған. Капитал дүниесінің зұлым бейнесін әшкере ететін халықаралық тақырыпқа арналған поэмалары түрлі тақырыпқа жазылған ақын поэзиясының кен көлемді екенін анғартады. Бірақ бұл поэмаларының бәрі бірдей сәтті шыққан шығармалар емес. Әдебиет сыншыларының ауызға атып аттайтындары “Берлин көшесінде”, “Советтік маршрут”, “Қаранғы түнде” сиякты поэмалары, Аскардың казак совет әдебиетіне қосқан мағыналы, мол үлесі – оның сатираптық шығармалары. Түрлі тақырыпқа жазған өлең, тақпак түріндегі өткір сатираптары, фельетон, мысал өлендері Аскардың күшті сатирик, әжүа, мыскылға ұста, шебер фельетоншы екенін айқын танытады. Аскар проза жанрына да үлес косып келеді. Оның қыска әнгіме, очерктері де мол. Аскар роман жазумен де шұғылданған жазушы. (“Әке мен бала”). Ақын драма саласында да айттарлықтай енбек етіп келеді.

Асқардың жеке кітап болып шықкан өлең, поэмалары, пьесалары, очерктері мен романы көп. Ақын шығармалары бүкіл совет окушы жұртшылығына мәлім. Партия мен үкімет Асқар Токмагамбетовтің совет әдебиетін өркендедүегі енбекін жоғары бағалап, 1939 жылы “Еңбек Қызыл Ту” орденімен, 1945 жылы “Бірінші дәрежелі Отан соғысы” орденімен, ал тұғанына 60 жыл толуына байланысты тағы да “Еңбек Қызыл Ту” орденімен наградтады.

Алпыс жылдық мерекеніз құтты болсын! Ұзак өмір сүруінізге, ұзак өмірлі шығармалар жаза беруінізге тілекtesпіз, Асқар аға!

“Ертіс”, 10 сентябрь, 1965 жыл.

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

### **Шетел жазушылары туралы мақалалар**

#### **КРЫЛОВ ЖӘНЕ АБАЙ**

(Крыловтын туғанына 180 жыл толуына)

Абайдын үлгі-өнеге алған ең үлкен мектебі XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиеті болды. Сол мектептен үлгі алған Абай қазак әдебиетінде үлгілі мектеп болды.

Абайдың ең бір ұмытылтас енбегі орыстың ұлы жазушыларынан өзі үлгі-өнеге алушмен бірге, – оларды қазак халқына таныстырып, олардың енбегін аударып өз еліне үлгі стуінде.

Соның бірі орыстың ұлы ақыны – Иван Андреевич Крылов болды.

“Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан”, – деп Абай айтқандай, әдебиет олемінде оркімнің өз орыны бар. Ақын жазушының бәрі бірдей әдебиеттен қолма-кол өз орнын дөлмес-дөл таба қоюы сирек нәрсе.

Өзінің талантына, бейіміне сай орнын дол таппаған ақын, қаншама талантты болсын халыққа танылуы киын болмак. Сол сияқты Крылов та әдебиеттегі өз орнын әдебиетте мысал жазудан барып тапты. Мысалдарымен халыққа танылды, әдебиеттен күрметті орын алышп, тарихта ұлы жазушы болып қалды. Крылов мысал жазбастан бүрын да талай сатирады шығармалар, комедиялар, пьесалар жазған адам.

Бірақ әдебиетте Крыловты данққа ие еткен, жазушылықтың биік сатысына жеткізген – оның мысалдары.

Иван Андреевич Крылов 1769 жылы туып, 1844 жылы қайтыс болған ақын.

Крылов 40 жасқа аяқ басқанда барып (1805 жылы) тұнғыш баснясын („Емен мен шілік“) жазады. Содан бастап 30 жылға тарта осы жанрда сибек етеді. Крылов барлығы екі жүздей мысал – өлең жазған. Мысал – өлең жазуда әдебиет тарихында ең зор атакка ие болған Крылов болды. Көзі тірісінің өзінде өз заманында Крыловты білмейтін, оның

мысал өлеңдерін сүйсініп оқымайтын орыс жұртшылығы болмаған. Крылов мысалдары тек оқыған адамдарға ғана емес. орыстын “енкейген көрі, сибектеген жас” деген сияқты бөріне мәлім болған. Крылов мысал — өлеңдерінде өзінің асқан ақындық таланттың көрсетті.

Крылов мысалдары тілге женіл, тамаша көркем, әрі карапайым ұғымды, мазмұны терен, өмірге соншама жанасымдық қасиетімен халыққа түгел жетті.

Орыс халқының жарқын ойы, терен ақылы, ұшқыр қиялы, алғыр сезімі, бай тілінің барлық нөрлі қасиеттері Крылов мысалдарында айнымай дәл түсіп, толық көрінді.

Қоғам өміріндегі әр алуан кемшіліктер, жеке адам басындағы жағымсыз мінез, жарамсыз қылыштар, ескі өмірдің салты мен санасынан туған кесел мінез-құтыктар Крылов мысалдарында өзінің бет-бейнесімен шындық айнасына айнымай түсіп, аяусыз әшкереленді.

Патшаның зорлықшыл әкімдері, зұлым чиновниктері, паракор судьялары, баккұмар, дүниекор, мансапкорлар, етірікші, мактандықтар айлақер құлар, тілі маїда, қаны кара залымдар, топас надандар, олардан корлық көрген момын сорлылар — неше алуан хайуанаттардың бейнесінде Крылов мысалдарынан орын атады.

Крылов өлеңдерінің көпшілігі халықтын мақал, мөтелең айналып кетеді. Крылов мысалдарында жағымсыз мінез-құтыгарды сынау, үлгі-өнеге айту, өсірсек, қоғам өмірінің шындығын суреттеп, аңы ажуамен әшкерелеу — сатира басым болып келеді.

Крылов мысалдары халық даналығымен қабысып жатады. Кейде халықтың мақал-мөтелдерінің өзі де акын шығармасына тақырып болып отырады.

Мысалы, “Не ексең — соны орарсын, су іштін құдығына түкірме”, — деген сияқты мақаллардың негізінде де мысалдар жазған. Крылов мысалдарында өз дүйрінің қамтымаған жағы жок. Крылов мысалдары орыс әдебистінің реалистік бағытта дамып, есуіне жол ашты.

Ұлы сыншы Белинский, Пушкиндерден бастап, бүкіл халық Крылов мысалдарын жогары бағалады.

Крылов мысалдары ақынның тірі кезінде Европа жүртінің бар тіліне аударыла бастады. Сонымен катар сол кезде грузин тіліне, араб, парсы, еврей тілдеріне аударылды.

Крыловты казак жұршылығына өз заманында кенірек танытқан Абай болды. Крыловтың “Қарға мен тұлтқі”, “Әншілдер”, (“Музыканты”), “Бақа мен өгіз”, “Шегіртке мен күмірыска”, “Бүркіт пен қарға”, “Піл мен қанден”, “Есек пен бұлбұл”, “Емсен мен шілтік”, “Алаконлар”, “Жарлы бай”,

“Қазаға ұрынған карашепкен” тағы басқа мысалдарын аударды.

Абай Крылов мысалдарындағы реализмді озіне үлгі етіп ала отырып, оның сатира жағы басым мысалдарын таңдаң алды.

Қазак өміріндегі ескі салт-сананы, әдет-ғұрынты, жалқаулық, надандық, құлық-сұмдық сияқты жаман әдептерді шенеп, әшкерелеуге тайыкты Крылов мысалдарын Абай казак тұрмысының бейімдеп аударды.

Крылов мысалдарын аударғанда Абай Крылов өлеңдеріндегі орыс тілінің озіне төн ерекшеліктерін ескере отырып, мазмұны мен мағынасын терсн түсініп аударды. Қазак тіліне жатық етіп, қазак тұрмысына бейімдеп, үғымына женіл етіп аударды. Сойтіп, мысалдың көздеген нысанасына дәл тиоін қатты ескергенін кореміз. Бұл жонінде Абай аудармалары ақынның мақсаты мен негізгі идеясын жеткізе білуге зер салғапдықты корсетеді.

Мысалдың сонында келетін қорытынды пікірді де Абай қазакқа түсінікті етіп озінше береді. “Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске үмтый!” (“Бұркіт пен қарға”), “Есі шыклай мұнан да ішкен артық, қисыны жок қышқырган неткен тантық” (“Әншілер”) тағы тағылар.

Абай Крылов мысалдарын құрғақ аударушы емес, Крыловтың үлгісін творчествосына ұштастырып қазак әдебиетінде мысал-олен үлгісін жасауды ақын деуіміз керек.

Абай Крылов мысалдарының оқынғасын, ғакырын желісін беруле де, тұрмыс табиғат суреттерін сипаттауда да қазақ дағасының, қазак елінің өмірімен қабыстыруды мақсат еткені жөне солай сипаттап бергені корінелі. Өлеңнің жол санын, колемін дәл сактауды да қажет таптаған. Айғайын деген ойды жеткізуді басты міндет санаған. Бұл жонінде Крылов мысалдарының бағытын да Абай озі айғақ мақсатқа қарай бейімдейді. “Емен мен Шіліктे” те токоппар еменнің аузынан ала түспейді. Ол Шілікті алға сорлы ғып жаратқан бейшараасын деп кеудесін котереді. Діни соқыр сенімнің күлдәрарын Абай қалғы ажуда етеді. Бұл – Абай үшін ен басты тақырып, омір шынығына қажет тақырып болды. Ал, Крыловга бұл жайлар мұлде жок. Абай Кавказдан шыққан кара бүлтті сипаттап, келе жатқан дауылдың қүшін суреттейді.

Тәкәппар, тон мойын, аллаға сенін Еменді дауыл гүбімсөн копарып әкетеді де, Шілік аман қалады.

Майысканин шіліктің несі кетті,  
Батыр, мақтан күйлеме,  
Сен де оғұрлым,

— деп қорытынды шығаралы. Кішіпейілдік пен жокқа сенген мақтаншак, орксуделік — Абайдың үнемі қарсы қойып отыратын, адамгершілікті дәріппет жырлайтын тақырыбы.

“Бұлбұл мен Есек” те Крылов Есекті Бұлбұлға колма-кол жолықтырса, Абай: “Тойған есек шопті оттап маңайдағы, сонырқап шатқа кетті кай-кайдағы”, — деси бастап барып есекпі бұлбұлға кездестіреді.

“Есек пен Бұлбұл” мысалынан Абай былай қорытынды шығарады:

Демеймін мені мақтасын,  
Я жақсын, я жақласын.  
Сүйтсе де мұндай сыйниыдан,  
Құдайым бізді сақтасын.

Абай “Бұркіт пен Қарға” (Крыловта “Вороненок”) мысалының қорытындысын да озинше шығарады (Азат басын болсын құл, колдан келмес іске үмтүл), бұл мысалда Абайдың:

Қыран бұркіт нс алмайды салса бантап,  
Жұрт жүр ғой қүйкентай мен қарға сактап,

— легенде олеңінің сарынында болып келеді.  
“Қазаға ұрынған Карапекинде”:

Ағайынға іс түспек —  
Ол бір үлкен қарғыс кой.  
Аларың сонда ен күштеп,  
“Бейшара” мен “байғұс” кой,

— деп мысалын аяқтайды.  
Сол сияқты “Піл мен Қанден” мысалындағы:

Жұрг мұнымды көрмей ме,  
Батыр атак бермей ме?  
“Кой бұл Қанден — ер шіркін,  
Пілге ле үрген демей ме!”,

— легенде Абайдың:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп.  
Әркім бір ит сактап жүр ырылдатып

— легенде өлеңімен үндеседі.  
“Алақойлар” мысалында елді тонауны затымдардың

жемқорлық, зұлымдық орекетін аяусыз өшкөрелейді. “Шегіртке мен Құмырскада” “Ала жаздаі ән салсан, селкіде де биңей бер!” “енбектен қашсаң – донбекке” легенді корсетелі.

Абайдың Крыловтан алған үлгісі Абай поэзиясын мазмұн, идея, түр жағынаи онан сайни тереңдетіп, байтынып, сагирағылды сарынды қүштейтіп, казак әдебиетінін реалистік даму жолын кеңейте түседі.

Крылов, Абай мысалдары – өмір шындығының айнасы. XIX ғасыр әдебиетіндегі адамгершілік, халықтық, демократиялық идеяның үлісі. Адамның мінез-құлқын торбиелеуде мөңгі маңызын жоймайтын әдеби мұра.

Данышын Абай ұлы орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиеті мен казак әдебиетінің тағдырын байланыстырып, келешегін айқындалат кетті.

“Екпінді” 16.02.1949.

## ОЛМЕС ӨМІР, ӨППЕС ЕСІМ

Бұдан дөл 150 жыл бұрын: “Пушкин олім халінде, ауыр жаралы, жекпе-жек ағыс үстінде ақынға Дантең атқан ажайғы тиіпті”, – деген сүйек хабар, 1837 жылы 9 февраль күні таңертең бүкіл Петербургке гарады. Сүмдүк зілді хабарды естіген қала халқы қара жамылдып, қайғыға батып, ақынның үйіне қарай ағылдып жатты.

10 февраль күні данышпан ұлы ақын мөңгі бақи коз жүмді. “Біздің поэзиямыздың жарық күні багты. Пушкин олді, озі сүйген ұлы майданның ортасында, кемел жасына жаңа аяқ басқан кезінде өлді! Бұл олім туралы басқаша айтар халтіміз жоқ, айтудың да қажеті жоқ. Бұл орны толмас казаның қандай екені өрбір орыстың қонілінде айқын, өрбір орыстың өзегі ортенеді, жүргегі жаңады. Пушкин! Ақыннымыз біздің! Халқымыздың даңқы, мактапшымыз біздің! Енді біз шынымен Пушкиніңдең айырылғанымыз ба!” – деп қайғылы хабар жариялаған газет редакторын халық ағарту министрі граф Уваров қатты согіп, қаһарын токті: “Пушкин өлді, өзі сүйген ұлы майданның ортасында олді. Ол неғынан майдан! Пушкин қолбасы болып па еді, әскери басыны ма еді, министр ме еді, мемлекет қайраткері ме еді? Олсنسымак жазу... ұлы майданға шыгу емес!” – деп, патшаның тоғмойын топас минисгрі адам іршілікке жат, жабайылтық мінез корсетті.

Бостандыкты, тоуелсіздікті, еркін омірді коксегені үшін

Пушкинді жек көргөн патша әкімдері, шенқұмар пасық мансапқорлар, зұлым пашаның өзі ақынның ажалына себепкер болды.

Пушкинді ардақтан, мактан ететін орыс халқы үшін ақынның оқиіншіті олімі орны толмас каза, арылмас ауыр қағы болды. Қаралы халық үш күн ұдайымен, ақынның аруағына бас іп, коп айтысып, ақырғы сапарға шығарып салуға мың-мыңдан ағылды.

“Бір күннің озінде ғана Пушкинмен қоштасуға 32000 адам келді”, – деп жазды Белинскийдің досы Я. М. Неверов. Ол келген адамлардың ішінде әдебиетшілер, әйелдер, кемпір, шал, жастар, окушылар, жай қызметшілер, ақырған аязда дірдек қағып келген жұпныны киімді кемтарлар да аз болмаған.

Сол ауыр күндерде халықтың қайғы-қасіретін, ақын ажалына себепкер болғандарға деген қайнаған ыза-кегін әйілең, Пушкиннің болашак мұрагері, жас ақын Лермонтов “Ақын оліміне” атты атақты олеңін жазды. Лермонтовтың жалынды жыры елге тез жайылып, кен тараған, окушы жүртшылықты терен тебіреңті.

Пушкиннің дүниеден қайтқанына 150 жыл толды. Содан бері откен бір жарымғасыр ардагер ақынды бізден алыстата алған жок қайта онын атын тұлаасын онан сайын асқақтастып, айқындағы түсті, жүргемізге онан сайын сүйекті етіп, жанымызға жақындасты, ұты ақынның қадір-қасиестін онан сайын арттырып, атак-ланқын бүкіл әлемге кен жайды.

Пушкин бір ғана халықтың, бір ғана ұлттың ұлы болып қалған жоқ, патшалы Россия империясының қол астында езілген әрбір аз ұлттың, барлық халықтың камын ойлаған ізгі көпілді, адап жүректі, кеңпейілді кеменгер азамат, ұлы гуманист, интернационалист болды.

Патша үкіметі бұкара халықты аяусыз канап, жауыздық үстем болып тұрған заманда орыс халықтың адам іршілік касиетін бүкіл әлемге әйгілең танытқан Пушкин бастатқан орыс тың ұты жазушылары еді.

Сондыктан “Халық орыс жазушыларын самодержавиеден, православиеден және солармен тілеккес “халықшылдықтан” қорғайтын косеміміз деп санайды”, – деген ақыннан болатын Белинский. Және ол Пушкин шығармалары ұлы орыс халықтың нағыз шынылдық омірінің аинасы болғанын айтада: “Орыс әдебиеті тек Пушкиннен басталады, ойткені оның поэзиясында орыс омірінің тамыры соғады”, – деген.

Коркем әдебиеттің тарихи әлеуметтік өмірдегі срекшс зор маңызын, ұлттық мән-мағнисын терен түсініп, аса жоғары бағалаған Пушкин өзінің табиғи тамаша дарынын, аскан ақындық онерін халық мұдасесіне ариап, адап еңбек етті.

Максим Горький бытайдеге: “Әлебиеттің оте маңызды үлтік мәні бар екендігін бірінші корс білген. кенседе, патша сарайында отырып қызмет істеуден де артық деп санаған Пушкин ғана, жазушының атағын жоғары қөтерген, кол жеткісіз биікке шығарған да Пушкин”.

Орыс халқының, кеменгер ұлы ақыны Пушкин Россиядағы толып жатқан басқа халықтарды да жатсынбаған, алаламаған, олардың бәріне бірдей жан гарғып, жакын бауыр деп білген. Ол халықтардың тарихын, омірін, тұрмыс-салтын мәдениеттің, әдебиеттің жақсы білуге зер салын, көніл болған: Мысалы, “Кавказ тұтқыны” поэмасынан тау халқының омірін, тұрмыс-салтын жақсы біліп суреттегенін, фольклорын білеттінін (черкес қызының жыры) кореміз. Сол сияқты “Бақшасарай фонтаны” поэмасында татар жырын көлтіреді, “Сығандар” поэмасының кейіпкері Земфираға молдаван жырын айтқызады, украин халқының фольклорын жақсы білгенін айтсақ та жеткілікті.

Пушкин қазақ халқына да көніл болған. Қазақ халқының тарихы жайында үлкен еңбек жазған тарихшы ғалым, жазушы және мемлекет қайраткері А. И. Левшинмен (1799-1879) Пушкин жақын таныс болған, оның жазған еңбектерін жоғары бағалаған. Левшиннің “Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей” (С.Петербург, 1832) атты негізгі еңбегін Пушкин зерттеп оқыған. Оның замандасты, этнограф ғалым Ф. А. Бюлер Левшиннің қазақ тарихы туралы еңбеттің маңызы зор, “классикалық кітап деп бағалай келіп: “Ол кітапты біздің атақты Пушкинің зер салып, зерттеп оқыған”, – дейді. Левшиннің бұл кітабын Пушкин өзінің кітапханасында сақтаған.

Левшиннің үш томдық сибесінін бірінші кітабында Қазақстанның географиясы сипатталған, екінші кітабы қазақ тарихына, үшінші кітабы этнографиясына арналған. Бұл – ғылымдық маңызын жоймайтын тарихи еңбек. Осы еңбекке Пушкин үлкен мән берген. Пушкин мен оның досы, ақын Дельвиг “Литературная газета” шығарып тұрғаны молім, Левшиннің қазақ тарихы туралы сибесі басылып шығардан бір жыл бұрын, 1831 жылы Левшиннің кітабының қазақ этнографиясына арналған тарауларын Пушкин “Литературная газетаның” екі сауында (№ 2, 3) жариялаган. Осының озі ұлы ақынның қазақ халқына деген мейірімін танытады.

1833 жылы “Пугачев тарихы” дейтін еңбегіне қажетті мағлұмат-дерек жинау мақсатымен Орал жаққа келген сапарында Орынбор. Торғай даласын аратап, қазақ елінің тұрмыс салтымен танысады. Ел аузынан “Козы Көрнеш – Баян сұлу” жырын естіп, толық мазмұнын, уақығаның болған

жері туралы аңыз-әңгімені жаздырып алады. Жоне ол колжазбада: Аяғөз өзенінің бойында, Семейден Құлжа қаласына баратын жол үстіндегі Қозы Корпеш—Баян бейіті тоғық сипатталған. Бейіттің құрылсысы, біктігі, бейіт алтына қойылған, тастан қашалған торт адам бейнесі бар екеніне дейін жазылған. Осыған қарағанда, әзде Пушкин Қозы Корпеш—Баян тақырыбының нығарма жазбақ болды ма екен деген ойға келуге де болады.

Біздің қазак халқы да, басқа халықтармен бірге, орқашан Пушкиннің есінде жүргенін ақынның өз колжазбаларынан да кореміз. Өлерлен бір жыл бұрын (1836) жазған “Ескерткіш орнаттым мен кольдан келмес” — дең басталатын атакты олеңінің үшінші шумагында:

Дабысым Ресейге кетер жалпак,  
Тіл біткен жүрер менің атымды атан,  
Славян, фин жұртының пан үрпағы,  
Әзірге тағы тұнғыс, қырда қалмақ,

— десс, осы өлеңінде қазакты да атап жазбақ болғанын ақынның қолжазбасындағы бір інұсқасы анық корсетеді. Онда былай жазылған:

Могущий внук славян и фин и полу дикий фин и кир(гизец) — черкес (и) киргизец и калмык.

Асқактаған қуатты ақындық шабытқа сайма-сай келетін шығарма жазу үшін ерекше қажырлы енбек ету керек екенін, соңда ғана “тілге женіл, жүрекке жылы тиетін” нағыз коркем, табиғаттың өзіндей қаранайым да көрікті өлең туатынын данышпан Пушкиннің асыл мұрасынаң анық кореміз. Бұл жонінде Лев Толстой айқындаған айттын берген: “Чем ярче вдохновение, тем больше должно быть кропотливой работы для его исполнения. Мы читаем Пушкина, стихи такие гладкие, такие простые, и нам кажется, что у него, так и вышло это в такую форму. А нам не видно, сколько он употребил труда для того, чтобы вышло так просто и гладко”. — дейді ол.

Толстойның осы сөзін оқығанда, Абайдың: “Өлең — создің патшасы, сөз сарасы, киыннан киыстырыар ер данасы” дегені ойына оралады. Соңда нағыз соз патшасы — олеңді “киыннан киыстырытын” Пушкин, Абай сияқты ғана дейміз. Бұл ғана алар ақындық онер мен еңбек егіз деп білген. “Я знал и труд и вдохновение”, — деген ғой Пушкин.

Тар заманда адамгершілікті ардақтап, еркінлікті жырлап, бостандық туын қөтеріп, халықтар достығының жаршысы болған Пушкин: “Жоқ, мен олмен, жаным жасар олеңімде”

— деген. Тарихта ойнпейтін асыл мұра қалдырған данышпан ақынға өлім жоқ екендігіне, мөнгі баки халықтың есінде сақталып қалатынына шексіз сенгел ақын:

Халқыма сүйікті ұзак болар жерім,  
Тұңыздым өлеңіммен мейірлерін.  
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,  
Мархабаі факырларға тілеіемін,

— деген. (Аударған Фали Орманов.)

“Казак халқының қалың бұкарасы орыс халқының қалың бұкарасымен достық көзқараста болғаны. орыс халқын аға санағаны сияқты озық пікірлі орыс әдебиетінің, оның Пушкин сындыданышпан оқітін Абай да үлгі, мектеп деп — білді” (М. Әуезов).

Абай орыс әдебиетінде Пушкин бастаған, Пушкин атасы болған реализм мектебінен үлгі-онеге алды. Жаңа орыс әдебиетінің негізін салған рухани атасы, кошбасшы көсемі Пушкинді ұлы ұстаз деп білді. Әдебиеттің барлық жаңырын, әдеби тілін жаңдандырып жаңартып, өркендейтіп өсірген, “Орыс әдебиетінің ұлы реформаторы” (Белинский созі) Пушкин екенін, казак әдебиеті тарихында тұнғыш танып, терен түсінген Абай болды.

Пушкин шығармаларымен казак халқын тұнғыш рес таныстырып, орыстың ең ұлы ақынның атын қазак даласына әйгілі еткен де Абай. Пушкиннің “Евгений Онегин” романынан Абайдың аударма жасай бастағанына биыл 100 жыл толды. Пушкин шығармаларының қазак арасына кең тарауына Абай үлкен мән беріп, озі аударған олеңдерінің окушы қауымға тәсілдегі ескерген. Ол үшін “Евгений Онегин” романынан аударған олеңдеріне әлдій ариап ән шығарған. Әсіресе, әнімен айтылатын “Татьяна на Онегинге жазған хаты”, “Амал жоқ, қайттым білдірмей”, — деп басталатын олені, “Онегиннің Татьянаға жауабы”, “Танғажайып бұл қалай хат”, “Татьяна созі”, “Төңірі қосқан жар едің сен”, “Онегиннің Татьянаға жазған хаты”, “Құп білемін сізге жақпас” және “Онегиннің олердегі созі” 1887-1889 жылдарда бүкіл казак даласына жаңылып, Пушкин романының кейіпкерлері, Татьяна мен Онегин есімдері сахара халқына сүйікті, стене жақын болып кетті.

Абай “Евгений Онегин” романының бас кейіпкерлері Онегин мен Татьяна арасындағы махаббат мәселеісін ғана атып, екі жастың інікі нәзік сезім, терен сырларын ашуға коркем тіл байлығын, ақындық онерін барынша жұмсаған. Өзінше орынды деп тапқан жерінде. Абай тұпнұсқаға тусалып

қалмай, емін-еркін косліп жырлап кетеді. Ал, “Онегиннің сипаты”, Татьянаның “Амал жок, кайттым білдірмей” деп басталатын алғашқы хаты, “Хатындан жақсы үғындым создің бәрін” деп басталатын “Онегин созі” жөне Ленский созі аударма түрінде беріледі. Бұл тұста Абай Пушкиннен алшактамай, оның бейнелі сөздерін де коркемдік қалпын сақтап, шебер аударып береді. Сонымен бірге, озінің ой-сезімінен тұган елден шумактары да келіп отырады.

Татьяна мен Онегин сөздерін таңытқан Абай олеңдерінің олқысы жоқ екенін, олардың сырлы сөздеріне арнау өзінше осем сөздер тудырганын, ішкі сезім толқындарын барынша нәзік, өткір, орамды шеберлікпен келтіргенін, бұрын айтылмаған үнемі тың жөне қазақ тілімен бұрынғы шактарда хат жүзіне түсіп кормеген соны тіл. мөлдір газа сезімдер бал-бұл жаңып тұрганын атап айта келіп. Мұхтар Әуезов: “Пушкинді дәл аударушылар бола берер. бірақ жаңағы айтылғандай, оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жегкізіп, көріктеп беру, көп іабыла бермес”, – деген.

Пушкиннің Абайға ұстаздық өнгессі аудармадан ғана корінбейді. Пушкин онегесін терен түсініп білу үшін, Абайдың озінің тол шығармаларына зер салып, үңіле карап, зерттеп окуымыз керек.

“Пушкин мен Абай арасының жалғасы мол салалы, тамыр-түбірлі болады. Абайдың терең толғаулы, дана ақын екендігі, сол Пушкиндегі классиктер үлгісін сырт жағынан ғана алмай, еліктеу түрінде ғана алмай, біржолата оз тамыр топырағынан өскен, өзіндік мәдениетті үлгі орнек есебінде бере білуінде”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Абайдың Пушкиннен алған жөне өзінің ақын шәкірттеріне берген үлкен бір үлгі-онегесі қазақдаласының колемінен асып, өзге сырт елдердің тарихына, ғұрмыс-салтына көз жіберіп, қоңыл боліп, солардың омірінен коркем шығарма жазып, халқына жаю еді. Абайдың озі бастап. “Масғұт”, “Ескендір” ластанларын жазып үлгі корсетті. Ұстаз ақынның жолын күп, Ақылбай ақын “Дағыстан”, “Зұлыс” поэмаларын, Мағауия “Медғат- Қасым” поэмасын жазды.

“Евгений Онегин” романынан Абай жасаған аударманың мәдениеттік, торбиелік осері күшті болды. Абайды ұстаз тұтқан ақындар Пушкинге бес бұрын, әрбірі оз шамасынша, ұлы ақынның шығармаларын аударуға ат салысты. Ақылбек Сабаев Пушкиннің “Алтын отеш” (“Золотой пешушок”) жөне “Алтын батық” (“Сказка о рыбаке и рыбке”) ластандарын аударып, ол аудармалары Казан баспасынан скі рет (1911, 1914) басылып шықты. Әріп, Әсет ақындар, “Евгений

“Онегин” романының уакығасынан алтып поэма жазды. Белгілі халық ақыны Сапарғали Әлімбетов “Татьяна” атты дастан жазып, Пушкиннің өзін сол дастаниң кейіпкері етіп суреттеген. Бұл шығармалардың бәрі де кейін (1937) басылып шыкты.

Пушкин бастатқан классиктерді казақ еліне таныткан Абайды мақтан етіп, Сапарғали ақынбылай деп жырлады:

Семейден алтын ойлы Абай туып,  
Күрессен көп нағанмен белін буып.  
Абайдың үлтісімен барлық ақын,  
Сөзінің тазалығын кірін жуып.  
Бар ақын содан оқып түзетті ойды,  
Дананың терең ойы женіп бойды.  
Абайсыз қашан қазақ білтуші еді,  
Пушкин, Байрон, Лермонтов, Толстойды.

Пушкиннің сан салалы бай мұрасына Октябрь революциясынан кейін ғана қазақ халқының қолы еркін жетті.

1987 жыл.

## АБАЙ МЕН ЛЕРМОНТОВ

Абайдың аударма өнеріндегі ерекше зор тарихи еңбегін атап айта келіп, Мұхтар Әуезов:

“Бұл жөніндегі Абай сіңбесі тек әдебиеттік қана енбек емес, ол зор, кең магыналы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық енбек еді”, – дейді.

XIX ғасырдағы Пушкин бастаған орыстың ұлы ақындарының ішінде Абайдың шексіз сүйген және өлсендерін көп аударған ақынның бірі – Лермонтов болды. Абайдың өз айтуынша, – дейді М.О.Әуезов, – Лермонтов – “ерекше ызының ақыны”, “махаббаты ашумен уланған ақын”. Аның қоғам құрылтысына наразылықтан, қоғам дертіне құйн-гендіктен туган”.

Абайдың Лермонтовтан аударған өлсендерінің көркемдігі қазақ әдебиеті тарихында, “олі қуығе ешбір аударманының жесте атмаған білік түрғысында түрғандығын” ұлы жазушымыз М.О.Әуезов ерекше атап айтқан болатын.

Абайдың Лермонтов өлсендерін аудару мәселесі көн уақыттаң бері үздіксіз зерттеліп келеді. Әуезовтің еңбектерін

айтпағанда, бұл тақырыпта коптеген әдебиетшілер пікір айтты, сікі кандидаттық диссертация да жазылды.

Абай жайында жазып жүрген әдебиетшілер ұлы ақынның аудармашылығына, соның ішінде Лермонтовтан аударған олеңдеріне сокпай кетпейді. Осыдан екі жыл бұрын, 1981 жылғы 10 март күнінен бастап “Семей таны” газетінде (№№ 50, 51, 52) әдебиетші А. Сатаевтың “Өлең создін патшаасы” атты Абайға арналған үлкен макаласы жарияланған еді. Ол макалада Абайдың омірі, заманы, творчествосына байланысты бірталай мәселелерге токтаған. Қозғаған мәселелер туралы айтқан пікір-пайызыдаулатының орындысы да, орынсыз үстірт айтылғандары да бар. Біз макалада ол мәселелердің бәрін өзірге соз етіп жатпаймыз. Тек бір ғана мәселеге токталамыз. Ол – Абайдың Лермонтов өлеңдерін ақынның қандай өлеңдер жинағынан аударғаны туралы. Бұл жонінде А. Сатаев былай деп жазады “Егерде М. Ю. Лермонтовтың козі тірісінде: 1840 жылы жарық көрген жалғыз ғана олеңдер жинағына үнілсек, ондағы туындылар саны жиырма сегіз ғана екеніне бірден коніл аударасыз. Ал енді Абай казақ тіліне аударған Лермонтов шығармаларының саны да жиырма сегіз екен. Сонда казактың ұлы ақыны орыс қаламгерінің бір жинағын түтелдей ана тіліне аударып, қыр еліне тарту еткен болып шығады” – дейді (“Семей таны” № 50 (14052), 10 март, 1981 ж.)

Бұл – үстірт айтылған нанымсыз пікір. Рас. Лермонтовтың түңгыш олеңдер жинағы 1840 жылы шықты. Абай, жинақ шықкан сон бес жылдан кейін дүниеге келеді және ол Лермонтов олеңдерінен түңгыш аударманы 1882 жылы жасады, яғни Лермонтовтың түңгыш жинағы шыққаннан сон, 42 жылдан кейін. 1840 жылы Лермонтовтың шығармалар жинағы не бары бір мың дана ғана кітап болып шықкан, 42 жыл бұрын аз тиражбен шыққан кітап Семейге жете, 1882 жылы Абайдың қолына тие қойды маекен және А. Сатаев: “Егерде М. Ю. Лермонтовтың козі тірісінде 1840 жылты жарық көрген жалғыз ғана олеңдер жинағына үнілсек, ондағы туындылар саны жиырма сегіз ғана екеніне бірден коніл аударасыз” – дейді. Рас жинақтағы шығармалар саны – 28. Мұхтар Әуезов: “Жиыны Лермонтовтай Абай жасаган аударманың ұзын саны жиырма жегі өлең, үзінділер” – дейді. Және “Абай мен Лермонтов” леген тақырыпта 1949 жылы кандидаттық диссертация корнаған Н. А. Полибина: “Абай из русской литературы переводит 53 произведения, 27 из них принадлежат Лермонтову” – дейді. (Н. А. Полибина, Абай и Лермонтов, Автореферат по диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Алма-Ата, 1949, стр. 9.)

Тіпті, Абайдың қайталаپ, еркін ауларма жасаган бір олеңін қосып, Лермонтовтан 28 олең аударған дейік. Соның өзінде А. Сатаев Лермонтовтың 1840 жылғы жинағына “үңілсе”, онда тсқ кана өлеңдердің жалпы санын есептеп шығып: “қазактың ұлы ақыны орыс қаламгерінің бір жинағын түгелдей ана тіліне аударып, қыр сліне тарту еткен болып шығады”, — деген қорытындыға келеді. Бірақ, А. Сатаев Лермонтовтың 1840 жылғы жинағындағы шығармаларының жалпы санын білгеммен, олардың тақырыбын, мазмұнын біле қоймайтын сиякты. Оны енді дәлелдеп көрейік. Лермонтовтың 1840 жылғы жинағы “Стихотворения М.Лермонтова”. С-Петербург: В типографии Ильи Глазунова и Ко. 1840” – деп аталады, тиражы 1000 дана. Ақын 1840 жылға шейін жазған 30 поэма, 400-ге жуық өлеңдерінің ішінен түңғыш жинағына 26 олең мен екі поэмасын (“Песня про царя Ивана Васильевича, молодого опричника и удалого купца Калашникова” и “Мцыри”) ғана кіргізген. Жинақ “Песня про удалого купца Калашникова” поэмасымен ашылады. Одан кейін “Бородино” олеци келеді. 3. “Узник” (отворите мне темницу). 4. “Молитва”, (Я, матер, божия, ныне с молитвою...). 5. “Дума” (Печально я гляжу на паше поколенис). 6. “Русалка” (Русалка плывла по реке голубой). 7. “Ветка Палестины”. 8. Не верь себе. 9. “Еврейская мелодия”(из Баирона). 10. “Вальц” (из Баирона). 11. “Три пальмы” (Восточное сказание). 12. “Молитва” (В минуту жизни трудную Теснится ль в сердце грусть). 13. “Дары Терека” (Терек воет, дик и злобен). 14. “Памяти И. И. Ого” (Я знал его: мы странствовали с ним). 15. “1-е января”. 16. “Казачья” (Колыбельная песня). 17. “Журналист, читатель и писатель”. 18. “Воздушный корабль” (из Зейдлина). 19. “И скучно, и грустно”. 20. “Ребенку”. 21. “От-чего” (Мне грустно, потому что я тебя люблю). 22. “Благодарность”. 23. “Из Гете”. 24. “Мцыри”. 25. “Когда волнуется желтеющая нива”. 26. “Сосед” (Кто б ни был ты, печальный мой сосед). 27. “Расстались мы, но твой портрет я на груди моей храню”. 28. “Тучи”. Міне. Лермонтовтың 1840 жылғы жинағында жарияланған осы 28 шығарма. Абайдың Лермонтовтан аударған шығармаларынан 1840 жылты жинакта 8 ғана өлең бар. Олар “Бородино”, “Дума”, “Не верь себе”, “Еврейская мелодия”, “Дары Терека”, “Из Гете”, “И скучно, и грустно”.

Абайдың аударған олеңдерінен Лермонтовтың 1840 жылғы жинағына кірмеген өлеңдер: “Кен жайлай – жалғыз бесік жас балага” (“Дитя в люльке”, Ф. Шиллер – М.Лермонтовтан), “Ал, сенейін, сенейін”, “Қайссе женіл болады жүрт билемек” (Лермонтовтың “Измаил-бей” поэмасының

екінші болімінен), “Тұтқындағы батыр” (“Пленный рыцарь”), “Рахат, мені жастан қоймадың тыныш” (“Хоть давно изменила мне радость”), “Қанжар” (“Кинжал”), “Альбомға” (“В альбом”), “Босқа әуре бол келдің бе тағы мұнда?” (Лермонтовтың “Боярин Орша” атты поэмасынан), “Мениң сырым, жігіттер, емес оңай” (“Я не хочу, чтоб свет узнал”), “Жолға шыктым бір жым-жырт тунде жалғыз” (“Выхожу один я на дорогу”), — Лермонтовтың 1841 жылы жазылған олеңі, “Мұнды шайтан — құлайдың қуған жаны”. (Лермонтовтың “Демон” поэмасынан), “Жалау” (“Парус”), “Жартас” (“Утес” Лермонтовтың 1841 жылы жазған олеңі). Абайдың Лермонтовтан 1900-1901 жылдары аударған олеңдері: “Коңілдің күйі тағы да” (“Измаил-бей” поэмасынан, бастапқы кіріспесінің 12 жолы), “Құнді уақыт итеріп” (“Вечер”), “Асая той, тентек жиын, опыр-топыр” (“На буйном пиршестве задумчив он сидел”), “Вадим” — Лермонтовтың кара созбен жазып, аяқталмай қалған повесінің бас жағынан олеңмен еркін аударған үзіндісі.

Ақының өлеңдерін біреуден біреу жатташ алып, бұқіл Украинаға таратады. Украина шаруалары Шевченконың олеңдерін емірене тындалп көздерінс жас алып, егіле оқиды.

Ақынның “Қобызышысы” бұқіл украинаны күнінеді. Украинаның сол кездегі карт жазушысы Квитка Шевченкога жазған хатында:

“Біз әйслеміз скеуміз “Қобызышыны” оқи бастағанда, тобе шашымыз тік тұрып, козімізге моншақтаған жас келді, жүректі қозғады. Мен сіздің кітабыныңды қөкіретіме бастым... тамаша, оте тамаша, басқаша айта алмаймын”, – дейді.

Сойтіп, Шевченко аты халқына мақтаныш, сүйікті, құрметті ат болып танылса, патша үкіметіне құдік туғызып қауіпті есім болып табылады. Патша үкіменінің сакқұлақ тіміскімпаз жандарм жендеттері ақынға деген торын құрып, бұғалының өзірлей бастады.

Шевченко туған жер, ел жүртyn бір коруді коптен арман етстін еді. Ақын 1843 жылы Украинаға келеді. 14 жыл бойы кормеген туыстарын кореді. Баяғы бала жастаға сол корген ауыр азан тозақ өмірді тағы да көреді. Халық қайғысы ақынның жапына қатты батып, камығады. Бір досына жазған хатында Шевченко: “Мен Украинада бар жерде болдым және үнемі жылаумен болдым”, – дейді. Бұл сапар Шевченконың қанаушыларға ыза-кегін онан сайын қайнагып, халық бостандығы үшін құреске онан сайын жігерлендіреді. Украинадан ораңан сон ел жүртynың шындық өмірін бейнелейтін суреттер салады. Патшалық құрылыштың зұлымдығын әшкөрелейтін өлең, поэмалар жазады. 1844 жылы “Тұс” деген әйгілі поэмасын, 1845 жылы “Кавказ” атты тағы басқа поэмаларын жазады. 1846 жылы Шевченко Киевте тарихшы Н.И Костомаровпен танысады. Сол Костомаров манындығы Украинаның бір тои либерал интеллигенициясы славян халықтарының федерациясын құрамыз деген киялмен жасырын үйим ашқан еді. Үйымның алдына қойған мақсаттарының ішінде халықты бостандыққа жеткізу, ағарту мәсселелері болады. Шевченкода осы үйимға қатынасада. Үйым үшелері екі түрлі бағыт үстайды.

Костомаров, Кулиш сияқтылар революциялық құрестен бас тартады. Шевченко Гулак Навродскийлерге қосылып шаруаларды қарулы котеріліс арқылы азат етуді қоллайды. Бұл жасырын үйым туралы бір жансызың қорсетумен үйым мүшелері 1847 жылы тұтқынға атынады. Шевченко бұл кезде Украинаны араляп жүреді. Ол Киевке кайтып келе жатып Днепрден өткелі тұрганда үстап атады. Патша үкіметіне қарсы жазған өлеңдері, атакты “Тұс” атты сагирайтын поэмасы түгелдей жандармның қолына түседі. Сол жылы априель айында Шевченконы Петербургке әкеліп, тұrmеге жауып, май айында сот үкім шығарып, 10 жылға жер аударып, солдаттыққа береді. Шевченконы зүслі Орынборға әкеледі. 1848 жылы зерттес экспедициясына катынасып 1849 жылы Қосаралда болады. Одан кайта Орынборға оралады. Орынборда тұруға патша рұксат етпей 1853 жылы Манғыстау жарты аралындағы Ново-Петров бекінісіне жіберіледі. Тарас Шевченко он жыл бойы қатардағы солдаттың коретін өрі азап, өрі мазак, өмірінің бәрін бастан кешіреді. Езілген сибекші халықтың тұрмысын қорсетуді мақсат етеді. Шевченко қазақ халқының омірімен, тұрмысымен танысады. Қазақ халқының ауыр тұрмысына шын күйініп, бауырмалдық сезімін оз шығармаларында бейнелейді. Қазақ халқының шындық өмірін сипаттайдын картиналар жасалады. Қазақ халқының хал ахуалына қанық болған Шевченко қазақ өмірінен поэма жазуды да ойлаған екен. Ол жазбак поэмасына “Сатрап пен доруіш” деп атайды. Онда Сатрап образында, халыққа қагалдық, зұлымдытығымен аты шыққан Орынбор олкесінің генерал-губернаторы Петровскийді, оған қарсы дәрүіш образында қазақ халқының суреттемек болған жөне Шевченконың:

Қаптады түнек, қайнады су,  
Тенізден де Оралдан да,  
Тұлады толқын Арадан да....

— деген олең жолдарынан қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күрессінің бейнелеуін анғару киын смес.

Шевченко келген кезде Россияда шаруалардың стихиялық толкуы асқындан, патша үкіметі революциялық қауіптен үрейленіп жанталасып реформа озірлеп жатқан кезең еді. Полиция Шевченконың ауызын бағып, ізін аңдып, аш итше тіміскілеуін қоймады. Ақыры оны тағы да тұтқынға алады. Зорға дегендеге тұтқыннан босатылады. Бірак Украинада тұруға рұксат берілмей қайтадан Петербургке келеді, Шевченко айдаудан кайтқан сон үш ақ жыл өмір сүріп, 1861 жылы 10 марта дүниеден қайтады. Шевченконың денесі озінің олерден

16 жыл бұрын жазған өсист олеңі бойынша Днепр өзенінің жағасына жерленеді.

Бір кезде ұлы ақын халықтың ерікті, бақытты ел болуын коқсеп, арман етіп, сондай омірге еліпің келешекте қол жететініне сеніп:

Ел болғанда ерікті,  
Жаңарып омір озгерген.  
Мені де еске атындар  
Ракымды майда сөзбенен,

— деп осиет сткен.

Тұғанына 150 жыл толған күні бостандыктың, бақытты, бейбіт омірдің, халыктар достығының ұлы жаршысы — Тарас Григорьевич Шевченконы атдыңғы катарлы бүкіл адам баласы ізгі қоңытмен, зор құрметпен еске алады.

“Ертіс”, 4 март 1964 жыл.

## АБАЙДЫҢ ДОСЫ – МИХАЭЛИС

Жарты ғасырға жуық омірін Семей қаласында, Семей облысында откізіп, қаламыздың мәдениет тарихына онегелі үлес косқан, орыс халқының абзал азаматының, кориекті ғалымдарының бірі Евгений Петрович Михаэлис еді. Абайдың жана ізденіп, шарқ үрүп жүрген шағында ағашпек ақылшысы, жапашыр жөрдемшісі, айнымас адал досы Е.П. Михаэлис болды. Бұл жонінде Абайдың оміrbаянын түнғыш жазушы ақынның оз інісі – Коктай Ыскакұлы Құнанбаев 1909 жылы былай деген: “Абайды орыстың белгілі жазушылары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Салтыков, Тургенев, Белинский, Добролюбов және Писаревтің шығармаларымен таныстырылған адам Михаэлис еді. Ол туған өкемнен де артық енбек стін, менін дүниеге козімді ашты деп оғырушу еді”. 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың сонында жүріп. Абай 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер жас Михаэлиспен таныс болды. Михаэлис Петербург университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған. Атакты Чернышевскийдің жақсы танысы. Бір күн Михаэлис Семей кітапханасынан Толстойлың шығармаларын сұрап тұрған Абайды коріп, танысады. Әуесіде кітапханада да

кездесіп корісіп, сойлесе жүріп, ақырында сырласа келе достасын кетеді.

Жо енді. Абайдың: “Ол туған әкемнен де артық енбек етіп, менің дүниеге көзімді ашты” дейтін досының омір тарихын қысқаша шолып баян етейік.

Евгений Петрович Михаэлис 1841 жылы 26 сентябрьде Петербург қаласында дүниеге келген. Әкесі орыс дворяны Петр Иванович Михаэлис оқымысты, жоғары мәдениетті адам болған. Сыртқы істер министрлігінде, сот палатасында қызмет істейді. 1839 жылдан бастап Петербург қаласын қасқаруушысы болып келіп, 1848 жылы отставкаға пықкан. Петр Ивановичтың Николай, Александр және Евгений есімді үш ұлы, Людмила, Мария деген қыздары болады. Евгений Петрович Михаэлистің анасы да білімді, мәдениетті, нарасатты адам болып, балаларына жақсы тәлім-тәрбие беріп осірген. Михаэлистің анасы Людмила Петровна оз заманында белгілі қалам кайраткері болып танылған. Ол әуелде, 1882 жылы шешесі екесі үй шаруашылығы жайында кітап жазып, жариялады. 1894 жыты балаларға арнай әңгімелер жинағын шығарады, ағылшын әдебиетінің классигі Чарльз Диккенстің шығармаларын орыс тіліне аударады, омірдің соңғы кезеңінде 1901 “Откен күндер” атты мемуар—естелік кітабын, басқа өлеби еңбектер жазады. Сол доуірде Петербурда шығып тұратын журнашардың жұмысына аратасады.

Людмила Петрованың жан-жолласы корнекті жазушы—журналист, революционер — демократ, Чернышевскийдің сенімді серігі, орі досы — Н. В. Шелгунов болған.

Шелгунов Герцен, Огаревтәрмен жақын таныс еді. Оның үйінде Чернышевский мен Добролюбов, Некрасов пен Писарев, Лев Толстой мен Тургеневтер сиякты ұлы жазуыштар үнемі болып, қатты араласып тұрган.

Жас Михаэлис жақсы коретін анасы Людмила мен жездесі Шелгуновтың үйлерінде көп болып, ұлы адамдарды коріп, танып, олардан тағылым алған өссең.

Шелгунов та, оның әйелі Людмила Петровна да патша үкімстінде жарыс жүргізген революциялық күресі үшін қуғын коріп, түрме азабын шеккен адамдар.

Ал Михаэлистің қарындасы Мария Петровна да революциялық күреске белсене қатысқан адам. Патша үкімстінде каны қарсы аса батыл өжест, ержүрек әйсл еді. Мария Петрованың мынанлай бір, оз тұсында елге әйгілі болған сұрлік ісін еске аттайык.

1864 жылы 19 майда каторгага айдар алдында түрмеле жатқан Чернышевскийді патша жандесттері Петербургтің бір алаңына алғып келеді. Ұлы революционер — демократты жүрт

көзінің масқара етпек болады. Мемлекет алдында үлкен айынты адам деген жазу жазған тақтайды мойнына байлан, шартты түрле олім жазасын орындаған болып, Чернышевский тізерлестіп отырызып, столбаға байлаап, бас төбссінс қылыш сыйндырады. Құн жауын еді. Жиналған ел коп. Осындай жауыздық жәбір-жананың біріне де мызғымай, Чернышевский озін токаппар үстайды. Жендер Чернышевскийді тізе бүктіріп, столбаға байлаған шакта оның алдына гүл шоктары жауып кетеді.

Жиналған халық арасынан ең алдымен шығып, Чернышевскийдің алдына гүл тастап, құрмет корсеткен Михаэлистің қарындасты Мария Петровна болады.

Чернышевскийді масқара етудің орнына, оздері масқара болаған патша жендертері Мария Петровнаға тарпа бас салын. оны арбага салып, жауапқа атып келеді. Мария Петровнаның жолдасты да белгілі революционер Баданович еді. Ол “Земля и воля” үйімінің мүшесі болатын. Оны да патша үкіметі кейін асын өтірген. Мария Петровнаға II Александр патшаны олтірулі мақсат еткен топқа қатыстың деген айып тағылып, З жылдай түрмеде отырып шығацы.

Миңе, Абайдың болашак досы, Евгений Петрович Михаэлис осындай оргала революциялық рухта тәрбие алын есекен.

Михаэлис Петербургте әуелі гимназияда білім алып, одан соң лицейге түсіп, үш жылдай оқып, шоқрұттердің маңайдалды болады. Аса зейінді, алғыр ойлы Михаэлис лицейді місе тұтпады. Петербург университетіне түседі. Онда физика – математика факультетінің жаратылыстану болімінде оқып, университет студенттерінің де алды болады.

Михаэлис Чернышевский бастаған революциялық қозғалыстың студенттер арасындағы жалынды жас қайраткері, қайтпас. қажырлы белсенді күрескері болған.

Николай Васильевич Шелгунов ол туралы:

“Михаэлис тамаша жас, аса абыз аламат болып өсті. Оның анық – жарқын жүзінен арыстандай айбат, қалың қайрат, жасымас жігер жалын атын, сезіліп тұратын” – дейді.

Михаэлис революцияшыл студенттердің күпия үйімін баскарып студенттер арасында Чернышевский идеяларын қызу насиҳаттап бар студентті соңынан ертеді.

Тарихта белгілі Шелгунов жазып, шет елдегі Герцен мен Огарев бастаған “Колокол” журналының баспаханасында басылып, Россияна жасырын жеткізілген халықты патша үкіметіне қарсы күреске шақырган, “Солдаттарға”, “Жас үриаққа” атты үндеу – хаттарды, Михаэлис бастаған, Серно – Соловьевич, Ген сияқты жастар халыққа таратқан.

Осындай белсенді батыл революциялық істерінен қауіпсінген шаша үкімсті Михаэлис бастаткан 200-ден астам студентті тұтқынға алып, олардың жиырма алтысын жер аударды. Сол жиырма алтының бірі – Евгений Петрович Михаэлис еді. Ол әуелі Петрозоводек қаласына айдалып, онда бір жылдан болған соң, Тобольск қуберниясының Тарту деген қаласына жіберілді. Онда алты жыл азап шегіп, ақыры 1869 жылы Евгений Петрович Михаэлис Семей қаласына келеді. Мұнда келген соң оған қызмет істеуге рұқсат етілді.

Міне, осы уақыттан бастап Михаэлис Абаймен дос болады. Абай әдейі ариап келіп, Михаэлиспен әңгімелесіп, сырласып, Семей қаласында айлап жататын болады. Михаэлис те Абай досының ауылшына барып, ұзақ уақыт жатып, кайтып жүрген. Мысалы, Евгений Петрович 1872 жылы февраль айының тортінен апрель айының жиырма алтынына дейін Абай ауылшында конак болып, әніме құрып, сыр шертісін қайтқан.

Мұхтар Әуезов Россиядан саяси жер ауып келген революционерлер жайын сөз еткенде, мына жайды баса айтады.

Бұлардың ішінде Бугашевич – Петрашевский, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Революционер – демократтардан Чернышевскийдің талай серіктегі келеді.

Абаймен жақындастырып, достасқан Михаэлис осы соңғы тоңтап шыққан орыс халқының осылар сияқты адап, бұқарашибұл ұлларының бөрінің жүргегіле патшалық легенге өштік иен жирсінші аса күшті еді. Каторгца, айдауда, еріксіз солдаттықта жүрген құндерінің бірінде де олар орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық, корлық халін патшалыққа кеппейтін. Сонымен катар олар Сібірде, Қазакстанда патшалық жүрген барлық бұратана елдерге ұлken достықлен, зор бауырмаллықпен қараушы еді.

Михаэлис Семейге келген соң осынау ұлан-байтақ өлкенін табиғатын, байлығын зерттеу ісіне, мәдени-ағарту ісіне қызу кіріспін кетеді.

Михаэлис 1878 жылы Семей қаласында облыстық статистика комитетін күру жұмысын үйімдастырады. Оның басшылығымен құрылған бұл Комитет Семей өлкесінің табиғатын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттейтін тұңғыш ғылыми мекеме еді. Осы Комитеттің тұңғыш секретары да Евгений Петровичтің өзі болады.

Михаэлис осы Комитеттің жанынан қоғамдық кітапхана ашады. Осы күнгі Семейдің Гоголь атындағы кітапханасы сол Михаэлис үйімдастырылған кітапхананың негізінде пайда болнан.

Михаэлистің басшылығымен 1883 жылы Семейде олкетану

музейі ашылды. Осындай ғылыми, мәдени-ағарту мұсқемелерінің жұмысына өзінің досы Абай да ат салысып, белсенді қатысады. Терен оқымысты ғалым Михаэлистің жүргізен ғылыми зерттеу жұмысы ұшан-теніз болған. Ол Ертісте парохол жұру мәселесін зерттеп. Семейден бастап, Зайсанға дейін барып, навигация картасын жасады, қандай пароходтар жүруін анықтап, олардың моделін оз қолымен жасаған. 1870 жылы Тарбағатай, Сауыр, Мұстауларға экспедиция жасап, бұл откелерді мұз доуірі откенін зерттеп, дәлелдейді. Ол сібеті ағылшынның “Натура” журналында жарияланады.

1871 жылы 8 майдан 1 июльге дейін Зайсан узінде болып, Кендірлік озенінің олжесінде он миллион пүт коры бар комір кенін аныктайды.

Семей қаласының құм басып кету себептерін зерттеп, ғылыми мақала жазады.

Алтайда бал беретін араптардың онімін арттыру мәселесін зерттеп, омарта үйшіктің жаңа түрін жасайды. Бұл сібеті Нижний Новгородта болған кормеде корсетіліп, құміс медальга ие болады.

Михаэлис – үлкен геолог. Ол Қалба тауларын зерттеп, қай жерден алтын кенін ашу колайлы, пайдалы болатынын аныктайды. Кейін Қатбада ашылған алтын кендеріне нақтылы ғылыми жөн сілтесін.

Михаэлистің ғылыми зерттеу енбектері шет елдерде, Петербургте, Семейде, Омбы, Барнауыл сиякты Сибирь қалаларында басылып отырады.

Ол сол кездегі ғылымның әр саласында еңбек стіл жүрген Менделеев, Обручев, Сапожников сиякты атакты ғалымдармен. Берлиннің зоолог – профессоры Маріенсис үнемі хат жазысып, хат алышып тұрады.

Ол ғалымдар Михаэлистің сібетін, оның жан-жақты білімпаздығын жоғары бағалаған. Егер басқаша бір колайлы жағдайда омір сүрсе, Михаэлис екінші Менделеев болар еді деген.

Орыстың революцияшыл жазушылары Н.В. Шелгунов, М. И. Михайлов, Пантелеев, Боборыкин тағы басқалары оздерінің сітегілерінде Михаэлистің білімін, адамгершілігін, көзіз ерлігін ерекше атап, сүйсіне жазған.

Михаэлис Россияға кайтпай, өмірінің акырына шейін осы жақта қалды. Семейдің патриоты болды.

Ол 44 жыл өмірін Семей мен Оскемен қалаларында откізді. 1869 жылдан 1882 жылға дейін 13 жыл Семейде тұрды. 1882 жылдан 1913 жылға дейін Оскемен қаласында ғұрды. Оскеменде оз колынан жоспарын жасап, ықшам ғана үй салып

атты. Ол Өскеменге көпсө де әрдайым Семейге келіп тұрган. Өскеменде тұрғанда Абаймен үзбей хат жазысын, хабарласын тұрган.

Өскеменде тұратын Михаэлистің қызы Л. Я. Хатымская озінің естелігінде: “Өлерден бірнеше жыл бұрын 1893 жыллар болса керек. Абай әкеме келіп, біздікіндес қонақ болды. Достар бірнеше күн айырылмай бірге жүрді. Абай аяулы адам еді, ол мені қолына алып, көтеріп, еркелестті” – дейді.

Мына фотосуретте Михаэлистің жұбайы Елизавета Андреевна. Мынау Михаэлистің Өскемен қаласындағы үйі. Бұл үй тұрган көшे Михаэлистің атымен аталады.

Евгений Петрович Михаэлис 1913 жылы 2 декабрде, 72 жасында Өскемен қаласында дүниеден қайтты.

1968 жыл.

## ЕРЖҮРЕК РЕВОЛЮЦИОНЕР, ЖАЛЫНДЫ АҚЫН (К. Ф. Рылеевтің туғанына 175 жыл)

XIX ғасырдағы дворян революционерлерінің ортасынан шыққан бір лек талантты ақын жазушылар саяси құрс майданында да, әдебиет майданында да орыс ҳалқының азаттығы үшін атықсан кайтиас қажырты қайраткерлер еді. Сол ақын жазушы – лекабристер Кондратий Федорович Рылеев, Владимир Федосеевич Расвский (1795-1872), Вильгельм Карлович Кюхельбекер (1797-1846), Александр Александрович Бестужев (1797-1837), Александр Ивановия Одоевский (1802-1839) және басқалары орыс әдебиеті тарихынан құрметті орын алады.

XVIII ғасырдың аяғында, патша үкіметінің халықты кан каксаткан зұлымдығына карсы құрс түнін көтерген, тұнғыш жазуни революционер А. Н. Радишев болса, оның нағыз жолын құған мұрагерлері де лекабрист – ақын, жазушылар болғандыты орыс әдебиеті тарихында айрықша аталаған айтылады.

Солардың арасынан суырылып үздік шыққан талантты ақын, азаттық жолындағы құрестің жалынды жаршысы, лекабристер көтерлісінің белсенелі үйимластырушысы, ержүрек басшысы – Кондратий Федорович Рылеевтің туғанына бүтін 175 жыл толады.

Кондратий Федорович Рылеев 1795 жылы Петербург губерниясына Карайтын Батова леген селода дүниеге келген.

Болашақ ақынының өкесі өл — аухаты томендең, жадау тартқан дворян болатын. Рылеев Пегербург қаласындағы кадет корпусында оқып, оны 1814 жылы үздік бітіріп, офицер атағын алды да әскерге көседі. Ол кезде Наполеон армиясын талқандап, Россия жерінен аластап айдал шыққан орыс әскері шетел жорығында болатын. Рылеев әуслі Германияға келіп одан Францияға аттанып, орыс әскері басып алған Париж қаласына келеді. Отан соғысында орыс әскерінің бүкіл орыс халқының корсеткен орасаң ерлігі Рылеевті мактандын сезіміне болейді.

Шетелде болған жылдары Рылеев көн ізденіп, көп оқиды. Сол кездегі саяси мәселерге ариналған кітаптармен танысады. Шетел тұрмыс салтын, мәдениетін, саяси-әлеуметтік өмірін оз елінің хал-ахуалымен салыстырып, ой елегінен откізіп, ақыл таразына тартып байқап, байымдайды.

1817 жылы Рылеев Россияға қайтып, Острогожск, Воронеж губернияларында қызмет атқарады. Патша үкіметі отан соғысы жеңіспен аяқталғанан кейінгі, оз үстемдігін онан сайын нығайту максатымен халықка қарсы жүргізген барып тұрған көртартпа саясаты Рылеевті қатты туылдартеді. Ол әскери қызметті тастайды. “Қазіргі жағдайда қызмет істеу үшін ардан безген алаяқ болу керек” дейді Рылеев. 1819 жылы үйленіп, 1820 жылы Пегербург қаласына көшіп келіп, окуда жүргендеге бастаған жазушылық жолына оралады. Өз тусындағы алдыңғы қатарлы адамдармен танысып, араласады, саяси-экономия, тарих ғылымын зерттеп оқып, білімін терендештүмен қатты шұтылданаңы. Бірақ, бірыншай қалам қызметімен күн кору киын болады да, амалсыз қызметке кіреді. Сотта заседатель қызметін атқырады. Сол қызметінде жүргендеге өзінің адамгершілік касиетімен, әділеттік жолынан аяғын кия баснайтын турашыл, адайдығымен Петербургтің бүкәра жүртшилігін түтел танылады. Халық Рылеевті қадір тұтып, қатты сыйланып, құрметтейді.

Рылеев 1823 жылы декабристердің “Солтүстік қоғам” (“Северное общество”) деп аталатын құпия үйіміне кіреді. Рылеев құпия қоғамның жұмысына жәп тәнімен қызу араласып, қоғамға ең сінді адамдарды гаргады. Құпия қоғамның ор жерден болімшелерін үйімдестеру үшін Кронштадта, Москва на барады.

Рылеев, Бестужев екеудің декабристердің ең маңызды, ең әйгілі баспа сөз органы — “Полярная звезда” (“Темірказық”) атты альманах шығаралы. Орыс қауімінің коніл козін аниу, жүргіткіш санасына азаматтық, Оганышылдық идеяны сіңіру, қоғамдық борының айқын ангарту, орыс мәдениетінің озіне тән скрекшелік касиетін ізаға сактау — альманах шығарушылардың алдына қойған неізігі максаты болады.

Рылеев альманах жұмысына сол замандағы ең атакты ақын, жазушыларды катынастыра білді. “Темір қазытың” поэзия болімінде пушкиниң олеңдері поэмаларынан үзінділер, Кюхельбекер, Баратынскийдің шығармалары, Крыловтың мысал — олеңдері басылып тұрды. Сол сиякты проза болімінде А.Бестужевтың, Ф. Глинканың повестері, Корниловичтің тарихи очерктері жарияланып, альманах халықка мол тарап, жұрт құныға оқытын болаған.

Рылеевтің ақындық қадамы 1813 жылдан басталады. Оның нағыз ақындық жолының айқындалған шағы 20 — жылдары болады. Рылеевтің саяси-әлеуметтік көз қарасының қалыптаса бастауына сәйкес оның ақындық өнер жайында, ақынның қоғамдық өмірдегі алғасын орны, халық алдындағы борышы туралы да ой — пікір қалыптасады.

Рылеев озімен ниеттес, тілектес, бір жол, бір бағыт, бір мақсатты ұстап жазушы декабристермен тізе қосып, әдебиеттегі Радищевтен басталатын дәстүрді заман талабына сай ілгері дамытты. Ол ақындық онер тұрғысынан үгітшінің трибунасы деп біліп, ақынның озіне жауынгер деп қарау керек деген қорытындыға келеді. Рылеевтің замандастары оның шығармаларын дәл өзі айтқан қағидасындей түсініп, емірене қарсы алып қабылдады.

Рылеевтің “Бірден-бір ойы, оның бар идеясы өзінің тұған халқының Отанға деген сүйіспеншілік жан сезімін ояту, бостандықка деген құштарлық отын лаулатып жандыру еді”, — дейді ақын туралы Н. Бестужев.

Ат тобеліндей ғана аз ғана топқа арнап, жағын пазданып олең жыр жазатындарға, озінің ақындық адат қызметін қарама-карсы қойып: “Мен ақын емеспін, азаматтың”, — дейтін Рылеевтің асыл сөзі афоризм — нақылта айналып халыққа тарап кеткен. Ақындық онерлің қоғамдық өмірде атқаратын қызыстін осылай түсінетін Рылеев ақын ең алдымен халықтың азаматы болуы керек, халық мұддесін өз қара басының мұддесінен жоғары қою керек, шын ақын халықтың қамкоры болып, халықтың арман-гілеін жырлауға гиесті дейді. Халыққа өзуереген жаңған маҳабbat жыры керек емес, шиыршық атқан ыза мен ксудені кернеген кек жыры керек, қатыраган иөзік сезім жыры керек емес, жән тебіреткен жатын атқан жігерлі, қаһармандық күрес жыры керек, Отан—ананың азап шегіп жатқан шақта, аттандаған дабыл жыры, жауынгерлік, ерлік жыры керек, дейді азамат — ақын Кондратий Федорович Рылеев.

Ең алғаш Рылеевтың шын азаматтық патриоттық сезім сирі, оның 1820 жылы жазған “К Временщику” патшаға

жағымпазданған мансапкорға деген мағынада деген олеңіндегі айқын ашылады.

Олеңін а деп бастағана-ак, мансапкорды ақының аңы тілімен түйреп, тамсынған пасық, арамза, зұлым, сүркія, зымиян, тасбауыр, қаһар, жақсылықтың жауы деген сияқты мірдің оғындағы тиетін создерді жайдырады. Өлендегі “екі жүзді айлакер”, “тиран”, “қаскунем” деген мінездеме создерден Аракчеевті айтып отырганын окушы жүртшылық күмәнсіз іүсінеді. Осылай Аракчеев сияқты мансапкор екі аяқты жыртқыштың жексүрін бейнесін оленге айнаңтайпай түсірген ержүрек ақынды халық макұлдан, ардақтайады. Осы олеңімен Рылеевтің атақ, данкы көтеріліп, жүртшылықка анық азамат ақын болып танылады.

Генерал А. А. Аракчеев I Павел патшаның оң қолы болып, кейін I Александр патшаша болғанда озінің алайқ айлакерлігімен оған да жағынып, Россияда патшадан кейінгі екінші дөрежедегі әкім осы Аракчеев болған.

Рылеевтің ақынлық таланттың онан сайын таныта түскен, 1821-1823 жылдары арасында жазған “Думы” деп аталатын, тарихи жыр түріндегі үлкен бір топ шығармалары. Ақынның бұл шығармаларында X ғасырдан бастап, XIX ғасырдың басына шейінгі, яғни Державин ақынның қайтыс болғанына дейінгі тарихи уақыттар қамтылады. Ерте замандағы орыс батырларын көрнекі мемлекет кайраткерлерін. әскери қолбасшыларды, т. б. белгілі қайраткерлерді жыр етеді.

Бұл шығармаларды жазудағы ақынның мақсаты хатықтың камын ойлап, еңбек еткен ерлерді, Отанның мұддесі үшін күрескен, елдің тоуелсіздігі үшін алысқан, елге пайдасы тиғен тарихи тұлғаларды жас үрпакқа үлгі-онеге етіп корсетіп, отаныңдық, ұлттық, азаматтық сана-сезімін ояту, солардай болындар, солардан тағылым алындар деген қағиданы жас үрпакқа ұғындыру. Бұл шығармаларының тәрбиелік мөні үлкен дидактикалық сарын басым болып оғырады.

Олардың бәрі біркелкі туындылар емес “Думаларының” ішіндегі әдеби шығарма ретіндегі көркем жазылғандары және Пушкин жақсы баға бергендері I Петрғе арналған өлеңі мен “Иван Сусанин” атты ерлік, Отаншылдықты әсерлі, көркем сипаттаған жыр болады.

“Азамат” атты олеңі Рылеев творчествосындағы ең елеулі шығармаларының бірі саналады.

Рылеев — эпикалық шығармалар да жазған ақын. “Войновский” поэмасы I Петр заманында Россияның швед баскыншыларының қарсы суреттеуге ариалған. Ал “Нативайко” атты поэмасы Украина халқының ұлттық тоуелсіздің көрған,

Полыща пандарына карсы құресін жырлауга ариалған. Бірақ поэма аяқталмай қалған.

Рылеевтің декабрист А. Бестужевпен бірге жазған бірнеше үтіг өлдендерінің саяси-әлеуметтік мәні зор, көркем туындылар.

Ақындық таланты енді тасқындал, орлеп осіп, кемеліне келе жатқан шакта Рылеевтің өмір жолы кенет киылыш қалды.

Патша үкіметін құшпен жойып, халықты азат етіп, босстандық әнеріп, өз Отанының өркенінің осіріп, гүлдендіруді максат еткен түңғыш орыс революционерлері 1825 жылы 14 декабрь күні ертесмен, патшаға карсы көтеріліске, Сенат алаңына шықты.

Көтерілісі үйымдастыруға барынша жаңын салып кірісken Рылеев еді. Оның пәтері көтерілістің штабына аиналды. 14 декабрь күні елдін бәрінен бұрын ерте тұрып, казармадан-казармага жүгіріп, көтеріліске солдаттарды барынша кобірек катынастыруға кіріседі...

Патша үкіметі декабристерді қапға бояп, көтерілісті құшпен басып тастады. Сол түнде Рылеев тұтқынға атынды. Одан I Николай патшаның озі жауап алды Рылеев тайсалмай емін-еркін отырып жауап беріп, басқалардың барлығының құнсінің бөріп оз мойнына алды. Патшаға бас имеді, тізе бұқпеді. Декабристерден 579 адам жауапқа тартылды, 100 адам каторға айдалды. Сибирге жер аударылды, басқаларын түрлі жазаға іарғызы. Көтерілісте болған солдаттарға дүре соғыстып, соғыска жіберілді.

Бес декабрисі – К. Ф. Рылеев, П. И. Пестель, С. И. Муравьев – Апостол, М. П. Бестужев – Рюмин жөне П. Г. Каловский азаптан олтіру жазасына – балтамен жіліктен шауып олтіруге буйырылды. Бірақ дүниe жүзінің алдында ондай айуандыққа баруға I Николайдың батылы бармады. 1826 жылы 13 июль күні Рылеев бастатқан бес декабрист Петрапавловск түрмесінде дарға асылды.

Сойтіп, жалынды жас акын, ержүрек революционер Кондратий Федорович Рылеев 31 жасында патша жендеттерінің қолынан қаза тапты. Декабристердің қаһармандық ісі аяқсыз қалған жок. Пушкиннің “Сибирге хат” деген олецинде корегендік сөзі орындалды.

В. И. Ленин “Герценді есke тұсіру” деген мақаласында Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихын баяндаі келін, былай деп жазды: – “...Біз орыс революциясында кимыл корсеткен үш буынды, үш тапты анық көреміз. Ең әуелі – дворяндар мен помешиктер. Декабристер мен герусиң көрінеді. Бұл революционерлердің тобы аз. Олар халықтан тым атыс. Бірақ олардың ісі жоғалған жок. Декабристер Герценді оятты. Герцен революцияшыл үгітті оркендейтті

Бұл үгітті Чернышевский бастан, “Народная Воля” ерлерімен аяқталған әрекетті революционерлер іле көтеріп оқетті, кеңітті, нығайтты, шынықтырды. Құресушилердін тобы үлғая түсті, олардың халықпен байланысы қүшейді. “Алдағы дауылдың жас штурмандары” деп атады Герцен оларды. Бірақ бұл әлі дауылдың өзі емес еді. Дауыл – бұқараның өзінің қозғалысы пролетариат бірден-бір акырына дейін революцияшыл тап, осы бұқараны бастан көтерілді, сөйтіп ең алғаш миллиондаған шаруашыларды ашық революциялық күреске алып шықты. Дауылдың алғашкы соғуы 1905 жылы болды. Келесі дауыл коз алдымызда көтеріліп келеді”. (В. И. Ленин. Шығармалары. 18 -том, 16-17 беттер).

Декабристер тек орыс халқыныңға емес, бүкіл Россия империясының кол астындағы езілісн аз үлгіардың, сонын ішінде казак халқының да азаттығын да кокседі. Декабрист П. И. Пестель өзінің “Русская правда” деген еңбегінде казак халқының жер жағдайын, шаруашылығын, тұрмыс—салтын айта келіп, қазактың тұрмысын тұзеу. отырықшылдыққа айналдыру, еғіп шаруашылығымен шұғылдандыру керек дейді. Қазақ халқы біздің бауырласымыз болды деген адамгершілік пікір айтады.

Жер ауып келген дескабристер казак слінс көніл боліп, достық пікірлерін білдірді. Декабристер А. Д. Боровков казак жайында жазды. Г. С. Батеньков казак слімен көп араласты, ол татар тілін жетік білген адам, “Сибириге жалпы қозқарас” деген мақаласында патша чиновниктерінің жүгенділігін сыйнады. Декабрист М. И. Муравьев – Апостол 1829-1836 жылдары Бұктармада болды, декабрист С. М. Семенов Өскеменде. Омбыда кызмет істеп, казак елімен катты араласты. Рылесев басқарған құпия ұйымның мүшесі декабрист Коновицын Семейде айдауда болды.

Шоқан Үәлиханов айдаудан кайтып келе жатқан декабристердің Омбыда бас қосқан жиындарына үшемі қатысып жүрген. И. В. Басаргин, Г. С. Батеньков сияқты декабристермен Шоқан жақсы таныс болған. Шоқанның саяси қозқарасының қалыптастыруына декабристердің иғі әсері болғаны даусыз.

Сөйтіп, декабристердің казак халқына қозқаастары, казак жерінде болып, елімен араласуы сияқты мәселелер арналы зерттеуді қажет етеді.

“Семей тапы” 29 сентябрь 1970 жыл.

## СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ (М. Горькийдін туғанына 110 жыл тулына)

Откен ғасырдың аяғында әдебиет өлеміне Алексей Максимович Горький шықты. Еңбекші халықты еркіндікке, жауыздықка карсы ерлік күреске шақырып, жар салған революция дауылпазы Максим Горькийдің құдіретті, оршіл өктем дауысы бүкіл дүниені жаңыртты.

Пролетариаттың ұлы жазушысы Максим Горький капитализм дүниссінде пайда болған құлқынның құлдарын, дүниекор қорқауларды, кара басының қамын ғана ойлайтын, бас пайдасын халық мұддесінен жоғары қөрсетін өзімшіл, пасыктарды адам деп санамаған. Өзеуреген олі жүрек тоғышарларды, ішінен қалтырап, сырты жалтыраған алаяқ жағымпаздарды жаңы жек коргеі.

Ол құс төрсі сұнкардай өршіл, тәқаппар, дауылпаздай қайтпас қайсар, ожет ерлерлі малактап, асыл жырын соларға арнады. Сондықтан Максим Горькийді шексіз сүйген халкы, оны ардактап “Революция дауылпазы” деп атак-даңққа боледі. Ұлы гуманист, қалтқысыз интернационалист Алексей Максимовичтің адамгершілігіне тағым етіп, революцияның биік идеалы, теңіздей терең мазмұнды, күн шұғыласындағы коркем шығармаларынан үлті-опеге атмаған бірде-бір совет жазушы жок. Максим Горький – көп ұлтты көп тілді бір мақсатты совет әдебиетінін атасы, совет ақын-жазушыларының ұлы ұстазы.

Максим Горький озінің творчествосында Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясында женіске жеткен еңбекші халықтың сарқылтас рухани күш қуатын, жарқын ақыл-нарасатын, коммунизм құру жолдарындағы ерлік күресін, женимпаз жігер-кайраттың жеріне жеткізे сипаттаған берді. Совет әдебиеті қалам қайраткерлерінің талантты үлкен бірлігін төрбиелеп осірген Горькийдің өзі – бір университет.

Октябрь революциясынан бүрін 1914 жылы “Пролетариат жазушыларының жинағы” атты кітапқа жазған алғы сезінде Алексей Максимович: “Пролетариат озінің коркем әдебиетін жасай алатындығына мен қоміл сенемін” деген болатын. Горькийдің бұл берік сенімінің негізілік екендігі Ұлы Октябрь революциясының женісінен кейін анықша шықты.

Совет әдебиеті азамат согызының от-жалынында, кескілескен күрес майданында Совет өкіметінің тағдыры шешіліп жатқан кезеңде туып, шындалып ости. Еңбекші халықтың жауға карсы кан майдандасты қаһармандық күресі, еңбек майданындағы қыыншылық жағдайдағы ерлік ісі-

осының борі аға буын совет жазушыларының козкарасын қағынтастыруға негізгі себеп болған омір шындығы еді. Сол жазушылардың көбінің творчествосының дүрыс бағытта дамуына, Горькийдің иі әсері де үлкен себеп болды. Үлкен совет жазушысы А. Серафимович озінің жазушылық жолында одан коп үлгі-өнеге алғанын мактан стіл айтады. Д. Фурманов Горький шығармаларынан алған әсерін 1915 жылғы күнделік дәйтерінде жазған. К. Тренев “Горький қолдамаса, ол акыл айтып, кеңес бермесе, онімді ештеңе жаза аламас едім. Өз күшіме сенімім аз еді”, – дейді.

Горькийдің “тілінді байытумен шұғылдан”, орыс әдебиетінің классиктерінен үйрен деген акызын қабыл алған Тренев ұстазының айтканын бүлжытпай орындаған жөне оның мәслихатының шығармасын басуға ұсынбаған. “Сонан соң мен Горькийге алдын ала корсетіп алмай, ешбір шығармамды баспаға берген емеснің”, – дейді.

Бұрынғы катардағы матрос А. Новиков озінің алғашқы жазған әңгімессін 1911 жылы Каури аралында тұратын Горькийге жібереді. Горькийдің жордемімен оның тұнғыш әңгімессі жарық кореді. 1912 жылы А. Новиков Горькийдің шакырыымен Каприге барып, оның қасында бір жыл тұрады. Көп нәрсе үйренеді. Онда жатын көп әңгімелерін жазады бұл адам қоғамға белгілі жазушы, “Цусима” романының авторы А. Новиков – Прибой еді.

Революцияның алдындаған жас акын В. Маяковский де Горькиймен кездескен ол кезде Маяковскийдің футуристер тобында жүргең шағы еді. Сол уақыттың озінде ак кореген сыншы Горький келешекте Маяковскийдің үлкен акын болатындығын танып “Нагыз жақсы олеңдер жазатын акын болады”, – деп бағалаған.

А. Горький халықтың озара мәдени достық байланысын күшейту мақсатымен Сибирь жазушыларының, белорус, украин, латын, татар, грузин, армян, поляк, фин тәғы басқа үлт жазушыларының шығармалар жинанын шығаруды да сртеге ойлаган. Ол мақсатты революциядан кейін толық іске асты.

Үшан-теніз қыруар жұмысы болға тұрын белорус акыны Я. Купаланың олеңін орыс тіліне аударып, баstryрган. Горькийдің көмегімен татардың ұлы акыны Габдолла Токайдың орысшаға аударылған олеңдері “Восточный сборник” атты жинақта (1914 ж.) басылып шыққан.

1919-1921 жылдар Петербург милиционерлерінің әлебиет үйірмессін басқаруға да Горький уақыт тапқан.

Ол әсіресе азамат согызына катысан жазушыларға ерекше коніл болған, оларды камкорлығына алған. Біздің жерлесіміз В. Ивановтың жазған әңгімелерімен Октябрь

революциясының алдында танысқан Горький оған жазған хатында:

— Сіз оз бетіңізбен біліміңізді толықтыруға шындаң кірісүіңіз кажет, оқу керек меніңше, сізде жазушылық қасиет бар сияқты, демек оны дамыту керек... Коп жазыңыз жөне қол жазбаларыңызды маған жіберіп тұрыныз, мен оны оқимын, сынаймын, ал мүмкін болса, бастирамын. Бірақ сіз оқумен, тіліңізді байыту мәселесімен шұғылдануға жалпы даярлануға тиістісіз, — дейді.

1920 жылы В. Иванов Горький ет хат жазып, Петербургке баруына комек сұрайды. Горький оның хатын алғып, қуанып, қолта-қол жауап жазады:

“Осы соңғы жылдар мен сізді есіме алғып, ойлап жүруші едім. Сибирден келген адамның бәрінен дерлік сұрайтынмын. Сізді кездестірмелі ме екен, сіз туралы естіп, білмелі ме екен деп. Кейде бұл Иванов өліп қалған шығар-ау деп іе ойлайтынмын. Ал енді, міне, сіз тірі екенсіз, тіпті Питерге келгініз келеді екен. Бұныңыз тамаша. Мұнда келу жаксырақ жөне озінізде жақсара түсесіз”.

Горькийдің мұндағы қамқорлығының өз тағдыры үшін қандай манызды болғанын В. Иванов “Горькиймен кездесу” деген кітабында толық жазған. Горькийдің әскелік қамқорлығы болмаса, адам болар-болмасының негайбыл екенин айта келіп: “Бір кезде Горькийден келген екі хаг маған біткен қос қанат сияқты болды да, мені ажалдан алғып шықты”.

Совет әдебистінің белгілі классик жазушысы, марқұм В. Ивановтың әлебиетке келуіне Горькийдің жасаған қамқорлығының озін ғана сөз етсе, үлкен бір дастан болғандай.

Атақты совет жазуны Социалистік Еңбек Ері Константин Федин озінің “Горький біздің ортамызда” атты үлкен кітабында Горькийдің озіне жасаған жақсылығын жалпы ұлы үстаздыңын тамаша сипаттаған жазған.

Горький емделуге кетіп, 1928 жылға дейін шетелде болған кезінде де совет жазушыларымен байланысы ешбір бәсендемеген. Оның ұлылығы, адамгершілігі, даныншпанғалымдығы, үстаздығы жайында, онымен карым-қагынасы туралы аузына алмайтын бірде-бір совет жазушысы, акыны жок.

А. Толстой, М. Шолохов, А. Фадеев, Л. Леонов, Н. Тихонов, И. Асеев, Ф. Гладков, О. Форш тағы басқа орыс жазушыларының, ұлт республикалар акын-жазушыларының штетлің алдынғы қатарлы жазушыларының Максим Горькийлі үстаз деп танымайтыны жок десек кателеснеспіз. Біздің Қазакстан жазушылары Н. Анов, И. Шуховтардың Горькиймен кездесіп ақыл алғаны, хат

жазысып турғаны, оларға жасаган қамқорлығы Горький туралы естеліктерінен оқушы жүртшылықка мәлім.

Максим Горькийдің ақын-жазушыларына иғі өсері, ұстаздығы, қазақ әдебиеті мен онерінс деген қамқорлығы өз алдына бір сала.

Қазақ совет әдебиетінің кошбасшысы болған революционер – ақын Сәкен Сейфуллин былай дейді:

– Біз қазак жастары, тіпті революциядан бұрынғы кездерлің озінде, қалай омір сұру керек екенин орыстың ұлы жазушыларынан үйренестін едік. Олардың ішінде ең сүйікті жазушымыз Горький болатын. 1916 жылы мұғалімдер семинариясында окудағы кезімде Горькийге сұқтанатынын да оның шығармаларын бас алмай, қызығып өкітынмын. Біз – семинаристердің ең сүйіп өкітын шығармалары “Дауылпаз туралы жыр”, “Сұнқар туралы жыр” болатын. Горькийдің ұстаған жолы сол кезде біздін көзделген мұрат мақсатымыз еді, біз үшін идеал еді.

Сәкен Сейфуллин Горькийді революциядан бұрын оқып, ұлы жазушының, өсіресе, романтикалы орил сарында жазылған дауылпаз, сұнқар туралы жырларынан үлгі алса, сол алған үлгі-онегесін революция жылдары жазған Сәкен шығармаларынан айқын көреміз.

Большевиктер патша үкіметіне қарсы күресті жасырын жағдайда жүргізуге тұра келген кезде Горькийдің дауылпаз, сұнқар туралы жырларын саяси манифест ретінде пайдаланған. Ол жырларды құпия бастырып, көбейтіп халыққа мол таратқаны мәлім.

Сәкеннің революция жылдарындағы өлеңдеріне Горькийдің құшті өсері тиғен. Ақын сол олеңдерін совет заманында тұнғыш рет бастырғанда, Горькийге еліктен кітабына “Асай тұлпар” деп ат койған және осы кітабының “Дала” (арнау) атты кіріспесін оқысады. орыстың ұлы жазушыларының сұнқар, дауылпаз туралы жырларының өсерін өсірессе анық танимыз. Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кеппү” романына Горькийдің мемуарлық туындылары иғі өсерін тигізген. Сейфуллиниң революциалық күрес такырыбына жазған пьесасының аты “Қызыл сұнқарлар” деініү – Горькийдің “Сұнқарлар туралы жырынан” келген онеге.

Мұхтар Әүесзов: “Біз, қазақ жазушылары, Горькийді өз туысканымыз, ұлы ұстазымыз деп қараймыз. Қазақтың қазіргі бүкіл әдебиеті Горькийден құшті өсер ала отырын дамуда”, – десе. Сабит Мұқанов: “Қазақ совет әдебиеті Алексей Максимовичтің үлгісінде өсіп келс жатқан әдебист оның құралы социалистік реализм әдісі, осы әдісті оздерінің

шығармаларында колдануда олардың әрлайым үйреніп отыртыны – Алексей Максимович. Қазақ совет әдебиетінің кадрлары Горькийдің шығармаларынан үлгі алумен ғана қанағаттанбады, оларды казак тілінс аударып, халық арасына таратуға да ынта салды”, – дейді.

Горькийдің қазак тіліне аударылған әңгімелері “Сұнкар туралы жыр” деген атпен 1924 жылы алғаш рет Москвада басылып шықты.

Сойтіп, Горький шығармалары 1924 жылдан бері қазак тіліне аударылып, қазақ әдебиетінің қазынасын байытып келеді.

Қазақ жазушыларының Горький шығармаларынан алған онеге-үлгісін F. Mұсіреповтің “Ана” атты әңгімелерінен, С. Мұқановтың “Өмір мектебі” романынан анық көреміз.

Максим Горький қазақ әдебиеті мен коркем өнеріне қалай көңіл бөліп, оны қалай бағаланғанына бірер мысал келтірсейк. Қазақтың ән-күйін жинап, зерттеп, нотага түсіріп үлкен енбек жасаған білімпаз этнограф, композитор Александр Викторович Затаевичті Горький жақсы білген. Затаевич нотага түсіріп, үлкен кітап етіп бастырған “Қазактың бір мың ән-күйін” Алексей Максимовичке сыйға тартқан соң, Горький қазактың ән-күйлерімен танысып, “Міне, менін алдында “Қазактың бір мың ән-күйі” жатыр, олар нотага түсірілген. Бұл он-күйлердің өз еркшешілктері бар тамаша мелодиялары келешектің – Монарттары, Бетховендері, Шопендері Мусоргскийлері және Григорій үшін бай материал”, – деген.

Н. Анов Горькиймен бір кезде кездескенде, ұлы жазушы Қазақстанның мәдениет, шаруашылық, әдебиеттің көркеменр жайларын сұрап, терен білуге қүштарланған. Әміре мен Иса жайында әңгіме болғанда, олар туралы коркем шығарма жазуды ұсынып және олар туралы жазылған шығармалар мен танысу үшін, өзіне жіберіп туруды сұраған.

Енді қорытынды созді Алексей Максимович Горькийдің ең дарынды, ең галантты шәкіртерінің бірі қазақтың ұлы жазушысы, көп ұлтты совет әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовке беруді макұл кордік:

– Горький шығармаларынан ертеректе оқығандарымның ішінде маған жазушылық ретінде, өте-мөтс қатты өсер еткендері – табиғат суреттерін аса шебер бере білгендігі еді. Табиғат суретін беруде батыс слдерінің әдебиетінде болсын, орыс әдебиетінде болсын Горькийдей бірде – бір классик жазушыны кездестірген емеспін. Горький мейлі, Қара теніз жағасын, мейлі Онтүстік Россияны, мейлі Еділ бойы мен оның пристаньдарын суреттесін, осының бәрі менін көз алдыма елестеуінің еді. Горькийдің осы берген суреттерінің

иен ортасына еніп кетіп, кейде төңірегінде түгел шолып, ауласынан кен тыныс алғандай болатының. Жазушының асқан шеберлігін шығармаларындағы тіпті кейбір ұсак, елеусіз нәрселердің өзінен де ангартып отыру адамға аса бір рахат сықылды сезінуші еді. Горькийдің сюжетті образдары құрылышынан маған үлкен өсер еткен “Челкаш” повесі болы да, менін “Қарааш-Қарааш” повесіндегі Бактығұлдың сипаты мен әлеуметтік ортасын бейнелеуге жөн сілтеді.

Біздін қазақ әдебиетінің дамуына Горький шығармалары тиғізген атуан осердің кейбір жеке сипаттары осындаі. Бірақ, біз Горькийден үйренуде олі де жеткілікті жұмыс істеуімізді ұмытпауымыз керек. Біз ұлы жазушының шеберлігінен үйренгенде, онын шығармаларына сай енбектер жазуымыз керек, шығарманың тек сыртқы тұлғаларының ұқсауымен ғана тынуга болмайды. Орыс әдебиеті классигінің шығармаларын осылай игеріп, бойымызға осылай сініру міндеті бізді ең алдымен Горький жасаған ұшан-төніз мұраны терең, жсте зерттең білуге жұмылдыруға тиіс.

“Семей таны”, наурыз 1978 жыл.

## “КОРҚЫТПА МЕНІ ДАУЫЛДАН”

Абайдың: “Корқытпа мені дауылдан” деп басталатын өлеңі аударма екені бүріннан-ақ мәлім. 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерінің жинағында бұл өлең орыс ақындарынан аударған өлеңдерінің тобына кіргізілген. Кейінгі кездерде Абайдың әдеби мұрасын зерттеушілерге “Корқытпа мені дауылдан” өлеңін Абай орыс ақындарының қайсысынан аударғанын айқындау мәселесі қажет болды. Абайды зерттеушілер 1933 жылы бұл өленді Пушкиннен, 1940 жылғы Лермонтовтан аударған деген корытындағы ксөлген болатын.

Бірақ бұл байтамдар негізсіз болып шықты. Пушкин мен Лермонтов өлеңдерінің ішінен “Корқытпа мені дауылдан” өлеңінің түпнұсқасы табылмады. Тек 1945 жылты “Корқытпа мені дауылдан” И.А.Буниннің “Не пугай меня грозою” деген өлеңінің аудармасы екенін Есмагамбет Исмаилов анықтап, түсінік берді. 1945 жылдан бергі Абай жинактарының бөрінде:

Корқытпа мені дауылдан.

1909 ж., 79-б. (11) (“Лермонтовтан табылды”)

1922 ж. (Ташкент) (11)

1933 ж. (163- бет) (Пушкиннен)

1940 ж. – Лермонтовтан.

Енді 36 жылдан кейін:

1945 ж. – Буниннен – деді (Есмагамбет)

Есмагамбет өлең Буниндікі екенін дұрыс айтканмен Буниннің (Абай өлген соң 11 жыл кейін), яғни 1915 жылғы жинағына сүйенеді.

Абай

1933 жылғы толық жинақ

163-бет:

(Пушкиннен) 1983 жыл.

Қорқытпа мені дауылдан,  
Дүрілдей тұрса тау мен сай,  
Шартылдай тұрган жауыннан,  
Жарқылдай тұрса тұс пен жай.  
Көк торғындаі аспан – көк,  
Білемін, жайнап ашылар,  
Іісі анқыған бәйшешек,  
Тұрленіп жерді жасырап.  
Қорқытпайды кар мен мұз,  
Озге нөрсе корқытты,  
Ойсыз, доссыз, бақытсыз,  
Жыбырлакпен өмір отті.  
Сондыктан қаңғы кат-қабат,  
Қарап тұрмын сендерге,  
Атасы басқа. өзі жат,  
Жалғыз жанша жат жерде.

1940 жылы шықкан Абай шығармаларының екінші томының 261 бетінде. “Қорқытпа мен дауылдан” өлеңі жайында:

“Бұл өлең Абайдың қолжазбаларында (!?) Буниннен деслінген, ал 1933 – жылғы баспасында Пушкиннен деслінген. Бірак, Буниннің, Пушкиннен кандай шығармаларынан аударғандығы мөлім емес. Олеңнің сарынына қарағанда Лермонтовтан аударған ба деуге болалы”, – деп түсінік берілген деген ғана қыскаша түсінікпен жарияланып жүр. Е.Смаилов бұл өлеңнің түпнұсқасы И.А.Буниндікі екенін дұрыс айқындаған. Бірак, “Қорқытпа мен дауылдан” өлеңін Абай Буниннің кайда, қашан жарияланған өлеңнің аударды екен? деген сұрақ туады.

Бұл аудармата осы күнге дейін беріліп келген түсінікте ондай мөселені айқындау ескерілмеген. Ал, Е.Смаилов “Қорқытпа мені дауылдан” өлеңін түпнұсқасын салыстырып тексергенде И. А. Буниннің Абай қайтыс болған

сон он бір жыл кейін шыккан шығармалар жинағына сүйенеді. Бұл салыстыру бола ма? Абай кайтыс болардан үш жыл бұрын шыккан Бунинның “Листопад” атты жинағына сүйеніп, түсінік берсек кайтер еді?

Онда қандай айырма бар? “Листопад” жинағы мен 1915 жылғы шыккан Бунин жинағындағы “Қорқытпа мені дауылдан” өлеңінін мазмұнын да ешбір қиғаштық жок кой – деп жауап беруге де болады. Олай болса 1956 жылы шыккан Бунинның бес томдық жинағына да сүйеніп жоғарғы сипатта түсінік беруте бола беретін сиякты.

Бірак Буниннің осы өлеңі алғашқы жазған қалпынан өзгермей басылым келе ме екен?

Бір жазған өлеңін әрбір жинағында қайта қарап өзгерту, өндегу акынның творчестволық жолында аз кездесе ме мәселені бұлай кою, әсіресе, Абайдан соң қырық тоғызы жыл өмір сүрген Бунин жайында орынды.

Осы пікірімізді дәлелдеу үшін Буниннің екі-үш жинағын мысалға алып салыстырсақ, акын “Қорқытпа мені дауылдан” (“Не пугай меня грозою”) өлеңіне қандай өндесу, өзгеріс жасаганын айқын көреміз.

1) “Под открытым небом” Стихотворения И.А.Бунина со многими рисунками. Изд. редакции журнала “Детское чтение”. Москва, 1898г.

Не пугай меня грозою,  
Не боюсь я вешних бурь:  
После бури над землею  
Светит радостней лазурь  
После бури, молодая  
В блеске новой красоты,  
Ароматней и пышнее  
Распускаются цветы!  
Но страшит меня ненастье:  
Я боюсь, что жизнь пройдет  
И без горя, и без счастья,  
В суете дневных забот.

Что увянут жизни силы  
Без борьбы и без труда.  
Что сырой туман унылый  
Солнце скроет навсегда

1) Иван Бунин “Листопад”. Стихотворения. М., 1901.

2) И.А.Бунин. Собрание сочинений. В пяти томах. Том 1, стр. 329.М., 1956г.

Не пугай меня грозою:  
Весел грохот вешних бурь!  
После бури над землею  
Светит радостней лазурь.  
После бури, молодея,  
В блеске новой красоты  
Ароматней и пышнее  
Распускаются цветы!

Но страшит меня ненастье:  
Горько думать, что пройдет  
Жизнь без горя и без счастья  
В суете дневных забот,

Что увянут жизни силы  
Без борьбы и без труда,  
Что сырой туман унылый  
Солнце скроет навсегда

Бұл салыстырудан ақын Буниннің өлеңін алғашкы жазған калпында калдырмай, әрбір басытуында кайта қарап, өндеп, жөнделеп отырғанын көреміз. Тіпті, өлеңінің бірінші шумағының екінші жолына ғана көз жіберіп, қоңыл аударсақта болады:

Не боюсь я вешних бурь (1898 ж.) десе, 1901 жылғы баспасында:

Весел грохот вешних бурь, — деиді.

Бұл айқын мәселе болды. Айқын емес мәселе не? Ол Абай өлеңдерін баспаға даярлаушы жолдастардың Абайдың Буниннен аударған осы өлеңіне берген түсініктері. Бұл жөнінде мынандай түсінік (комментарий) берілген:

“96 бет: “Коркытпа мені дауылдан” — шығармасының тексті 1909 жылы жинақлен Мұрсейіт колжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша атынды.

И.А.Буниннен аударма. Орыс ақынының “Не пугай меня грозою” деп басталатын шығармасын Абай жалпы мағынасын аударған.

Аударманың сөнғы:

Сондыктан қайғы қат-қабат.  
Қарап түрмyn сендерге  
Атасы басқа, өзі онай,  
Жалғыз жаниша жат өнерде,

— деген төрт жолы оригиналдан алшак көткен Абайдың өз

ой-пікірінің бір елесін көрсетеді". – дейді. (Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том, 233-234 беттер, Алматы., 1957 ж.).

Рас, Буниннің 1901 жылғы ("Листопад"), 1898 жылғы ("Под открытым небом") жинағындағы нұсқаларымен салыстырғанда өлеңнің соңғы шумағы Абай аудармасында орысша түпнұсқасына мүлде ұқсамайды.

Олай болса осы түсінік беруші жолдастардың пікіріне косытуымыз керек кой?" Жоқ, косыла алмаймыз.

Абай шығармаларының барлық баспасында бұл өлеңді Абай Буниннен 1893 жылғы аударған дегінеді.

Олай болса Абай, Бунинның 1898 жылғы жинағы шықпай тұрып бес жыл бұрын, 1901 жылғы Бунин жинағынан сегіз жыл бұрын аударған болады!

Ол мүмкін емес. Ендеше Буниннің бұл айтылған жылдардан бұрынырақ шықкан өлеңдер жинағын, яғни алғашқы өлеңдерін жинағын карастыруымыз керек болады. Буниннің тұнғыш өлеңдер жинағы 1891 жылғы шықкан. Ол жинақта 1887-1891 жылдардың арасында жазылған өлеңдері енген. Осы кітаптың тоғызынышы бетінде "Не пугай меня грозою" өлеңі басылған екен. Сонда 1891 жылғы күзде баспадан шықкан Бунин кітабы 1892 жылдар Семейге жетіп, Абай Бунин өлеңін 1893 жылғы аударған дер едік. Бірақ бұл кітап Москва, Петербург қалаларында емес, Орал қаласында басылыпты жөнс тиражы да аз. Осы жағын еске алғанда Буниннің алғашқы жинағы ол кезде Семей қаласына жете қойды ма екен деген күдік туды. Оның үстінен Буниннің бұл кітабын біз казірде не Семей, не Омбы қаласынан таба алмадық. Буниннің осы тұнғыш жинағының микрофильмге түсірілген нұсқасы ғана Москвада Ленин атындағы библиотекада бар. Ал кітаптың өзі онда жоқ. Жоне қаидан түсіріп алғаны да көрсетілген. Егер Буниннің алғашқы өлеңдер жинағы аз тиражбен шығып, сирек кездесетін болса, ол кітап Семей библиотекасында болды деп айтуда күйн. Оның үстінен "Семей копшілік библиотекасының жиyrма жылдынына" арналған, 1903 жылғы шықкан, Ф. Зобниннің кітапханасында 1887-1892 жылдар арасында библиотеканың хал-жайы ауыр болғанын, баспадан шықкан жеке кітаптармен библиотека корының толыктырылыш отырганын айтады.

Осы айтылғандардың бөрі Буниннің алғашқы өлеңдер жинағы Абай қолына түсे қойды ма екен деген күдікті онан сайын күшайте түседі.

Олай болса, тағы да іздене түсу қажет болады. Абай аударған Бунин өлеңі оның бар жинағарында да 1888 жылғы жазылғандығы айқын.

Сол 1888 жылы декабрьде шықкан “Неделя” кітабында” (“Книжка “Неделя”) Буниннің “Не пугай меня грозою” өлеңі ең тұнғыш рет басылып, жарық көріпті. “Неделя” кітабы” деп отырғанымыз – 1866 жылдан 1901 жылға дейін Петербургте шығып тұрған “Неделя” атты газеттің көркемдеби бөлімі ретінде ай сайын басылып отыратын кітапшасы.

Біз Абай Бунин өлеңін осы кітапшадан аударған деген пікірге тоқтаймыз.

Оиткени “Неделя” газетін қосымша кітапшасымен Семей библиотекасы алдырып тұрған. Бастауыш білім тарату жөніндегі қамқорлық қоғам советінің 1897 жылғы есебінде (отчет) Семей кітапханасы қандай газет, журналдар жаздырып алдырып тұрғаны көрсетілген. Солардың ішінде “Неделя” газетін (қосымша кітапшасымен) алдырып тұрғандығы ең алдымен аталауды (“Неделя” 1866 жылдан 1901 жылға дейін Петербург қаласында шығып тұрған).

“Неделя” дагы Бунин өлеңімен Абай аудармасын салыстырып көрейік:

Книжки “Неделя”, декабря, 1888ж.  
Бунин:

Не пугай меня грозою, —  
Не боюсь я вешних бурь!  
Вновь заблещет бирюзою  
Просветленная лазурь...

Знаю я, что вслед за нею  
В блеске новой красоты  
Ароматней и пышнее  
Распускаются цветы.

Не страшит меня несчастье: -  
Я боюсь, что жизнь пройдет  
Без любви, без дум, без счастья  
В суете дневных забот...

Оттого с тоской глубокой  
Перед жизнью я стою,  
Словно путник одинокий  
Без друзей, в чужом kraю...

(Көлжазба аяқталмаған)

## АТАҚТЫ ОРЫС ФАЛЫМЫ, ЖАЗУШЫ – ДАЛЬ (В.И.Дальдің туғанына 175 жыл)

Клубымыздың бүтгінгі мәжілісін орыс жазушысы, атақты лексикограф, этнограф, ғалым, адамгершілік қасиетті ерекше кадір тұтқан, гуманист, қазақ халқының ізгі конілді, аяулы досы Владимир Иванович Дальдің туғанына 175 жыл толған күні күрметіне арнаймыз.

Бүгін, 22 науябрьде Дальдін дүниеге келгенінс 175 жыл толды.

Владимир Иванович Даль, ескішес 10. жаңаша 22 науябрь күні 1801 жылы, Луганск қаласында (казіргі Ворошиловград) дүниеге келікті.

Соңыктан ол озінің өдеби лакап атын “Казак Луганский” дес атап кеткен.

Әуелде теңіз жүзушілер мамандарын даярлайтын факультетінс түсіп, оқып, оны бітіріп, өскери дәрігер мамандығын алады.

Осы мамандығына байланысты, талай жорық сапарларында болып, кең байтак Россияның көп жерлерін арада, көн елдің омірімен, тұрмыс салтымен, мәденистімен, тілімен танысады.

Жиырма жылдан астам Даль Россияның талай-талай жерлерін кезумен болады.

Петербурі, Москвадан бастаң, Нижний Новгород, Орынбор аймагы, Орал, Гурьев, Украина, Қырым, Молдавия, Башқұрт. Қазақ сахарасы. 1828-1829 жылдары орыс-түрік сөзсісінің катысы, қысқартып айтқанда, Дальдің омір сапары осындай.

Сонда ол қызмет бабының ағымымен жүре бермей, сол үзак сапарында алдына койған омірлік мұраг-мақсаты болған. Ол мақсаты бұкара ҳалтықтың омірін, тұрмыс хал-ахуатын білу құштарлығы еді.

Даль бұл жонінде озі жазған омірбаянында быттай дейді. Жазушы, ғалымның өз созін, өз тұлғанде келтірейік.

“Всю жизнь свою я искал случая поездить по Руси, знакомиться с бытом народа. почитая народ за ядро и корень, а высшее сословие за цвет или плесень, по делу глядя...”, — дейді.

Россияның көп үлтты ел-жұртының омірімен, тұрмыс-салтымен герсен танысып, білген Дальді енді дәрігерлік мамандықта қанағаттаңырмайды.

Жан-жақты біймді, ізі қөнілші, адал жүректі, адамгершілігі зор Даль омірлен корген-білгеннің, бай тәжірибесін жазушы

қаламының күдіретімен ғана суреттеп беру керек деп біліп, енді қолына әдебиетші қаламын алады.

Сойтіп, Даљдің жазушылық қызметі 1830 жылы басталады. Сол жылы “Московский телеграф” журналында “Цыганика” атты повесін жариялады.

1832 жылы жарияланған “Орыс ертегілері...” деген шығармасын Пушкин жақсы бағалайды. Даљдің енді жазушылық атағы елге жайылады.

Даљдің әлебі еңбегін ұлы ақын Пушкиннің бағалаудының тарихи айғағы: “Балықшы мен балық тураты аныз” (“Сказка о рыбаке и рыбке”) атты Даљдің алғашкы әлебі еңбегін жақсы бағалаған Пушкин өзінің шығармасының қолжазбасын, ол кезде Орынборда қызмет атқарып жүрген. Даљге мынаңдай арнаулы сөз жазып жіберіпті:

“Твоя от твоих. Сказочнику казаку Луганскому сказочник Александр Пушкин”.

Даљ өзінің замандастары, орыстың ұлы ақын-жазушылары А.С.Пушкин, И.А.Крылов, Н.В.Гоголь, В.А.Жуковскийлермен достық карым-қатаста болады.

Әсіресе Пушкиннің ігі әсері Даљдің жазушылық сапарын айқылауға үлкен себеп болды. Пушкиннің үлгі-онегесінен гауылым алған Даљ, Россия империясының қол астындағы украин, қазақ, башқұрт және басқа халықтардың өмірін суреттеп жазуды мақсат етті.

Бұл жөнінде Петербург университетінің профессоры С.К.Булич:

“Только личные отношения к писателям пушкинской эпохи помогли ему сознать свое призвание и поставили определенные цели деятельности” – дейді.

Даљдің тарихи, мәдени-ғылыми зор еңбейі орыс тілінің кең колемді түсіндірме создігін жасауы еді. Осы еңбегінің іске асу жолында оған рух беріп, қолдаушы да Пушкин еді.

Сол создікті, яғни “Толковый словарь живого великорусского языка” – атты әйгілі еңбегін жүзеге асыру жолында Даљ 53 жыл енбек етті.

Даљдің ол сөздійінде 200000 мын орыс сөзіне түсіндірме берілген. Бұл еңбегі 1863-1866 жылдары торт том кітап болып, басылып шыққан. Осы еңбегі үшін оған ғылым академиясының Ломоносов атындағы сыйлығы беріліп, және күрметті академик атағын алады.

Түсіндірме создік 1880-1882 жылы екінші рет, 1903-1909 жылы үшінші рет, 1913 жылы тортінші рет, ал 1956 жылы алтынның рет басылып шығады.

Осы алтыншы басылуында сөздік алдында жазылған макалалар қазақшаламай-ақ, үзілді көлтірейік:

— Словарь Даля навсегда останется классическим памятником литературы. Предельно сжатую, но исключительно верную и глубокую характеристику и оценку дал Толковому словарю Даля В.И.Ленин в письме к А.В.Луначарскому от 18 января 1920 г.

Недавно мне пришлось — к сожалению и к стыду моему, впервые, —ознакомиться с знаменитым словарем Даля. Великолепная вещь, но ведь это областнический словарь и устарел. Не пора ли создать словарь настоящего русского языка, скажем, словарь слов, употребляемых теперь и классиками, от Пушкина до Горького.

В воспоминаниях В.И.Бонч-Бруевича, бывшего управляющим делами совнаркома, рассказывается, что словарь Даля стоял на этажерке рядом с письменным столом в совнаркомском кабинете В.И.Ленина, что Владимир Ильич постоянно изучал словарь Даля, интересовался “поговорками и пословицами, которые там были приведены, читал словарь как увлекательную книгу и “Высказывал свое восторженное изумление перед разнообразием эпитетов и другими образными выражениями русского языка. Трудно найти более высокую оценку книге, чем указание на то, что она была в числе тех, которые служили великому гению революции и создателю Советского государства, что к ней он многократно русской речи”.

Даль создігі – күні бүгінгі дейін маңызын жоймаған, әлі де көп-көп жасайтын еңбек.

Даль омір бойы орыс халқының ертегілерін, олен-жырларын, макал-мәтелдерін жинап, зерттеумен шүғынданды.

От 1862 жылы “Орыс халқының макалдары” (“Пословицы русского народа”) Москва. 1862 г., деп аталағын ұлкен сәбегін жариялады.

Бұл кітабында орыс халқының 30000 макал-мәтелдері басылған.

Ол сәбегі 1957 жылы тағы да басылғын шықты. Осы кітапқа “Халықланалығының казынасы” (“Сокровинница народной мудрости”) деп аталағын алғы соз жазған М.Шолохов макаласында:

“Величайшее богатство народа — его язык!

Тысячелетиями накапливаются и вечно живут в слове несметные сокровища человеческой мысли и опыта. И, может быть, ни в одной из форм языкового творчества народа с такой силой и так многообразно не проявляется его ум, так кристаллически не отлагается его национальная история, общественный строй, быт, мировоззрение, как в пословицах”, дей келіп, Дастьлің енбегі жайында:

“Издание русских пословиц, собранных на протяжении нескольких десятилетий прошлого века диалектологом и писателем В.И.Далем, послужит великому и благородному делу изучения неисчерпаемых богатств нашей Отечественной культуры, великого и могучего языка нашего” — депкорыгады Михаил Шолохов.

Енді Даңдің омір кезендеріне, әдеби қызметтіне оралайық.

1833 жылы Даң Орынбор өскери губернаторы Перовскийдің қарамағына қызметке ауысып, Петербургтен Орынборға келеді.

Орынбор аймағында қызмет атқарған жылдары оның өміріндегі ең мағынады қесеңдері болады. Жазушылық, ғылыми, қоғамдық-әкімшілік қызметтің оркендерген шактары да осы кез еді.

Ол озінің коптеген әдеби шығармаларын өнгіме, повестерін жазып, халық ауыз әдебисті үлгілерін – сөргегі, мақал-мөтөл, олең жырларды үздіксіз жинап, жазып алады.

Әсіресе казак ҳақының өмірімен, тұрмыс-салт, одет-түрлімен, мәдениетімен терең танысып, білуді мақсат еткен жазушы, ғалым Даң Орынбор аймағына қызметке келе сала, 1833 жылы жазлығуні екі ай бойы сапарда болып, Орал, Гурьев, Бекей ордасының ел-жұртын түгел арапап, танысады. Бүндай сапарга ол әлденеше рет шығып тұрған.

Озінің қарындастына жазған бір хатында:

— “Жаз айларын сахарарада откіздім, салт атпен 1500 шакырым сапар шектім”, — десе, екінші бір хатында өзінің казак даласына деген сүйіспенілтік көзілін білдіріп, Даң:

— “Живу опять на кочевые, где так хорошо, так хорошо, что не расстался бы... горы, леса - новый вид на каждого ста шагах” — дейді.

Қазак ауылдарында үнемі болып, казак өмірімен, тұрмыс-салттымен, халық ізгі көнілімен, адамгершілік қасиетімен сүйікті адам болған. Қазак жұрты оны жан тартып, өздеріне дос деп білтіп, жазушы, ғалымның ғылыми-зерттеу ісінде барынша ат салысып, қолдан келген комегін аямаған.

Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің құзырында болып, ерекше жауапты қызмет атқарған, ірі чиновник Владимир Иванович Даңдың қазак ҳақына деген ізі көнілін, адамгершілігін, оған қазак елінің достық сенімін дөлелдейтін, тарихи деректердің біреуін ғана көлітреійк.

1836-1838 жылдары ішкі Бекей ордасында Жонгір ханға қарсы шаруаіар көгерілісінін басшылары Исагай батыр Тайманов, атақты ақын Махамбет Өтемісов, 1837 жылы 11 сентябрьде Орынбор генерал-губернаторы Перовский с жазған хатында, хан мей бүкара халық арасындағы шиеленіскең

уакиғаның шындық себебін ашып, дұрыс тексеретін адамды, яғни даланың хал-ахуалын жақсы білестін жәнс өзінің әділдігімен, туралылдығымен қазактарға белгілі, сенімді болған В.И.Дальді жіберуді өтінің:

—“Просьбы и жалобы наши никем не принимаются, имущество у нас отнимают и мы, точно иностранцы, страшимся всего, несмотря на то, что принимали присягу на верноподданство государю императору. Но так как ваше превосходительство представляет здесь лицо главного начальника, то я почел довести до вашего сведения и просить об откомандировании к нам правдивых чиновников, которые бы вникли в наше бедственное положение и произвели по жалобам нашим всенародное исследование.

Особенно мы желаем, чтобы жалобы наши были исследованы господином полковником Дalem.

...Ваше превосходительство, увидя слезы наши, пожалейте свой народ и наградите нас просимыми чиновниками” — деген.

Әрине, патша үкіметінің отар саясатын бүлжытпай жүзеге асырушы генерал Перовский Исадай мен Махамбеттің отініштеріне қулақ аспагаң, Даљді жіберіп, мөселені әділетпен қарап шешудін орнына, қарулы құш жұмсап, көтерілісті жоюды мақұл корген.

1833 жылдың күздінде Пушкин Пугачев бастаған көтеріліс жайында мағлұмат жинау мақсатымен Орынбор аймағына барғаны тарихта мәлім. Ұлы ақынның осы сапарында үнемі оның қасында болып, Орынбордан бастап Оралға дейін бірге сапар шегіп, Пушкинді қазак халқының өмірімен, мәдениетімен, ақындық оперімен таныстырган Даљ еді. Пушкин сол сапарында “Козы Қорнес – Баян Сұлу” жырының уакиғасын жаздырып алғып қайтқан.

Пушкин Даљдін жазушылық, ғылыми-зерттеу қызметі жонінде ақылшы-устазды, орі адал досы болды.

1836 жылы Даљ Петербургке келген кезінде, окка ұшып, өлім халында жатқан Пушкиниң қасында болып, ұлы ақынның ақырғы демінс дейін оның басынан кетпеген.

В.И.Дальдің әдеби шығармаларымен Шоқан Уолиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай жақсы таныс болған. Ыбырай Алтынсарин оның “Нечистоплотный крестьянин” деген әңгімесін “Салактық” деген ат койып қазак гіліне аударып, озінің 1879 жылы басылып ныққап “Қазақ хрестоматиясы” кітабына енгізген.

Пушкин омір бойы колынан тастамайтын әйгілі талисман қасиетті балдағын өлөр алдында, Даығе ескерткіш стіл берген болатын.

Даль Орынбор аймағында 8 жыл болып, 1841 жылы Петербургке ораңды.

Далылің қазақ халқы үшін, ең басты, тарихи—модени бағалы, ұмытылмас енбекі – оның қазақ өмірін суреттен жазған әдеби шығармалары. Бұл жоніндегі орыс әдебиетінде қазақ тақырыбына алғаш реалистік шығарма жазған жазушылардың бірі де Владимир Иванович Даль еді.

Оның қазақ өміріне арнаған “Майна” және “Бикей мен Мәулен” атты повестерін ерекше атаймыз.

“Бикей мен Мәулен” повесі 1845 жылы француз тілінде аударылып, Парижда басылып шықты.

Даль бұл шығармаларында қазақ халқының өмірін терен зерттеп, аса жаксы білген жазушы екенін айқын танытты.

Қазақ тақырыбына жазған Даль шығармаларын Тургенев, Белинский жоғары бағалады.

Белинский Дальдің шығармаларына әділ сын, дұрыс баға берे келіп, “Майна” және “Бикей мен Мәулен” повестерін срекше атайды:

—“Многие рассказы очень занимательны, легко читаются и незаметно обогащают Вас такими знаниями, которые, вне этих рассказов, не всегда можно приобрести и побывавши там, где бывал Даль. Так в рассказах “Майна” и “Бикей и Мауляна” знакомит он нас с нравами и бытом кайсаков (т.е. Казахов К.М.)”, — дейді.

Орыс пең қазақ әдеби байланысының негізін салушылардың бірі – Владимир Иванович Дальді туғанына 175 жыл толған күні зор күрметпен еске алымыз.

В.И.Даль 1872 жылы жанаша 4 октябрь күні Москва қаласында қайтыс болды.

Осымен бүгінгі мәжілісімізді аяқтаймыз. Келесі кезекте кездескенше, есен-саяу болыныздар!

## ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ ФАЛЫМЫ

Семейдің екі жарым ғасырдан астам тарихына қоңылт көзін жіберсек, ор кезлерде қаламызыда болып, Ертіс олкесінің дәмтүзін татқан Семей тонырағында ошисс із қалдырған ғылым мен мәдениет кайраткерлерінің тұлғалары коз алдымызға келеді. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – П. П. Семенов-Тянь-Шанский.

Көп сыры олі ашытмай жаткан Тянь-Шаньді түбегейлі, ғылыми түрғыда зерттеуді мақсат еткен жас галым

П. П. Семенов 1856 жылы Петербургтен ұзак сапарға аттанды. Сол жыты жазғығұрым Омбы қаласына келіп Омбыда Шокан Ұәлиханов жоне Г. Н. Потанинмен танысады.

“Омбы қаласында ерекше көзіме түсіп, көнілімді аударған адам — Омбы кадет корпусын бітірген, талантты екі жас офицер болды. Әсіресе, қатты ұнап, назарым түскені — Шокан Шынығысұлы Ұәлиханов еді”, — дейді П. П. Семенов. Бұл кезде П. Семенов 29 жаста, Шоқан 21-де еді. Осыдан бастап екеуі дос болып кетеді. П. Семенов 1856 жылы августінің бесі күні Семей қаласына келеді. Ол кезде Ф. М. Достоевский де Семейде болатын. Семейге келгенін П. П. Семенов былайша әңгіме етеді:

“Мені Семейде Демчинский деген жас офицер қарсы алып, өзінің үйінс апарды. Семей қаласында қонақ үй деген атымен жок екен. Демчинскийдің үйінде, ойда жок жерде, бұрын Петербург қаласында жақсы білестін. сыйлас болған қымбатты адам, казір үстіне соллат шинелін киген Достоевскийді коріп, қуандым. Сойтіл, тұтқыннан шықкан Достоевскийді онын Петербургтегі таныстарының ішінен бірінші корген мен болдым. Достоевский айдауда жүрген кездерінде басынан кешкен киыншылыктарын қыскаша ғана баяндап отті жоне Семей қаласына келгелі жағдайының жаман емес екенін айтты.

6 августе түске таман Демчинский екеуіміз ертіс жағасына келдік. Ат- арбам да келін мені күтіп тұр екен. Сол арада Достоевский бізді қарсы алды. Ертістің аргы бетіне оту бірталау уақыт алды. Өйткені жаз айларында Ертіс өзенінің өткелі екіге болінеді екен. Шығарып салған адамдармен қоштасып, арбама отырып, қасыма ерген төрт сақшымен жолға шықтым.

Өзен бойына созыла салынған, жұпны ағаш үйлер қаланың ішінен ғөрі, Ертістің арғы бетінс шығын алған сон, алыстан қараганда Семей шаһары қоңылді корінеді. Оң жактан ағашттан салынған бес-атты мешіт мұнарасы, сол жақтан тастан салынған госпиталь үйі мен жалғыз шіркеу козге түседі. Каланың сол кездегі тәуір деген үйлері де осылтар ғана ...

Ол кезде, яғни 1856 жылы, қала түрғындарының саны 9 мыңға жетер — жетпес қана еді. 19 ғасырдың аяғына таман қала халқы торт есеге жуық кобейіп, 35 мыңдай болды. Қалада ағаш, бақша деген егілменті. Ертістің бүкіл сол жақ жағасы есілген қалың құм, шаң - тозаң бетпак далаға үксайды. Тек Ертістің аралдарында ғана биік бойлап өскен теректер мен үйенікі ағаштар ғана коз тартады”, — дейді.

Одан әрі П. П. Семенов Семейден шыққаннан бастап. Тянь-Шань тауына дейінгі сапарын баяндап жазады. Қазақ даласының табиғатына ғылым түрғысынан коз жібергін дәл сипаттап, зор сүйіспен шілтікпен суреттеп береді.

Семейден шығып, қаладан 26 шакырым жердегі Ұлықызың бекетінсө келмегенін, одан әрі Арқатық тауын суреттейді. Арқат бекетіне келіп қонып, ертеңіне 7 август күні Арқат тауын зерттейді. Арқаттың шоктығына шыққаны, таудың биіктігі 800 метрден аспайтынын, Арқат жөне Бұрқат тауларының табиғатын баян етеді. Қазақ даласының бірде-бір корініс бейнесі ғалымның козінен таса қалтмайды.

“Алтынқолат бекетінен Аякоз 20 шакырым жер. Мен Аяқөзге кешкі сағат оннан аса келдім. Сөйтіп, қазақ датасында сапар шегіп, Аяқөзге дейін 270 шакырым жер жүріпшін. Аякоз қаласы әуелде өзеннен 30 шакырым жоғары салыныпты. Ол жерді керуен жолы басып өтеді екен. Қала салынған соң керуен жолы өзеннің төменгі жағасына қарай 30 шакырым жерге ауысты. Соңан соң қала көзіргі тұрған жеріне көшіпті”, – деп Аякоз қаласының тарихын, қаланың жүдеу-жұтау, халжайын, саманин салынған тәүкеншік үйлерін, қаланың сыртындағы Тастан тобеге дейін суреттеп жазады.

Петр Петрович Семенов Аякозде екі күн түнеп, 9 август күні ертемен Қапат қаласына қарай ертемен сапар шегеді. Содан Семенов октябрь айының аяғына дейін Тянь-Шань тауын зерттеумен шұғылданады, Құлжа қаласында болады.

Бұл кезде Шоқан Үәлиханов та озінің тұнғыш саяхат сапарына шығып, Ыстықкөл олкесінде, Қырғыз слінде болған. Сол жакта Семенов пен Шоқан екінші рет кездесіп, екеуі көп жерлерді бірге аратап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Құлжа қаласына екі ғалым бірге келді.

Шоқанмен кездесіп танысуын, онымен достығын, Шоқаниң төрөң білімі, адамгершілігі, ерекше талантты мен парасаттылығын Петр Петрович озінің кітабында, күнделігінде, жазған хаттарында үнемі аузынан тастанмай айтып отырады.

Петербургтегі география қоғамының секретарына Семей қаласында жазған бір хатында Семенов:

“Қырғыз жөнс Ұлы жұз қазактарының ортасында ұзак уақыт болып, олардың өмірімен, тұрмысымен таныстым. Осы хаттықтардың тұрмысын аса жақсы белестін поручик, сұлтан Шоқан Үәлихановтың берген маңұматы маған ерекше наидаты болды”. – дейді.

Шоқаниң алғашқы ғылыми-зерттеу жұмысының озін жоғары бағалаган Семенов-Тянь-Шанский оны Россия география үйимшының толық мүшелеріне ұсынады. Сойтіп, Шоқан Үәлиханов Россия география қоғамының толық мүшелігіне 21 жасында орыс ғалымдарының қатарынан орын атала. Шоқаниң білімін тереңдетуге қамкорлық жасап, оның атақ –данқын бүкіл әлемге жайған. Алтын шаһар сапарына

баруына себепкөр болған адам да осы Петр Петрович. Ол кейін Шоқанды еске алып:

“Үәлиханов Петербургте болған кезінде, менің мәслихатым бойынша университеттіс лекция гындаи, аз уақыттың ішінде француз және неміс тілдерін меңгеріп алды. Шоқан Шығыс тарихына соншама жетік оқымысты болды”, – дейді.

Ол – жалғыз Шоқан емес, бүкіл қазак, қырғыз халықарына шын достықпен қарайтын ұлжан гуманист адам. Жүрген жерінде жергілікті халықтың ақылшысы, қамқоры болып танылды. Оны қазак елі қатты сыйлайды. Семенов елдің озара даушарын шиленістірмей тындыру ісіне шейін араласты. Тянь-Шань жағында жүргенде Ұлы жүздін Албан, Дулат рулатының арасындағы шиленіскең жесір дауының үстінен шыккан Семеновті халық бір ауыздан тобе би сайлат, оның айтқан кесіміне дауласқан екі жак та риза болатының білдірген. Қалың маңға сатылған қазактың еркіншілігінде сұлу, әрі акылды қызы күйеуін өзіне тен көрмейді екен. Петр Петрович әділ билік айттып, қызы басына бостандық әпереді.

Семенов Тянь-Шаньға екінші рет барған сапарынан қайта оралып келे жатқан жолында 1857 жылы 22 сенігінде Үржарға аялладап, Тарбагатай тауының шынына шығады. Ол жердің табиғатын зерттеу жұмысын жүргізеді.

“Үржар станциясында мен болған кезде ол жерде 80 үй бар екен, 940 адам ғұрады. Оның 536-сы еркек. Мал байлығы 440 жылдық, 450 сиыр бар. Қанша кажет етсе де маңайындағы қазактардан табылғатын болғандықтан, Үржар тұрғындары кой осірмейді. Ал егіс колемі ұлкен: кара бидай 100 десятина, бидай 120, сұлы 106, арпа 14 десятинадан және 17 десятинадан зығыр егіледі екен”, – дейді.

24 сентябр күні Үржардан аттанып, Теректі. Каракөл бекеттерін басып Аяғозғе соғып, 1857 жылы 27 сентябрьде Семенов 4 рет Семей қаласына келеді.

“Сол күні-ак Достоевский келіп жолықты. Ол мен Семейден кеікенше келіп жүрді. Бұл жолы оның конілі тіппі котеріңкі корінелі. Келеник оміріне берік сеніммен қарайтын болышты”, – десиді Семенов.

1857 жылы 30 сентябр күні Семенов Семеймен қоп айттысып, Петербургке қайтацы.. Жолшыбай Омбы қаласында болып генерал – губернатор Гасфорптпен сойлесіп Шоқан Үәлихановты Қашқар сапарына жіберуге көнесс береді. 1882 жылы 15 наурызда Петербургке қайтып келеді. Екі жылта созылған сапары жапында ксійінен “Тянь-Шаньға саяхат” атты белгілі кітабын жазды. Бұл кітапта автор Семей қаласына, Семей облысына мол орын берген. Кітаптың алғашкы тарауының озі “Петербургтен Семейге дейін” деп аталған.

Семеновтің “Тянь–Шаньга саяхат” кітабы ғалымның атақ – даңқын бүкіл дүние жүзіне жайды.

Петр Петрович Семеновтың Тянь–Шаньды зерттеп география ғылымына қосқан жаңалықтарының маңызы орасан зор болды. Орталық Азияны кеңінен зерттеуге жол бастап берген Семенов еді. Сондыктан 1906 жылы Семеновтың Тянь–Шаньга саяхатына 50 жыл толу құрметтіне “Тянь–Шаньский” деген атақ қосылып, содан байлай ұлы ғалым “Семенов Тянь–Шаньский” деп аталатын болды.

Семенов Тянь–Шаньскийдің 1863–1885 жылдары жазған “Россия империясының география–статистика создігі” деген бес томдық еңбей і ғылым үшін ескімейтін асыл қазына. Ол 1888 жылы Каспий мен Түркістанның аймактарын зерттеді. 1889–1914 жылдар ішінде орыс география қоғамының вице–председателі Петр Петрович Семенов Тянь–Шаньскийдің, сол қоғамның этнография бөлімінің председателі академик В. И. Ламонскийдің басының шығымен “Россия біздің отанымыздың географиялық толық сипаттамасы” атты 19 том кітап Петр Петровичтің батасы профессор Вениамин Петрович Семенов Тянь–Шаньскийдің редакциясы мен баспадан шыкты. Бұл ұлкен еңбектің 18-томы Қазақстанға ариналған. Осы томда Семей қаласының да қыскаша тарихы беріледі. Абайды қазактың жаңаңыл бағыттарғы оқілі деп атап, оның ақындық онері жоғары бағаланады. Бұл әділ баға, дұрыс пікір Абайдың көзі тірі кезінде айтылып еді.

Петр Петрович Семенов Тянь–Шанский 1914 жылы 11 марта 88 жасқа келген шағында дүниеден қайтты. Ұлы ғалым Қазақстанның географиясын, табиғаттын, байлығын, Қазақстанның тарихын, мәдениетін, тұрмыс–салтын, этнографиясын зерттеп, зор тарихи еңбек сінірді.

## СОВЕТ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ

(Академик В. В. Бартолъдың туғанына 100 жыл)

Ұлы ғалым, Шығыс тарихын зерттеу ғылымы саласында тенденсі жоқ, асқан білімпаз, орыс Шығыстану тарихы мектебінің негізін салған академик Василий Владимирович Бартолъдың туғанына 100 жыл толды.

Академик Й. Ю. Крачковский В. В. Бартолъдың есімі “біздін мәдениет тарихымызда, бүкіл дүниежүзі ғылымы тарихында ешқашаңда ұмытылмақ емес” деген. Жалғыз Крачковский ғана емес, барлық Совет тарихшы ғалымдары және Шығыс тарихын зерттеуші дүние жүзінің белгілі ғалымдары В. В. Бартолъдың еңбегін аса жоғары бағалаиды.

Шығыс тарихында В. В. Бартолъдың қоціл боліп, зерттемеген бірде-бір мәселе жоқ деуге болады. Оның тарих ғылымымен 42 жыл бойы шүғылданып, зерттеп жазған еңбегі соншама мол, ұшан теніз. Ол 400-ден астам ғылыми еңбек жазып, жариялаган. Одан басқа Орта Азия және онымен көршілес елдердің де тарихын, тарихи географиясын зерттеп, жазған 246 ғылыми макаласы – сол елдердің шекіресілерлік еңбек. Ғалымның бұл еңбектері “Ислам энциклопедиясы” аталағын кітаптары да басылған.

В. В. Бартолъд 1869 жылы 15 ноябрь (ескіше 3 ноябрь) күні Петербург қаласында туған. Оның ата-бабалары ертеден Россияға сініп кеікен немістер.

Балалық шағыннан бастап жақсы тәлім-тәрбие алғып оскен, табиғи талантты Бартолъд, ежелгі грек, латын тілін, Батыс Еуропа халқының негізгі тілдерін ерте үйреніп, емін-еркін менгерген.

Ол 1887 жылы гимназияны алтын медальмен бітіріп шығады. Шөкірт кезінде-ақ тарих ғылымына қоңылай ауған Бартолъд енді сол ғылымның қай саласын тандауды ойланады. Ақыры Таяу және Орта Шығыс елдерінің тарихын зерттеу ісіне бар омірін ариап, Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетіне барып іскедей. Университетте оқын жүрген жылдары араб, парсы, түрік тілдерін зер салып терең зерттеп, тез үйреніп, жетік біліп алады. Оның әсірссе қоңыл койған пәні, оуелде озі таңдаған. Шығыс елдерінің Орта ғасыр тарихы болацы. Университетте ол кездे Шығыстану ғылымының бұл саласы үстірттеу оқылып, отілетін де, филология моселесіне молырак қоңыл бөлініп, ол пәнге уақытта коп берілестін. Сонықтан Шығыс елдерінің орта ғасыр тарихын терең білуге құштар, аса талантты студент Бартолъдеке Шығыс тарихы кафедрасын басқаратын профессор Н. И. Веселовский (1848-

1918), өз еркі бойынша даярлануға, ізденіп оқуға барынша мүмкіндік туғызады.

Университетте Бартольдке ерекше назар ударып, оған камкорлық жасаған ұстазы, аса ірі ғалым – арабист, академик В. Р. Розен (1849-1908) елі. Ол кісі Шығыстануғының болашақ мамандарын тәрбиелеп, өсіруге үлкен қоңыт бөліп, олардың ғылыми зерттеу жұмыстарына басылық етіп отырған.

Оқып жүрген жылдары Бартольд, академик В. В. Радлов (1837-1918), П. М. Милиоранский (1868-1906) сияқты атақты түркологтармен жақын таныс болып, олардан коп тағылым алған.

В. В. Бартольдтің ғылыми зерттеу жұмысы университетте оқып жүргенде басталады. 1889 жылы жазған шығармасы жоғары бағаланып, ол күміс медальмен наградталады. 1891 жылы университетті бітіріп шыққан соң, академик В. Р. Розеннің кенесі бойынша, білімін онан өрі тереңдету мақсатымын шетел сапарына аттанаады. Ол 1891-1892 жылдары Финляндия, Германия, Швейцария, Солтүстік Италия, Венгрияда болады. Шығысты зерттеуші белгілі Еуропа ғалымдарының лекцияларын тыңдайды. Солардың ішінде атақты ғалым, арабист Тедор Нельдектің (1836-1930) лекцияларынан коп мағлұлмат алады. Нельдек 1885 жылдан Россия Ғылым – академиясының мүшесі-корреспонденті. 1927 жылдан СССР Ғылым академиясының құрметті академигі Страсбург университетінің профессоры болатын. Шетел сапарынан қайтып келген соң, В. В. Бартольд (1892 ж) Петербург университетінің Шығыс тарихы кафедрасына профессор атағына даярлануға қабылданады (казіргі аспирантура секілді). 1893 жылы өз мамандығы бойынша емтихан тапсырады. 1896 жылы приват-доцент атағын атып, Петербург университетінде лекция оқи бастайды. Оның тұнғыш оқыған лекциясының тақырыбы: “Шығысхан империясының құрылуды” жайында болады. Ол лекциясы сол жылты (1896) басылып шығады. Университетте лекция оқи жүріп, ғылыми зерттеу жұмысына бар ынта-жігерімен кіріседі. Бұрын ғылымға мәлім болмаган оте бай, тарихи мағлұмattар жинап, зерттеп, “Монғолдар басқыншылығы заманындағы Түркістан” атты негізі үлкен еңбегін жазады. Бұл еңбегі 1898-1900 жылдар екі бөлек кітап болып. Петербургтің басылып шығады. 1900 жылы осы еңбегін, ғылым кандидаты дәрежесіне ие болу үшін, шығыс тілдері кафедрасына ұсынады. Диссертациясын қорғап шыққан соң, университет В. В. Бартольдке ен жоғары ғылыми дореже – Шығыс тарихының докторы атағын береді.

1901 жылдан Петербург университетінің профессоры атағына ие болған В. В. Бартольд, 1910 жылы Фылым академиясының корреспондент – мүшесі болып сайланады, ал 1913 жылдан – академик.

1905 жылдан 1912 жылға дейін Орыс археология қоғамы Шығыс болімінің секретарі, 1908 жылдан 1912 жылға дейін “Орыс археология қоғамы Шығыс болімінің запискаларының редакторы. Ол Орыс география қоғамының жұмысына да белсene катынасады. 1912 жыты “Мир ислама” атты ғылыми журналдың редакторы да болып істейді. 1903 жылы үйымдастырылған Орта және Шығыс Азияны зерттеу комитетінде де ғылыми қызмет аткарады.

В. В. Бартольд Фылым академиясының Петербург университетінің және т. б. ғылыми мекемелердің атынан Орга Азияга олденеше рет келіп, (1893-1894, 1902, 1904, 1916 жылдары), ондағы сирек кездесетін қолжазбаларды зерттейді, археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

1900 жәнс 1908 жылдар Кавказда ғылыми командировкада болады. Ол шетелдерге ғылыми зерттеу жұмысымен жиі барып тұрады: 1895 жылы Париж, Лондон, Оксфорд, Голландияда, 1898 жылы Германияда, 1905 жылы Германияда, Австрия, Триоль, Швейцарияда, 1906 жылы Австрия, Сербия, Болгария, Турция, Египетте, 1908-1909 жылы Италия, Будапеште, 1909 жылы Финляндияда, 1911 жылы Ирландия, Солтүстік Америка, Германия, Францияда. 1912 жылы Вена, Тюбинген, Гамбург, Любекте, 1913 жылы Швеция, Норвегияда, 1914 жылы Швеция, Дания, Англия, Гибралтар, Тулон, Италия, Греция, Болгария, Румынияда болып қайтады.

В. В. Бартольдтің еңбеккерлік кабілеті адам батасында сирек кездесетін қасиет деуге болады. Ол жоғары оку орындарында лекция оқудан көл үзбей жүріп, ғылыми қоғамдардың, журнашардың жұмысына белсene ат салысады. Ал зерттеу жұмысын өркашан да ең басты мақсаты санаған.

Бартольд Иранның, Закавказья, араб сідерінің, түрік елдерінің, монголлардың тарихын зерттейді. Ол осіресе Орта Азия тарихын зерттеуге көп көңіл бөледі. Орта Азияда үлкен ғылыми-қоғамдық жұмыс жүргізді. Жергілікті олкетану үйымдарымен үзбей байланыс жасап тұрды. 1895-1917 жылдар “Түркстандағы археология үйірмесінің” жұмысына катысып, көп еңбек сінірді.

Оның соңшама нотижесі, соңшама жемісті ғылыми зерттеу жұмыстары едел-жедел басылып жатты. Мысалы, 1913 жылға шейін әнциклопедияларда басылған толып жатқан макалаларын коспағанда, 150 ғылыми-зерттеу еңбегі жарияланды.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін В. В. Бартольдтың ғылыми-коғамдық жөне ғылыми-ұйымдастырушылық еңбегі онан сайын етек алғып, кең колемде оркендей түсті. Ол Ғылым академиясының Шығыс зерттеушілер Коллегиясының тұракты председателі болып сайланды. Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетін (САГУ) ашу жұмысын ұйымдастыруға катынасты, 1918 жылдан бастап барлық Шығысты зерттеуші ғалымдардың басын косып, ұйымдастыратын В. В. Радлов атындағы үйірменің басшысы болды, одан соң түркология кабинетінің (1928-1930) басшысы қызметін атқады.

“Иран” атты ғылыми журналдың редакторы болды. Ғылым академиясының т. б. журналдардың жұмысына басшылық етті.

В. В. Бартольд Советтік Шығыс Республикаларындағы Шығыс тарихы кафедраларын, ғылыми кітапханалар, колжазбалар корын сактау орнын, музейлер ұйымдастыру жоніндегі, т. б. көп жұмыстарды жүзеге асыру туралы Совет үкіметінің тапсырмаларын орындағы. 1920 жылдарда В. В. Бартольд жаңадан анылған Ленинградтағы Шығыс тілдері институттарында, Ленинградтың басқа да жоғарғы оку орындарында сабак берді.

Ол 1920, 1927 және 1928 жылдары ғылыми жұмыспен Орта Азияға тағы да сапар шекті. Жергілікті ұйымдардың арнаң шакыруы бойынша, В. В. Бартольд 1924 жылы Москва, Баку университеттерінде 1925 және 1927 жылдар Ташкент университетінде лекция оқыды. 1925 жылы Ташкент, Самарқанд, Бұқар шаһарларында, 1927 жылы тағы да Ташкентте Бұқар жөне Хиуада болды.

1926 жылы Бакуде откізілген түркологтардың Бұқіл-одақтық I съезіне катынасты. Сол жылы Ташкентте В. В. Бартольдтің докторлық диссертация қорғауына 25 жыл, оқытушылық қызметіне 30 жыл толуына байланысты (1896-1926) череке откізіліп, оның құрметіне арналған шоқірттерінің, достарының мақалалар жинағы жеке кітап болып шықты.

Революциядан кейін В. В. Бартольд тағы да шетел сапарына шықты: 1917 жылы Финляндия, 1922-1923 жылдары Финляндия, Оксфорд, Лондон, Бельгия, Голландия, Германияда болып кайтты. 1923 жылы В. В. Бартольд СССР ғылым академиясының делегаты болып, Брюссельде откізілген тарихшылардың Халықаралық конгресіне катынасты. Түрік және монголдар тарихынан Лондонда лекция оқыды және сол жылы өзінің қласикалық еңбегі “Монгол басқыншылық заманындағы Түркістан” кітабын ағылшын тілінде баспаға даярласты. Ол еңбегі ағылшын тілінде 1928 жылты басылды.

1926 жылы Туркия оқіметтінің шақырыумен Орта Азия түркі халықтары тарихынан Стамбулда, ал 1929 жылы Германияға барып Берлин, Гамбург, Геттинген қалаларында лекция оқыды. В. В. Бартольдтің ол лекциялары 1927 жылы түрік тілінде, 1935 жылы неміс тілінде, 1945 жылы француз тілінде басылып шыкты.

Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдары да В. В. Бартольдтің ғылыми зерттеу енбектері үздіксіз басылып шығып жатты. 1918 жылы Ұлықбек туралы 1928 жылы Науи туралы жазған тағы сол сиякты ірі зерттеулерінен басқа, бірнеше ғылыми жұмыстар жариялады, олар “Ислам”, “Мұсылмандар мәдениеті” (1918), “Түркістан тарихы” (1922), “Түркістанның мәдени омір тарихы” (1927), тәжік (1925), қыргыз (1927), түркмен (1929) халықтарының тарихынан очерктер.

Бартольдтан үлгі-өнеге алған, оның лекцияларын тыңдалап, білімге қаған шоқірттері коп. Оның лекциясын тыңдауға Ленинград жоғары оку орындарының түрлі факультеттінде оқып жүрген, ғылым жолына нағыз берілген адамдар құштар болған.

Мысалы М. Әуезов, Ә. Марғұлан сиякты жастар, Ленинград университеттінің Бартольд сабак бермейтін факультеттінде оқып жүрсе де, оның лекциясына әдейілеп барып, үнемі тыңдайтын болған.

Созіміз жадагай болмау үшін Ленинград университеттінде М. Әүсзовтің өзімен бірге оқыған әйслі – В. Н Әүсзованың естелігінен үзінді келтірейік: “Студенттердің оз уақыттарын, өз еріктері бойынша пайдалану бостандығы Мұхтарға университеттің Шығыс факультеті сабактарына да қатысуға мүмкіндік берді. Мұнда ол академик Бартольдтің және басқа да Шығыс зерттеушілердің лекцияларын тыңдайтын”, – лейді.

В. В. Бартольдтің енбектері ағылшын, неміс, француз, түрік, парсы, араб, озбек, қыргыз, татар және басқа тілдерде аударылып ғалымның козі тірісінде де, кейіні қездерде де жарияланған.

Ұлы ғалымның ұшан теніз бай, асыл мұрасын бір макалада атап шығу мүмкін емес. Оның таңдамалы еңбегі ғана 9 том болып қайта басылып жатыр. Қазір колға тиген алты томының колемі 5184 бет екен.

В. В. Бартольд 1930 жылы 19 августа, 61 жасында Ленинградта қайтые болды. Монғі баки маңызын жоймайтын, өшпейтін, өлмейтін ұлы мұра қалдырған Совет слінің ұлы ғалымына тарихта өлім жок.

“Семей таны” 15 ноябрь 1969 жыл.

## НИКОЛАЙ ОСТРОВСКИЙ (1904-1936)

Совет әдебиетінің корнекті қайраткерлерінің бірі, талантты жазушы Николай Алексеевич Островскийдің туғанына кеше 55 жыл толды.

Николай Островский аз жасады. Бірақ, сол аз жасаған аса мағыналы оміріндегі Николай Островскийдің революцияны қорғау. Совет өкіметін орнату, коммунизм құру жолындағы жанкіярлылық еңбегі, қаһармандық ерлігі үрпактан-үрпакқа кетестін үлгі-өнеге болып тарихта қалды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының дауылында туып, революция жауларына карсы қарасты құрыштай шындалып, шынықкан оз Отанына, Ленин партиясына шексіз берілген Николай Островскийдің ардақты аты оның “Құрыш қалай шынықты”, “Дауылдан туғандар” романында мәнгі жасайды.

Островскийдің ұлы Отанына сінірген сінбекін ерекше атап корсетіп, жазушыны Ленин орденімен награлтау туралы 1935 жылғы 1 октябрьдегі Бұқілодактық Орталық Атқару Комитетінің Қаулысында “Бұрын белсенді комсомол мүшесі болған, азамат соғысына қаһармандықпен катыскандардың бірі, Совет өкіметін орнату жолындағы қарасты құрыштай шығыптың айырылған көркем сөзді қураletip, социализм ісі үшін аянбай қүрес жүргізіп отырған “Құрыш қалай шынықты” деген талантты шығарманың авторы Николай Алексеевич Островский Ленин орденімен награлталсын”, – делінген болатын.

Островскийдің “Құрыш қалай шынықты” романының социализм ісі үшін зор маңызы бар талантты, көркем шығарма екенін Совет өкіметі дер кезінде, роман жарыққа шыға сала аса көрегендік, даналылықпен бағалады. Островскийдің қалдырған әдеби мұрасы казірде елуден астам журттың тіліне аударылып, 355 рет баспадан шығып, 8 милион 300 мындағы тиражбен тарап Совет оқырмандарының, дүние жүзі жастарының сүйсіне оқытын кітабына айналып отыр. Островский озінің тамаша романын омірінің акырғы жылдарында, айықлас ауыр дергек душар болған халде жазасы.

Островскийдің басынан кешкен омір кезеңдері жазушының творчестволық санараймен тығыз байланысты. Жұмыспының баласы Николай Островский жас шағынан тұрмыстың талай ауыр азабын басынан кешірген слі. Ол тоғыз жасында жалшы бала болып мал бағады, он бір жасында асханада көлбала болып жұмыс істейді.

1915 жылдар асханада қызметші бала болып жүріп,

Николай Островский жұмысшылардың ауыр азаптағы омірін көріп, олардың арман, тілеңін де түсінеді. Осы кездес жұмысшылыншевиктерден тұнғыш рет Ленин есімін естилі.

Сезімтал, зейнінді, тарапты жағынды жас Островский өнербілімге құштар болады. Ауыр түрмистің азабын тарта жүріп, селолық мектепте оқыған шағында-ак Островский өзінің зеректік, алғырылғымен козге түседі. Кейін аз уақыт екіншілік училищеде оқиды. Бірақ училищеде діннен сабак беретін адаммен келісе алтмай, оқудан құылады.

Осыдан соң тек 1917 жылы ғана Островский оқуға кайта түседі. Электр станциясында кочегардың комекшісі болып ауыр жұмыс ісегей жүріп оку оқиды. Қажырлы, жалынды жас Николай Островский училищеде әдебиет үйірмесін үйідастырып, оқушылар шығарып тұратын журнал жұмысына белсene қатысады, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын дең қойып оқиды. Әсіресе Тарас Шевченконың революцияның рухта жазылған олең – жырларын, Гоголь шығармаларын сүйсіне оқумен бірге, Гогольдің ерлік повесі “Тарас Бульба” сияқты шығармаларды озімен бірге оқитын жолдастарына да оқып беруді әдет еткен. Островскийдің сол көп оқыған коркем шығармаларының ішінде Войничтің “Богелек” повесі Николай Островскийді қатты қызықтырағын еді.

1919 жылы Николай Островский комсомол қатарына алынып, революция жауларына қарсы белсенді құрсс жүргізеді. Сол 1919 жылдың август айында ол үй ішіне білдірмей, оз еркімен Азамат соғысының майданына аттанады. Әуелде Котовскийдің атты әскер бригадасында, онан соң даңқты Бірінші атты әскер армиясының қағарында болды. Он бес жасар Николай Островский Азамат соғысының кескілескен кан майданында өзегі жауынгер, бағыл барлаушы болып ерекше ерлігімен козге корінелі.

1920 жылы Львов қаласының губіндегі үрystа Островский ауыр жараланып госпитальға түседі.

1921 жылы Киев қаласына келіп, теміржол мастерскойларында монтер болып жұмыс істей жүріп, электротехникалық техникумында оқиды. Жергілікті комсомол үйімшілік жұмысын басқаралы.

Осы жылдарда соғыс зардабын көп корген Киев қаласының халі ауыр еді. Николай Островский қаланы отынмен камтамасыз ету үшін еріктілер бригадасын үйымдастырып, теміржол торабын салу ісіне басыншылық етеді. Островский үйымдастыруши, басқарушы ғана емес, мұзды, суды тізеден кеппіл жұмыс істеп, еңбек майданына жанкиярлық ерлік корсетеді.

Соғыстан ауыр жараланып қайтып, осындағы жұмыска жан

аямай кірісken Николай Островский сүзек науқасымен ауырып, ревматизмнің ауыр түріне душар болды. Сөйтіп, ауыр дерпті болып, мүгелектік халге жетсе де, Островский әлі де бойында қалған барлық күш-куатын сарка жұмсал, комсомолдың үйымдастыру, басшылық қызметінде болды, революция жаулары-бандаларды жою құресінде батальон комиссары болып, саяси, жауынгерлік қызмет аткарды.

Николай Островский 1924 жылы Коммунистtіk партияга мүшелікке алынды. Осы жылдың аяғында ауыр науқас мендеткен Островский қоғам жұмысынан қол ұзуге мәжбүр болды. 1926 жылы тосектен тұра алмайтын халге ұшырады; енді үш жылдан соң екі көзден айырылады, 1930 жылы Островскийдің буындары кимылдау қабілетін мүлде жояды. Бұл кезде оның қолдары тек шынтаққа дейін ғана кимылдай алатын еді.

Осында ауыр халге жетіп, бас котеріп қатарға қосылудан қалған, мүгелектікten сауыгу үміті мүлде үзілсе де, Николай Островскийдің рухы түспейді. Ленин партиясына шексіз берілген асыл азамат, халықтың қаһарман ұлы Николай Островский мейрімсіз дертке бой ұсынып, жабырқап жасымады, оның олі де болса бар арманы, ұлы мақсаты-социализм құрып жатқан еліне қолғабыс тигізу еді.

Коммунизм идеясынан рухганып, қуат алған Островский 1930 жылы ноябрь айынан бастап қолына қалам атып “Құрыш калай шынықты” романын жазуға кіріседі. Көзі көрмейтін, тосектен қозғала алмайтын Островский, романын кей кезде, транспарант комегіне сүйеніп, өз қолымен жазып, енді бір уақытта туыстарына, не достарына ауызша айттып жазғызып, озінің ерлік енбегі “Құрыш калай шынықты” романын 1933 жылы аяқтап, жарыққа шығарады.

Роман баспадан ныға сала Николай Островский совет оқырмандарының мындаған күткіңға хаттар алады. Қөптеген совет жастары, ғалымдар, олардың ішінде Серафимович. Фадеев сияқты атақты жазушылар әдейілеп келіп, Островскийге қайырлы болсын айттып, куаныш көңілдерін білдіреді. Николай Островский социализм құрылышына жазушылық қызметімен еңбек сіңіріп, әлі де сл қатарынан қалмаганына козі жетіп, көңілі оседі.

Совет өкіметі Островскийдің ерлік енбегін жоғары бағатап, оны Ленин орденімен наградтағаңда жазушы өкімен пен партияға алғыс айттып: “Мені партияның сенімді комекшісі Ленин комсомолы тәрбиеледі, кеудемде жүргім соғып тұрган шакта, сол жүрек соғуын тоқтатқанға шейін менің бар өмірім, біздің социалистік Отанымыздың жас

үрпактарына большевиктік тәрбие беруге арналады” – деп айт берді.

Николай Островский омірінің ақырына дейін сол айтқан антынан айнымады. Жазушы “Құрыш қалдай шынықты” романын аяқтаған соң, қолма-қол екінші шығармасын “Дауылдан туғандар” романын жазуға кіріседі. Сонымен бірге Островский совет жастарына арнап саяси-тәрбиелік мәні зор езінің тамаша макаталаларын жазады, радио арқылы жалынды сөз сөйлейді.

Омірінің соңғы кезеңінде Николай Островский “Дауылдан туғандар” романының бірінші кітабын аяктайды. Ауыр науқас мендетіп женгін Островский 1936 жылы 22 декабрьде 32 жасында дүниеден кайтады. Островскийдің жерленетін күні оның “Дауылдан туғандар” романы баспадан шығацы.

Островскийдің “Құрыш қалай шынықты” романы совет әдебиетінің алтын қазынасындағы ең слеулі көркем шығармалардың бірі. Роман озінің терең мазмұнымен, биік идеясымен, тамаша көркемдік қасиетімен совет жастарының, алдыңғы қатарлы бүкіл дүниежүзі жастарының сүйіп оқып, үлгі-өнеге алатын шығармасы болып отыр.

“Құрыш қалай шынықты” романында Октябрь революциясының дауылында туған, жаңа заманның қажырлы жастарының Азамат соғысының майданында корсеткен қаһармандығы, енбектегі ерлігі, олардың отаншылдық өтесін сезімі, коммунисттік партияға шексіз берілгендей сенімі, адам достық, адамгершілік мінезд-құлықтары соншама шындықтан суреттелген. Жаңа заманың аламына тоң осындағы жақсы қасиеттер романының бас кейіпкері Павел Корчагиннің бейнесінен корінеді.

Романының басынан аяғына дейін Корчагиннің бойындағы барлық жағымды, жақсы қасиеттер оның басынан кешкен омір кезеңдеріне байланысты курсес, іс-әрекет үстінде біргіндеп ашылып, барған сайын айқындалып отырады. Корчагин оз омірініңде мақсатын дұрыс түсініп, социализм құру жолындағы халықтық күреске белсене қатынасады. Осындағы ұлы іске, коммунизм идеясына шын беріліп, санаты еңбек етулі – омірдегі ең зор бақыт санаган Корчагин образы – тарихы шындықтан туған кесек тұлға, көркем образ. Николай Островскийдің оз басынан кешкен омір шындығы романдағы Павел Корчагиннің басынан да айқын корінеді. Островский оз омірін тарихтағы болған оқигаларды Корчагин образын жасауда ғана смес, басқа кейіпкерлерді сипаттауда да батыл пайдаланады. Корчагин елден ерекше тұрган, романтикалық сипаттағы жеке дара образ смес, өз дәүіріндегі өзі сияқты жастардың адамгершілік, ерлік, отаншылдық қасиетін

танытатын нағыз реалистік образ. Корчагин сияқты ел корғау ісінде, бейбітшілік еңбекте ерлік көрсету социалистік заман жастарына тән сипат де білген Островский “Корчагиндердің жаңа буыны бірінші бесжылдықтың алып құрылыштарын салуға аттанды”, – деп романын аяқтаған болатын.

Островский “Құрыш қалай шынықты” романында орыстың классикалық әдебиетінің және социалистік реализм әдебиеттің өнегелі дәстүрін дамыта түсті. Кешегі ұлы Отан соғысы жылдарында Корчагиннің миңдаған үрпактары жауға карсы құресте Корчагин сияқты қаһармандық көрсетіп, тарихта атын қалдырыды. Коммунизм құрылышында еңбек етіп жатқан совет жастарына дүниежүзінің алдынғы қатарлы жастарына Корчагин образы, сол сияқты “Құрыш қалай шынықты” романының авторы Николай Островскийдің өмірі мен ерлік ісі тамаша сабак. үлгі-онеге болып отыр. Жазушы-коммунист Николай Островский: “Менің кітаптарымды оқыған кезде окушыларды ең тамаша сезім – біздің ұлы партиямызға шексіз берілгендей сезімі билесе екен деймін”, – деген еді.

Партияның адал ұлы, талантты жазушы Николай Островскийдің туганына 55 жыл толған күні совет халқы Островскийді ізгі көңілмен, зор құрметпен еске алады.

30 сентябрь 1959 жыл.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АДАЛ ДОСЫ

(Всеволод Ивановтың туғанына 90 жыл толды)

Адамгершілігі зор, аса ірі жазушы, өзіміздің жерлесіміз – Всеволод Вячеславович Ивановты ерекше қадір тұтып, оның атын мақтан еттінбіз. Ол туралы әнгіме болғанда “Біздің Всеволод!” деп жан тартып, жақын коре сойлейтінбіз.

Всеволод Ивановтың Семейге келетінін естігенде біз қатты қуандық. Оның келетінін алдын ала хабарлап, Таңкенттен Мұхтар Әуезов телеграмма берді. Ол келерден бір күн бұрын, Қазақстан жазушылар Одагы басқармасының сол кездегі жауапты секретары Д.Ф.Снегиннен телеграмма алды.

Мен ол кезде Жазушылар одагының Семей облысындағы өкілі және Абайдың әдебиет музейінің директоры болып қызмет істейтінмін.

Бұл 1948 жылдың июнь айы еді.

Бір топ жергілікті ақын, жазушы, журналистер моторлы

қайықпен Ертіс үстімен жүзіп келеміз. Қалірлі қонақты қарсы алуға келе жатырмыз. Қазіргі бар әңгімеміз сол Всеғолод Иванов туралы ғана.

Айтапкышы, осы Всеғолод Ивановтың Максим Горькийге жіберген тұнғыш әңгімесінің аты да “Ертісте” /“На Иртыше”/ еді-ау, – деп Ертістен өтіп жатып еске аламыз. Жазушының 30 жыл бұрын басынан кешкен аса қызықты омір кезеңдерін әңгіме етеміз.

Біз аэропортқа ертерек келіппіз. Самолет күтіп өңгімелесіп жүрміз. В.Ивановты мен бұрын бетпе-бет көрген емеспін. Шіліміздегі ең жасы үлкеніміз, ежелгі журналист, ақын Саду Машақов.

Сіз В.Ивановпен бұрын кездескен шығарсыз? – дедім Сәдүге.

Мен кездеспесем де, оны сендерден әлдеқаиан бұрын оқыдым. Бұрын болғанда, бұдан дәл 21 жыл бұрын. Жәнс казақ тілінде оқыдым.

Сонда Ивановтың шығармалары тіпті 1927 жылы казақ тіліне аударылған ба? – деп, таңырқай сұрап қойды.

Іә, оның торт әңгімесі 1927 жылы казақ тілінде, араб әрпімен, ұмытпасам, тіпті Москвада басылып, жеке кітапша болып шықты. Сонда оқыған...

Сәлудің өңгімесі аяқталмай самолет те келіп қалды. Міне, енді Максим Горькийдің сүйікті шәкірті, совет әдебиетінің тұнғыш ірге тасын қалаушылардың бірі, бүкіл әлемге әйгілі “Бронепоезд 14-69” повесі мен пьесасының авторы, жерлессіміз В.Ивановты бірінші рет жүзбе-жүз коріп, оның балуан колын аламыз.

Самолет түсіп келе жатқан коп кісінің ішінен оқшау көрінген В.Ивановты тани кеттік. Ол бізben күн сайын көрісп жүрген адамдар сиякты жайрандалп, амандастып жатыр. Такаппарлық, “ұлылық” дегендердің үшкynы да сезілмейді. Өзіміздің сырлағас досымыз сиякты шүйіркелесіп сойлеседі.

Сом балуан денелі, кен иыкты, жазық маңдайлы, сәл таңқылау келген, кесек мұрынды, мейірімді, жарқын жүзді Всеғолод Вячеславовичтің қалың шынылы, үлкен козілдірігінен қарған козі үнемі құлтімдеп тұратындаид сиякты. Елу үштегі адам дерлік емес. Қымыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы бізден ширак.

Мен Всеғолод Вячеславовичс қадала қаран қатыптын. “Похождения факира” романының қызықты уакыттары менің коз алдыннан тізбектеліп өтіп жатқан сиякты. Іштей құлшын те қоям. Ол – ізгі конілдің қуанын құлқісі.

Всеғолод Вячеславович Москвадан шыққанда жатызы емес екен. Тихонов, Симонов, Луговский, Инбер. Бородин тағы

баска жолдастарымен Ташкентке, Элішер Науойдың туғанына 500 жыл толған мерекесіне келіні. Сонан туған еліне, Қазақстан сапарына аттанғанын айтты.

Ертіс жағасына келгенде ол бір түрлі конціденсіп:

Міне, біздің Ертіс. Великолепно! — деп балаша қуаныш кетті.

Қонақ үйге келген соң, біз оған қалада қазір ауыл шаруашылығы озаттарының облыстық кенесі өтіп жатқанын. ол жиынға халық ақындарының да шақырылғанын айттық. Всеволод Вячеславович демалыстан, бізben бірге тұра сол кенеске келді. Кенес қаланың дол ортасындағы В. И. Ленин атындағы жазғы бақшада өтіп жатқан болатын. Президиумнан Вс. Ивановтың келгенін хабарлағанда, халық жазушыны қуанышпен қарсы атып, президиумға сайлады. Вс. Ивановқа соз берілді.

Мен бұдан 33 жыл бұрын осы Семейден Алматыға, Алматыдан Таңкентке шейін жаяу кетіп, бір айдан астам жол жүріп едім. Енді міне, Таңкентте Науойдың тойына қатысып, бірнеше сағаттың ішінде сіздердің мерекелерінізге де келіп жеттім. Осының бәрі қандай ғажап, қандай тамаша, жолдастар, менің қымбатты жерлестерім! — деп бастап, заманымыздың ұлылығын, онер-ғылым табыстарын... косіле сойлеп кетті. Ауыл шаруашылығы озаттарының кенесін құттықтап, табыстан-табыска жете беруіне тілекестік білдірді.

Сол күні кешіке сол бақшада халықтың тілегі бойынша жазушы жүртшылықпен әңгімелессугс келді. Всеволод Вячеславович әңгіме айтады екен. Лекция да, баяндама да емес, жазушының оқырмандар алдындағы есебі де емес, одеттегідей ақын, жазушылардың не жазып жатқанын айттын, творчестволық жоснары да емес. Қәдімгі қызық, бай уакығалы коркем әңгіме айтып берді ол. Әр адамға үғымды, сезіміне әсерлі, ақылға конымын, онегелі әңгіме. Сонда ол Максим Горькиймен көп кездесулерім одебиет, модениет мәселелерін. Ұлы Отан соғысының майдандарында болғанын, біздің әскердің Берлинді алғанда ішінде болған шактарын әңгіме етті. Жаның жатқан Рейхстагты. Гитлердің қаран қалған кабинетін, капитуляцияга келіп тұрган, қанды қол фашист, фельдмаршат Кейтель... осының борін Всеволод Вячеславович әңгімесі коз аллыңа әкелгендей. Біз, тыңдаушылар, аса бір қызықты кино коріп отырғандаі күйдеміз. Ол әңгімесін аяқтауға айналса, халық оны тіпті де жібергісі келмейді. Всеволод Вячеславович, енді “Известия” газетінін арнаулы тілшісі ретінде Нюрибергте болғанын, соғыс қылмыстырыларының сотына қатысанын сойледі...

Жылпылдап айту, жайдак соз оған жат норсе екен. Оның

әңгімесінің желісі адам тағдыры, өмір шындығы. Сонын озін өл өзі ішінде болған бір уақиғадан шығарып, әрі бейнелі, коркем, қарапайым, нанымды, үгымды әңгімелейді.

Келесі күні “Прииртышская правда” мен “Екпінці” газеті қызыметкерлерінің сұрауымен жазушы редакцияға келді. Бұл жолы да естен кетпес әңгіме айттып берді. Всеволод Вячеславович озі туралы сойлеуден горі, қаламдас жолластары жайында айтуды жақсы көреді. Москва жазушыларының қандай шығармалар жазып жатқанын баян етті. Сұрак коп болды. Оның әрбір қойылған сұракка қайтарған жауабының өзі бір әңгіме.

Осы баспасөз ісіне араласа бастаған шағыныздан бері сөтсіздікке үшырап, сүрінген кезініз болды ма? – деп бір жас журналист сұрак койып еді, Всеволод Вячеславович әзіл құлқімен:

– Болды, болды. Тіпті өлім жазасына бұйырылығым бар, – деді. Біз оған қайран қалып қарап қалыптыз. Ол сол құлғен қалпы:

– Бірақ, ол уақиға ертеректе болып еді, – деді де, мыналай бір қызық әңгіме айтты.

– Сибирьде Колчактың үстемдік етіп тұрған кезі. Мен әріп теруші болып істейтін баспаханадан актардың газеті басылып шығып тұратын. Газетке редактор ма, әлде сол газеттің шығарушы қожасы ма, ойгеүір менімен аттас бір адам қот қоятын. Қызықты қараңыз, ол да Иванов және аты да Всеволод болар ма! Бір күні қаланы өзіміздін қызыл өскерлер келіп алды. Мен куанып жүрмін. Менің аттасым зым-зия зытып кетіпти. А і куан! Мені ұстан апарып, тұрмеге тыкты да койды. Ол уақытта айт-үйтке қарай ма? Қолма-кол сот болды. Қолға ғүскен актармен бірге мені де сotta жатыр. Аты-жонімді сұрайды. Мениң фамилиям – Иванов, атым да Всеволод. Бірақ сіздер сottaуға тиісі Всеволод Иванов мен емеспін. Мен бір жай ғана әріп терушімін”, – дедім.

– Всеволод Ивановсың, әріп ғеруші ғанасын, о?

– Иә, иә, әріп терушімін. Әңгіме де жазатыным бар, – десіпін. Орынсыз макганның керсігі не десенші!

– Е... жазалы екенсін гой. Яғни жазушысын гой?!

– Иә, жана бастап жазып жүріен жас жазушымын.

– Олай болса, дол сол Всеволод Ивановтың озісін! – лелі де, менімен көп сөйлесіп тұрған жок. Агу жазасына бұйырып, үкім шығарды. Есім шығып кетті. Ертециде таңертең атылатын ак бандалармен бірге алды да жөнеліді. Күн ақырған аяз. Атуға оқетіп барады. “Шаруа бітті” – дедім. Бір кезде “Стой!” деген біреудін қагы дауысы саңқ етсі үсіп. Конвойдар тоқтай қалды. “Всеволод! Сенбісің?! Қайла барасың?” – тани

кеттім. Омбы қатасындағы озім жауынгері болатын, қызыл гвардияның командирі “Иә, мен Всеволод Ивановнын Атуға апара жатыр”, – дедім. “Бұны озім тексерем” – деді де, мениң қайтадан түрмсеге жібертті. Бірнеше сағаттан соң босап шықтым. Міне, мениң баспасоз жұмысына араласкан кезімдегі сәтсіздікке ұшыраған бір уақиғам. – деді құлімсіреп, Всеволод Вячеславович өлгі сұралкі қойған жас жігітке қарады.

Семей қаласында 1919 жылдан бастап шығып тұрған “Қазақ тілі” газетінің (казіргі “Семей таңы”) аман сакталған сандарын қарап отырғанымызда, 1922 жылды 28 октябрь күні шықкан “Қазақ тілі” газетінің бетінен, ірі оріптермен басылған: “ИЛИЯС БОРАГАНСКИЙ КАРТ” деген сөздер козіме түсті. Хабарды 2-3 рет қайталап оқып шықтым.

Газете: “Илияс Бораганский деген қарти Петербургте ең бірінші мұсылман баспаханасын ашиқан. Өзгеріс уақытына шейін (“өзгеріс” деген революцияны айтып отыр – Қ.М.) көп кітап басқан, озінің әлемі жазуға ұсталығымен атақ алған адам.

Осы күнгі 75 жаста болса да, жас кісіден кем қызмет қылмай. Башқұртстанның баспасын реттеуде күні-түні қызмет қылтады. Жуырда баспаға керек күралларды алу үшін Мәскеуге барып қайтты.

Башқұртстан оқіметі оның осы қызметі 50 жылға толғанын еске алып, қартаң құрметтіне той жасамақ болып отыр”, – деген.

“Қазақ тілінің” хабарына қарағанда, Илияс Бораганский – кітап басып шығару ісіне кіріскеніне 1922 жылы жарты ғасыр болған, Октябрь революциясынан кейін, Петербургтен Башқұртстанға ауысып, жас республиканың баспа жұмысын реттеген, жолға қоюға белсендегенде атсалыскан адақ азамат.

Сойтіп, “Қазақ тілінің” хабары бойынша Бораганский

жайын зерттеу ісінің бағыты енді Башқұртстанға ауысты. Бірақ Башқұртстанның кітапхана, архив орындарынан сұрау салып жазған хаттарымнан тағы нотиже шықпады. Енді Башқұртстанның кітапхана, архив орындарынан сұрау салып жазған хаттарынан тағы нотиже шықпады. Енді Башқұртстанның Бораганскийдің біледі-ау деген, кәрі құлак карт мөдениет қайраткерлерімен хат арқылы хабарласуды үйғардым. Сонда ен ашымен, ойға келгіні, башқұрт халқының сексенге аяқ басқан атақты карт жазушысы, башқұрт әдебиетінің классиктерінің бірі жөне казақ елімен ертеден араласкан, достас адам Сейфи Құдан ағай болды.

Абайдың Шоканның кітаптарын тұнғыш басып шығарған Бораганский жайынан білгені болса, хабартауын отініп. Сейфи ағайға хат жазған едік. Ол кісінің 1966 жылдың аяғында жазған жауап хатын алдық. Үлкен адамиң хатының озінен де адамгершілік қасиеті көрініп тұр. Келе жатқан жана, жылмен құттыктай келіп, былай депті:

“Хатынызға кешігіл жауап жазғаным үшін ғафу өтінем. Неге десеніз, үзак уақыт науқастанып жатып қалдым. Илияс Борганский деген кісіні білем және коргенім бар. Алайда оның омір жолын жетік білмеймін. Неге десеніз, аса жақын таныс болғаным жок. Оның омір жолы тұрасындағы қыскаша білетіндерімнің кейбіреуін айттып бере аламын: “Мысалы; Уфада шығып тұратын – Яны юл” (“Жана жол”) журналының 1923 жылғы 4 – сапының -бетінде: “Матбуат донысында итле еллық хезмет” – атты бір беттік мағлұмат бар. Сонда Илияс Борганскийдің кінкене болса да фотосы басылған”, –ден сол макаладан Борганскийдің өмір жолымен танысуға боларын айттып, журналдың қайда сакталғанын хабарлаңы.

Уфаның кітапханасы қанша сұратсақ та, Бораганский туралы макала басылған “Жана жол” журналын жібермеді. Москва, Санкт-Петербург, Казан сиякты қалаларын кітапханаларында ол журнал жоқ болып шықты.

Уфа кітапханасынан макаланың, Бораганскийдің суретінің фото көшірмесін сұрап едік. оларда фотолаборатория болмайды екен. Сонан соң Уфаның баска мекемелеріне хат жазып, кочек сұраңык. Акыры 1970 жылғы ғана Бораганский туралы макала мен оның суретінің фотокопијесі қолымызға тиді.

“Матбуат дүниесінде слу жылдық қызмет” деген аталағын макалада былай делінген:

“Илияс баба Бораганскийдің Матбуға (баспа жұмысында – Қ.М.) жолында істеуіне 50 жыл толалы.

Илияс баба 1852 жылды 22 апельдзе, Қырым-Бақшасарай шаһарында дүниеге келіп, 15 жасына дейін Қырымның

мектеп, медреселерінде оқып және хусни ҳат (әдемі жазу – К.М.) мұғалімдерінен мағлұмат алған. 1867 жылы Туркияға барып, жеті жыл бойы Стамбулда баспа, сурет, пактын, хусни ҳат ғылымдарын оқып, үйреніп және тәжірибе жүзінде істен, жаттығып, ол онерлердің әбден менгеріп, жетілген соң, Қырымға қайткан. Онда 1876 жылға дейін тұрын, озінің онер-білімін корсетіп, еңбек еткен. Сол жылы 12 декабрьде Россия қалаларына саяхат сапарына шыққан. Жеті жыл бойы Россияның көп шаһарларын аралап, коріп, 1882 жылы Петербургекелген. Онда келген соң да әдемі жазу-сызу онерімен шұғылданған”.

...Бұдан әрі Бораганскийдің Петербург университетінің шығыс тілі факультетінде оқытушы болғаны айтылады.

Бораганскийдің баспаханасында отыздан артық шетел тілдерінде кітап және журналдар басылып тұрган. Соңдай үшін жұмысты үйімдастырып, басқара жүріп, университетте лекция оку ісінен де кол үзбекендігін айта келіп:

– Сол уақыттаңы баспасөз жүзінде Илияс бабаның баспа ісіне аса шеберлігі жайында жарияланған коптеген макала және хаттарды көздесіреміз. –дейді. Одан әрі:

“1917 жылғы революцияға дейін де Илияс баба сол Питерде істейді. Революциядан кейін де һәм оның сол оз жұмысында болады, 1919 жылы башқұрт қызыл әскері Питер майданына келген шакта. Бораганский башқұрт бригадасының органы болған –“Салават” атты газеттің баспаханасында істейді. Башқұрт қызыл әскерлерінен әрін терушілер даярлайды.

1920 жылы башқұрт әскерлерімен біре Башқұртстанға келеді. Бүкіл баспахана құралдарын озімен бірге Стерлітамак қаласына аттын келіп, ондағы баспаханага тапсырады. Озі де сол баспахананың басқарунысы болып, қызметке кіріспей кетеді. Же іспей жақтан баспахананы жестілдіріп, ретке келтіру жұмысына көп күннін сарп етеді. Мәскеуге барып, баспаханага керекті қураідар жеткізу жұмысымен шұғылданады.

Ол қазіргі күнде Уфа баспаханасының башқұрт болімінің басшығы болып істейді. Сонымен бірге баспахана жұмысын үздік онер, майталман шеберлікті тілейтің істерлі басқарады. Ол әрқашанда жұмысшылар оргасында, олардың мейірімді, камкор ататары сияқты. Баспахана жұмысында елу жыл еңбек етсе де, ешбір гауаны кайтпаған жан, енбек дегендеге ст жүргіп елжіреп, һомаңда жаңып түседі. Соз арасында: “Еніл тагы да 50 жыл омірім болсайшы – қонілім тоінанша енбек етіп олер едім мен”, – дейді ол.

Оның баспа ісіне сініріген жарты ғасырлық енбегінің күрметіне, келесі күзге 50 жылдық мереке – тоіны откізітмек”

—деп Башкүртстанның “Жаңа жол” журналы 1923 жылы Илияс Бораганскийге арнаң жарияланған мақаласын аяқтайды.

Бірнеше жыл бойы Илияс Бораганскийдің өмір жолын зерттеп, білу ісіндегі өзіріше анықтаған тарихи мағлұмат — деректеріміз осы.

Осының озі Илияс Бораганскийдің адап жүргімен еңбекші халыққа келіп косылған, өнер-білімін халық бақыты үшін еңбек етуге арнаған алдыңғы катардағы ескі интеллигенттердің бірі болғанын көрсетеді.

Абайдың асыл әдеби мұрасын ең алғашқы кітап етіп басынан шығарған Илияс Бораганскийдің есімі мен еңбегін казақ халқы қақірлелейді, ұмытпайды.

Илияс бабаның омір санарын зерттеу жұмысы олі аяқталған жоқ.

Илияс Бораганскийдің матбұғат дүниесіне 50 жыл толуына ариналған, 1923 жылы күз айында Башкүртстанда откізілмек юбилей болды ма екен? Илияс баба қай жылы, қай айда дүниеден қошті екен? Оның денесі қай арада жерленді екен? Башкүртстанда оған арнаған сскерлікшер бар ма скен? Илияс бабадан қалған тұқым-жұрагат жоне архивібар ма екен?

Илияс Бораганскийдің омірін, қызыметін зерттеу мәселесімен шұғылданған қаламдастар бапкүрт жолдастар бар ма екен?

Осы мәселелерді білуге аса құштармыз.

Бауырлас башкүрт ұлыстарымыздан хабар құтеміз.

1998 жыл.

## КАЮМ НАСЫЙРИ (тұғанына 150 жыл)

Татар ағартушысы, педагогі, жазушысы жөне ғалымы Каюм Насыйридың дүниесе келгеніне 14 февральда 150 жыл толады.

Халық қамы үшін қызмет еткен ғалымдардың, өнер-білім иелерінің, қалам қайраткерлерінің еңбегі әрбір елге ортак. Сондай қайраткерлердің бірі — татар халқынан шыққан ағартушы-ғалым, педагог жөне жазушы Каюм Насыйри. Ол — жарты ғасыр бойы ерінбей—талмай халық үшін өнімді, нәтижелі еңбек етіп, тіл — әдебиет, педагогика, география, математика тағы басқа табиғат ғылымы саласында қырықтан астам кітап жазып қалдырган адам. Каюм Насыйри оз

халқының сана-сезімін оятып, онер-білімге бастап, агарту жолында зор мәдени-тарихи иғлікі іс істеді.

Қаюм Насыйридың еңбектерімен қазактың агартуны – ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Ұбырай Алғынсарин, Абай жақсы таныс болған. Қазактың XIX-XX ғасырдағы сауатты ақын, жазушылары К. Насыйридың шығармаларын күмарлып оқып, ұлғ-онеге алған, оның әдеби еңбектерінің тақырыбын, уакиғаларын пайдаланып, көркем шығармалар жазған. Қ. Насыйридың “Қырық үзір”, “Әбуғалисінө” киссалары, “Қырық бакша”, “Кабус нама” әңгімелері қазақ оқушыларына ертеден әйгілі болған. Озық орыс мәдениетін таратуда, насила тауда К. Насыйри еңбекшілері қазақ халқына да иғі осер еткен.

Ғабдықаюм Ғабденнасируұлы Насыров (Қаюм Насыйри) бұрынғы Қазан губерниясы, Зоя оязы (Қазіргі Татарстан республикасы, Норлат ауданы), Жоғарғы Шырдан ауылында 1825 жылы 14 февральда дүниеге келді. Қаюмның әкесі – оз туында білімді, конқ – козі ашық болған адам. Баласына заман талабына сай білім беру мақсатымен Қазан қаласына жібереді. Қаюм Насыри 1841 жылдан 1855 жылға дейін медреседе оқып, араб, парсы тілдерін жақсы біліп шығады. Медресседен тыс оз бегімен орыс тілін үйренеді. Медрессені бітіріп шықкан соң, Духовная училище аталатын орыс меккебінде тағар тілінен сабак береді. Одан соң Духовная семинарияда оқытушы болады. Қаюм Насыйри оқытушы бола жүріп, оз білімін ғерендеңсту ісімен қаты шұғылданады. Семинарияның орыс оқытушыларымен достасып, олардың көмегімен орыс тілінен, табиғат пәндерінен білім дөрежесін жетілдіре береді. Қызметтің істей жүріп, Қаюм Насыйри Қазан университетін бітіріп, жоғары дөрежелі білім алады.

Петербург университетінің профессоры В.Григорьев:

“Казан университетінен алған ғылыми Қаюм Насыйридың ислам дініне сын көзімен қарайтын дөрежеге жеткізді, – дейді.

К. Насыйри 15 жыл 1870 жылға дейін семинарияда сабак беріп келелі де, енді 1871 жылдан бастап татар балаларын орысша оқытуға кіріседі. Қазанның бай-конестері, ишан, моллатары К. Насыйриға колдарынан келген кедергі – кеселдерін жасап бағады. Оны келеке, мазак етеді. Соның боріне мойынай Қ. Насыйри кез келген жерден үз жалдап алып, орысша баға оқынады, өз қаржысын жұмсан, оқу құралдарын бастырып, тарататы. Халқының мәдениетін, гарихын, ауыз әдебиег үлілеңдерін жинап зерттейді. Петербург, Қазан университеттерінің озық ой-пікірлері орыс ғалымдарымен тығыз байланыс жасап, озінің мәдени-анағту, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. Қазан университеті

жанындағы археология, тарих және этнография ғылыми қоғамының жұмысына бөлсөнек катысын, атсалысады. Сол Қоғам Қ. Насыйрилың ғылым үшін еткен еңбекін, білімін жоғары бағалады, оны озінің толық мүшелігінс саілдайды. Қ. Насыйриды жаңапыл жастар қуаттайды.

Ол 1879 жылға дейін оқығушылық, жазу, ғылыми-зерттеу жұмысын катар жүргізіп келеді ле, сол жылдан бастап қалған омірін бірыншай ғылымна, жазушылықка арнайды.

Қ. Насыйри “Қыскана нөхү кітабын” жазып, ол кітабын орыс тілін үйренуші татарларға және тағар ілтін білігісі қелген басқа халықтарға арнап “Краткая грамматика” деп атап, 1860 жылы орыс тілінде баstryрып шығарады. Сол жылды бағаларға арнап, табиғат коріністерін, жаратылыс жайын қыскана, орі қызықты баяндан, мағлұмат беретін “Бос уакытта” айты кіап жазады. Бұл кітапты кейиниен тағы да кеңейтікіреп жазып, екінші нұсқасын шығарады. Адамның дене құрылышы-анатомиясын әңгіме етеді. Адамның қан тамырларының жайын, жүрек қаңу себептерін айтып, түсіндіре келіп, “албасты басты” дейтін ескі нағандық ұғымының негізсіз екендігін әшкерстейді. Орысша ғылыми кітаптарды пайдаланып, ауа, ауа шарын, жердің айналатуы, жауын-шашын, шық және басқа табиғат құрылыштарын ғылым негізінде түсіндіріп, қызықты әңгіме етеді. Сойтіп, бұл кітап копиілікке арналған түтшішін әдеби-ғылыми сәнбек болады. Математика пәніне арнап “Хисаплық” (1873), “Фійльме һоңдеке” (1895, геометрия пәні), “Истиләхате жәгърафия” (география терминдері. 1890 үш болімлі үлкен колемді география кітабын – “Жағрафия көбір” (1894-1899) сәнбекгерін жазып шығарды.

Етіншілік, бау-бақша шаруашылығына ғылыми мөслихат беретін – “Ғылыми зиргат” (1892). ботаника жайында – Гәлзар во ҷомаңзор, яғни ұлонлік во ҷочоклік” (1894) кітаптарын жазды. “Сәнайғы ғольфания” (1880-) зергерлік, слесарлық онерін, электр қуатын пайдаланып, металл оңдеу, никельдеу тәсілдерін ғүсіндіре гін кітабын жазып, тұрмыс қажетіне ғылыминың пайласын айқындалап, анып берді. Діннің өріс атып, ұstem болып тұрған дәуірінде Қ. Насыйридың бүндай еңбектер жазып, онер-білімді насыннатау қызметінің тарихи мәні ерекше зор еді. Қ. Насыйри кітабы ғалым болып кана қалмай, онер-білімнің пайласын іс жүзінде корсетіп, халыққа өнеге етеді. Ол өз қолымен айна, крахмал, сорғыш, сия, лак жасап шығарлы. Ол – тұрлі курал-жабдықты электр қуатымен өндеп, нақыштау шебері – зергер әрі слесарь, ағаш үстасы, ол кітапты әлемілеп тұптеп, безендерледі, түрлі тағамды домді етіп, даярлайтын азпаз-кулинар. озінің кітап, оқу құралдарын, календарын баспаға коркемлеп даярлады, керекті

карта, сурет, гүл, бәзектерлі озі жасайтын суретші болған. Оның үйінде өр түрлі музыка аспантары тұрады. Қ. Насыйри музыка онерін ерекше сүйіп, жоғары бағалаған. Өзі қобыз, қурай (сыйбызы) тартатын музыканың да екен. Елге онер-білім таратуды озі омірінің мақсат-мұраты деп білгел ағартуыш-ғалым, құрғак насиҳатшы болмай, сол онер-білімнің ұлті-онегесін іс жүзінде корсеткен.

Қ. Насыйри татар тіліндегі “Тан жұлдызы” атты тұнғыш газет ишінде мактап болып, үкіметтеп рұқсат сұрайды. Үкімет газет шынаруға рұқсат етпейді. Ол бұл мақсатын басқа жолмен іске асырады. Қ. Насыйри 1871 жылдан бастап 24 жыл бойы татар тіліндегі жылдық календарь, әдеби кітапшалар шығарып тұралы. Оның календарі жартылай журнал есебінде шығады. Қ. Насыйридың “Казан календарында” әдеби, ғылыми, тарихи тагы басқа сан атуан тақырыпта қызықты қысқа макалалар, түрлі мағлұматтар басылып тұрған. Оның календарларында бүкіл Россия мұсылмандарына мол тарайды. Сойтіп, Қ. Насыйри тұнғыш татар әнциклопедист—журналист болған алам.

Татар халқын Россия тарихымен таныстыру мақсатымен Қ. Насыйри орыс кітаптарын пайдаланып, 1890 жылты қыскания орыс тарихынан кітап (“Забдоген мин төварих Русь) жазады. Орыс тілін үйренуді тұңғыш кең насиҳаттаушы да Қ. Насыйри болған:

“Орыс тілі – Россиялагы барлық тіллердің атасы, оны жақсызған үйрену керек, ком оның бай казынасынан пайдалану керек”, – дейді 1871 жылғы “Казан календарында”.

Қ. Насыйри орыс, татар, араб, парсы, түрік, шағатай тілін терең білген тіл маманы. Ол тұнғыш түсіндірme созлігін (“Ләһжәй татари” 1895), орыс – татар және татар – орыс созлігін жазып, бастырды. Дұрыс және әдемі жазу қағидатарын түсіндіретін – “Кавагыйде китабёт” (1892) атты басыныш құралы кітабын және “Әиммәзж” кітабын жазып, татар ғылыми грамматикасының негізін салды. Орыс тілін үйрену, орыс тіліндегі жазылған кітаптарды пайдалану үшін си кәжетті құралдар – “Кыйрағе рус” (1889) және орыс грамматикасын (“Номую яки оиммәзж”, 1891) жазып, бастырып, тарагты. Оның бұл сенбектері қазіргі күнде де маңызын жойған жок. Қ. Насыйри бір тілді екінші тілмен салыстырыны зерттеу әдісін қолданды.

“Этимология – білімнің анасы, грамматика – атасы”, – дейді ол. Қ. Насыйри ғылым майданында сенбек студе үчи-онегені Ломоносовтан атып, ұлы ғылымды үстаз деп білді. Қ. Насыйри – XIX ғасырдағы алдыңғы қатарлы орыс мәдениетін қалір тұтып, озіне онеге еткен ағартуыш-ғалым.

Буржуазияның үтіпшылдар пантюркистік кертарапта идеяны қолдан, татар тілін түрікшелеуге, татар грамматикасын түрік грамматикасына негіздеуге күш салып жүрген шакта, татар тілін кошенін тілі, ломовойлар тілі, одеби-ғылыми тіл болуға жарамайтын тіл” – деп, одебиет тілі етіп түрік тілін қабылдаудымыз кажет деп өрекет жасап жүрген шакта, оларға карсы жар салып шықкан Қасыйри болды:

“Жалған жала бұ! Біз татармыз, тіліміз – татар тілі” – леді ол. Татар тілінің әдебиет, ғылым тілі бола алатындығын ол өз сінбектерімен дәлсіден берді. Қ. Насыйри татар әдебиет тілінің тұнғыш іргетасын бастап қалаушы қалам қайраткері болды. Тағар әдебиет тілі сол негізінде дамып, Г. Токайдың, Ф. Камалдың, Ф. Құлахметов, Ф. Ибраһимовтардың әдебиет олеміне шықкан дәүіріндегі оркендеп есіп, кемеліне келді.

Қ. Насыйриға шеінін басылған коркем әдебиет шынармашы аса аз болған. Қ. Насыйри халық ауыз әдебиетін жинап, зерттеп жариялады. Ол – оқымысты – фольклорист, жазушы, аудармашы. Оның Шығыс әдебиетінен аударған “Қырық үозір” кіссасы 1868 жылдан бастап, сегіз рет баспадан шығып, казак арасында да көп тарады. Ұлығасым Әбугали Сина туралы кіссаны бастырып, халыққа жайды. Халықты наідаты көркем әдебиет оқуна баулып, төрбистеді. Оның “Қырық бақша” атты кітабы коркемдік, идеялық – мазмұн жөнінен мәні зор шығарма болды. Қ. Насыйри кітаптарында аламгерлік, әлләттік, адал достық, онер-білім, сінбек дәрінгеледі. Жауыздық, екіжүздік, надандық сияқты адамшилыққа жат іс, мінез-құлық әшкереленеді. Қ. Насыйридың новеллаларында ескі оку, молла, халіфе, ишандар, байларлың зұлымдықтары шенеліп, әшкере етіледі, жарлының ауыр тұрмысы суреттеледі. Осының борі Қ. Насыйридың демократтық, халықтық идеяның жарышы болған қалам қайраткері екенін анық корсетеді. Оның “Қырық бақшасы” мектептерде оқылатын оку қуралына айналады. Қ. Насыйри балалар әдебиесінің негізін салған жазушы-педагог болды. Оның осы кітабында тамаша нақыл сөздер де мол. Мысалы:

Әрбір норсенің шегі бар, ақылға шек жок.

Кісі озін-өзі таныса, көміл ақыл сонысымен білінер.

Егер біреуге ғылым үйреткің келсе, әуел озінлі озін үйрет, ғылымның себебімен пайда болған әдебиеттерді көріп, басқатар тағылым алсын т.т.

Ол даналық халықта дейіді. “Халқына қарай ақыл иелері жөнде хакімдері (философтары) болады,” – деп осы пікірінің дәлел мысалын халық творчествосынан к.с.тіркеді.

Қ. Насыйри ақындық онерлі аса жоғары бағатап: “Ақындар

— соз патшалары” “Қалам не нөрсе?” — деп сұрасан, қағаз беіне жауһар гізетін бір қасиетті құрал”, — дейді.

Қ.Насыйри толім-тәрбие ісіне зор мән береді. “Тәрбиедегі мұрат ішкізін, жегізін, тәнді ғана тәрбис сту емес, бәлки ғон жөне ақылды, зиянды, жанды да тәрбиелеу болады”, - дейді. Ол музыканың тәрбиеік іргі өсерін ерекше атайды.

Қ.Насыйри дін кітаптарына карсы балалар тәрбиесіне қажетті пәндер деп математика, география, астрономия, тарих, жалпы табиғат пәндерін ұсынады. “Бұларды оқымаған адам – адам болмайды”, – дейді ол.

Қ.Насыйри оз елінің патриоты болды. “Шынында да біз-Россия халқы. Не үшін басқа жүртқа жалынамыз? Не үшін басқа жүртттан келген даруларға мұктаж боламыз? Эркапан да оз жерімізде дауаға жарайтын өсімдіктердің борі де бар.

Қ.Насыйри:

“Біз Россия адамымыз, Россияда болған нөрсө бізге жетелі”, – деген ой қорытындысымен шектеліп қалған болса, оның мұратарі F.Токай. Қ.Насыйридың пікірін ілгері дамытып, патша үкіметінен, қанаушылардан азат болған, ерікті Россия болуын коксеп жар салды.

Ағартуны-ғалым, педагог-жазуыш Қ.Насыйридың оз заманында ел үшін еткен еңбесінін мәдени-тарихи мәні, тек татар емес, қазақ жөне басқа халықтар үшін де зор болды.

Қ.Насыйри мал-жанын халықты ағару ісіне, ғылым жолына бағыштаған адам. Ол түрмистың таршылығын коріп, жокшылықпен өмір кешті. Малға мас. нацан байлаар, молда. инианлар оны келеке, мазақ етіп, кошеде жүргізбейтін болған.

Қ.Насыйри онын борінде де жасы май, қажымай, халық үшін еңбек етіп, келешекке сеніп кетті. Ол оз еңбегі туралы:

“Бізден кейінгілер, албетте, пайдаланар, халық та көнігер, тыныштық үақыт болар, неприятно создер естілмес”, – дейді.

Қадын Насыйри 1902 жылы 77 жасында Қазан қаласында қайтыс болды.

Қ.Насыйридің бар арманы Ұлы Октябрь революциясының жеңісінің аркасында толық орындалып, іске асты. Оның мұрасы көп үлгіты социалистік мәдениетіміздің алтын корына косылды.

1975 жыл.

## **ХАЛЫҚ МУРАСЫН ҚАСТЕРЛЕГЕН ФАЛЫМ** (Ә.Диваевтің туғанына 120 жыл толуына)

Казак халқының модени тарихынан құрметті орын алған үлкен ғатым, ағартушы, педагог, қоғам қайраткері Әбубекір Ахметжанұлы Диваевты туғанына 120 жыл толды.

Әбубекірдің атамекені – бұрынғы Уфа губерниясы, Стерлітамак уезі, Токай ауылы. Өзі Орынбор қаласында туынды. Жасынан орыс мектебіндегі оқып, одан кейін Орынбордагы кадет корпусын бітірген соң, 21 жасында ескери, әкімшілік қызыметен босаған, Түркістан генерал-губернаторында шығыс тілдерінің тілмашы болып қызымет атқарады.

Ол Орынборда оқып жүргендеге қазақ балаларымен достасып, қазақ ауылдарында жи болып, қазақ елінің тұрмысымен жас шағынан танысып, қазақтың ақындық өнеріне қанық болады. Түркістанға келген соң, қызымет бабында қазақ слімен қатты араласады. Қазактың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпымен терең танысып, ойын-сауық, той-думаниның орнасында болады. Жырау-жыршы, шежіре-шешендерін, опши, күйши, оперпаздарын, ақын, сал-серілерін әдейі іздел тауып танысады. Олардың аузынан естіген өлең-жыр, ергеі, ауыз-әңгімелерін, макал-мотел, жұмбак, жаңылтпац, кисса-дастан, айтыс өлендерін өзгертпі жазып алып, жинап жүреді.

1883 жылдан бастап ғылыми зерттеу жұмысынан барынша беріліп, оны алдағы өмірінің шын мұрагы-мақсаты деп біледі.

Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинағанда, айтушының аузынан қолма-қол жазып алып, сол айтушының аты-жөнін, елі-жүртін корсетіп отырады. Және ауыз әдебиетін этнографиялық мағлumatтармен коса жинап, халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпымен байланыстыра нағыз ғылым жолымен зерттейді.

Мысалы, қыз ұзату тоійнда айттылатын достүрлі олең-жырды жазып ала отырып, сол тойдың салтын да суреттеп береді.

Қызы-келіншек іер қалыңдықка арналған оғауға кіреді, тек жігіттер ғана сыртта қалағы. Содан кейін қыз-бозбала екі жақ болып, кезектесіп өлең айтады, – дей келіп, содан кейін “Жар-жар” айттысын келтірелі.

Сол сияқты беташардың да аса бір қызықты, көркем де колемді нұсқасын Әбубекір алған жазып алып, бастырған. Осы күнде дейін әдебиет тарихы кітапханада келірліп жүрген беташар, жар-жарларымыз – Әбубекір жазып қалдырыған мұрашар.

Әбубекір қазақтың халық творчествосын, ауыз әдебиетин,

ғылым тілімен айтқанда, фольклорын жинап, зерттеуге неге құштар болып, не үшін сол жолда слу жыл бойы қажымай, талмай толлассыз еңбек еткен? Өйткені фольклор – халық даналығы деген терен мағыналы (ағылшын сөзі) халықаралық ғылыми терминің соз екені мәлім. Сол фольклор деп аталатын халықтың ауыз әдебиеті – халық поэзиясын, яғни бүкіл еңбекіні халық творчествосы – елдің тұрмыс-салтын, одет-ғұрынын, сенім-нанымын, куаныш-сүйіншін, қайны-қасіретін, арман-тілегін, дүниеге келгеннен бастап, тіршілік сапарын аяқтағанға шейінгі бүкіл өмірін синаттаң, суреттеп берестін коркем шежіресі.

“Халық ауыз әдебиетін білмей тұрып, сінбекші халықтың нағыз тарихын білуге болмайды”, – дейді Максим Горький.

Жас шағынан қазақ халқының бай ауыз әдебиетімен таныс болып, халықтың опер-жыр, он-қүйін құмартса тыңдал, құштарданып құлағына құйып өсken Әбубекір, ер жетің, ақылы толып, ойы осіп, білімі терендеген кезде, фольклордың тарихи-әдеби, ғылыми мәнін терен түсініп, халық фольклорын, этнографиясын зерттеу ісін омірдегі мақсаты етеді.

Әбубекірдің зер салып, індес іздей тауып жазып алып, зерттеген қазақ фольклорының шығармалары үшін-теніз. Ол қазақ фольклорының барлық түрін қағыс қалдырмай, қадағалап жинаған. Бесік жырынан бастап, балалардың ойын үстінде айтатын тактикалары, отірік өлеңдер, жаңылтиаш, жаржар, бетаниар, сынсу, жұбату, естірту, мотел, жұмбак, батырлар жыры, ғашықтық жыры, ертегі аныз, айтыс өлеңдері, бөдік жыры, бақсы сарыны, шешендер созі, аныз әнгіме, көсіп-шаруашылық, аңшылық, төрт түлік туралы өлең-жыр, тарихи жырлар, жарапазан, бата, халық ырымдары тағы басқалар.

Әбубекірдің соншама бай мұраны жинағанына және оны тамаша талдап, зерттеу ісіне сүйсінген бір татар жазушысы:

“Оның (Әбубекірдің) инемен құдық қазғандай етіп жинаған материалдары қазір дарияға айналған. Ол озінің осы дариясында балықтай жүзеді, – дейді.

“Әбубекірдің жинап қалдырган, олі зерттелмеген өлең мұрасы 400 баспа табак болады”, – деген Мұхтар Өуесзов.

Шокан Үділханов, Раллов, Потанин, Березин, Васильев, Мелиоранскийлер төрізді үлкен нағымдардай Диваев та өзінің зерттеу макалаларында, түсінлірмелерінде қазақ фольклорын жоғары бағалайды. Оның орі бай, терен мағыналы, әрі коркемдігін ерекше атап айтады. Мысалы, ол қазақ макалдары туралы жазған бір макаласында:

“Қазақ халқының жиналған мақат-мәттедері торт мың шамалы болады. Қазақтың макалдары әрі өткір, әрі терен мағыналы, оның көбі нақ бүгін айтылған төрізді. Егер казақ

мақалдарын магынасына қарай саралап, болімге болсе, ол жүздеген бөлім болар еді”, – дейді.

Әбубекір Диваев казақ ауыз әдебиетінен жинағандарын орыс тілінсі аударып, ғылыми түсініктер беріп, үнемі баспасөз бетінде жариялада отырған. Оларды Ташкент, Қазан, Петербург, Москва, Орынбор таңы басқа ұлken қалаларда шығып тұратын газет-журналдарда, ғылыми жинактарда бастирган.

Бір жүзден астам ғылыми-зерттеу енбектің авторы, ұлken фольклорист ғалым, түрколог Диваев қазақтың, өзбектің, қыргыздың, қарақалпактың ауыз әдебиеті, тіл, этнографиясы жайында көптеген ғылыми сінбек жазған. Сөйтіп, ол Қазакстан, Орта Азияда этнография, фольклористика ғылымының негізін салған ғалымдардың бірі болған. Оның ғылымға сінірғен еңбегін жоғары бағалап, Қазан университетінің жаңындағы археология, тарих және этнография қоғамы, сол сияқты Москва университетінің табиғаттану, антропология және этнография қоғамы Диваевқа диплом берген.

1909 жылы Түркістан ауылшаруышлық көрмессінің экспертикомиссиясы қазақ халқы туралы жазып, жарияланған ғылыми еңбегі үшін оған ұлken алтын медаль таисырылды. 1915 жылы орыс ғалымдары Әбубекір Диваевтың ғылыми қызметінс 25 жыл толған мерекесін тойтап өткізеді.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Диваевтың ғылыми-зерттеу жұмысына, педагогтік, қоғамдық қызметіне кең жол ашылды. Оның жинаған қазақ халық әдебиеті нұсқалары енді жеке-жеке кітап болып басылып шыға бастайды. 1922 жылы “Камбар батыр”, “Қобыланды батыр”, “Шора батыр”, “Алпамыс батыр”, “Бекет батыр”, “Қызы Жібек” баснадан шықты. Қазақ фольклорынан жиган-тергендерінің кейбіреулері 1924 жылы Ташкентте, 1926 жылы Қызылордада бағытты.

Әбубекір Диваев бүрынғы Түркістан аймағының ағартушы кайраткерлерінің де бірі болған адам. Ол қазақ, озбек және басқа Орта Азия халықтарын мәденистіке, өнер, білімге шакырып, сол жолда ерінбей-тәлмай еңбек етті. Әбубекірдің бел байлан, белсенді кірісінің аркасында 1904 жылы Ташкент қаласында зиялыштардың түнғыш үйірмесі құрылды.

Әбубекір Диваев халық ағарту ісінде көп жылдар үздікіз еңбек етіп, сол еңбегімен мақсатына, арманына Ұлы Октябрь революциясының женисін кейін ғана жетті.

Орта Азия мен Қазақстандағы жоғары дәрежелі түгелдер оку орны Мемлекеттік Орта Азия университетін ашу жөнінде В.И.Ленин қол қойған декрет шыққан соң, сол университеттегі

үйымдастыру жұмысына Диваев белсендін атсалысты және Түркістан Шығыс институтын ашуға да көп еңбек сінірді. Осы жоғары дөрежелі оқу орындары анылған соң соның екеуінде де профессор Диваев 1918 жылдан бастап лекция оқыды. Университет пен Шығыс институтында төркология, ең алдымен қазак тілі және этнографиясы кафедраларын ашу ісіндегі Диваевтың еңбегі ерекше зор еді.

Ұлкен ғалым-иеда от. фольклорист, түрколог Диваевтің оқып, білім, тағылым алған оның коптеген шокірттері – қазір Қазақстан, Озбекстан, Тәжікстан, Түркменстан және Қыргызстанның түрлі ғылыми мекемелерінде еңбек етіп жүрген ғалымдар.

1921 жылы Әбубәкір Диваев Түркістан республикасы оқу-ағарту комиссариаты жаңындағы қазак ғылым комиссиясының мүшесі болып бекітілді. Қазак ауди әдебиетін, этнографиялық мағлұмат жинайтын экспедиция үйымдастырады. Көлемі сегіз мың бет колжазбаны бір жыл отырып зерттеп, талдап, ғылыми жүйеге келгіреді.

Әбубәкір – ірі қоғам кайраткері болған адам. Ол Түркістан республикасының шаруашылық-экономика советінің, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту ісіне, зан институтының жұмысына белсендін катысады, атсалысады.

Ол қалың малды жою жоніндегі қаулының жобасын жасайтын ерекше комиссияның жұмысына катынасады. Тағы басқа толып жатқан саяси-әлеуметтік жұмыс аткарады. Түркістан Совнаркомының ғылыми консультантты болады.

1923 жылы март айында Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың ғылымға сінірген еңбейіне 40 жыл толған мерекесі откізілді. Ол мереке Қазақстан және бүкіл Орта Азия халықтарының советтік мәдениетінің салтанатты тойына айналды.

Саяси ағарту, мәдениет, ғылым мекемелері, оқу орындары, ғалымдар мен студенттер, қазак, орыс, башқұрт пен татар, тәжік пен өзбек, қырғыз берген түркінен – бауырлас дос халықтар Әбубәкір Диваевтің ғылымға сінірген зор еңбегін құрметтеп, оны құттықтап, сәлем хат, телеграммалар жолдан жатты. Оның тойының құрметтіне арналып “Тарту” атты кітап басылып шықты. Ол кітап Диваев жинаған қазак ауди әдебиетінің шығармалары жарияланды.

1925 жылы Әбубәкірдің туғанына 70 жыл толған мерекесі откізілді. Ақыргы деміне шейін қолынан қаламы түспеген атақты совет ғылымы Әбубәкір Диваев 1933 жылы 5 февраль күні. 78 жасында дүниеден көніті.

1975 жыл

## ТҮСІНІКТЕР

### Бірінші болім Мақалалар мен зерттеулер

Шәкәрімнің шежіресі – “Қазақ әдебиеті” газетінің 1989 жылғы 14 шілде қунғы санында жарияланған. Дербес жинаққа алған рет енгізіліп отыр. Шокорім Құданбердіұлының 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрген “Түрік, қырыз, казак һәм хандар шежіресі” еңбегіне ғылыми талдау жасау арқылы казақ тарихы мен рулары жөнінде құнды пікірлер білдірген.

“Әудемжер” әні кімдікі? – 1983 жылы 13 мамырда “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған. Абайдың таланғты шокіртерінің бірі – Кокбай Жанақатаевтың ақындық, әншілік онеріне тоқтала келе “Әудемжер” әні туралы мәселе көтереді. Ахмет Жұбановтың айтқан пікірлеріне сүйене отырып “Әудемжер” әнінің авторы Көкбай екенін дөлелдейді.

“Құдай” деген сөзден құдай сақтасын – “Қазақ әдебиеті” газетінің 1989 жылғы 17 наурыздағы санында жарияланған. Шокорім Құданбердіұлының жарық көрген кітаптарына талдау жасайды. Шығарунылар тарапынан жіберілген олқылыктарды саралай келе, дінге катысы бар ақын олецтерінің қасақана бүрмаланғаны айтылады. Бұл Шокоріману ітіміне қосынан құнды сибек болып табылады.

Ашық ҳатқа айқын жауап – Бұл қолемді макала “Семей таңы” газетінің 1992 жылғы 18 шілде, 1 тамыздағы сандарында жарық корді. Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайының аға ғылыми қызыметкері Мұздыбай Бейсенбаевтың “Абан және оның заманы” атындағы кітабына ғылыми түргыдан талдаңды. Абай және оның заманы жайлы зерттеу енбектерін жазған М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Л. Әуезова пікірлерінен және архив материалдарынан нақты маглұматтар

келтіре отырып, айтылған жаңсақ пікірлер мен дұдамал деректерді салыстыра галдан, ғылыми түрғыдан тұжырымдайды.

**Толеу ақын** – “Семей таңы” газетінің 1992 жылғы 15 наурыз күні санында жарық көрді. Эйлі халық ақыны Толеу Кобдіковтің туғанына жүз жыл толуына орай жазылған. Толеу ақынның нағашы жұрты жонінде жәндес өмірбаяны туралы жан-жақты мәлімет береді. Оның айтыс ақыны ретіндегі импровизаторлық қасиетін ерекше бағалай көле, шығармашылығын жоғары бағатайды.

**“Тарихи шындықтың шырқын бұзбайық”** атты мақала хақында – “Семей таңы” газетінің 1989 жылғы 12 желтоқсандағы санында жарық корді. Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайының аға ғылыми қызметкері Мұздыбай Бейсенбаевтың 1989 жылты 28 казанды “Семей таңы” газетінде жарияланған “Иманбазар Қазанғапов” атты мақаласына жауап ретінде жазылған. И. Қазанғаповтың “Дала уәляяті” газегінде (№15, 08.04.1888 ж.) басылған өлеңінің нұсқасын жариятай отырып, М. Бейсенбаевың мақаласында орын алған ғылыми неісіз пікірлер мен жаңсақтықтарға қарсы дөлелді айгактар келтірелі. Сондай-ақ “Сотбек батыр” поэмасын жазған Ақылбек ақын жонінде пікір қозғайды.

**“Челкаштың” ғұнғыш аудармасы** – “Семей таңы” газетінің 1968 жылғы 23 наурыздағы санында жарық корді. М. Горькийдің туғанына 110 жыл толуына орай жазылған мақала. “Челкаш” өнгімесінің аудармасы Семейде шығып тұрған “Тан” журналының 1925 жылғы 3-4 сандарында жарияланған. Әңгімені аударған Абайдың баласы Тұрағұл туралы мәлімет береді.

**Уәйіс ақынның шығармалар жинағы жайында** – “Семей таңы” газетінің 1987 жылғы 27 тамыздағы санында жарияланған. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі, сегіз қырлы онерпаз Уәйіс Шопылбайұлының шығармашылығы мен сонында қалған мол мұрасының маңыздылығын айтға келе ақынның архивтен табылған олендеріне талдау жасайды.

**“Тәуке – Жікібай” поэмасы** – 1992 жылғы 18 желтоқсанда “Қазақ әдебиесі” газетінде жарық корді. 1942, 1964, 1965 жылдары жарық корген “Айтыс” жинактарындағы “Тәуке мен келіншек”, “Тәуке батыр мен келіншек” айтыстарына ғылыми түрғыда салыстырулар жасаи келе, ешір долелсіз,

ойжота, күр жағаң айтылған пікірлерді жоқка шығарып, “Тоуке – Жікібай” поэмасының авторы Үйіс Шондыбайұлы екенлігін ғылыми тұжырымдармен дөлелдейді. Поэмалың айтыс жаңрына жатқызылып, “Айтыс” жинағына енүі түсінікесі дең келе, поэмада суреттеп, баяндалатын оқиғаның тарихына токталады. Поэмалың негізгі кейіпкері Тәукеңін омірбаяны жонінде архив күжаттары берілген. Сонында Әріп Тогірбергенов жазған “Тоуке – Жікібай” дастаның ұсынады.

**Шоқанның өнерпаз інісі** – “Ертіс” газетінің 1963 жылғы 11 маусымындағы санында жарияланған. Шынғыс Уалихановтың ұлы Әблімақыжанның өмірі туралы мол мағлұмат беріледі. Макының Петербургтің Сурет өнер академиясында білім алғандығы және Шоқанның экесі Шыңғыска жазған хатынан қызықты деректер келтіреді. Макының мәдени мұрасы жоне оның сонында қалған үрпактары жайты да мағлұмат беріледі.

**Халықтар достығының ұлы жыршысы** – “Семей таны” газетінің 1971 жылғы 30 қыркүйектегі санында жарияланған. Жыр айбы Жамбылдың 125 жылдық мерекесін карсанында жазылған. Ақынның сонында қалған әдеби мол мұрасы мен шығармашылығына ғылыми түркіде таңдау жасайды.

**Әйгілі әншілер өмірінен** – “Жұлдыз журналының” 1976 жылғы № 12 жарияланған. Қазактың әйгілі онерпаздары Әміре мен Майраның оңшілік, композиторлық опері туралы жазылған зерттеу макала. Макалада қазактың мәдениеті мен оперіне еңбегі сіңген басқа да тарихи тұлғалар жонінде ғылыми құнды пікірлер айтады.

**Ардагер азамат, жалынды азамат** – “Семей таны” 1973 жылғы 28 қазан. Қазақ әдебиеті тарихындағы ірі ғұна Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы жөнінде жазылған макала. Галым ақынның сонына қалдырылған мол мұрасын саралай келе “Сұлтанмахмұт қазақ әдебиеті тарихындағы Абайдан соңғы аса ғалантты әр жакты дарынды үлкен ақын”, - деп бага береді.

**Әбілқайыр Досов** – “Семей таны” газетінің 1972 жылғы 16 қарашадағы санында жарияланған. Ирі чөмлекет қайраткері Әбілқайыр Досовтың омірбаяны мен қайраткерлік еңбегін көптеген нақты тарихи деректер келтіре отыра баяндауды. Макалада Сәкен Сенғулиннің Досовка арнаған олесі және

Досовтың Семей губерниясында, Керекуде, Қарқаратыңа г.б. жерлерде аткарган қызметі накты архив күжаттары аркылы баяндалады.

**Жазушы, Тарихшы, Революционер.** – “Қазак әдебиеті” газетінің 1989 жылы 15 желтоқсан күнгі санында жарияланған. Қазаксаңда Совет өкіметін орнату күресіне белсene катысадан, азамат соғысы қалаармандарының бірі, ержүрек революционер-большевик, талантты жазушы, жалынды журналист, тарихшы-галым, комиссар Сабыржан Ғаббасовтың омірбаяны, ерлік істегері гуралы маңлұмат берліеді.

**“Жалындан өткен жақсы өмір”** – Мақала 1971 жылы жарық корген. Тоңкеріс ісіне белсene араласкан, қоғам қайрагкері Абдолла Ярмұхамедовтың гөңкеріс жолында аткарган қызметі макалага озек болған.

**Елубай Өмірзаков 70 жаста** – “Семей таңы” газетінің 1969 жылы 14 актап күні санында жарияланған. Қазактың сезіз қырлы онерпазы, табиғи дарынды актері Елубай Өмірзаковтың өнердегі жолы баяндалады. Макалада актердің Бейімбет Майлиничен таныстыры және кинога түсугелгі шеберлігі сөз болады.

**Үлкен сезім исесі** – “Семей правдасы” газетінің 1962 жылғы 28 қарашадағы санында жарияланған. Қазак әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, талантты қаламгер Фабиден Мұстафиннің шығармашылық қызметі туралы жазылған. Жазушының қайраткерлік еңбегіне токтала келе, еңбек, өндіріс тақырыбына жазылған шығармаларына талдау жасайды.

**Аскар ақын** – “Ертіс” газетінің 1965 жылғы 10 қыркүйектегі санында жарияланған. Қазак әдебистінің талантты оқілтерінің бірі Аскар Токмағанбетовтың 60 жылдық мерекесіне арналған жазылған макала. Аскар Токмағанбетовтың аның ажуда олеңдеріне саяси өлеуметтік мәні зор откір сапирадына, поэзиясына зор баға береді.

### **Екінші бөлім** **Шестел жазушылары туралы макалалар**

**Крылов және Абай** – “Екінші” газетінің 1949 жылғы 16 актап күнгі санында жарияланған. Мысал жазудың ойгілі шебері И.А.Крыловтың омірі мен шығармашылық қызметіне

тоқтатады. Абайдың Крыловтан алған ұлғасі Абай поэзиясын мазмұн, идея, түр жағынан герендейтін, байырын, сагидалық сарынды күштейтіп, казак әдебиетінің реалистік даму жолын көніткенін ғылыми түрде тұжырымдайды.

**Олмес өмір, өшпес есім** – “Семей таңы” газетінің 1987 жылы 10 акпандағы санында жарық корген. Орыс әдебиетінің ұлы ақыны А. С. Пушкиннің әдеби мұрасының тоқатала келе, казак әдебиетіне байланысы жөнінде айтады. Ұлы ақынның Абайға және казак әдебиетіне гигізен үлті-онегесі, осері туралы барынша қамтылып, татдау жасалады.

**Абай мен Лермонтов** – Макала “Семей таңы” газетінде 1983 жылы 10 тамызда жарық көрген. Абайдың шексіз сүйен жөне олеңдерін көп аударған ақынның бірі Лермонтов. Макалада Абайдың Лермонтовған аударған олсандері туралы жөне ақынның аудармашылық шеберлігі дөлеллі баяндадалы.

**“Данышпан жазушы, ұлы ұстаз”** - Макала “Семей таңы” 1978 жылды 29 тамызда жарияланған. Данышпан жазушы, кеменгер ойныл, ұлы гуманист Лев Николаевич Толстойдың тустанына 150 жыл толуы құрметіне орай жазылған. Макалада казак жазба әдебиетінің тарихында Лев Толстойдың алғаш таңын, оның данышпандық шығармаларын терен ғүсініп оқып, оның оздеріне ұлы ұстаз деп білген оздерінің ағартушылық, жазушылық қызметінде үлті-онеге стксн. қазақтың тұнғыш ғалым, ағартушы-демократтары, ақын-жазушылары жайты соғызғайды.

**“Талантты түлеткен бір кезең”** - Макала 1981 жылы жарияланған. Орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің Семейде болған жылдардағы ҳал-ахуалты, жасаған қызметі туралы нектер деректер негізінде баяндалған. Семейде облыстық прокурор болған барон Врангельдің естеліктері берілген.

**Украина халқының ұлы ақыны** – “Екпінді” газетінің 1946 жылғы 10 март күнінде санында жарияланған. Украинаның халық ақыны, дарынды шебер суретшісі Тарас Григорьевич Шевченконың балалық шағы, шығармашылық осу жолы баяндағады. Ақынның ауыр түрмисе, бұғаудан босан, Москва, Петербург қалаларындағы және Қазақстанда айлауда болған азатты өмірі жөнінде деректер келіреді.

**Ұлы ақын, революцияшыл демократ** – “Ертіс” газетінің 1964 жылғы 4 мартағы санында жарық корген. Тарас

Григорьевич Шевченконың тұғанына 150 жыл толуы қарсандында жазылған мақала ғалым Т. Шевченконы Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов сынды демократтармен қапар көзді. Ақынның шығармашылығын ғылыми түрғыдан зерттейді.

**Абайдың досы – Михаэлис** – Мақала 1968 жылы жарияланған. Жарты ғасырға жуық өмірін Семей қаласында, Семей облысында откізіп, қала мәдениетінің тарихына онегелі үлес коскан, орыс халқының абзат азаматы, көрнекті ғалымдарының бірі Евгений Петрович Михаэлис болатын. Абайдың жана ізденін, шарқ үршін жүрген шағында алғашқы ақылшысы, жанашыр жәрлемешісі, айның адал досы Е.П. Михаэлис жөнінде, олардың достық қарым-катанасы турасты жазылған.

**Ержүрек революционер, жалынды ақын – “Семей таны”** газетінің 1970 жылғы 29 күркүйектегі санында жарияланған. Талантты ақын, азаттық жолындағы күрестің жарипшысы, декабристер күресінің белсенді үйімдастыруышы - К.И.Рысовтің омірі жайлы соз болады. Сондай-ақ азаттық жолында күрескен басқа да декабристер туралы, олардың Ш.Уалихановисен таныстырығы жонінде деректі мағлұматтар береді.

**Совет жазушыларының ұлы ұстазы – 1978 жылды наурызда “Семей таны” газетінде жарияланған.** М.Горькийдің тұғанына 110 жыл толуына орай жазылған макала. Ғалым жазушының қоғамдық, кайраткерлік қызметтіне тоқтала отырып, оның шығармашылығының қазақ ақын-жазушыларына тигізген әсері жайлы құнды пікірлер айтады.

**Коркытия мені дауылдан –** Мақала қолжазба күйінде сакталған, аяқталмаган. Бұрын соңды баспасоз бетінде жарияланбаған. “Коркытия мені дауылдан” өлеңін Абайдың орыс ақындарының кайсысынан аударғанын айқындау мөселеісі кәжет болды дей келе, ақын бұл өлеңді Буниннің “Не пугай меня грозою” өлеңін аударғанын дөлелді түрде салыстырулар кслтіре отырып тағцайды.

**Атақты орыс ғалымы, жазушы – Даль –** Макала 1976 жылы жазылған. Семей қаласында Абай мұражайында тұркты 19де откізілін тұрған “Абай оқулары” дорісіне оку үшін дайындалған. Орыстың жазушысы, атақты лексикограф, этнограф ғалымы Дальдің тұғанына 175 жыл толуына арналған. Дальдің омірбаяны, оның казақдаласында откізгенді

жылдары да накты деректермен баяндалады. Даңыздың әдеби шығармаларымен Шоқанның, Әбырайдың, Абайдың жақсы таңыс болғандығы айтылады.

**Орыстың ұлы ғалымы** – Орыстың ұлы ғалымы зерттеуінің П.П.Семенов Тань – Шяньскийдің Шоқанмен достығы және оның Семей каласындағы өмірі баяндалады. Макалада ғалымның Семей, Аяқөз, Үржар елінде болған сапары және оның естеліктері беріледі.

**Совет елінің ұлы ғалымы** – “Семей таңы” 1969 жылы газетінің 15 қараша күнгі санында жарияланды. Шығыстанушы В.В.Бартольдтың Шығыс тарихын зерттеудегі косқан үлесін жонары бағалайды. Ұлы ғалымның лекцияларын М. Әуезов, Ә. Марғұланың тындағаны жонінде құнды деректер көлтіреді.

**Николай Островский** – “Семей таңы” газетінің 15 қараша күнгі санында жарияланды. Макала 1959 жазылған. Совет әдебиетінің корнекті өкілдерінің бірі талантты жазушы Николай Островскийдің өмірі мен шығармашылығына талдау жасалады. Жазушының “Құрыш қалай шыныкты” романының кейіпкері П.Корчагиннің образына жан-жақты тоқталады.

**Қазақ әдебиетінің асыл досы** – “Қазақ әдебиеті” газетінің 1985 жылғы 22 ақпандығы санында жарияланды. Жазушы Всеволод Ивановтың Семейге келген сапары жайлы баяндалады. Жазушының Семейдегі Абай, Достоевский мұражайларын аралағаны, әдебиет, өнер жөнінде айтылған пікірлері жоне М.Әуезовтің “Абай жолы” романына зор баға бергені жайлы сөз көзғалады.

**Поляк халқының ұлы ақыны** – “Семей таңы” газетінің 1973 жылғы 22 желтоқсан күнгі санында жарияланды. Поляк халқының ұлы ақыны Адам Мицкевичтің туғанына 175 жыл толуына орай жазылған. Адам Мицкевичтің шығармашылығын саралаи келс, халық даналығы - ақындық өнердің қайнар бұлагы,- деп түсінген ақын дейді.

**Қытайдың ұлы жазушысы** – Лу Синь - “Семей правдасы” газетіндес 1956 жылы 26 қыркүйкте жарияланды. Қытай халқының кеменгер жазушысы, ойшылы, ұлт қаһарманы Лу Синьнің өмірі туралы жазылған макала. Лу Синьнің әдебиет майданында үстеган бағыты мен шығармашылығы соз болады.

**Ұлы өмір** – “Екпінді” газетінің 1948 жылғы 23 қарашалдағы санында жарияланған. Дағыстан халқының ұлы ақыны Сүлейман Стальскийлің өмірі мен шығармашылығы баяндалады. Сүлейманның ақындық куаты мен жалынды жылдары туралы пікір айтады.

**Тұркімен әдебиетінің классигі** – “Семей таңы” газетінің 1969 жылғы 15 наурыз күнгі санында жарияланады. Тұркімен халқының атакты ақыны, әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері Берді Кербабаевың туғанына 75 жыл толуына байланысты жазылған макала. Ақынды Тұркімен совет поэзиясындағы новатор ақын деген бағатай келе, әдебиетте де көркем прозаның негізін салған қаламгер деп бағатайды.

**Жаңа заманның жарынысы** – “Семей таңы” газетінің 1969 жылғы 19 наурыз күнгі санында жарияланады. Озбек совет әдебиеті мен коркем оперінің туын котерген көшбасшысы, жана заманның жалынды жарышысы, орі ақын, орі драматург, орі музикант, орі суретчи Хамза Хаким-зада Ниязиң туғанына 90 жыл толуына орай жарық корғын макала. Ниязиң озек әдебиеті мен мәдениетіне сінірген енбекі жан-жақты баяндалады.

**Микаэл Налбандян** – “Екинінді” газетінің 1948 жылғы 13 сәуірдеғі санында жарияланады. Армян халқының XIX ғасырда омір сүрген сән көрнекті жазушысы, ақыны, орі публицист, агартушысы Микаэл Налбандянның өмірі мен шығармашылығына жан-жакты тоқталады.

**Татар совет әдебиетінің классигі** – “Семей таңы” газетінің 1974 жылты 28 актандығы санында жарияланады. Татар совет әдебиетінің классик жазушысы және көрикті қоғам қайраткері Шариф Камалдың туғанына 90 жыл толуына орай жарық корген макала. Шариф Камалдың әңгімелеріне талдау жасай келе. “нағызың коркем жазыс тан шығармалар” дейді.

**Омірі өлеңмен өрген** – “Лениншіл жас” 1976 жылы 27 сәуірде Татар халқының ұлы ақыны Фабдолла Тоқайдың туғанына тоқсан жыл толуына ораи жазылған макала. “Фабдолла Тоқай олең олкесіне ілеуде бір келетін онердің үздік өкілі”, - деді Галым. Тоқайдың казак халқын, казак ауыз әдебиетін жогары бағалағаны жонінде “Өлеңтеріміз” деген макаласынан үзінді келтіреді.

**Татар әдебиетінің тарланы** – “Семей таңы” газетінің 1987 жылғы 14 наурыз күнгі санында жарияланады. Татар

өдебиетінің класигі, корнекті ғалым, чемлекет кайраткері Фаіымжан Ибраһимовтың туғанына 100 жыл толуына орай жарық корген макала. F. Ибраһимовтың ишігармашылығына баға берсө келе оның қазақ даласында оқытушылық еткендейі жөне қазақ өдебиетіне тигізген осері туралы қунды пікір айгады.

**“Шоқанның досы - Хұсайын Файзханов”** – “Қазақ өдебиеті” газетінен 1965 жылы 12 қарашада “Хұсайын Файзхановтың Шоқанға екі хаты” деген академик Әлкей Марғұланың ғылыми-тарихи аса бағаты макаласы басылады. Сол макалаға косымша ретінде, тарихи деректерге сүйене отырып жазылған макала.

**“Илияс Бораганский”** – Макала 1989 жылы “Семей таңы” газетінде жарық көрген. “Көкітай мен Тұрағұлдың Абай кітабын Петербург баспасынан шығарту себебі не жөне ақынның олесіндегі жинағын тұнғыш рет басып шығаратын Бораганский кім болған?” – деген сұралқа жауап беретін, Башқұрттан шықкан баспагер, діни кітаптармен қатар, қазақ ақын - жазушыларының ишігармаларының жарық коруіне көп сәбек сінірған Илияс Бораганскийдің баспагерлік қызметі туралы жазылған макала.

**“Қаюм Насыйри”** – “Семей таңы” газетінде жылы 8 ақпанды жарық көрген. Татар ағартушысы, педагогі, жазушысы жөне ғалымы – Қаюм Насыйридиң дүниеге келгеніне 150 жыл голу құрметтіне орай жазылған. Ағартушиның осіп – жетілуде жолы, ҳалыққа білім беру үшін атқарған қызметі жөне анатомия, математика, егінші-бакшалық ғылым туралы жазған еңбектері, қазақ ағартушыларына тиізген ықпалы туралы жазылған ғылыми мақала.

**“Халық мұрасын қастерлеғен ғалым”** – Макала 1975 жылы 20 желтоқсанда “Семей таңы” газетінде жарық көрген. Қазақ ҳалқының мәдени тарихынан құрметті орын алған үлкен ғалым, ағартуши, педагог, қоғам қайраткері Әбубекір Ахметжанұлы Диваевің туғанына 120 жыл голуына орай жазылған. Макалада Әбубекір ақсакалдың омір деректерімен қатар этнографтық, фольклористік қызметі туралы. Мемлекеттік Орта Азия университетін жөне Түркістан Шығыс институтын ашуға сінірған енбегі барынша жан-жакты қамтылып, мағлumat берілген.

## МАЗМУНЫ

### БІРІНШІ БОЛІМ

#### Мақалалар мен зерттеулер

1. Шәкірімнің шежіресі.....	5
2. Коқбай ақынның өншілік өнері жөне “Әудемжер өні”.....	21
3. “Кұлай” деген сөзден күдай сактасын.....	32
4. Ашық хатқа айқын жауап.....	48
5. Толеу ақын.....	71
6. “Тарихи шындықтың шырқын бұзбайық” атты мақала ҳақында .....	80
7. “Челкаштың” тұнғыш аудармасы.....	87
8. Үйіс ақын шығармалар жинағы жайында.....	90
9. “Тоуке – Жікібаң” поэмасы.....	92
10. Шоканнның оперпаз інісі (Макы Ұәлиханов).....	105
11. Халықтар достығының жыршысы (Жамбыл Жабаев)....	109
12. Әтігілі өншілтер омирінен (Майра мен Әміре).....	115
13. Ардан ер азамат. Жашынды ақын. (Сұлтанмахмұт Торайғыров).....	120
14. Әбілхайыр Доссов.....	127
15. Жазуны. Тарихы. Революционер.....	138
16. Жаңындан еткен жаксы омір.....	148
17. Елубаи Өмірзаков 70 жаста.....	156
18. Үлен сезім исесі.....	159
19. Асқар ақын алпыста.....	161

### ЕКІНШІ БОЛІМ

#### Шетел жазуышылары туралы мақалалар

1. Крылов және Абан.....	166
2. Олмес өмір, өшпес есім (А. Пушкин).....	170
3. Абай мен Лермонтов.....	176
4. Даныштан жазушы, ұлы үстаз (Л. Толстой).....	182
5. Талантты түлеткен бір кезең (Ф. Достоевский).....	188
6. Украина халқының ұлы ақыны (Тарас Шевченко).....	195
7. Ұлы ақын, революцияның демократ...	199

8. Абайдың досы – Михаэлис.....	204
9. Ержүрек революционер, жалынды ақын (К.Ф. Рылеев)...	209
10. Совет жазуышыларының ұлы үстазы.....	215
11. Корқытпа мені дауылдан (И. Бунин).....	220
12. Атакты орыс ғалымы, жазуны (В. Дальт).....	226
13. Орыстың ұлы ғалымы (Семенов Тян-Шанский).....	231
14. Совет елінің ұлы ғалымы (В.В. Бартольд).....	236
15. Николай Островский.....	241
16. Қазақ әдебиетінің ата досы (В. Иванов).....	245
17. Поляк халқының ұлы ақыны (А. Мицкевич).....	253
18. Қытайдың ұлы жазушысы – Лу Синь.....	258
19. Ұлы өмір (С. Стальский).....	262
20. Түркімен әдебиетінің класигі (Б. Кербабаев).....	265
21. Жана заманның жаршысы (Хамза Ниязи).....	268
22. Микаэл Натбандян.....	272
23. Тағар совет әдебиесінің класигі ( Ш. Камал).....	274
24. Өмірі олеңмен ор ген (Ғ. Тоқай).....	278
25. Тағар әдебиетінің тарланы (Ғ. Ибраһимов).....	282
26. Шоқанның досы - Ҳұсанын Файзханов.....	289
27. Илияс Бораганский.....	292
28. Каюм Насыйри.....	299
29. Халық мұрасын қастерлеген (Ә. Диваев).....	305
<b>ТҮСІНІКТЕР.....</b>	<b>309</b>

**“Ел-шешіре” қоғамдық көрінің президенті  
Дидахмет Әндижанұлы**

***ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ***

***VI том  
Шығармалары***

Редакторы Ж. Шағатай

Техникатық редакторы А. Сандымбетұлы

Компьютерге теріп салыстыру жүргізгендер — М. Ерматанова  
К. Камині

Компьютерде бекеген М. Шылымбетұлы  
ИБ № 64

Терүі 28.10.08 ж берілген Басыла 21.11.08 ж көткөншілты Пішімі  
84x108 /32 Қагазы офсеттік Қаріп түрі Times Kaz Бісіттімігі  
офсеттік Шартты біспі тібабы 176 Есептік біспа табагы 150

Таратымы 2000 тана Тапсырыс № 320

Еңшешіле қоғамдық көрі 050009 Атматы қаласы  
Абай ғынысы 143 үи 609 ботме

ЖПІС Жедел басу баспаханасы  
050030 Атматы қаласы Красногорская көшесі 71

ISBN 978-601-7011 69 7



9 786017 011697